


АЙМАҚТАРДЫ БІРІКТІРІП



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2019

МАЗМҰНЫ

АЙМАҚТАРДЫ БІРІКТІРІП

«ҚазТрансОйл» АҚ – Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км магистралдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие. «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік объектілері Қазақстанның Шымкент қаласында, Қарағанды, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Алматы және Ақтөбе облыстарында орналасқан. Мұнайды қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарына және экспортқа мынадай 5 бағыт бойынша тасымалдайды: «Атырау — Самара» және «Қазақстан — Қытай» мұнай құбырлары, Ақтау порты (мұнайды танкерлерге құю), теміржол (цистерналарға құю), КҚК жүйесіне ауыстырып тиеу.

Басшылықтың үндеуі	2
Есеп туралы	6
2019 жылғы негізгі көрсеткіштер	10
«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырларының схемасы	12
Даму тарихы	14
2019 жылғы негізгі оқиғалар	16
Компанияның бизнес-моделі	20

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ 22

Саланы және Компанияның нарықтағы ұстанымын сипаттау	22
Компанияның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы	25
Бизнесінің құрылымы	32
Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру	38
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер	40

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ 44

Мұнай тасымалдау	44
Пайдалану және сенімділігін қамтамасыз ету..	47
Операторлық қызметтер көрсету жөніндегі қызмет	52
Инвестициялық қызмет	56
Процестерді цифрландыру және автоматтандыру	62
Инновациялық-технологиялық даму	66
Корпоративтік қауіпсіздік	69
Ақпараттық қауіпсіздік	71

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР 78

Орнықты дамуды басқару	78
Персоналды басқару және әлеуметтік саясат..	91
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау..	109
Қоршаған ортаны қорғау	119
Энергия тұтыну және энергия үнемдеу	128
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту	132

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ 136

Акционерлердің жалпы жиналысы	138
Директорлар кеңесі	141
Басқарма	151
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі	162
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	162
Интеграцияланған менеджмент жүйесі	169
Ішкі аудит қызметі	170
Сыртқы аудитор	171
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	172
Корпоративтік этика, Корпоративтік дауларды және мүдделер қақтығыстарын реттеу	173

ҚАРЖЫЛЫҚ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ 178

ҚОСЫМШАЛАР 192

1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі	192
2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары	202
3-қосымша. 2019 жылғы өткізілген сатып алу бойынша есеп	206
4-қосымша. 2019 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі	207
5-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2019 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп	212
6-қосымша. 2019 жылдағы «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерінің тізбесі	216
7-қосымша. Шоғырландырылған қаржы есептілігі	225
8-қосымша. Қысқартулар тізімі	324
ЕСЕПТІҢ ОҚЫРМАНЫНА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА	329

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, СЕРІКТЕСТЕР МЕН ӘРІПТЕСТЕР!

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыр бойынша ұлттық операторы болып табылады және елдің ішкі нарыққа да, экспорттау мақсатында да мұнай тасымалдау саласындағы мүддесін білдіреді.

«ҚазТрансОйл» АҚ жобалары стратегиялық болып табылады, олар Компания қатысатын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы және елдің энергетикалық қауіпсіздігі үшін үлкен маңызға ие. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың салық төлеуші, жұмыс беруші және отандық жеткізушілерден қоса алғанда, тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге тапсырыс беруші ретіндегі рөлі едәуір және маңызды.

Қазіргі уақытта «ҚазТрансОйл» АҚ елде өндірілетін барлық мұнайдың 40%-ын және отандық мұнай өңдеу зауыттарына жеткізілімнің 99%-ын тасымалдауды қамтамасыз етеді. Компания шамамен 6 800 адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз ете отырып, өз қызметін еліміздің 11 өңірінде жүзеге асыруда.

Жыл сайын «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің қорытындысын шығара отырып, Компания бұрынғысынша еңсесін жоғары ұстап, алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізіп отырғанын атап өтеміз.

Компанияның 2019 жылғы табысы өткен жылмен салыстырғанда 6%-ға артып, 239,6 млрд теңгені құрады. Есепті кезеңдегі қорытынды пайда 45,1 млрд теңгені құрап, 17%-ға артты. Есепті кезеңде дивидендік төлемдер сомасы 2018 жылдың қорытындысы бойынша 40 млрд теңгені немесе Компанияның бір жай акциясына есептегенде 104 теңгені құрады.

Есепті жылы біздің жұмысымыздың басты басымдықтарының бірі – корпоративтік басқару жүйесін дамытуға, атап айтқанда, Компанияның басқару органдары қызметінің тиімділігін арттыруға үлкен көңіл бөлінді. Мәселен, 2019 жылғы қаңтарда Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды. Бұдан басқа, Ішкі аудит қызметі Компанияның корпоративтік басқару жүйесіне бағалау жүргізді. Жүргізілген бағалау Компанияның корпоративтік басқаруының күшті жақтарын, сондай-ақ жақсартуды талап ететін бағыттарды анықтады.

«ҚазТрансОйл» АҚ бизнесті жүргізу ашықтығының жоғары стандарттарын ұстанады. Компанияның өз қызметінің көрсеткіштерін ашу дәрежесін арттыру бойынша тұрақты жұмысы нәтижесінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) 2019 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-

ды «Ашықтыққа ұмтылғаны үшін» дипломымен марапаттады.

Мен теңдестірілген даму стратегиясы, жоғары корпоративтік стандарттар, кәсіби менеджмент және қызметкерлердің тартылуы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның болашаққа сеніммен қарауына және алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге деген тұрақты жолды жалғастыруға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Жыл қорытындысын шығара отырып, мен акционерлерге көпжылдық бірлескен жұмысы үшін, Директорлар кеңесінің мүшелеріне – қолдау көрсеткені және кәсіби ұсынымдары үшін, әріптестерге – өзара тиімді адал ынтымақтастығы үшін, ал Басқарма мүшелері мен барлық қызметкерлерге – Компанияның стратегиялық мақсаттарына берілгендігі және оның табысты дамуына қосқан үлесі үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді. **GRI 102-14**

«ҚазТрансОйл» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы
ДАНИЯР БЕРЛІБАЕВ

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Сіздің назарыңызға «ҚазТрансОйл» АҚ интеграцияланған жылдық есебін ұсынамыз, онда біз 2019 жылғы жұмысымыздың қорытындысын көрсетеміз және Компанияның қысқа мерзімді және орта мерзімді кезеңдерге арналған қызметінің перспективаларына бағалаймыз.

Компанияның дәстүрлі жүк жөнелтушілерінен мұнай өндірудің төмендеуіне, сондай-ақ Каспий Құбыр Консорциумы мұнай құбырының өткізу қабілетінің кеңеюіне қарамастан, есепті кезеңде Компания оң қаржылық нәтижелерге қол жеткізді.

Сонымен қатар, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2019 жылғы мұнай тасымалдау көлемі 44,5 млн тоннаны құрады, бұл 2018 жылдың көрсеткішінен 2%-ға төмен, ал мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 1%-ға төмендеп, 45,6 млрд тонна-км құрады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың шоғырландырылған түсімі 2018 жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 14,2 млрд теңгеге өсті, ал Компанияның шоғырландырылған таза табысы 6,6 млрд теңгеге өсіп, 45,1 млрд теңгені құрады. Бұл ұлғаю негізінен «ҚазТрансОйл» АҚ-ның негізгі қызметінен түсетін табыстың өсуімен, сондай-ақ бірлесіп бақыланатын ұйымдардағы пайда үлесінің ұлғаюымен байланысты.

Бұдан басқа, есепті жылы Компания қызметінің тағы бір негізгі бағыты болып табылатын операторлық қызмет бойынша қызметтер көрсетуден алынған кірістердің өсуі байқалды. 2019 жылы осы бағыттан түскен кіріс 16,1 млрд теңгені құрады, бұл 2018 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 2,8 млрд теңгеге көп және 2018 жылғы шілдеден бастап Каспий Құбыр Консорциумына қызметтер көрсетудің басталуына негізделген.

«ҚазТрансОйл» АҚ мұнай тасымалдау мәселелерінде сенімді және жауапты серіктес болып табылады. Есепті жылы Компания осы мәртебесін тағы да растай алды.

Компания тасымалданатын мұнайда хлороорганикалық қосылыстардың жоғары концентрациясының болуына байланысты жағдайды жедел реттеді, бұл қазақстандық жүк жөнелтушілердің кондицияланбаған мұнайын Усть-Луга портындағы танкерлерге жөнелтуге алып келді. Көрсетілген оқыс оқиғаны реттеу шеңберінде қазақстандық 38 мұнай компаниясының атынан әрекет ететін «ҚазТрансОйл» АҚ «Транснефть» ЖАҚ-пен зардап шеккен қазақстандық мұнай компанияларының пайдасына кондицияланбаған мұнай үшін өтемақы төлеу туралы келісімге қол қойды. Барлық 38 жүк жөнелтуші өтемақы алды.

2019 жылы Компания қызметінің маңызды нәтижесі «ҚазТрансОйл» АҚ-қа тиесілі және Ресей Федерациясының аумағында «Омбы-Павлодар» магистральдық мұнай құбырында болған 141 728 тонна технологиялық мұнайды қайтару бойынша жұмыстардың аяқталуы болды.

Өндірістік саладағы жетістіктермен қатар, «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету маңызды басымдық болып қала береді. Біз еңбекті қорғау саласындағы стандарттарды сақтауға ерекше назар аударамыз. Компанияның өндірістік объектілерінде жарақаттану деңгейін және авариялық жағдайлардың санын төмендетуге бағытталған іс-шаралар тұрақты түрде жүргізілуде.

Қабылданған шараларға қарамастан, есепті жылы өндірісте үш жазатайым оқиға болды. Болашақта мұндай жағдайларға жол бермеу мақсатында Компанияда өндірістің барлық деңгейінде қауіпсіздік қағидалары мен талаптарының сақталуын бақылау қосымша күшейтілген болатын.

Осылайша, қауіпсіздік мәдениетін арттыру, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарын сақтауға бейілділігін көрсету, өндірістік жарақаттануды азайту мақсатында 2020 жыл «ҚазТрансОйл» АҚ-да Қауіпсіздік жылы деп жарияланды.

Біз бизнестің ұзақ мерзімді тұрақты өсуі адами капиталды дамытуға негізделгенін түсінеміз. Персоналды дамыту, біліктілікті арттыру, еңбекке ақы төлеудің бәсекелес деңгейі және қызметкерлерге берілетін әлеуметтік кепілдіктер ортақ іске және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге шынайы берілген кәсіпқойлардың ұйымшыл ұжымын қалыптастыруда.

Компания қызметінің көптеген бағыттары бойынша алынған тәжірибе тұрғысынан 2019 жыл Компания үшін өте маңызды болды. Мен 2020 жылы Компанияның сапалы өсуі және оның қызметінің тиімділігін арттыру үшін алынған білім мен тәжірибені пайдалана алатынымызға шын жүректен сенемін.

Сөз соңында біздің барлық акционерлерімізге және серіктестерімізге сындарлы ынтымақтастық пен білдірілген сенім үшін, ал «ҚазТрансОйл» АҚ-ның бүкіл ұжымына Компанияның дамуына қосқан үлесі үшін алғысымды білдіргім келеді! **GRI 102-14**

ДИМАШ ДОСАНОВ
«ҚазТрансОйл» АҚ
Бас директоры (Басқарма төрағасы)

ЕСЕП ТУРАЛЫ

ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАУ ТӘСІЛІ GRI 102-50 102-51 102-52 102-54

«ҚазТрансОйл» АҚ барынша кең ауқымды мәселелер бойынша мүдделі тараптар үшін өз қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты ұдайы жариялай отырып, ашықтықтың жоғары стандарттарын ұстанады.

«ҚазТрансОйл» АҚ 2019 жылғы интеграцияланған жылдық есебі (Есеп) Компания қызметінің операциялық және қаржылық көрсеткіштерін кешенді ашатын жетінші Есеп болып табылады.

Есептің мақсаты мүдделі тараптарды Компанияның стратегиясы, миссиясы мен құндылықтары, корпоративтік басқару жүйесі, операциялық және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, сондай-ақ орнықты даму саласындағы нәтижелер туралы хабардар ету болып табылады.

Компанияда жыл сайынғы есептілік циклі қабылданды. Есеп Компания қызметінің 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы нәтижелерін көрсетеді, сондай-ақ Компанияның 2019 жылға арналған жоспарларының сипаттамасын қамтиды. Алдыңғы есеп 2019 жылғы мамырда жарияланған болатын.

Есеп орнықты даму саласындағы есептілік бойынша GRI стандарттарының (GRI стандарттары) «Негізгі» (Core) сәйкестік талаптарының нұсқасына сәйкес дайындалды.

ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАУ ПРОЦЕСІ ЖӘНЕ ЕЛЕУЛІ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АНЫҚТАУ GRI 102-47

Есепті дайындаған кезде Компания GRI стандарттарының есептілігін дайындау қағидаттарына сүйенді. Есепті жазу процесінде сондай-ақ, Халықаралық интеграцияланған есептілік кеңесі (IIRS) әзірлеген Халықаралық интеграцияланған есептілік стандартының қағидаттары, Қазақстан қор биржасының (KASE) талаптары, Компанияның корпоративтік басқару кодексінің және өзге де ішкі құжаттарының талаптары сақталды.

Есепте Компанияның Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Жаһандық шартының қағидаттарына сүйенуі және Компанияның БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі туралы ақпарат жеке ашылған.

Компанияның қаржы-шаруашылық қызметі саласындағы нәтижелерінің сипаттамасы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС) «Менеджмент түсініктемесі» практикалық нұсқамасының ұсынымдарына сәйкес дайындалды.

GRI стандарттарына сәйкес келу мақсатында Компания неғұрлым маңызды мәні бар елеулі тақырыптарды анықтады. Бұл ретте ықтимал тақырыптар ретінде GRI стандарттарымен ұсынылған тақырыптар, сондай-ақ Компания дербес анықтаған қосымша тақырыптар таңдап алынды.


Елеулі тақырыптарды анықтау тәсілі



Өткізілген талқылаулардың нәтижелерін және Компанияның стратегиялық даму көрінісін ескере отырып, мүдделі тараптар үшін аса маңызды тақырыптар анықталды. Барлық тақырыптар

мүдделі тараптар үшін маңыздылығы және оларға Компанияның елеулі әсер етуі тұрғысынан бағаланды. Қорытынды баға Елеулілік матрицасында өз көрінісін тапты.

Елеулілік матрицасы



Мүдделі тараптардың пікірлерін және Елеулілік матрицасын талдау нәтижелері бойынша 20 маңызды тақырып анықталды, олардың қатарына әрбір санаттағы тақырыптар кірді: экономикалық, экологиялық, әлеуметтік.

Компания сондай-ақ Есепте «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің басымдықтары мен даму бағыттарын көрсететін қосымша елеулі тақырыптарды анықтады.

- Экономикалық
- Экологиялық
- Әлеуметтік
- Қосымша елеулі тақырыптар

Елеулі тақырыптардың толық тізбесі

Санаты	№	Елеулі тақырыптар	Компания ішінде	Компаниядан тыс
Экономикалық	1	201 Экономикалық нәтижелілік	✓	✓
	2	202 Еңбек нарығына қатысу	✓	✓
	3	204 Сатып алу практикалары	✓	✓
	4	205 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	✓	✓
Экологиялық	5	302 Энергия	✓	✓
	6	303 Су	✓	✓
	7	304 Биоәртүрлілік	✓	✓
	8	305 Шығарындылар	✓	✓
	9	306 Тасталымдар мен қалдықтар	✓	✓
	10	307 Табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігі	✓	✓
Әлеуметтік	11	401 Жұмыспен қамту	✓	✓
	12	402 Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы	✓	-
	13	403 Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік	✓	✓
	14	404 Оқыту және білім беру	✓	✓
	15	405 Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	✓	-
	16	406 Кемсітуге жол бермеу	✓	-
Қосымша елеулі тақырыптар	17	Өндірістік қуаттарды тиімді пайдалану	✓	✓
	18	Өндірістік процестің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайларға дайындық	✓	✓
	19	Корпоративтік басқару	✓	✓
	20	Цифрландыру және автоматтандыру	✓	✓

Есептіліктің стандартты элементтерінің толық тізбесін және Есептегі ақпаратты ашуға арналған сілтемелерді қамтитын кесте Есепке [1-қосымшада](#) ұсынылған.

ЕСЕП ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ

GRI [102-45](#) [102-46](#) [102-48](#) [102-49](#)

Есеп «ҚазТрансОйл» АҚ-ның және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының (ЕББҰ) қызметі туралы ақпаратты қамтиды.

«2019 жылдың негізгі көрсеткіштері» және «Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері. Басшылық есебі» деген бөлімдердегі операциялық және қаржылық көрсеткіштер шоғырландырылған негізінде көрсетілген және ЕББҰ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін қамтиды. Есептің

өзге бөлімдерінде егер өзгеше көрсетілмесе, ақпарат «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша ғана ұсынылған.

Есепте елеулі қызмет өңірі болып Қазақстан Республикасы белгіленген.

Есепті жылы Компания үшжылдық серпінде көрсеткіштерді ашу практикасын ұсынды. Қосымша, ақпаратты неғұрлым толық ұсыну үшін Есепте есепті кезеңге дейін немесе кейін болған оқиғалар айтылған.

Есепте, сондай-ақ 2020 жылға арналған болжамды сипаттағы жоспарларға қатысты ақпарат көрсетілген. Оларды іске асыруға Компанияға байланысты емес сыртқы факторлар әсер ететіндіктен, болашақ есепті кезеңдердегі қол жеткізілген нәтижелер Есепте көрсетілген нысаналы бағдарлармен сәйкес келмеуі мүмкін.

Компанияның 2018 жылғы Интеграцияланған жылдық есебімен салыстырғанда Есепте жекелеген көрсеткіштерге және/немесе тақырыптардың шекараларына қатысты, сондай-ақ қосымша көрсеткіштерді ашу бөлігінде өзгерістер болды. Есептің мәтінінде егжей-тегжейлі түсініктемелер келтірілген.

Атап айтқанда, сумен жабдықтауға қатысты деректер жеке көрсеткіштерді есептеу шекарасынан алып тасталды, себебі бұл функция Компанияның негізгі қызметінен шығарып тасталған және «Магистральдық Суағызғы» ЖШС-не берілген. Өткен жылмен салыстырғанда Есептің ауқымы мен шекарасында елеулі өзгерістер болған жоқ.

2019 жылы Компания бірінші рет биоәртүрлілік мәселелеріне әсер туралы ақпаратты ашты. Келесі есепті кезеңдерде осы ақпаратты ашу тәжірибесін жалғастыру жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, Есепті дайындау кезінде 2018 жылғы Интеграцияланған жылдық есептің оқырмандарының кері байланысын талдау нәтижелері пайдаланылды.

ТӘУЕЛСІЗ РАСТАУ GRI [102-56](#)

Компанияның қаржылық есептілігіне қатысты сыртқы аудит рәсімін «Эрнст энд Янг» ЖШС компаниясы орындаған болатын. Аудиторлық қорытынды Есепте [7-қосымшада](#) ұсынылған.

Есепке қатысты орнықты даму саласындағы ақпаратты сыртқы растау практикасы 2019 жылы орындалған жоқ. Алайда Компания «ҚазТрансОйл» АҚ мүдделі тараптары үшін қаржылық емес ақпаратты тәуелсіз растаудың болу маңыздылығын түсінеді және осы практиканы қолдану мүмкіндігін қарастыруды жоспарлап отыр.

КЕРІ БАЙЛАНЫС

Есептің негізгі бөлімдерінің соңында кері байланыс сауалнамасы қамтылды. Компания болашақ есептілікті дайындау және оның мүдделі тараптарының ақпараттық ашықтық пен айқындылық тұрғысынан қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында оның толтырылғаны үшін риза болады.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ GRI [102-53](#)

Есептің интерактивтік нұсқасымен, сондай-ақ Компанияның электрондық түрдегі алдыңғы есептерімен Компанияның www.kaztransoil.kz корпоративтік интернет-ресурсында «Акционерлерге және инвесторларға/ Ақпаратты ашу/ Жылдық есептер» деген бөлімінде танысуға болады.

Есеп және оның мазмұны жөніндегі қосымша ақпаратты мына байланыстарды пайдаланып, сұратуға болады:

+7 (7172) 555-346, keldibekova@kaztransoil.kz



2019 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ

45 320

мың тонна

ҚОРЫТЫНДЫ ПАЙДА

45,1

млрд теңге

ПЕРСОНАЛДЫҢ ТІЗІМДІК САНЫ

6 773

адам

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН АУЫСТЫРЫП ТИЕУ КӨЛЕМІ (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ТҮРДЕ)¹

45 320

мың тонна

2019

▼2,2%²

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БОЙЫНША ЖЕКЕ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ

44 463

мың тонна

2019

▼1,9%




МҰНАЙДЫҢ ЖҮК АЙНАЛЫМЫ (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ТҮРДЕ)³

45 580

млн тонна-км.

2019

▼1,2%




¹ Осында және одан әрі Есептің мәтінде сандық көрсеткіштер бойынша келтірілетін өзгеріс есепті кезеңдегі іс жүзіндегі мәннің алдыңғы жылғы іс жүзіндегі мәніне қатынасы ретінде есептеледі

² Көрсеткіш Компания мен «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ көлемдерін ескере отырып, шоғырландырылған түрде есептеледі


³ Көрсеткіш Компанияның ЕББҮ-ға қатысу үлесін ескере отырып, шоғырландырылған түрде есептеледі

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


ПАЙДА
МЛРД ТЕҢГЕ



ЕБИТДА⁴
МЛРД ТЕҢГЕ



ҚОРЫТЫНДЫ ПАЙДА
МЛРД ТЕҢГЕ



⁴ Көрсеткіш «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы еншілес ұйымдарының даму жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және орындалу мониторингі қағидаларына сәйкес есептелген

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕР

ПЕРСОНАЛДЫҢ ТІЗІМДІК САНЫ

6 773

адам

2019

▼2,2%

ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

26 665

тонна

2019

▼11%

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУДЫҢ ЭНЕРГИЯНЫ ҚАЖЕТСІНУІ

4,44

ш.о.т / млн тонна

2019

▼5,3%

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ СХЕМАСЫ

5 378,5 км

МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫ

GRI 102-4



- Әкімшілік орталықтар
- БМАС (Бас мұнай айдау станциясы)
- МАС (Мұнай айдау станциясы)
- Ағызу-қую эстакадалары
- Басқалары (МАЗ, ҚТП және т.б.)

- Қолданыстағы магистральдық мұнай құбырлары
- Қолданыстағы екі және одан көп тармақтан тұратын магистральдық мұнай құбырлары
- Қолданыстағы магистральдық суағызғылары

ДАМУ ТАРИХЫ

GRI 102-5

1997 жыл

Мұнай тасымалдау, мұнай және мұнай өнімдерінің экспорты мен импорты мәселелерінде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 сәуірдегі № 461 қаулысымен жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын «ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылған болатын.

1998 жыл

Желтоқсанда Компания магистральдық мұнай құбырлары арқылы мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді және магистральдық суағызғы жүйесі арқылы су беру жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, Табиғи монополиялар салаларына жатқызылған бірқатар көрсетілетін қызметтерге қатысты табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімі республикалық бөліміне енгізілді.

2001 жыл

2001 жылы «ҚазТрансОйл» МТҮК («ҚазТрансОйл» ЖАҚ болып қайта аталған) акцияларының мемлекеттік пакеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 мамырдағы № 591 қаулысына сәйкес құрылған «Мұнай және Газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына берілді.

2002 жыл

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығымен біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылған «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» және «Мұнай және Газ көлігі» Ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдарының негізінде «ҚазТрансОйл» ЖАҚ-тың жалғыз акционеріне айналған «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылған болатын.

2003 жыл

Маусымда «Кеңқияқ-Атырау» магистральдық құбыры пайдалануға берілді.

2009–2011 жылдары

2009 жылғы қыркүйекте «ҚҚҚ» ЖШС «Кеңқияқ – Құмкөл» магистральдық мұнай құбырын пайдалануға берді.

2011 жылғы маусымда Компания «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ-нан жалпы сомасы 1 700 млн теңгеге Компанияның орналастырылатын акцияларына төлеу ретінде «ТОН-2» мұнай құбырының қазақстандық учаскесін сатып алды.

2007– 2008 жылдары

2007 жылғы қаңтарда Компания «Batumi Capital Partners Limited» компаниясы акцияларының 50%-ын сатып алды. Мәміленің нәтижесінде Компания «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ-ның активтерін және «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ-ны басқаруға 49 жылға эксклюзивті құқық алды.

2008 жылғы ақпанда Компания «Batumi Industrial Holdings Limited» компаниясы акцияларының 100%-ын сатып алды.

2006 жыл

Шілдеде «ҚҚҚ» ЖШС «Атасу-Алашанькоу» магистральдық құбырын пайдалануға берді.

Сондай-ақ, шілдеде Компания ұзындығы 25 км және жобалық өткізу қуаты жылына 3,5 млн тонна «Солтүстік Бозашы – Қаражанбас» мұнай құбырын пайдалануға берді.

2004 жыл

Мамырда «ҚазТрансОйл» ЖАҚ «ҚазТрансОйл» АҚ болып қайта аталды.

Шілдеде «ҚазМұнайГаз» ҮК АҚ «МұнайТас» СБҚҚ» АҚ бірлескен кәсіпорнындағы акцияларының 51%-ы мөлшеріндегі өз үлесін Компанияға берді.

Компания және China National Oil and Gas Exploration and Development Corporation тепе-тең негізде «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-ны («ҚҚҚ» ЖШС) құрды.

2012 жыл

Қыркүйекте Компания сатып алу-сату шартына сәйкес «ҚазМұнайГаз – Сервис» ЖШС-ның пайдасына «ҚазТрансОйл – Сервис» АҚ акцияларының 100%-ын сатты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қазандағы № 1273 қаулысына сәйкес Компания магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор болып белгіленді.

2012 жылғы желтоқсанда KASE-де қайталама нарықта Компанияның жай акцияларымен сауда-саттық басталып, ол Қазақстан Республикасында «Халықтық IPO» бағдарламасы шеңберінде өз акцияларын орналастырған тұңғыш компанияға айналды.

2013 жыл

Желтоқсанда «Batumi Industrial Holdings Limited», «Batumi Capital Partners Limited» және «Batumi Services Limited» компанияларын қайта ұйымдастыру нәтижесінде «Batumi Terminals Limited» (Кипр) компаниясының 100% акцияларының меншік иесіне айналды, сол арқылы Грузиядағы өндірістік активтерді («Батуми теңіз порты» ЖШҚ-ны басқаруға айрықша құқығы бар «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ) басқару жүзеге асырылып келді.

2014 жыл

Қаңтардан бастап Компания Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына (ҚХР) жылына 7 млн тоннаға дейінгі көлемдегі ресейлік мұнайды тасымалдауға кірісті.

Тамызда «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ акциялары пакетінің 0,88%-ы сатылды.

2015 жыл

Мамырда «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер қабылданды, оларға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге экспорттау мақсатында табиғи монополиялар саласынан мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтер алып тасталды.

2018 жыл

Сәуірде «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс және Шығыс филиалдары есептік тіркеуден шығарылды.

Мамырда «ҚҚҚ-Қ» АҚ мұнай құбыры жүйесі объектілерінде техникалық қызмет көрсету, жөндеу және авариялық әрекет ету бойынша 2018–2023 жылдарға арналған келісімшартқа қол қойылды.

Тамызда «Кеңқияқ» БМАС-ты қайта құру аяқталды.

Қыркүйекте Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы) «ҚазТрансОйл» АҚ өкілдігі құрылды.

2017 жыл

«Batumi Terminals Limited» (Кипр) еншілес компаниясын тарату рәсімдері нәтижесінде «ҚазТрансОйл» АҚ нұрызда Petrotrans Limited акциялары пакетінің 100%-ын меншіктенушіге айналды және тамызда Грузия мемлекетіне тиесілі «Батуми мұнай порты» ЖШҚ жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін басқаруға айрықша құқыққа ие «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ-дағы 100% қатысу үлесіне иелік ете бастады.

Желтоқсанда Компанияның 100% қатысу үлесі бар «Магистральдық Суағызғы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі («Магистральдық Суағызғы» ЖШС) тіркелді.

2016 жыл

Тамызда «ТОН-2» магистральдық мұнай құбырының қазақстандық учаскесін күрделі жөндеу аяқталды, бұл осы учаскенің өткізу қабілетін жылына 7-ден 11 млн тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік жасады.

2016 жылғы қазанда Компанияның магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне Қашаған кен орнынан мұнай қабылдау басталды.

Желтоқсанда «б63 км» МАС (кейінірек Н. Шманов атындағы МАС деп аталды) пайдалануға берілді.

2019 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

Қаңтар

КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің 2019 жылғы 28 қаңтардағы кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды.

Сәуір

ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен «ҚазТрансОйл» АҚ мұнай құбыры саласы үшін инженерлік-техникалық кадрларды даярлау бойынша өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Мамыр

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖИНАЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласында 2018 жылдың қорытындысына арналған «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтті.

Шілде

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

«ҚазТрансОйл» АҚ-на тиесілі және Ресей Федерациясының аумағында «Омбы-Павлодар» магистральдық мұнай құбырында орналасқан 141 728 тонна технологиялық мұнайды қайтару бойынша жұмыстар аяқталды.

Тамыз

КРЕДИТТІК РЕЙТИНГ

Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттігі «ҚазТрансОйл» АҚ рейтингі бойынша болжамын рейтингті «Ваа3» деңгейінде растай отырып, «Тұрақтыдан» «Позитивті»-ге өзгертті.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРС



Атырау қаласында мұнай құбыршыларының «Үздік маман» халықаралық конкурсы өтті. Жарысқа Халықаралық мұнай тасымалдаушылар қауымдас­тығына (ХМТҚ) қатысушы ірі мұнай тасымалдаушы компаниялардың 44 маманы қатысты.

Қыркүйек

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ



Алматы қаласында «ҚазТрансОйл» АҚ-ның төрағалығымен ХМТҚ-ның XII отырысы өтті. Отырысқа қатысушылар жаңа бақылаушы – «ЯНАФ» компаниясының (Хорватия) кіруі туралы мәселені қарады, 2020 жылға арналған бюджетті келісіп, сараптама­лық топтардың есептерімен танысты.

Қараша

КРЕДИТТІК РЕЙТИНГ

Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «ҚазТрансОйл» АҚ эмитенті дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін шетелдік валютада «Тұрақты» болжаммен «BBB-» деңгейінде растады.

Желтоқсан

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

«Транснефть» ЖАҚ пен 38 қазақстандық мұнай компанияларының атынан кондицияланбаған мұнай үшін «Транснефть» ЖАҚ жағынан өтемақы төлеу туралы сөз сөйлейтін «ҚазТрансОйл» АҚ арасында келісімге қол қойылды.

МҰНАЙДЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕСЕККЕ АЛУ




2019 жылғы 1 желтоқсаннан бастап «ҚазТрансОйл» АҚ-ның «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбыры арқылы экспортқа тасымалдау кезінде Қазақстан аумағындағы «Өзен – Атырау – Самара» мұнай құбырының 1 235 км ҚТП мұнай көлемі мен сапа көрсеткіштерін өлшеу жүйесі бойынша қазақстандық мұнайды коммерциялық есепке алу басталды.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Маңғыстау облысында Қазақстанның басты «теңіз қақпасы» – Ақтау порты орналасқан, ол 1963 жылы Маңғышлақ өңірінің уран өнеркәсібі мен мұнай кен орындарын тасымалдау үшін салынған. Ақтау порты құрғақ жүктерді, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін халықаралық тасымалдауға арналған, ал Каспий теңізі арқылы «Алят – Ақтау – порт» паром өткелі «Жібек жолы» халықаралық жобасының бір бөлігі болып табылады.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ АЙМАҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ




Мұнай құбырлардың
ұзындығы

1 156
КМ



ӘЭЖ-дің
ұзындығы

926
КМ



Шығарындылардың
көлемі

4 184
ТОННА

КОМПАНИЯНЫҢ БИЗНЕС-МОДЕЛІ

КАПИТАЛДАР



ҚАРЖЫ КАПИТАЛ

703 млн теңге
жеке капитал

61 938 млн теңге
жарғылық капитал



ТАБИҒИ КАПИТАЛ

167 146 ш.о.т.
жалпы энергия тұтыну көлемі

8 «Су» қағидаттары



ӨНДІРІСТІК КАПИТАЛ

5 378,5 км
магистральдық мұнай құбырларының ұзындығы

3 322 км
қызмет көрсетілетін мұнай құбырларының ұзындығы



АДАМИ КАПИТАЛ

6 773 адам
персоналдың тізімдік саны

43 жас
персоналдың орташа жасы



ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ КАПИТАЛ

АТ-жүйесі
(SAP, ЭКЖ, СЭА, SCADA, SQUID және т.б.)

Қызмет көрсетілмейтін байланыс тораптары

Транкингтік байланыс желісі



ӘЛЕУМЕТТІК- БЕДЕЛ КАПИТАЛ

Омбудсмен институты

Жедел желі

Корпоративтік этика кодексі

ҚҰНДЫ ҚҰРУ ПРОЦЕСІ




KazTransOil

Мұнайды тасымалдау

Операторлық қызметтер

Суды беру

Тиімділіктің арттыруын басқару



НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

- Мұнай, су жеткізудің азаюы
- Апаттар
- Активтердің қасақана ұрлау не болмаса жою тәуекелі
- Валюталық тәуекел
- Стратегиялық серіктестер тәуекелі
- Жазатайым оқиғалар
- Экологиялық тәуекелдер

КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР

- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Тиімділік
- Орнықты даму
- Кәсіпқойлық
- Өзара пайда және команда болып жұмыс істеу

2019 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

45,1 млрд теңге
қорытынды пайда

40,0 млрд теңге
2018 жылдың қорытындысы бойынша дивидендік төлемдерді

6,3%
жалпы энергия тұтынуды төмендету көлемі

3 286 тонна
атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларының төмендету көлемі

44 463 мың тонна
Компания бойынша жеке мұнай тасымалдау көлемі

1 644
магистральдық мұнай құбырлары құбырларының ақаулары жойылды

2,3%
кадрлардың тұрақтау коэффициенті

0 өндірістік жарақаттану себебі бойынша өлім-жітімнің саны

608 млн теңге
персоналды оқытуға инвестициялар көлемі

«ҚазТрансОйл» АҚ цифрлық технологияларды дамыту бағдарламасы

94%
магистральдық мұнай құбырлары объектілерін қолданыстағы қамту аймағы

75%
әлеуметтік тұрақтылық рейтингі

2,1 млрд теңге
қызметкерлердің әлеуметтік қолдауға бағытталған шығындары

39,4 млрд теңге
төленген салықтар мен мемлекеттік бюджетке басқа да міндетті төлемдер

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР



Акционерлер және әсер ету ұйымдары



Қаржы ұйымдары



Мемлекеттік органдар



Персонал



Қызметтерді тұтынушылар және серіктестер



ЕБҚҰ



Жеткізушілер мен мердігерлер



Жұртшылық және БАҚ



Бәсекелестер

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ


САЛАНЫ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ НАРЫҚТАҒЫ ҰСТАНЫМЫН СИПАТТАУ

GRI 102-1 102-4 102-6


Соңғы үш жылда мұнай мен газ конденсатын өндіру және экспорттау көлемінің жоспарлы түрде ұлғайғаны байқалады. 2019 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда 90,5 млн тонна мұнай және газ конденсаты өндірілді, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 0,2%-ға жоғары (2018 жылы өсім 2017 жылға қарағанда 4,6%-ды құрады). Мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемінің негізгі ұлғаюы Қашаған кен орнында өндірудің ұлғаюына байланысты.

2017–2019 жылдары қазақстандық мұнай экспорты өсу үрдісін көрсетті және перспективада экспорттық серпін елдегі өндірудің өсу үрдісін қайталайды деп болжауға болады. 2019 жылы қазақстандық мұнай экспортының көлемі шамамен 2018 жылдың деңгейінде қалып, 72,2 млн тоннаны құрады.


Қазақстанда мұнай және газ конденсатын өндіру, млн тонна



Қазақстандық мұнай экспортының көлемі, млн тонна



Қазақстандық мұнай және газ конденсаты экспортының көлемі, млн тонна



72,2 млн тонна

- 13,3 «Атырау – Самара» мұнай құбыры*
- 55,6 «КҚК» АҚ мұнай құбыры
- 0,9 «Атасу – Алашанькоу» мұнай құбыры**
- 2,0 Ақтау порты
- 0,4 Темір жол

* Бұдан басқа, «Самара-ТОН-2-Прииртышск-ПМХЗ» бағыты бойынша Ресей Федерациясының аумағы арқылы транзитпен «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-не (ПМХЗ) шамамен 1 млн тонна жеткізілді

** Тасымалдау көлемі 10,9 млн тоннаны құрады, оның ішінде ҚХР-на транзиттік жеткізілімдер 10 млн тонна көлемінде

Ақпарат көзі: «Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы» АҚ

Дәстүрлі түрде іс жүзінде Қазақстанда өндірілетін барлық мұнай Ресей Федерациясының аумағы арқылы экспортталады. 2019 жылы қазақстандық мұнай экспортының 98%-дан астамы Ресей Федерациясының аумағы арқылы Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК), «Атырау – Самара» мұнай құбырлары арқылы транзитпен, Ақтау порты арқылы, сондай-ақ теміржол көлігімен жүрді.

2017 жылы КҚК мұнай құбырының өткізу қабілетін кеңейту жобасының аяқталуына, сондай-ақ ең жоғары экономикалық тартымдылыққа байланысты қазіргі уақытта және перспективада Қазақстан Республикасында мұнай өндірудің барлық өсімін қамтамасыз ететін Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ кен орындарынан өндірілетін мұнайдың барлығы КҚК мұнай құбыры арқылы экспортқа жіберіледі және жіберілетін болады. Мәселен, 2019 жылы КҚК бағыты бойынша қазақстандық мұнай экспорты 2,4%-ға 55,6 млн тонна деңгейіне дейін өсіп, есепті жылы қазақстандық мұнай экспортының жалпы көлемінің 75%-ын құрады.

2019 жылғы 21 мамырда КҚК акционерлері КҚК мұнай құбырының тар жерлерін жою жобасын іске асыру туралы шешім қабылдады, бұл қазақстандық учаскеде мұнай құбырының өткізу қабілетін жылына 72,5 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді.

«Атырау–Самара» мұнай құбыры әлемдік нарыққа қазақстандық мұнай экспортының көлемі бойынша екінші болып табылады. Мұнайды «Атырау – Самара» мұнай құбыры және одан әрі «Транснефть» ЖАҚ жүйесі арқылы Усть-Луга балтық терминалы мен Новороссийск қара теңіз портына дейін жеткізу жүзеге асырылады. 2019 жылы «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы 13,3 млн тонна қазақстандық мұнай тасымалданды.

Көлемі 10 млн тоннаны құраған ресейлік шикі мұнайдың транзитін қоспағанда, «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры арқылы 2019 жылы қазақстандық мұнайды тасымалдау көлемі 38%-ға төмендеп, 0,9 млн тоннаны құрады. ҚХР бағытындағы экспортты азайтудың негізгі факторлары Құмкөл кен орындары тобының мұнай өндіруді азайту, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-не (ПҚОП) және «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-не (ПМХЗ) жеткізуді қамтамасыз ету бойынша Құмкөл және Ақтөбе өндіруші компанияларға жүктемелердің жоғары үлесі, Ақтөбе өңірінің өндіруші компаниялары үшін осы бағыттың төмен тартымдылығы, сондай-ақ қазіргі уақытта Алашанькоу бағытында Батыс Қазақстан мұнайын тасымалдау үшін техникалық мүмкіндіктің болмауы болып табылады.

Өндірудің одан әрі өсуі негізінен КҚК мұнай құбырына бағдарланған Теңіз және Қашаған кен орындары есебінен жүргізілетінін, сондай-ақ КҚК барынша экономикалық тартымдылығын ескере отырып, осы мұнай құбырының қуаттылығына қол жеткізе алатын Қазақстанның өндіруші компаниялары оны пайдалануға ұмтылатын болады.

90,5 млн тонна

2019 ЖЫЛЫ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ КОНДЕНСАТЫН ӨНДІРУ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-ДЫ ДАМУ ТУРАСЫНДАҒЫ 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

GRI 102-2

2016 жылғы желтоқсанда Директорлар кеңесі Компанияның нарықтық құнын ұлғайтуға (капиталдандыруға) және мемлекеттің мұнайды магистральдық мұнай құбыры арқылы тасымалдау саласындағы стратегиялық мүдделерін сақтауға бағытталған «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын (Даму стратегиясы) бекітті. Даму стратегиясы Компанияның қызметіне елеулі ықпал еткен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұсынымдарына және 2015–2016 жылдардағы ішкі және сыртқы ортаның өзгеруіне сәйкес әзірленді.



МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттар және нысаналы міндеттер

- Мұнайды сапалы, сенімді, үздіксіз және тиімділігі жоғары тасымалдауды қамтамасыз ету
- Жаңа жүк жөнелтушілерді тарту есебінен мұнай тасымалдау және жүк айналымы көлемін ұлғайту:
 - Мұнай жүк айналымын арттыру (>2025 жылға қарай 50 млрд тонна-км)
 - «Атырау – Самара» мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдау үшін Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ кен орындарынан қосымша көлем тарту
 - «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырының реверсі және кеңейту, «Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының өткізу қабілетін арттыру
 - Саланың даму серпінін және компанияның инвестициялық қажеттілігін ескеретін икемді және тиімді тарифтік саясатты қамтамасыз ету

2019 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

- Компания бойынша мұнайды бөлек тасымалдау көлемі 44 463 мың тоннаны құрады, мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы – 45 580 млн тонна-км (Компания бойынша жеке – 37 657 млн тонна-км)
- Новороссийск порты арқылы тиеумен сібір жеңіл мұнайы азкүкіртті қоспамен одан әрі тасымалдау үшін «Атырау – Самара» арқылы азкүкіртті қазақстандық мұнайды бөлек айдау 1 млн тоннаны құрады
- «Кеңқияқ БМАС пен Құмкөл БМАС-тағы МСӨЖ-дің өткізу қабілетін арттыру» жобалары бойынша 2019 жылға жоспарланған іс-шаралар аяқталды

2020 жылға арналған негізгі іс-шаралар

- 43 202 мың тонна көлемінде мұнай тасымалдауды (Компания бойынша жеке) және 46 179 млн тонна-км (Компания бойынша жеке – 36 469 млн тонна-км) мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымын қамтамасыз ету
- Қытай бағытында жылына 10 млн тоннаға дейін «Роснефть» ҰК ЖАҚ мұнай транзитін қамтамасыз ету
- «Қазақстан-Қытай мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі. Жылына 20 млн тоннаға дейін мұнай өнімділігін арттыру» жобасы бойынша 2020 жылға арналған іс-шараларды орындау
- Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау жөніндегі қызметке 2020–2025 жылдарға арналған тарифтерді бекітуге ТМРЖБҚК-ға өтімін беру

✓ Орындалды ✓ Орындалған жоқ

2019 жылы Компания Даму стратегиясы шеңберінде мақсаттар мен міндеттерді табысты іске асыруды жалғастырды.

2020 жылы Компания «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2028 жылға дейінгі жаңа даму стратегиясын әзірлеуді жоспарлап отыр. Осыған байланысты Компания мүдделі тараптар арасында сауалнама жүргізу, Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен және жас мамандарымен кездесулер мен сұхбат өткізу, Басқарма, Директорлар кеңесі мүшелерімен стратегиялық сессия өткізу және т. б. сияқты бірқатар іс-шаралар әзірледі.



СУ БЕРУ

2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттар және нысаналы міндеттер

- Су беру жөніндегі қызметтің тиімділігін арттыру және экономикалық тиімділік болған кезде магистральдық суағызғылардың қазіргі жүйесін дамыту

2019 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

- ✓ Су беру көлемі – 28 900 мың м³ (жоспар кезінде 30 628 мың м³) құрады
- ✓ «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысы бойынша су жеткізуді арттыру үшін ССС-5 қайта құру» жобасы аяқталды

2020 жылға арналған негізгі іс-шаралар

- «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын қайта жаңарту және кеңейту жөніндегі жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) әзірлеу және бекіту
- «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын қайта жаңарту және кеңейту жөніндегі жобаны қаржыландыру мәселесін пысықтау



ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттар және нысаналы міндеттер

- Сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық құбырларды пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асырудан алынатын кірістерді ұлғайту

2019 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

- ✓ «Торғай Петролеум» АҚ мұнай құбырын пайдалануға 2020 жылға арналған шарт жасалды
- ✓ «Магистральдық Суағызғы» ЖШС жабдығына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша 2020 жылға арналған шарт жасалды

2020 жылға арналған негізгі іс-шаралар

- 2020 жылғы операторлық қызметтер сапасына тұтынушылардың қанағаттануын 95%-дан төмен емес деңгейде бағалауды қамтамасыз ету
- «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбыры учаскесі реверсінің бірінші кезеңі» жобасын іске асыру шеңберінде құрылыс аяқталғаннан кейін өнімділігі жылына 6 млн тоннаға дейін «Аман» МАС-ты пайдалануға қабылдау

БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттар және нысаналы міндеттер

- Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және корпоративтік басқарудың әлемдік үздік практикасын басшылыққа алу:
 - Дивидендік төлемдердің тұрақты деңгейін қолдау
 - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мүдделер қақтығысын реттеу практикасын жетілдіру

2019 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

- ✓ Компанияның корпоративтік басқару жүйесіне бағалау жүргізілді
- ✓ ISO 45001:2018 талаптарына сәйкестігін бағалау үшін Компанияның ҚЖЕҚМЖ диагностикалық аудиті өткізілді
- ✓ «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» арнайы желісі құрылды

2020 жылға арналған негізгі іс-шаралар

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясын бекіту
- Жаңартылған «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік этика кодексін бекіту
- ISO 45001:2018 талаптарына сәйкес ҚЖЕҚМЖ-ге көшу



ШЫҒЫНДАРДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖӘНЕ БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ

2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттар және нысаналы міндеттер

- Бизнес-процестерді оңтайландыру, жетілдіру және тиімділігін арттыру, сондай-ақ шығындарды оңтайландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру:
 - «ҚазТрансОйл» АҚ-ның шығындарын басқарудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасының іс-шараларын іске асыру
 - «ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру жөніндегі бағдарламасын іске асыру

2019 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

- ✓ Компанияның бизнес-процестерін трансформациялау және оңтайландыру бағдарламасы шеңберіндегі іс-шаралар іске асырылды
- ✓ «ҚазТрансОйл» АҚ ТМҚ логистикасын және қоймалық үй-жайларын оңтайландыру жөніндегі жоба жабылды
- ✓ «ҚазТрансОйл» АҚ цифрлық технологияларды дамыту бағдарламасы бекітілді

2020 жылға арналған негізгі іс-шаралар

- Компанияның бизнес-процестерін трансформациялау және оңтайландыру бағдарламасы шеңберінде жоспарланған іс-шараларды іске асыру
- «ҚазТрансОйл» АҚ цифрлық технологияларды дамыту бағдарламасы Жол картасының жобаларын іске асыру



АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ

2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттар және нысаналы міндеттер

- Компания активтерін басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету және жетілдіру:
 - Компания мен ЕББҮ активтерін қоса алғанда, активтерді басқару жүйесін жетілдіру

2019 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

- ✓ ISO 55000:2014 Активтерді басқару стандарты енгізу және ол бойынша сертификаттау

2020 жылға арналған негізгі іс-шаралар

- Компания активтері мен ЕББҮ-ны қоса алғанда, активтерді басқару жүйесін жетілдіру
- «ҚҚҚ» ЖШС және «МұнайТас» ЖШС біріктіру нұсқасын таңдау



ОРНЫҚТЫ ДАМУ

2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттар және нысаналы міндеттер

- Қоршаған ортаны сақтаумен және қорғаумен, қолайлы еңбек жағдайларын жасаумен, жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етумен және Компания қызметін жүзеге асыратын жергілікті қоғамдастықтардың дамуына үлес қосумен қатар бизнесті дамыту:
 - Энергия үнемдеу жүйесін дамыту және энергия тиімділігін арттыру
 - Өндірістік жарақаттануды азайту
 - Қоршаған ортаға теріс әсерді азайту
 - ҚНҚ жүйесін дамыту арқылы персоналды бағалау жүйесін жетілдіру

2019 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

- ✓ Отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну көлемі 458 ш.о.т.-ға немесе ақшалай мәнде 2019 жылы 39 млн теңгеге төмендетілді
- ✓ Алматы қаласында ХМТҚ XII отырысы өткізілді
- ✓ «Үздік маман» халықаралық конкурсы өткізілді
- ✓ Тауарлар сатып алудағы жергілікті қамту үлесі 52%, жұмыстар мен қызметтер – 75% құрады
- ✓ Компанияның инженерлік-техникалық персоналының 1 459 қызметкері аттестаттаудан өтті

2020 жылға арналған негізгі іс-шаралар

- «ҚазТрансОйл» АҚ стейкхолдерлер картасын жаңарту
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2020–2024 жылдарға арналған кадр саясатын бекіту
- 2015–2019 жылдарға энергетикалық талдау жүргізу және 2020 жылға энергетикалық мақсаттарды бекіту
- Қауіпсіздік жылы шеңберінде Қауіпсіздік мәдениетін және еңбек пен қоршаған ортаны қорғауды кешенді дамыту жөніндегі жол картасын іске асыру

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2012 жылдан бастап Компанияның нәтижелері қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНК) негізінде бағаланады. ҚНК Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу деңгейін айқындайтын көрсеткіштердің жиынтығын, сондай-ақ оның қызметінің тиімділігін білдіреді.

Компанияның ҚНК жүйесі:

- Компанияның Даму стратегиясы мен Бизнес-жоспарын орындауға;
- Компанияның қауіпсіз және авариясыз қызметін қамтамасыз етуге;
- Компания қызметінің қаржылық және өндірістік нәтижелерін үнемі жақсартуға;
- «жоғарыдан төменге қарай» қағидаты жөніндегі тиімділік көрсеткіштерін каскадтауға және декомпозициялауға бағдарланған.

Компанияда ҚНК жүйесі қолданылады, ол:

- тұтастай алғанда Компанияның ҚНК (корпоративтік ҚНК);
- басшы қызметкерлердің (Басқарма мүшелерінің) ҚНК;
- басқарушы қызметкерлердің ҚНК;
- департаменттер мен орталық аппарат қызметтері басшыларының, оқшауландырылған құрылым-

дық бөлімшелер (ОҚБ), филиалдар мен өкілдіктер басшыларының ҚНК;

- орталық аппарат қызметкерлерінің ҚНК қамтиды.

Корпоративтік ҚНК мен басшы қызметкерлердің ҚНК Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді. Басқарушы қызметкерлердің, департаменттер мен орталық аппарат қызметтері басшыларының, ОҚБ, филиалдар мен өкілдіктер басшыларының ҚНК Компанияның Басқармасы бекітеді. Орталық аппарат қызметкерлерінің ҚНК бас директордың жетекшілік ететін орынбасарлары және басқарушы директорлар бекітеді.

Есепті жылдың алты және тоғыз айларының қорытындылары бойынша корпоративтік ҚНК мен басшы қызметкерлердің ҚНК орындалу мониторингі жүзеге асырылады. Есепті жыл аяқталғаннан кейін барлық деңгейлердің ҚНК нақты мәндерін есептеу жүзеге асырылады.

2019 жылғы 29 қаңтарда «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі Компания қызметі тиімділігінің қаржы-экономикалық көрсеткіштерін, өндірістік көрсеткіштерін және еңбекті қорғау саласындағы көрсеткіштерді көздейтін корпоративтік ҚНК және олардың 2018 жылға арналған нысаналы мәндерін бекітті. 2019 жылдың қорытындылары бойынша барлық корпоративтік ҚНК орындалды.

2019 жылға арналған корпоративтік ҚНК

№	ҚНК атауы	Өлшем бірлігі	Факт 2019	Мақсаты 2019
1	Дивидендтер төлеу	млн теңге	40 001	35 739
2	ЕБИТДА*	млн теңге	115 766	105 811
3	Мұнайдың жүк айналымы (шоғырландырылған)	млн тонна*км	46 857	45 216
4	ҚЖЕҚ бойынша индекс («ҚазТрансОйл» АҚ бойынша жеке)	коэффициент	0,08	0,07
5	«Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі» жобасы шеңберінде өнімділігі жылына 6 млн тоннаға дейінгі «Кеңқияқ-Атырау мұнай құбыры учаскесін реверсінің бірінші кезеңі жобасы бойынша 2019 жылға арналған іс-шараларды орындау	күні	2019 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан

* «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобының есеп саясатына сәйкес дайындалған қаржылық есептілік деректері бойынша

** Толық мәлімделмеген және/немесе толық жеткізілмеген міндетті ең аз көлемді ескере отырып

Компанияның орнықты даму қағидаттарын ілгерілету мақсатында басшы және басқарушы

қызметкерлердің ҚНК қатарында орнықты даму мәселелеріне қатысты көрсеткіштер енгізілген.

Орнықты даму мәселелеріне байланысты 2019 жылға арналған негізгі ҚНК

№	ҚНК атауы	Өлшем бірлігі	Факт 2019	Мақсаты 2019
1	Жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	%	75	74
2	Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	%	75	76
3	Мұнайды тасымалдау кезінде өндірісті тоқтатуға немесе экологиялық залал келтіруге әкеп соққан авариялардың саны	дана	0	0
4	Компанияның магистральдық құбырлары арқылы мұнай жүк айналымына энергияның үлестік шығысының нысаналы мәнін орындау	ш.о.т./млн тонна*км	4,43	4,85
5	Жұмыс уақытын жоғалтумен жазатайым оқиғалардың коэффициенті млн адам-сағатқа (LTIR) («ҚазТрансОйл» АҚ бойынша жеке)	саны/млн адам-сағат	0,26	0,23

Компанияның 2020–2024 жылдарға арналған бизнес-жоспарының көрсеткіштеріне, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бекітілген 2020 жылға арналған корпоративтік ҚНК сәйкес, сондай-ақ жаңа ҚНК көрсеткіштерін енгізу бөлігінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның

ұсынымдарына сәйкес 2020 жылғы 31 қаңтарда «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі 2020 жылға арналған корпоративтік ҚНК және олардың нысаналы мәндерін бекітті.

2020 жылға арналған корпоративтік ҚНК

№	ҚНК атауы	Өлшем бірлігі	Мақсаты 2020
1	Дивидендтер төлеу	млн теңге	28 990
2	ЕБИТДА*	млн теңге	86 605
3	Мұнайдың жүк айналымы (шоғырландырылған түрде)**	млн тонна-км	46 640
4	Өндірістік жарақаттану коэффициентін төмендету (LTIR)	%	30
5	«Қазақстан-Қытай мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі. Мұнай өнімділігін жылына 20 млн тоннаға дейін арттыру» инвестициялық жобасы бойынша 2020 жылға арналған іс-шараларды орындау	коэффициент	1

* «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобының есеп саясатына сәйкес дайындалған қаржылық есептілік деректері бойынша


** Толық мәлімделмеген және/немесе толық жеткізілмеген міндетті ең аз көлемін ескере отырып

БИЗНЕСТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 102-4 102-7 102-10

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

2019 жылғы 31 желтоқсандағы «ҚазТрансОйл» АҚ ұйымдық құрылымы



КОМПАНИЯНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН ҰЙЫМДАРЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ ЕБҚҰ құрылымы



«МҰНАЙТАС» ЖШС

«МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі («МұнайТас» ЖШС) – «ҚазТрансОйл» АҚ-ның (51%) және CNPC Exploration and Development Company Ltd компаниясының (49%) бірлескен кәсіпорны, «Кеңжияқ-Атырау» мұнай құбырын жобалау, қаржыландыру, салу және пайдалану жөніндегі жобаны іске асыру мақсатында құрылған.

«МұнайТас» ЖШС-ның негізгі қызметі – мұнайды магистральдық құбыр арқылы тасымалдау бойынша қызмет көрсету. «Кеңжияқ-Атырау» мұнай құбырының ұзындығы 448,85 км, резервуарлық парктің көлемі – 40 мың м³ құрайды.

«МұнайТас» ЖШС қызметінің негізгі нәтижелері

Көрсеткіш	2017	2018	2019
Қаржылық нәтижелері			
Таза кіріс, млн теңге	3 358	3 235	1 848
Операциялық нәтижелері			
Мұнай тасымалдау көлемі, мың тонна	3 660	3 878	3 232
Мұнайдың жүк айналымы, млн тонна-км, тонна	1 437	1 522	1 232
Санкцияланбаған ойым, дана	2	0	0
Орнықты даму көрсеткіштері			
Персоналдың саны, адам	85	102	114
Атмосфераға шығарындылар, тонна	70	39	10,5
Кәдеге жаратылған қалдықтар көлемі, тонна	3	2	12
Жазатайым оқиғалар, дана	0	0	0
Электр энергиясын тұтыну, мың кВт*сағ	385	358	343

2019 жылы «МұнайТас» ЖШС мұнай тасымалдау көлемі 2018 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда жүк жөнелтушілердің мұнай тапсыруының азаюына байланысты 16,7%-ға азайды.

2018 жылғы фактімен салыстырғанда 2019 жылы таза табыстың 42,9%-ға төмендеуі мұнай тасымалдау көлемінің азаюына, сондай-ақ ішкі нарыққа уақытша өтемдік тарифтің (қолданылу мерзімі 2018 жылғы 1 шілдеден бастап 2019 жылғы 30 маусымға дейін) қолданылуына байланысты.

«МұнайТас» ЖШС 2020 жылға арналған негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- «Кеңжияқ – Атырау» мұнай құбыры арқылы мұнайды қауіпсіз және үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету;
- «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырының өткізу қабілетін арттыру. «Кеңжияқ – Атырау» мұнай құбыры учаскесінің өнімділігі жылына 6 млн тоннаға дейін реверсінің бірінші кезеңі» жобасын уақытында аяқтау;
- «Кеңжияқ – Атырау» мұнай құбыры арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуге 2020–2024 жылдарға арналған тариф пен тарифтік сметаны бекіту.



«ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚҰБЫРЫ» ЖШС

«ҚҚҚ» ЖШС – «Атасу – Алашанькоу» мұнай құбырын жобалау, салу және пайдалану мақсатында құрылған «ҚазТрансОйл» АҚ (50%) және China National Oil and Gas Exploration and Development Company Ltd (50%) бірлескен кәсіпорны.

«ҚҚҚ» ЖШС-ның негізгі қызметі – мұнайды магистральдық құбыр арқылы тасымалдау бойынша қызмет көрсету. «ҚҚҚ» ЖШС «Қазақстан – Қытай»

«ҚҚҚ» ЖШС қызметінің негізгі нәтижелері

Керсеткіш	2017	2018	2019
Қаржылық нәтижелері			
Таза кіріс/шығын, млн теңге	12 451	-7 452	25 392
Операциялық нәтижелері			
Мұнай тасымалдау көлемі, мың тонна	16 538	15 997	16 200
Мұнайдың жүк айналымы, млн тонна-км, тонна	15 609	14 607	14 590
Санкцияланбаған ойым, дана	0	0	0
Орнықты даму көрсеткіштері			
Персоналдың саны, адам	183	187	184
Атмосфераға шығарындылар, тонна	200	183	183
Кәдеге жаратылған қалдықтар көлемі, тонна	14	40	54
Жазатайым оқиғалар, дана	0	0	0
Электр энергиясын тұтыну, мың кВт*сағ	54	42	40

2019 жылы мұнайды «ҚҚҚ» ЖШС магистральдық мұнай құбырларымен тасымалдау көлемі ішкі нарыққа жеткізілімдердің ұлғаюына байланысты 2018 жылмен салыстырғанда 1,3%-ға артты.

2018 жылғы фактімен салыстырғанда 2019 жылы таза табыстың ұлғаюы 2018 жылы пайда болған бағамдық айырмаға байланысты, сондай-ақ мұнай тасымалдаудан түсетін кірістердің 25%-ға ұлғаюына байланысты.

мұнай құбырлары жүйесінің бөліктері болып табылатын «Атасу – Алашанькоу» және «Кеңқияқ – Құмкөл» магистральдық мұнай құбырларының меншік иесі болып табылады.

«Атасу – Алашанькоу» магистральдық мұнай құбырының ұзындығы 965,1 км, «Кеңқияқ – Құмкөл» – 794,26 км құрайды.

2020 жылы «ҚҚҚ» ЖШС өз алдына келесі міндеттерді қояды:

- «Қазақстан-Қытай мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі. Мұнай өнімділігін жылына 20 млн тоннаға дейін ұлғайту» жобасы шеңберінде «Кеңқияқ БМАС пен Құмкөл БМАС-тағы МСӨЖ-дің өткізу қабілетін ұлғайту» инвестициялық жобасын іске асыруды аяқтау;
- компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- мұнай тасымалдаудың қосымша көлемін тарту.



«БАТУМИ МҰНАЙ ТЕРМИНАЛЫ» ЖШҚ

«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ (БМТ) «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 100% еншілес ұйымы болып табылады. БМТ арқылы Грузиядағы өндірістік активтерді тікелей иелену және басқару жүзеге асырылады.

БМТ негізгі қызметі мұнайды, мұнай өнімдері мен газды, сондай-ақ өз айлақтарын, технологиялық құбырлар мен резервуарларды пайдалана отырып,

оларды қайта тиеу, айдау, сақтау жөніндегі қызметтерді ұсыну болып табылады.

БМТ-ның бәсекелестік артықшылығы мұнай мен мұнай өнімдерінің (оның ішінде сұйытылған көмірсутек газының) 22 түрге дейін әртүрлі сұрыптарын сақтау мен ауыстырып тиеудің икемділігі болып табылады. БМТ қуатына 135 резервуар, технологиялық құбырлар жүйесі, 6 ағызу эстакадасы, 3 айлақ және шығарылатын айлақ құрылғысы кіреді.

БМТ қызметінің негізгі нәтижелері

Керсеткіш	2017	2018	2019
Қаржылық нәтижелері			
Таза кіріс/шығын, млн теңге	-4 248	-4 804	-14 414
Операциялық нәтижелері			
Мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемі, мың тонна	2 109	1 030	857
Санкцияланбаған ойым, дана	0	0	0
Орнықты даму көрсеткіштері			
Персоналдың саны, адам	1 415	1 255	1 246
Атмосфераға шығарындылар, тонна	383	150	487
Сарқынды суларға ағызу, тонна	-	49	53
Кәдеге жаратылған қалдықтар көлемі, тонна	6 660	2 455	1 339
Жазатайым оқиғалар, дана	3	5	2
Электр энергиясын тұтыну, млн кВт*сағ	14	9	9,3

2018 жылғы көрсеткішке қатысты БМТ қызметінің нәтижелері бойынша мұнай және мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемінің 16,8%-ға төмендеуі жүк жөнелтушілерден номинациялардың (өтінімдердің) болмауына байланысты.

БМТ таза шығынының 2019 жылы 3 есе ұлғаюы компанияның негізгі құралдарының құнсыздануы бойынша шығыстарды есептеуге байланысты.

БМТ-ның 2020 жылға арналған басты міндеттері:

- өндірістік қызметтің қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, бизнес-жоспардың өндірістік-қаржылық көрсеткіштерін орындау;
- қосымша бағыттарды дамыту және қызметті әртараптандыру.


<http://www.msq.kz/ru>

«МАГИСТРАЛЬДЫҚ СУАҒЫЗҒЫ» ЖШС

«ҚазТрансОйл» АҚ «Магистральдық Суағызғы» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесіне ие.

Компанияның негізгі қызметі – халыққа, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне, мұнай-газ өндіру, өнеркәсіп және коммуналдық кәсіпорындарға суды магистральдық құбырлар арқылы беру бойынша қызметтер көрсету, жылу энергиясын өндіру, беру және тарату бойынша қызметтер көр-

сету, сондай-ақ электр энергиясын беру бойынша қызметтер көрсету.

«Магистральдық Суағызғы» ЖШС «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының меншік иесі болып табылады. «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырының тәулігіне 125 мың м³ (бағалау) орташа жылдық өткізу қабілетімен ұзындығы 1 945,1 км.

«Магистральдық Суағызғы» ЖШС қызметінің негізгі нәтижелері

Көрсеткіш	2017	2018	2019
Қаржылық нәтижелері			
Таза кіріс/шығын, млн теңге	–	825	6 815
Операциялық нәтижелері			
Су беру көлемі, мың м ³	–	14 805	28 900
Санкцияланбаған ойым, дана	–	0	0
Орнықты даму көрсеткіштері			
Персоналдың саны, адам	–	391	381
Атмосфераға шығарындылар, тонна	–	6,9	16,5
Сарқынды суларға ағызу, тонна	–	5	6,7
Кәдеге жаратылған қалдықтар көлемі, тонна	–	219	134
Жазатайым оқиғалар, дана	–	0	0
Электр энергиясын тұтыну, млн кВт*сағ	–	55	106

2019 жылы су беру көлемі 28 900 мың м³ құрады, оның ішінде су жеткізудің негізгі үлесі коммуналдық кәсіпорындарға – 48% және мұнай – газ өндіруші компанияларға – 44,5% тиесілі. Өнеркәсіп кәсіпорындарына су беру 6,5%, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне – 0,6% және халыққа, бюджеттік ұйымдарға – 0,4% құрады.

2019 жылғы таза шығын «Магистральдық Суағызғы» ЖШС-нің негізгі құралдарына қайта бағалау жүргізілуіне байланысты, бұл қорытынды қаржы-экономикалық көрсеткіштерге теріс әсер етті.

2020 жылы компания өз алдына келесі міндеттерді қояды:

- «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын қайта құру және кеңейту жобасы бойынша ТЭН әзірлеу және бекіту;
- «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын қайта құру және кеңейту жобасын қаржыландыру мәселесін пысықтау.


<http://petrotrans.kz/>

«PETROTRANS LIMITED» КОМПАНИЯСЫ

«Petrotrans Limited» (PTL) компаниясы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 100% еншілес ұйымы болып табылады.

PTL Кавказ дәлізі бойынша жүктерді жөнелту бойынша қызметтер көрсетеді.

PTL Каспий өңірінен Грузия арқылы көлік қызметтерін ұсынады және мұнай мен мұнай өнімдерін жөнелту бойынша қызмет көрсетумен байланысты

кәсіпкерлік және операциялық қызметті жүзеге асырады.

Клиенттерге кешенді қызмет көрсету ұсынылады – мұнай мен мұнай өнімдерін грузин-әзірбайжан шекарасынан Батуми мұнай терминалына дейін теміржол арқылы жеткізу, жеткізілім мониторингі және диспетчерлендіру, мұнай өнімдерін вагон-цистерналардан құю, резервуарлардан өнімдерді түсіру және оларды «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ аумағында сақтау.

PTL қызметінің негізгі нәтижелері

Көрсеткіш	2017	2018	2019
Қаржылық нәтижелері			
Таза кіріс, млн теңге	928	54	744
Операциялық нәтижелері			
Су жеткізу көлемі, мың м ³	999	401	301
Ойым, дана	–	–	–
Орнықты даму көрсеткіштері			
Персоналдың саны, адам	3	8	12

2018 жылдың көрсеткішіне қатысты 2019 жылғы PTL қызметінің нәтижелері бойынша мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемінің 25%-ға төмендеуі жүк жөнелтушілерден номинациялардың (өтінімдердің) болмауына байланысты.

PTL-дің 2020 жылға арналған басты міндеті өндірістік қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және қоршаған ортаны қорғауды ескере отырып, бизнес-жоспардың өндірістік-қаржылық көрсеткіштерін орындау болып табылады.

Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру

Бизнесі трансформациялау және шығындарды оңтайландыру «ҚазТрансОйл» АҚ үшін маңызды міндеттер болып табылады. Осы басымдықтар «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2025 жылға дейінгі даму стратегиясында негізгі басымдықтар ретінде бекітілген.

«ҚазТрансОйл» АҚ 2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-процестерін трансформациялау және оңтайландыру жөніндегі бағдарламада, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шараларды іске асыруды жалғастырды.

Есепті жылы «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің негізгі бағыттары бизнес-процестерді модельдеу жөніндегі іс-шараларды іске асыру, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ операциялық қызметімен байланысты шығындарды азайтқан қызметтің тиімділігін арттыру саласындағы бірқатар жобаларды іске асыру болды.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫНДАҒЫ БАСПА СЕРВИСІНІҢ АУТСОРСИНГІ» ЖОБАСЫ (іске асыру мерзімі: 2019 жылғы маусым – 2020 жылғы мамыр)

Жоба Компанияның орталық аппаратының қызметінен бейінді емес функцияларды шығаруға бағытталған және «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратында кеңселік баспа техникасын басып шығаруға және күтіп ұстауға арналған бизнес-процестер мен шығыстарды оңтайландыруды көздейді. Экономикалық тиімділік 5 жыл ішінде шамамен 230 млн теңге мөлшерінде болжанып отыр.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ТАУАРЛЫҚ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ (ТМҚ) МЕН ҚОЙМА ҮЙ-ЖАЙЛАРЫНЫҢ ЛОГИСТИКАСЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ» ЖОБАСЫ (іске асыру мерзімі: 2017 жылғы шілде – 2019 жылғы сәуір)

Жоба компания активтерінің құрамынан қажетті алаңдарды кейіннен жалға ала отырып, аз іске қосылған өндірістік-техникалық қамтамасыз ету және жабдықтарды жасақтау базасын (ӨТҚЖЖЖБ) шығаруға бағытталған. Жобада Атырау және Павлодар қалаларында ӨТҚЖЖЖБ сату көзделген.

2018 жылы Компания Атырау қаласындағы ӨТҚЖЖЖБ-ны жабу туралы шешім қабылдады.

2019 жылғы қаңтарда тендерге қатысуға ұсыныстардың болмауы себебінен компания Павлодар қаласындағы ӨТҚЖЖЖБ активтерін сатудан бас тарту жөнінде шешім қабылдады және 2019 жылғы 1 сәуірден бастап осы базаны жабу жөнінде кейінгі шешім қабылдады.

2019 жылғы сәуірде «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығымен осы жоба жабылды және оны аяқтау бойынша есеп бекітілді.

Өз кезегінде, операциялық шығындарды төмендету мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы Атырау қаласындағы (2018 жылғы 4 желтоқсаннан бастап) және Павлодар қаласындағы (2019 жылғы 1 сәуірден бастап) ӨТҚЖЖЖБ-ны жабу және адам санын 66 штаттық бірлікке оңтайландыру туралы шешім қабылдады.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ПЕРСОНАЛЫН БАСҚАРУДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТӘСІЛ» ЖОБАСЫ (іске асыру мерзімі: 2019 жылғы маусым – 2020 жылғы желтоқсан)

Жоба Компания персоналды басқаруда құзыреттілік тәсілді енгізуге бағытталған. Жобаны іске асыру персоналды басқару саласындағы барлық процестерді бірыңғай жүйеге кіріктіру, осы процестердегі басшылардың рөлі мен жауапкершілігін күшейту, лауазымдар бойынша құзыреттердің нысаналы жиынтығын анықтау сияқты сапалы пайда алуды күтуге мүмкіндік береді.

Осы жобаны іске асыру шеңберінде мынадай құжаттар әзірленді:

- «ҚазТрансОйл» АҚ персоналды басқарудағы құзыреттілік тәсіл тұжырымдамасы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымдарға қойылатын талаптардың корпоративтік стандарты. Әзірлеу және ресімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРІН МОДЕЛЬДЕУ» ЖОБАСЫ (іске асыру мерзімі: 2018 жылғы тамыз – 2020 жылғы маусым)

2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-процестерін модельдеу» жобасы бойынша жұмыстар жалғастырылды.

Жоба ARIS Architect & Designer жүйесінде процестік тәсіл негізінде Компанияның қосылған құнын құру тізбегін қалыптастыру жолымен жүзеге асырылды және келесі мақсаттарды қамтиды:

- Компанияның 1-2-3-ші деңгейдегі бизнес-процестерінің карталарын қалыптастыру;
- Компанияның бизнес-процестерінің архитектура-сын қалыптастыру;
- ARIS жүйесінен Компанияның реттеуші құжаттарын түсіру бойынша функционалды күйге келтіру;
- бизнес-процестерді басқару әдіснамасын қалыптастыру;
- бизнес-процестерді оңтайландыру жобаларын басқару әдіснамасын қалыптастыру;
- бизнес-процестерді оңтайландыру бойынша жобалар тізімін қалыптастыру.

Жобаны іске асыру мынадай сапалы пайда алуға мүмкіндік береді:

- Компанияның соңғы тұтынушысы үшін құндылық жасайтын бизнес-процестерді анықтау;
- Компания қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында оңтайландыруды және/немесе реинжиниринг жүргізуді талап ететін бизнес-процестерді анықтау.

2019 жылы 27 бизнес-процесс бойынша «осы күйінде» 1-2-3 деңгейдегі «ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-процестерінің карталары бекітілді, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-процестерінің «осы күйінде» архитектурасы бекітілді.

2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2020 жылы трансформациялау саласындағы жобалар бойынша белсенді жұмысты жалғастыру жоспарлануда, оның ішінде:

- Компанияның бизнес-процестерін оңтайландыру және модельдеу бойынша іс-шараларды іске асыру және персоналды басқарудағы құзыреттілік тәсілді әзірлеу;
- баспа сервисінің аутсорсингі бойынша жобаны аяқтау.

Сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізу үшін жобалардың тізбесін қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жалғастыру жоспарланып отыр.

Бұдан басқа, Компания осы жобалардан жоспарланған пайдаға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қызметтің тиімділігін арттыру жөніндегі іске асырылған жобалардың жобадан кейінгі мониторингін жүргізуді жалғастырады.

27 БИЗНЕС-ПРОЦЕСС БОЙЫНША

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕР КАРТАСЫ БЕКІТІЛДІ

Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ мынадай салаларда табиғи монополия субъектісі болып табылады:

- олардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиті және Қазақстан Республикасынан тыс экспорт мақсатында тасымалдауды қоспағанда, магистральдық құбырлар арқылы мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдау қызметтері;
- электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер;
- жылу энергиясын өндіру, беру, және тарату жөніндегі қызметтер;
- сумен жабдықтау және (немесе) су тарту жөніндегі қызметтер.

КОМПАНИЯНЫҢ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ТАРИФТЕР

Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес, реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер қызметтерді ұсыну үшін қажетті шығындар құнынан төмен болмауға және табиғи монополия субъектісінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайданы алу мүмкіндігін ескеруге тиіс.

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай тасымалдау қызметтеріне арналған тарифтерді табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай тасымалдау қызметтеріне арналған тарифтерді есептеу үшін уәкілетті орган бекіткен магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау жөніндегі табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемесін) есептеу әдістемесі қолданылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының 2015 жылғы 21 тамыздағы № 347/НҚ бұйрығымен «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырлар жүйесі арқылы мұнайды Қазақстан Республикасының ішкі нарығына айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне 2019 жылғы

арналған тариф 1000 км 1 тонна үшін 4 721,72 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз) бекітілді.

2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2020 жылғы 31 тамызға дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2019 жылғы 31 шілдедегі № 204-НҚ бұйрығымен «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырлар жүйесі арқылы мұнайды Қазақстан Республикасының ішкі нарығына айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне 1000 км 1 тонна үшін 4 716,62 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз) уақытша өтемдік тариф қолданылды.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 21 тамыздағы №546 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының 2015 жылғы 18 тамыздағы №333-НҚ бірлескен бұйрығымен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ 2015–2019 жылға арналған инвестициялық бағдарламасына да 2019 жылдың көрсеткіштерін түзету бөлігінде өзгерістер енгізді. 2019 жылы бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы жоспарға 102%-ды құрады.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге экспорт және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит мақсатында мұнай тасымалдау қызметтеріне арналған тарифтерді Компания дербес бекітеді.

Мұнайды экспортқа және транзитке тасымалдау қызметтеріне арналған тарифтерді есептеу үшін Компанияда Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге экспорт және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау қызметтеріне арналған тарифтерді есептеу әдістемесі әзірленді және қолданылады.

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ҚХР-на транзит мақсатында ресейлік мұнайды тасымалдау құнын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекітеді.



2019–2023 жылдар кезеңіне Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 545 бұйрығымен Ресей Федерациясының шекарасы – Қазақстан Республикасының шекарасы (Прииртышск) – Атасу (Қазақстан Республикасы)

учаскесінде Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ҚХР-на Ресей мұнайын тасымалдау құны ҚҚС есебінсіз 1 тонна үшін 4,23 АҚШ доллары мөлшерінде бекітілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2019 жылы магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы мұнай айдау жөніндегі қызметтеріне тарифтер

Бағыты	Өлшем бірлігі	01.01.2019 – 31.08.2019	01.09.2019 – 31.12.2019
Қазақстан Республикасының ішкі нарығына	теңге/1000 тонна-км	4 721,72	4 716,62
Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге экспортқа	теңге/1000 тонна-км	6 398,92	6 398,92
«ТОН-2» магистральдық құбырының қазақстандық учаскесі бойынша транзит	теңге/1000 тонна-км	4 292,4	4 292,4
ҚХР-на транзит	АҚШ доллары/тонна	4,23	4,23
Өзбекстан Республикасына транзит	АҚШ доллары/тонна	25,12	25,12
Қырғыз Республикасына транзит	АҚШ доллары/тонна	25,12	25,12

2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2020 жылы Компания «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2020–2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасын бекітуге өтініш және Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетіне Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау жөніндегі қызметке 2020–2025 жылдарға арналған тарифтерді бекітуге өтінім беруді жоспарлап отыр.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Атырауда Жайық өзені арқылы өтетін, «Әлемдегі ең ұзын жаяу жүргіншілер көпірі» ретінде Гиннесс рекордтар кітабына енгізілген жалғыз аспалы жаяу жүргіншілер көпірі орналасқан. Ол 2001 жылы салынған және ұзындығы 551 метр. Көпір қаланың еуропалық және азиялық бөліктерін қосады.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ АЙМАҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



MAC-дың
саны

11
дана



Жөнелтушілердің
саны

23
дана



Энергия тұтынудың
төмендеуі

4,9 %

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мұнай тасымалдау

Мұнай тасымалдау «ҚазТрансОйл» АҚ-ның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін дамудың негізгі стратегиялық бағыты және Компанияның негізгі профит-орталығы болып табылады.


Компанияның магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы мұнай тасымалдау Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекітетін мұнай жеткізу кестелеріне сәйкес, мынадай бағыттар бойынша тұтынушылармен жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы (Ресей Федерациясының аумағы арқылы) мұнай жеткізу;
- мұнайды ішкі нарыққа жеткізу: «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-ге (АМӨЗ), ПҚОП-қа, ПМХЗ-ға және «CASPI BITUM» ЖШС-не;
- мұнайды Ақтау қ. портындағы танкерлерге тиеу;
- «КҚК-Қ» АҚ, «МұнайТас» ЖШС және «ҚҚҚ» ЖШС жүйесіне мұнайды ауыстырып құю;
- «Шағыр» МҚП және Т. Қасымов атындағы МАС теміржол эстакадасынан вагон-цистерналарға мұнай құю.

ЕББҰ бойынша бөлуде мұнай тасымалдау көлемі, мың тонна

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020 (жоспар)	Өзгеріс, %
«ҚазТрансОйл» АҚ	46 293	45 309	44 463	43 202	▼ -1,9
БМТ (мұнай және мұнай өнімдері)	2 109	1 030	857	1 050	▼ -16,8
«ҚҚҚ» ЖШС	16 538	16 301	16 420	20 499	▼ -0,6
«МұнайТас» ЖШС	3 660	3 878	3 232	3 397	▼ -16,7

2019 жылғы ЕББҰ бойынша бөлуде мұнай тасымалдау көлемі, мың тонна



2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ мұнай тасымалдау көлемі 44 463 мың тоннаны құрады, бұл 2018 жылдың ұқсас көрсеткішінен 1,9%-ға төмен. Мұнай тасымалдау көлемінің негізгі төмендеуі Құмкөл кен орындары тобының «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне мұнай берудің төмендеуіне байланысты.

«ҚҚҚ» ЖШС магистральдық мұнай құбырлары арқылы мұнай тасымалдау көлемінің 2018 жылмен салыстырғанда 0,6%-ға азаюы ішкі нарыққа мұнай жеткізудің азаюына байланысты.

2019 жылы «МұнайТас» ЖШС мұнай тасымалдау көлемі 2018 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда жүк жөнелтушілердің мұнай тапсыруының азаюына байланысты 16,7%-ға азайды.


2018 жылғы көрсеткішке қатысты БМТ қызметінің нәтижелері бойынша мұнай және мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемінің 16,8%-ға төмендеуі жүк жөнелтушілерден номинациялардың (өтінімдердің) болмауына байланысты.

ЕББҰ бойынша бөлуде мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы*, млн тонна-км

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020 (жоспар)	Өзгеріс, %
Мұнайдың жүк айналымы, млн тонна-км, оның ішінде:	48 360	46 120	45 580	46 179	▼ -1,2
«ҚазТрансОйл» АҚ	39 823	38 040	37 657	36 469	▼ -1,0
«ҚҚҚ» ЖШС	15 609	14 607	14 590	18 055	▼ -0,1
«МұнайТас» ЖШС	1 437	1 522	1 232	1 338	▼ -19,1

* Мұнайдың жүк айналымы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның ЕББҰ-дағы қатысу үлесін ескере отырып есептелген

ЕББҰ бойынша бөлуде мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы, млн тонна-км



2019 жылғы мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 1,2%-ға азайып, 45 580 млн тонна-км құрады. Осы көрсеткіштің азаюы «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне мұнай берудің жалпы төмендеуіне байланысты.

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары арқылы бағыттар мен тұтынушылар бойынша мұнай тасымалау көлемі, мың тонна

Бағыты	2017	2018	2019	2020 (жоспар)	Өзгеріс, %
мұнай өңдеу зауыттарына					
АМӨЗ	4 629	5 237	5 296	5 400	▲ 1,1
ПҚОП	4 686	4 759	5 391	5 400	▲ 13,3
ПМХЗ	4 732	5 334	5 298	5 400	▼ -0,7
«CASPI BITUM» ЖШС	718	819	897	850	▲ 9,5
Ресей Федерациясының аумағы арқылы транзиті					
«Атырау – Самара» мұнай құбыры	15 913	14 757	14 328	10 645	▼ -2,9
Ақтау порты арқылы тиелім					
«Ақтау» БМАС танкерлеріне тиелім	1 192	2 002	2 020	2 204	▲ 0,9
құбыр компанияларына мұнайды ауыстырып құю					
«ҚКҚ» ЖШС («Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры)	12 289 (o.i. транзит 9 989)	11 373 (o.i. транзит 9 989)	10 846 (o.i. транзит 9 989)	12 151 (o.i. транзит 10 000)	▼ -4,6
«КҚК-Қ» АҚ (КҚК мұнай құбыры)	2 884	2 143	1 770	2 504	▼ -17,4
«МұнайТас» ЖШС	3 306	3 485	2 880	3 079	▼ -17,4
«ҚКҚ» ЖШС («Кенқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры)	4 683	4 559	5 156	7 927	▲ 13,1
теміржол эстакадалары					
Т. Қасымов атындағы МАС теміржол эстакадасы	0	26	32	0	▲ 23,1
«Шағыр» МҚП теміржол эстакадасы	261	308	94	150	▼ -69,5

2019 жылы Қазақстан Республикасының МӨЗ-деріне мұнай жеткізу көлемі 4,5%-ға ұлғайды және 16 883 мың тоннаны құрады, бұл Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ай сайынғы бекітілген кестесіне сәйкес жеткізу көлемінің ұлғаюына байланысты.

2018 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы мұнай жеткізудің 2,9%-ға азаюы «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне мұнай берудің төмендеуіне және Ақтөбе өңірінің мұнайының «Кенқияқ-Құмкөл» мұнай құбырына қайта бөлінуіне байланысты. Ресей Федерациясының аумағы арқылы қазақстандық жүк жөнелтушілердің мұнайын жеткізудің негізгі бағыттары Усть-Луга порты және Новороссийск порты болып табылады.

Ақтау порты арқылы 2019 жылы 2 020 мың тонна мұнай жөнелтілді, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 0,9%-ға артық. Ақтау портында танкерге мұнай құю

оны одан әрі Махачкала және Баку порттары бағытында жеткізу үшін жүргізілді.

2019 жылы «Шағыр» МҚП эстакадасынан Өзбекстан Республикасына мұнай жөнелту жалғастырылды, ол 94 мың тоннаны құрады. Сондай-ақ ішкі нарыққа мұнай жеткізу үшін Т. Қасымов атындағы МАС құю эстакадасынан жөнелту 32 мың тонна мөлшерінде жүргізілді.

2018 жылға қатысты «КҚК-Қ» АҚ жүйесіне мұнайды ауыстырып тиеу көлемінің төмендеуі мұнайды тапсырудың азаюына және «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы жеткізуді қайта бөлуге байланысты.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын үздіксіз арттыру мақсатында 2019 жылы Компания тұтынушыларды 100% қамтумен мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді тұтынушылардың қанағаттанушылығын бағалау бойынша сауалнама жүргізді. Сауалнама нәтижесі бойынша қанағаттанудың жалпы коэффициенті 100%-ды құрады.

Пайдалану және сенімділігін қамтамасыз ету

Компания кірісінің негізгі үлесін қамтамасыз ететін «ҚазТрансОйл» АҚ-ның негізгі активі бүкіл елді қамтитын магистральдық мұнай құбырларының желісі болып табылады. Мұнай тасымалдау жөніндегі табысты қызметтің маңызды шарты магистральдық құбырларды, сондай-ақ негізгі және қосалқы мақсаттағы өндірістік объектілерді авариясыз және қауіпсіз пайдалану болып табылады.

Осы мақсаттар үшін Компанияда құбырларға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және диагностика бойынша барлық қажетті іс-шараларды жоспарлау және іске асыру, оның ішінде:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның өндірістік бағдарламасын қалыптастыру;
- магистральдық құбырлардың өндірістік объектілері жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету, жылдың су тасқыны және күзгі-қысқы кезеңдерінде жұмысқа дайындау бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар жоспарының жасалуына және орындалуына бақылауды ұйымдастыру;
- магистральдық құбыр объектілерінің коррозиядан тиімді қорғалуын қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асыру;
- өндірістік объектілерде және магистральдық құбырлардың технологиялық жабдықтарында диагностикалық жұмыстарды уақытында жүргізу;
- магистральдық құбырларды әуемен патрульдеу жұмыстарын ұйымдастыру және бақылау;

- магистральдық құбырлар жұмысының оңтайлы жылу-гидравликалық режимдерінің сақталуын, қазандық-пеш отынының шығынын бақылауды жүзеге асыру;
- өнімділікті арттыруға, өзіндік құнын төмендетуге және пайдаланудың басқа техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың енгізілуін бақылауды жүзеге асыру;
- авариялар мен оқиғаларды болдырмау, жою бойынша шаралар қабылдау жүзеге асырылады.

Осы саладағы жұмысқа пайдалану департаменті жетекшілік етеді.

ҚҰБЫРЛАР ПАРКИ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕР

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырларының жалпы ұзындығы 5 378,5 км құрайды. Желінің жас құрылымында негізгі үлесті – 2 538,04 км (47,2%) – 30 жылдан астам жастағы құбырлар құрайды. Компанияда құбырларды қайта жаңарту және ауыстыру жұмыстары «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2015–2019 жылдарға арналған өндірістік бағдарламасына сәйкес жүргізілуде.



Кондицияланбаған мұнай үшін өтемақы төлеу туралы келісімдерге қол қою

2019 жылғы сәуір-мамырда «Транснефть» ЖАҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесінде тасымалданатын мұнайға хлорорганикалық қосылыстардың жоғары концентрациясының болуына байланысты төтенше жағдай қалыптасты, бұл қазақстандық жүк жөнелтушілердің 699 мың тоннаға жуық кондициялық емес мұнайын Усть-Луга портындағы танкерлерге тиеуге алып келді. Бұл оқиғаны Ресей тарапы мойындады және келіссөздер процесі барысында жедел шешілді.

Аталған оқиғаны реттеу шеңберінде «Дружба» магистральдық мұнай құбыры жүйесінде 38 қазақстандық мұнай компаниясының атынан әрекет ететін «ҚазТрансОйл» АҚ «Транснефть» ЖАҚ-мен зардап шеккен қазақстандық мұнай компанияларының пайдасына кондицияланбаған мұнай үшін өтемақы төлеу туралы келісімдерге қол қойды. Барлық 38 жүк жөнелтуші өтемақы алды.

Мұнайды магистральдық мұнай құбырлары арқылы тасымалдауды 36 мұнай айдау станциясы, 67 мұнай жылыту пеші, жалпы көлемі 1 386 мың м³ мұнай сақтауға арналған резервуарлық парктермен қамтамасыз етеді.


Мұнайды ауыстырып тиеу Ақтау портының теңіз мұнай құю терминалының 3 айлағында орнатылған 4 ағызу-құю теміржол эстакадаларымен, танкерлерге мұнайды құю жөніндегі тиісті жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

Мұнай айдау станцияларын электрмен жабдықтау 35-220 кВ шағын станциясынан 15 бірлік және 46 бірлік ЗРУ-6-10 кВ жабық тарату құрылғыларынан жүзеге асырылады.

Пайдалануда 218 бірлік сорғы агрегаты, 4 бірлік азот станциясы, 11 бірлік компрессорлық қондырғы, 905 бірлік автокөлік құралы (тіркемесіз) бар.

Өндірістік үй-жайларды жылыту үшін қысқы кезеңде 93 су жылытатын және 3 бу қазандығы бар 42 қазандық пайдаланылады.


2019 жылғы 31 желтоқсандағы магистральдық құбырлардың жас құрылымы



5 378,46 км

- 20,5% 10 жылға дейін
- 19,0% 10 жылдан 20 жылға дейін
- 13,3% 20 жылдан 30 жылға дейін
- 47,2% 30 жылдан жоғары


2019 жылғы 31 желтоқсандағы резервуарлық парктің жас құрылымы



116 дана

- 26,7% 10 жылға дейін
- 36,2% 10 жылдан 20 жылға дейін
- 14,7% 20 жылдан 30 жылға дейін
- 22,4% 30 жылдан жоғары


2019 жылғы 31 желтоқсандағы мұнай жылыту пештерінің жас құрылымы



67 дана

- 16,4% 10 жылға дейін
- 23,9% 10 жылдан 20 жылға дейін
- 10,4% 20 жылдан 30 жылға дейін
- 49,3% 30 жылдан жоғары


2019 жылғы 31 желтоқсандағы сорғы жабдығының жас құрылымы



218 дана

- 28,0% 10 жылға дейін
- 30,3% 10 жылдан 20 жылға дейін
- 17,0% 20 жылдан 30 жылға дейін
- 24,8% 30 жылдан жоғары

Компанияның өндірістік қуаттары



ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРДІҢ СЕΝІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Өндірістің апатсыз болуын қамтамасыз ету және өндірістік процестердің тиімділігін арттыру мақсатында есепті кезеңде Компанияда мынадай жұмыстар жүргізілді:

- калибрлеу, профильметрия, құбырышілік магнитті снаряд, ультрадыбыстық снаряд сияқты әдістермен, сондай-ақ құбырышілік магнитті және ультрадыбыстық снарядты қолдану әдісімен 1 044 км магистральдық құбырларды құбырышілік диагностикалау;
- 1 644 магистральдық мұнай құбырлары құбырларының ақауларын жою (жоспарда 1 577 ақау);
- өзінің нормативтік қызмет ету нормативін өтеген 2 бірлік негізгі сорғысын техникалық қуәландыру;
- 5 бірлік негізгі сорғы жабдығын ауыстыру;
- 36 бірлік резервуарларды тексеру;
- резервуарларды коррозияға қарсы қорғау бойынша жұмыстар. 5 резервуарда сыртқы коррозияға қарсы жабын, ал 16 резервуарда – ішкі коррозияға қарсы жабын салынған;
- 10 мұнай қыздыру пешін коррозияға қарсы қорғау жұмыстары;

- 17 мұнай қыздыру пешін техникалық диагностикалау және сараптамалық тексеру;
- жалпы ұзындығы 46 км «Прорва-Құлсары» магистральдық мұнай құбыры учаскелеріндегі құбырларды ауыстыру.

Қоршаған ортаға ықтимал теріс әсерді азайту мақсатында, сондай-ақ 6-10 кВ ЭЭЖ күрделі жөндеу жүргізу кезінде электр берудің әуе желілерінде (ЭЭЖ) қысқа тұйықталу тәуекелдерін азайту мақсатында Компания АС маркалы жалаңаш сымдарды ӨОС-3 маркалы өзін көтеретін оқшауланған сымдарға ауыстыруды жүзеге асырады.

Есепті жылы Компания өндірістік объектілердегі оқыс оқиғалар санының төмендеуіне, сондай-ақ құбырдың өзінің герметикалығының немесе бекіту және реттеу арматурасының бұзылуы немесе құбырдың бітелуі себебінен құбырдың кенеттен толық немесе ішінара тоқтауына байланысты тіркелген істен шығулардың болмауына қол жеткізді.

Өндірістік объектілерді күзгі-қысқы және көктемгі кезеңдерге дайындау жоспары да толық іске асырылды.

2019 жылы Компанияның өндірістік объектілеріндегі оқыс оқиғалар

Оқыс оқиғалар тобы	2017	2018	2019	Өзгеріс, %
Негізгі қызметтің механикалық-энергетикалық және технологиялық жабдықтарының ақаулықтары	55	65	57	▼ -12,3
Негізгі қызметтің автоматика жүйесі жабдығының ақаулықтары	27	36	16	▼ -55,6
Негізгі қызметтің өндірістік-технологиялық байланыс жабдықтарының ақаулықтары	24	64	52	▼ -18,8



2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2020 жылға Компания өндірістік нысандарды сенімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету саласында мынадай іс-шараларды жоспарлады:

- өндірістік объектілердің апатсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша тұрақты техникалық және технологиялық іс-шаралар жүргізу;
- диагностикалық, жөндеу жұмыстарын жүргізу және өндірістік ғимараттарды, құрылыстар мен жабдықтарды реконструкциялау;

- «КазТрансОйл» АҚ-ның 2020–2024 жылдарға арналған өндірістік бағдарламасына сәйкес құбыр учаскелерін ауыстыру;
- жаңа заманауи технологияларды қолдана отырып, электрмен жабдықтау жүйесін жаңғыртуды жүргізу;
- аварияға қарсы қорғаныс жүйесін үздіксіз электрмен жабдықтау жүйесін жаңғырту.



Цифрлық рентгенді қолдану

«КазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырларында монтаждау жұмыстары кезінде цифрлық рентгенді пайдаланған. Жаңа технологияны қолдану нәтижесінде құбырдағы дәнекерленген жіктердің сапасы бойынша сараптамалық қорытынды алу мерзімі 36-дан 2 сағатқа дейін қысқарды. Мұнай құбырларындағы дәнекерленген қосылыстарды радиографиялық бақылау әдісі құбыр учаскесін рентген сәулелерімен, медицинаға ұқсас етіп жарықтандыру қағидатына негізделеді. Дәнекерленген түйіспеде сәуле түсетін пленка жатыр. Кейіннен пленканы шығарады, кептіреді, дефектоскоп арқылы айдайды және дәнекерленген тігісте ақаудың бар не жоғы туралы қорытынды береді. Мамандардың пікірінше, мұнай құбырларындағы дәнекерленген қосылыстарды радиографиялық бақылау әдісі ең дәл болып табылады.

Операторлық қызметтер көрсету жөніндегі қызмет

«ҚазТрансОйл» АҚ операторлық қызметтері бөгде ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану жөніндегі, оның ішінде техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз ҰК АҚ компаниялар тобы шеңберінде суағызғыларды техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметті білдіреді. Операторлық қызметтер бөгде ұйымдардың мұнай құбырларына қызмет көрсету шекарасын кеңейтуге бағытталған қызметтің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Компанияда көрсетілген қызмет түрлерін басқаруды операторлық қызметтер департаменті жүзеге асырады. Компанияның өндірістік бағдарламасын орындау операторлық қызметтерді көрсету шеңберінде Батыс операторлық қызметтер басқармасының (БОҚБ) және Шығыс операторлық қызметтерді басқармасы (ШОҚБ) персоналы жүзеге асырады.

«ҚазТрансОйл» АҚ мынадай компанияларға операторлық қызметтер көрсетеді:

- «ҚҚК» ЖШС;
- «МұнайТас» ЖШС;
- «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (ҚПО);
- «Торғай Петролеум» АҚ;

- «КҚК-К» АҚ;
- «Магистральдық Суағызғы» ЖШС.

Компанияның жұмылдырылған персоналының жалпы саны – 1 227 адам болғанда қызмет көрсетілетін мұнай құбырларының жалпы ұзындығы 3 322 км құрайды, оның ішінде БОҚБ – 572 адам, ШОҚБ – 655 адам.


Операторлық қызметтерді көрсету бойынша қызметтен түскен кіріс 2019 жылы 2018 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 27,5%-ға артып, 16 878 млн теңгені құрады. Көрсеткіштің айтарлықтай өсуі көбінесе «КҚК-К» АҚ-пен шарт жасасумен, сондай-ақ «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.»-мен жасалған шарт бойынша бағалардың жаңартылуына байланысты.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның қызметтерді тұтынушылар бөлінісінде операторлық қызметтер көрсету жөніндегі қызметтен түскен кірістері, млн теңге

№	Қызметтерді тұтынушылар	2017	2018	2019*	Өзгеріс, %
1	«ҚҚК» ЖШС	7 767	7 937	8 016	▲ 1,0
2	«КҚК-К» АҚ	–	2 179	4 495	▲ 106,3
3	«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.»	1 289	1 568	1 895	▲ 20,8
4	«МұнайТас» ЖШС	1 345	1 340	1 450	▲ 8,2
5	«Торғай Петролеум» АҚ	198	210	221	▲ 5,4
6	«Магистральдық Суағызғы» ЖШС	–	–	801	–
Жиыны:		10 599	13 233	16 878	▲ 27,5

* Деректер «Магистральдық Суағызғы» ЖШС-ның қызметтер көрсетуден түскен кірістер сомасын қамтиды

Операторлық қызметтің ұйымдық құрылымы




2019 ЖЫЛЫ ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ТАБЫС

27,5%-ға

АРТТЫ

*«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының учаскесіне 0 км-ден 285 км-ге дейін, Лупинг 207 км-ден 285 км-ге дейін «Магистральдық суағызғы» ЖШС қызмет көрсетеді

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның операторлық қызметтер көрсету жөніндегі қызметтен түскен кірістері, млн теңге



* Деректер «Магистральдық Суағызғы» ЖШС-ның қызметтер көрсетуден түскен кірістер сомасын қамтиды

Компанияның операторлық қызметтерін тұтынушылар персоналдың біліктілігіне, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау деңгейіне, сондай-ақ техникалық жарақтандыруға жоғары талаптар қояды. Тұтынушылардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін Компания осы бағытты дамытуға айтарлықтай қаражатты инвестициялайды.

Сондай-ақ әрбір өндірістік объектіде Компанияның өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қызметтерін тұтынушылар талаптарының нақты сақталуын бақылау жүзеге асырылады. Объектілерде бұзушылықтар және/немесе қақтығыстар туындаған жағдайда тиісті хабарлама Бас диспетчерлік басқармаға (БДБ) түседі. Ден қою

жылдамдығын қамтамасыз ету үшін хабарламаларды жіберу тәулік бойы жүзеге асырылады.

Жыл сайын Компания бөгде ұйымдарға тиесілі өндірістік объектілердің сенімділігін қамтамасыз ету бойынша және объектілерді күзгі-қысқы және су тасқыны кезеңдерінде жұмысқа дайындау бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шараларын орындайды. 2019 жылы магистральдық мұнай құбырларының құбырышылқ диагностикасының нәтижелері бойынша операторлық қызметтер басқармаларының күшімен магистральдық мұнай құбырларының 152 ақауы жойылды, оның ішінде «Теңіз-Новороссийск» мұнай құбырында – 98 ақау, «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбырында – 40 ақау, «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырында – 13 ақау, «Атасу – Алашанькоу» мұнай құбырында – 1 ақау.

Бұл ретте есепті кезеңде пайдаланылатын магистральдық мұнай құбырлары бойынша негізгі жабдықтың істен шығуына, апаттар мен оқыс оқиғаларға жол берілген жоқ.

2019 жылы ISO 9001:2015 талаптарына сәйкес операторлық қызметтерді көрсету сапасының деңгейін бағалау мақсатында тұтынушыларға сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша жалпы бағалау 96,7%-ды құрады, бұл 2018 жылдың деңгейінен жоғары.

Сауалнама шеңберінде «КҚК-К» АҚ бойынша бағалаудың төмендеу себептерін талдау нәтижелері бойынша көрсетілген қызметтерге ақы төлеудің белгіленген айлық құнын төмендету негізінде «КҚК-К» АҚ магистральдық мұнай құбырларын пайдалану бойынша қызметтер көрсету сапасын сипаттайтын БОҚБ бастығының ҚНҚ әзірлеу жоспарланған.



Тұтынушылардың 2019 жылғы операторлық қызметтер сапасымен қанағаттануын бағалау нәтижелері

«Торғай Петролеум» АҚ	«МұнайТас» ЖШС	«КҚК» ЖШС	ҚПО	«КҚК-Қ» АҚ	«Магистральдық Суағызғы» ЖШС	Жалпы бағалау
100%	100%	100%	100%	80%	100%	96,7%

2019 жылдың қыркүйегінде Компания «КҚК-К» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің және мердігерлік ұйымдардың қатысуымен «КҚК-Қ» АҚ ұйымдастырған «Safety day event» іс-шарасына қатысты. Осы іс-шара аясында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету, HSE саласындағы инновациялар мәселелерін талқылау бойынша дөңгелек үстел өткізілді. Сондай-ақ «Safety day event» іс-шарасы аясында конкурстық бағдарлама ұйымдастырылып, нәтижесінде Компанияның командасы «Лабиринт стихии» конкурсында бірінші орынды, «12 стихия» конкурсында үшінші орынды, «Усмири стихию» конкурсында бесінші орынды иеленді.

кес операторлық қызметтерді одан әрі көрсетуді жоспарлап отыр:


- «Торғай Петролеум» АҚ мұнай құбырын пайдалануға 2021 жылға келісім жасасу;
- «Магистральдық Суағызғы» ЖШС жабдығына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша 2021 жылға келісім жасасу;
- тұтынушылардың 2020 жылғы операторлық қызмет сапасына қанағаттанушылығын 95%-дан төмен емес деңгейде қамтамасыз ету;
- «Өнімділігі жылына 6 млн тоннаға дейін «Кеңқияқ-Атырау» магистральдық мұнай құбыры учаскесі реверсінің бірінші кезеңі» жобасын іске асырғаннан кейін «Аман» МАС-ты пайдалануға қабылдау.

2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2020 жылы Компания мынадай іс-шараларды өткізуді қоса алғанда, жасалған шарттарға сәй-

96,7%

ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫНА ҚАНАҒАТТАНУ ДЕҢГЕЙІ



«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» күрделі жөндеуді аяқтау

«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы 2019 жылы «Қарашығанақ-Атырау» көлік жүйесін жоспарлы-алдын алу жөндеуді сәтті аяқтады, оған «ҚазТрансОйл» АҚ мамандары қатысты. ҚПО тарихындағы ең ірі күрделі жөндеу қоршаған ортаға зиян келтірмей және қауіпсіздік техникасының барлық талаптарын сақтай отырып жүргізілді. ҚПО Компанияның БОҚБ мамандарының үйлесімді жұмысын атап өтті, солардың кәсіби тәжірибесі мен ынтық арқасында қойылған барлық мақсаттар мен міндеттергі уақытылы, сапалы және қауіпсіз іске асырды.

Инвестициялық қызмет

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2015–2019 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы (Инвестициялық бағдарлама) 2015 жылғы тамызда Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің бірлескен бұйрығымен жыл сайын түзете отырып, бекітілді.

Инвестициялық бағдарлама күрделі салымдар жоспарының, Өндірістік бағдарламаның және Компанияның Инвестициялық комитетінің шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.


Инвестициялық бағдарламаның негізгі мақсаттары перспективалы инвестициялық жобаларды іске асыру және өндірістің ағымдағы деңгейін қолдау болып табылады.

Бірінші кезеңде инвестициялық жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі мен орындылығы туралы шешім қабылданады. Келесі кезеңде экономикалық тартымдылықты талдау үшін есептеулер жүргізіледі. Соңғы кезеңде инвестициялық өтелімділіктің, жобаның компанияның қаржылық жағдайына және бизнес-жоспардың ҚНК-ге әсерін, сондай-ақ адами ресурстарды жоспарлауды егжей-тегжейлі есептеу жүргізіледі.

Бұдан басқа, әрбір кезеңде шешім қабылдау кезінде жобаның тәуекел деңгейі және оның еңбекті қорғау мен қоршаған ортаға әсері сияқты факторлар ескеріледі.

Инвестициялық бағдарлама инвестициялық шығыстарды бес жылдық кезең ішінде біркелкі бөлуді көздейді, бұл Компанияға оны қаржыландыру көздерінің теңгерімді құрылымын сақтауға мүмкіндік береді.


Инвестициялық бағдарламаны іске асыру бағыттары



Компания немесе ЕББҮ бастамашылық ететін әрбір инвестициялық жоба мұқият сараптамадан өтеді. Жоба бойынша шешім қабылдауды Компанияның

Инвестициялық комитеті Компанияның белгіленген талаптары мен корпоративтік рәсімдеріне сәйкес үш кезеңде жүзеге асырады.

Инвестициялық жобалар бойынша шешімді қабылдау кезеңдері




Күрделі салымдардың жалпы сомасы, млн теңге

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020* (жоспар)	Өзгеріс,%
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның күрделі салымдары**, оның ішінде:	52 814,5	51 313	42 858	54 082,5	▼ -16,5
жаңа жобаларға	1 563,6	8 054	70	13,7	▼ -99,1
өндірістің ағымдағы деңгейін қолдау үшін	42 753,7	43 257	42 761	54 064	▼ -1,1
әкімшілік сипаттағы	8 497,2	3	27	4,6	-

* Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 15 қарашадағы шешімімен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ 2020–2024 жылдарға арналған бизнес-жоспарына сәйкес

** Компанияның күрделі салымдарының шоғырландырылған көлемі (үлестік әдіс) көрсетілген

«ҚазТрансОйл» АҚ күрделі салымдардың жалпы сомасы, млн теңге



2019 жылғы күрделі салымдар бойынша нәтижелер Компанияның негізгі ресурстары өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға бағытталғанын көрсетеді. Мәселен, 2019 жылы осы бағытқа күрделі салымдардың жалпы көлемінің 99,8%-ы бөлінді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

«Қазақстан-Қытай» мұнай құбырын кеңейту

Компания үшін ғана емес, Қазақстан Республикасы үшін де ірі және стратегиялық маңызды инвестициялық жобалардың бірі «Қазақстан – Қытай» магистральдық мұнай құбырлары жүйесінің құрылысы болып табылады. Жобаны іске асыру кезең-кезеңмен жүзеге асырылады.

Бірінші кезең шеңберінде 2006 жылы ұзындығы 965,1 км «Атасу – Алашанькоу» мұнай құбыры салынып, пайдалануға берілді. 2009 жылы-ұзындығы 794,26 км «Кеңқияқ – Құмкөл» мұнай құбыры салынып, пайдалануға берілді.

Жобаға қатысушылар: «ҚазТрансОйл» АҚ, «Мұнай-Тас» ЖШС және «ҚҚҚ» ЖШС, олардың әрқайсысы «Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының тиісті учаскесінің меншік иесі болып табылады. Қаржыландыру жобаға қатысушылардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

«Қазақстан-Қытай» мұнай құбырының құрылысын іске асырудың келесі кезеңі «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі. Өнімділікті жылына 20 млн тонна мұнайға дейін ұлғайту біртұтас жобасына (Жоба) біріктірілген мынадай жобаларды іске асыру болды: «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі. Өнімділігі жылына 6 млн тоннаға дейінгі «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбыры учаскесі реверсінің бірінші кезеңі (Реверс жобасы) және мақсаты мұнай тасымалдау бағыттарын әртараптандыру және Қазақстан Республикасының көмірсутектерін тасымалдаудың көпвекторлы жүйесін құру болып табылатын «Кеңқияқ-Атырау» БМАС және Құмкөл БМАС-та МСӨЖ өткізу қабілетін ұлғайту» (МСӨЖ жобасы). Жоба жаңа мұнай айдау станцияларын салу және жұмыс істеп тұрған қайта жаңарту, сондай-ақ тиісті учаскелерде мұнай құбырын ауыстыру жолымен

ішкі нарыққа және ҚХР-ға экспортқа тасымалдау көлемінің өсуіне қарай барлық учаскелер бойынша мұнай құбырының өткізу қабілетін кезең-кезеңмен ұлғайтуды болжайды.

2019 жылы бірінші іске қосу кешені бойынша Реверс жобасын іске асыру шеңберінде «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбырын Н. Шманов атындағы МАС-пен қосу үшін екі желілік бөгет салу мен кесуді қоса алғанда, жабдықтарды жеткізу және жұмыстарды механикалық аяқтау жүзеге асырылды, сондай-ақ «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбырының бойында орналасқан бірқатар өзге де объектілерді қайта жаңарту жүзеге асырылды.

Екінші іске қосу кешені шеңберінде «Аман» МАС құрылысы жүзеге асырылуда.

Барлығы 11 087 млн теңге игерілді, оның ішінде 2019 жылы – 8 413 млн теңге.

МСӨЖ жобасын іске асыру шеңберінде 2019 жылға жоспарланған жабдықтарды жеткізу толық көлемде жүзеге асырылды.

2019 жылғы 19 желтоқсанда МСӨЖ жобасының ЖСҚ бойынша кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Құбырды ауыстыра отырып, магистральдық мұнай құбырларын қайта жаңарту

Өндірістік объектілерді сенімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін 2019 жылы Компания оларды күрделі жөндеу бойынша келесі іс-шараларды жүргізді:

- «Прорва-Құлсары» магистральдық мұнай құбырының 0-3 км, 4-6 км, 9-12 км, 13-15 км, 21-33 км, 37-38 км, 39-43 км, 46-50 км, 60-64 км, 73-76 км, 90-95 км, 100-101 км учаскелеріндегі құбырларды тазалау және диагностика құралдарын іске қосу камерасымен ауыстыру (1 және 2-кезектер). Объект 2019 жылғы желтоқсанда пайдалануға қабылданды;
- «Өзен-Атырау-Самара» мұнай құбырының 801-807 км, 813-824 км, 830-831 км, 851-853 км, 857-859 км, 862-867 км (1-кезеңі) учаскелеріндегі құбырды ауыстыру;
- «Қиғаш» бас тазарту құрылысының учаскесіндегі – 0 км, «Астрахань-Маңғышлақ» суағызғысының 0-56 км учаскесіндегі құбырларды ауыстыру.

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын қайта жаңарту және кеңейту

Атырау және Маңғыстау облыстарының тұрғындарына, сондай-ақ мұнай өндіру және өнеркәсіп кәсіпорындарына су беру үшін «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының үздіксіз, қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету және өнімділігін арттыру үшін «ҚазТрансОйл» АҚ мынадай іс-шараларды іске асырды:

- № 5 су сорғыш станциясын (ССС-5) қайта жаңарту;
- «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының 0-56 км учаскесіндегі желілік бөлігіндегі құбырды ауыстыру;
- № 8 су сорғыш станциясын (ССС-8) электрмен жабдықтауды қайта жаңғырту.

Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды орындау нәтижесінде «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының өткізу қабілеті қолданыстағы 95 мың м³/тәуліктен 125 мың м³/тәулік (бағалау) дейін артты.

Сондай-ақ, «Магистральдық суағызғы» ЖШС «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғын қайта құру және кеңейту бойынша жобаның ТЭН-ін әзірлеуде. ТЭН шеңберінде су тұтынудың қолданыстағы және болжамды көлемдерін зерделеу жөніндегі жұмыстарды орындау және магистральдық суағызғының өткізу қабілетін арттыру бойынша, оның ішінде Маңғыстау облысы бойынша тұтынудың болжамды көлемдерін қамтамасыз ету үшін оңтайлы техникалық және технологиялық шешімдер әзірлеу жоспарлануда.

2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР


Компания 2020 жылы инвестициялық қызмет бойынша мынадай іс-шараларды жоспарлады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2020–2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасын ТМРК-ның бекітуі;
- «Қазақстан – Қытай» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі. Мұнай өнімділігін жылына 20 млн тоннаға дейін ұлғайту» жобасын аяқтау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2020–2024 жылдарға арналған өндірістік бағдарламасына сәйкес құбырлардың учаскелерін ауыстыру;
- «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын қайта жаңарту және кеңейту бойынша жобаның ТЭН-ін әзірлеу және бекіту;
- «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын қайта құру және кеңейту жобасын қаржыландыру мәселесін пысықтау.

42,9

млрд теңге

2019 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯНЫҢ КҮРДЕЛІ САЛЫМДАРЫНЫҢ СОМАСЫ



«Құлсары-Теңіз» суағызғысының бірінші кезегінің құрылысын аяқтау


Компания суағызғының желілік бөлігі бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтады, гидравликалық сынақтар жүргізілді. Жобаның резервуарлық паркі, инженерлік жүйелері мен құрылыстары бар су сорғы станциясын салуды көздейтін екінші кезегінің жұмысы аяқтауды талап етеді.

Ұзындығы 1 04,2 км және өткізу қабілеті 1 3 200 м³/тәулік жаңа су құбыры «Теңізшевройл» ЖШС өндірістік және техникалық қажеттіліктеріне техникалық су беруге арналған.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Солтүстік Қазақстан облысы – қазақ әдебиеті классиктерінің отаны. Мұнда ұлы Мағжан Жұмабаев, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов дүниеге келді. Сонымен қатар, бұл жерде әлемге әйгілі ертегінің авторы – Петр Ершов балалық шағын өткізді.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ АЙМАҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Мұнай құбырлардың
ұзындығы

186,2
км



ӘЭЖ-дің
ұзындығы

196
км



Персоналдың
саны

103
адам

Процестерді цифрландыру және автоматтандыру

Ақпараттық технологиялар және процестерді автоматтандыру кез келген табысты ұйым үшін заманауи бизнес-ортаның ажырамас бөлігі болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ өзінің бизнес-процестеріндегі цифрлық технологиялардың өзектілігін сезінеді және осы мәселеде Компанияны ілгерілету үшін

айтарлықтай күш-жігер жұмсайды. Атап айтқанда, Компания цифрлық технологиялар және компаниядағы процестерді автоматтандыру саласындағы даму бағытын анықтайтын мынадай тұжырымдамалық құжаттарды әзірлеп, бекітті:

- «ҚазТрансОйл» АҚ цифрландыру тұжырымдамасы;


- «ҚазТрансОйл» АҚ цифрлық технологияларды дамыту бағдарламасы, соның ішінде жобалардың Жол картасы.

Компанияда бейінді департаменттер жұмыс істейді, олардың жауапкершілік аймағында Компанияның қызметін цифрландыру және автоматтандыру саласындағы жобаларды іске асыру жатыр: ақпараттық технологиялар департаменті, телекоммуникациялар департаменті, ТПБАЖТҚЗ департаменті*.

ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

2018 жылы әзірленген «ҚазТрансОйл» АҚ-ның цифрландыру тұжырымдамасы (Цифрландыру тұжырымдамасы) қазіргі заманғы цифрлық технологияларды енгізу және тиімді ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды өрістету есебінен Компания қызметін жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындап берді. Екі негізгі мақсаттар мен дамудың тоғыз негізгі бағыттары анықталды, олардың әрқайсысы түрлі бастамаларды қамтиды.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның цифрландыру тұжырымдамасы



* Технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесі және метрологиялық қамтамасыз ету

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУЫ БАҒДАРЛАМАСЫ


Цифрландыру тұжырымдамасының негізінде 2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның цифрлық технологияларын дамыту бағдарламасы (цифрлық технологияларды дамыту бағдарламасы) әзірленіп, бекітілді, ол Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу мақсатында бір-бірімен байланысты жобалардың жиынтығын білдіреді.

Цифрлық технологияларды дамыту бағдарламасы ITIL және COBIT халықаралық әдістемелерінің негізгі ережелеріне сәйкес әзірленді. Бұл бағдарламаны әзірлеу компанияның АТ-ландшафтын кең

түрде диагностикалаудың алдында болды, оған сауалнама жүргізу және АТ-аудит жүргізу енгізілді. АТ-аудит шеңберінде SAP, ЭҚЖ, СЭА, SCADA, SQUID және т. б. сияқты Компанияның қырық АТ-жүйесіне зерттеу жүргізілді.

Компанияның АТ-ландшафтын диагностикалау жақсарту үшін көптеген облыстарды анықтады және сандық технологияларды дамыту саласындағы ең өзекті жобаларды анықтауға көмектесті. Ең маңызды елу бір жоба цифрлық технологияларды дамыту бағдарламасының Жол картасының негізін құрады, ол ұйымдық және функционалдық белгілері бойынша жобалардың бірнеше тобына бөлінген.

Цифрлық технологиялар картасы



ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛМЕЙТІН БАЙЛАНЫС ТОРАПТАРЫ

Өндірістік процестерді цифрландыру шеңберінде Компания бірнеше жылдан бері қызмет көрсетілмейтін байланыс тораптарын (ҚКМБТ) салу бойынша жобаны дамытып келеді.

ҚКМБТ-телекоммуникациялық жабдықты орнатуға арналған жеке шағын үй-жайлар. Егер бұрын байланыс тораптары тәулік бойы қызметкерлер кезекшілік ететін үй-жайларды білдіретін болса, бүгінгі күні ҚКМБТ құрылысы байланыс инженерлерінің тәулік бойы қатысуынан бас тартуға, орталықтан-дырылған бақылау мен қашықтықтан басқаруды ұйымдастыруға мүмкіндік берді. ҚКМБТ қазіргі заманғы жүйесі климатты бақылаудың, өрт сөндірудің, бейнебақылау, сондай-ақ қолжетімділікті

бақылаудың жаңғыртылған жүйелерін қамтиды. Қызметтің үздіксіздігі мақсатында ҚКМБТ-ға балама қоректену көздері табысты енгізілді.

Жаңа жабдықты пайдалануға берілген сәттен бастап үш жыл ішінде, бөгде операторлардан үй-жайларды жалға алу шығындарын азайту және байланыс жүйелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша жоспарлы-алдын алу жұмыстарының кезеңділігін азайту есебінен Компания 430 млн теңгеден астам экономикалық нәтиже алды.

ҚКМБТ жабдығы ай сайын қызмет көрсетуді талап етпейді, қашықтықтан мониторинг жүйелерімен жарақтандырылған және штаттан тыс жағдайлар болған жағдайда, жедел ден қоюға және ақауларды уақтылы жоюға мүмкіндік береді.

ТРАНКИНГТІК БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІН ЖАҒҒЫРТУ

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметі магистральдық мұнай құбырларына, оның ішінде ұялы немесе басқа байланыс түрлері жоқ шалғай жерлерге қызмет көрсетумен байланысты. Осыған байланысты транкингтік радиобайланыстың меншікті желісін құру және дамыту негізгі көңіл аударылған Компания үшін техникалық және экономикалық тұрғыдан алғанда жалғыз қолайлы шешім болып табылады.

2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары бойындағы қолданыстағы транкингтік байланыс желісін жаңғырту бойынша жұмыстың негізгі кезеңін аяқтады. 20 жылдан астам жұмыс істеген MPT-1327 стандартының аналогтық транкингтік жүйесі DMR Tier-III Pro стандартты радиобайланыстың цифрлық кәсіби транкингтік жүйесіне ауыстырылды. Нәтижесінде Компания 80 базалық станциядан тұратын Қазақстандағы транкингтік радиобайланыстың ең үлкен цифрлық кәсіби жүйесін пайдалануға енгізді.

Транкингтік радиобайланысты технологиялық қайта жарақтандыру магистральдық мұнай құбырларын пайдаланатын персоналдың одан әрі үздіксіз жұмысын, радиобайланысты пайдалана отырып, магистральдық мұнай құбырлары объектілерінде барлық жоспарлы және жоспардан тыс жұмыстарды орындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ол қолданыстағы қамту аймағын 89%-дан 94%-ға дейін ұлғайтты, бұл ретте радиобайланыс толығымен жоқ тек 6% аймақ қалдырылды. Байланыс толығымен жоқ учаскелердің болуының негізгі себебі жергілікті жердің күрделі рельефі және осындай учаскелердің қазіргі базалық станциялардан алыстығы болып табылады.

Транкингтік радиобайланыстың кәсіби желісін жаңғырту бойынша жұмыстың келесі кезеңі «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырларының бүкіл ұзындығы бойынша транкингтік радиобайланыспен (автомобиль радиостанциялары үшін) 100% жабуды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды көздейді.

2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2020 жылы Компания цифрландыру және автоматтандыру шеңберінде келесі іс-шараларды жоспарлады*:

- Компанияның ақпараттық жүйелерін сүйемелдеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ серверлік жабдықтар мен компьютерлік техникаға техникалық қызмет көрсету бойынша одан әрі жұмыстарды жүзеге асыру;
- Компанияның орталық аппаратында баспасөз қызметін қамтамасыз ету;
- түгендеу бойынша жедел есепке алу және бақылаудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз ету;
- «ҚазТрансОйл» АҚ цифрлық технологияларды дамыту бағдарламасының Жол картасына сәйкес жобаларды іске асыру.

51 ЖОБА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫНА КІРДІ


* Компанияның 2020-2024 жылдарға арналған бизнес-жоспарында қаражат бөлу кезінде

Инновациялық-технологиялық даму

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің технологиялық ерекшеліктері салмақты және ғылыми негізделген шешімдерді қамтамасыз етуге қабілетті ғылыми-техникалық әлеуетке үлкен қажеттілікті болжайды. Технологиялық тәуекелдер мұнайдың ерекше қасиеттерімен, климаттық және ландшафтық жағдайлармен, сондай-ақ мұнай құбырын пайдалану режимдерімен байланысты болуы мүмкін.

Ғылыми және инновациялық-технологиялық даму саласындағы өзекті міндеттерді шешу үшін ҒЗТКЖ әзірлеу және жаңа техника мен инновациялық-технологиялық шешімдерді трансферттеу жөніндегі 2019–2023 жылдарға арналған бағдарлама (ҒЗТКЖ бағдарламасы) тұрақты негізде іске асырылуда.

ҒЗТКЖ бағдарламасының міндеттері



Инновациялық-технологиялық даму, ҒЗТКЖ және «ҚазТрансОйл» АҚ ҰҒО филиалының (ҰҒО филиалы) жұмысын үйлестіру саласындағы қызметке техникалық саясат департаменті жетекшілік етеді. ҒЗТКЖ бағдарламасына сәйкес жұмыстарды ҰҒО филиалының орталық зертханасы қызметкерлерінің күшімен де, мердігерлік ұйымдарды тарта отырып та орындалады.

ҒЗТКЖ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК-ӨНЕРКӘСІПТІК СЫНАҚТАРДЫ ОРЫНДАУ

Компанияда 2019 жылы жалпы алғанда 20 тақырып бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары іске асырылды мен тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жүргізілді, сондай-ақ ғылыми-техникалық ақпаратқа талдау жасалды, оның нәтижесінде ҒЗТКЖ жаңа тақырыптарын әзірлеу және перспективаға мұнай тасымалдау саласында инновациялық технологияларды енгізу жөнінде ұсыныстар топтастырылды.

2019 жылы сондай-ақ SmartTranPro бағдарламалық кешенін пайдалана отырып, Қазақстанның мұнай және мұнай қоспаларының құбыр көлігі технологиялық режимдерін оңтайландыру бойынша ғылыми жұмыстар жалғастырылды.

Іске асырылған басқа жобалардың қатарында мұнай құбырын қауіпсіз пайдалану ұзақтығын анықтау мақсатында «Павлодар–Шымкент» магистральдық мұнай құбырының екі учаскесіндегі қалдық ресурсты бағалау жөніндегі жұмыстарды, Б. Жұмағалиев атындағы БМАС – «Жуантөбе» МАС мұнай құбыры бағыты бойынша мұнай тасымалдау процестерін жақсарту үшін магнитті активаторларды (магниттердің ішкі және сыртқы орналасуымен) зерттеу жөніндегі жұмыстарды атап өтуге болады.



«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ЖАС МАМАНДАРЫ АРАСЫНДА ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТКІЗУ

Қазақстанда Жастар жылы деп жарияланған 2019 жылы жас мамандардың екінші форумында есепті жылдың тамыз айында Ақтау қаласында жас мамандар арасында ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияға қатысушылар

мұнай құбыр көлігін дамыту мәселелері мен перспективаларын талқылады. Бұдан басқа, төменгі температура жағдайында мұнайды тиімді тасымалдауға, коррозиялық процестерді зерттеуге және т. б. арналған баяндамалар ұсынылды.



Ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлық

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 6 желтоқсандағы №210 Жарлығымен «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының авторлар ұжымына «Мұнай құбыры бағыттары бойынша мұнай мен мұнай қоспаларын тасымалдауды энергия үнемдеуді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету» тақырыбындағы жұмыстар циклына Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы 2019 жылғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Осы жұмыстың авторларының құрамына «ҚазТрансГаз» АҚ техникалық саясат департаментінің қызметкерлері Берік Саяхов пен Ербол Махмотов, сондай-ақ профессорлар Ескенгір Бейсембетов, Ұзақ Жапбасбаев, Бағдәулет Кенжалиев және басқалар кірді.

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ СУ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

Компания соңғы 15 жылда мұнай тасымалдау саласындағы ғылыми-техникалық ақпаратқа талдау және жеті жетекші елдің ақпараттық базалары бойынша патенттік іздестіру жүргізуде. Осы талдау нәтижелері бойынша 2019 жылы зияткерлік меншік объектілеріне құжаттар беруге үш өтінім жасалып, белгіленген тәртіппен берілді. Барлық үш өтінімді Қазақстан Республикасы Әділет министрінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМҚ қабылдады.

НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ ӨЗІРЛЕУ

Нормативтік техникалық құжаттар базасын жетілдіру «ҚазТрансОйл» АҚ басым міндеттерінің бірі болып табылады. Технологиялық процестерді оңтайландыру, автоматтандыру, жабдықтың жаңа түрлерін, энергия (ресурс) үнемдейтін (оның ішінде ғылымды көп қажетсінетін) технологияларды енгізу саласындағы соңғы жетістіктер Компанияның нормативтік техникалық құжаттарына өзгерістер енгізуді талап етеді.

Компанияда ғылыми-техникалық құжаттарды әзірлеу мердігерлік ұйымдарды тарта отырып, сондай-ақ ҰҒО филиалының өз күшімен жүзеге асырылады. Мәселен, 2019 жылы соның ішінде Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген «Магистральдық мұнай құбырлары. Техникалық пайдалану» ұлттық стандартын қоса алғанда, Компанияның өндірістік қызметіне қатысты алты стандарт әзірленді.

ЭКСПО-2017 КӨРМЕСІНЕ ҰСЫНЫЛҒАН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОЛ КАРТАСЫНА СӘЙКЕС ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

2019 жылғы маусымда энергия үнемдейтін «Экокапсула» («ECOCAPSULE» компаниясы, Словакия Республикасы шығарған) автономды электрмен жабдықтау көздерімен (күн панельді энергия генерациялайтын батарея, жел генераторы) модульдік орындауды жеткізу және Компанияның Атырау мұнай құбыры басқармасының «Үлкен Шаған» МАС-та орнату жүзеге асырылды.

«Экокапсула» сфералық түрде жасалған, күн батареяларымен және жел генераторларымен жабдықталған алаңы 8 м² жылжымалы шағын модульдік құрылысты білдіреді. Керек-жарақтар жиынтығына, сондай-ақ ұзақ өмір сүруге қажетті заттар, шағын ас үй, унитаз және себезгі бар санитариялық торап, жылжымалы кереуеттер, сондай-ақ заттарды сақтауға және түрлі тұрмыстық қажеттіліктерге арналған қосымша бөліктер кіреді. Бұл қондырғы электрмен жабдықтаудың тұрақты көздері болмаған кезде магистральдық мұнай құбырлары объектілеріндегі технологиялық процестердің мониторингі, уақытша немесе тұрақты күзет бекеті ретінде қолдануға ыңғайлы.

Корпоративтік қауіпсіздік

«ҚазТрансОйл» АҚ басқаратын магистральдық мұнай құбырлары жүйесі Қазақстанның МӨЗ-дерін шикізатпен және мұнайдың көптеген экспорттық бағыттарын қамтамасыз ете отырып, стратегиялық маңызға ие. Бұл жағдайлар корпоративтік қауіпсіздікке және активтерді қорғауға байланысты мәселелерге жоғары талаптар қояды. Компанияда корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында магистральдық құбырды тұрақты күзету және мұнайдың ағып кетуін анықтау жүйелеріне және мұнай құбырын қорғау жүйелеріне тәулік бойы мониторинг жүргізу ұйымдастырылған.

Корпоративтік қауіпсіздік мәселелерін басқаруды корпоративтік қауіпсіздік департаменті жүзеге асырады. Құбырдың күзет аймағына құқыққа қарсы әрекеттер мен басып кіруді анықтау орталық аппарат деңгейінде, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ-ның ұтқыр күзет топтары мен авариялық қызметтерін қоса алғанда, барлық ӨБП-ның өзара іс-қимылы процесінде жүзеге асырылады.

Компания активтерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің қатысушылары



«ҚазТрансОйл» АҚ объектілеріне қол сұғушылықтың алдын алу және қарсы тұру үшін Компания, аумақтық ішкі істер органдары және «KMG-Security» ЖШС күзет ұйымы арасында ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы меморандумдар жасалды, оларға сәйкес тараптар тиісті ақпаратпен жедел алмасады, объектілердегі қылмыстарға қарсы күрес стратегиясын бірлесіп әзірлейді, мұнай құбырларына қатысты мәселелер бойынша заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар қалыптастырады.

Құбырларды қорғау жүйесін жетілдіру «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің активтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басты басымдығы болып табылады. Компания «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын ескере отырып әзірленген Компанияның объектілерін инженерлік-техникалық күзет құралдарымен (ИТКК)

2024 жылға дейінгі жарақтандыру жоспарына сәйкес ИТКК енгізу жөніндегі іс-шараларды белсенді іске асырады. Осы Жоспарға сәйкес Компанияның өндірістік және технологиялық объектілерінде күзет-периметрлік сигнал беру және бейнебақылау жүйесін енгізу жүзеге асырылуда.

2019 жылы Компания «Шымкент» БМАС, «Жуантөбе» МАС және «Прорва» МАС күзет-периметрлік сигнал беру және бейнебақылау жүйелерін енгізді.

Ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралардан басқа, Компания корпоративтік қауіпсіздік процестерін нормативтік реттеу мәселелеріне көп көңіл бөледі. Мәселен, Компанияда 2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да қызметтік тергеу жүргізу регламенті әзірленіп, бекітілді, оған сәйкес Компанияның мүлктік және мүлктік емес құқықтары мен мүдделерін бұзу фактілері бойынша қызметтік тергеулерді жүргізудің бірыңғай тәртібі белгіленген.

КОМПАНИЯНЫҢ 2 ҚЫЗМЕТКЕРІНЕ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНИКА САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚ БЕРІЛДІ

МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫНА КІРУ ЖӘНЕ ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰРЛАУ

2019 жылы «Өзен-Жетібай-Ақтау» және «Қаламқас-Қаражанбас-Ақтау» магистральдық мұнай құбырларына 2 рет рұқсатсыз кіру анықталды, оның жиынтық шығыны 6,4 млн теңгені құрады, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 6 есе жоғары.

Рұқсат етілмеген кесулер саны және залал мөлшері

	2017	2018	2019	Өзгеріс
Кесулер саны, дана	6	1	2	2 есе артқан
Залал мөлшері, млн теңге	5,7	1,09	6,4	6 есе артқан

Құқыққа қарсы әрекеттер санын азайту мақсатында 2019 жылы Компания құқық қорғау органдарымен және ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп, Компания активтерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы жұмысты жалғастырды. Компанияның және көрсетілген органдардың үйлесімді және үйлестірілген іс-қимылдары нәтижесінде 2019 жылғы 11 ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің және өңірлік Экономикалық тергеу


департаментінің қызметкерлері арнайы операция барысында Компанияның құбырынан мұнай ұрлаған ұйымдасқан қылмыстық топтың 10 мүшесін ұстады. Қылмыстық істің материалдары Маңғыстау облысының сотында қаралуда.

2019 жылы «KMG-Security» ЖШС күзететін объектілерде 8 ұрлық және 1 ТМҚ-ның зақымдануы тіркелді, шығынның жалпы сомасы 4,7 млн теңгені құрады, оның ішінде 2,7 млн теңгесі «KMG-Security» ЖШС-ге өтелді.

ТМҚ құндылықтарды ұрлау саны және залал мөлшері

	2017	2018	2019	Өзгеріс, %
Ұрлықтар саны, дана	6	9	8	▼ -11,1
Залал мөлшері, млн теңге	3,9	5,1	4,7	▼ -7,8

ТМҚ құндылықтарды ұрлау саны, дана



Компания оқу-жаттығу және алдын алу күзет-режимдік іс-шараларын, сондай-ақ өндірістік объектілердің қызметкерлерін тарта отырып, болжалды қауіп-қатерлерді іске асыруға байланысты модельдеуші жағдайлар тұрғысынан сабақтарды үнемі өткізіп отырады.

2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Компания өз активтерінің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған іс-шараларды, оның ішінде:

- «Өзен – Атырау – Самара» магистральдық мұнай құбырында ағып кетуді анықтаудың гидроакустикалық жүйесін енгізу;
- «Мартыши-Атырау» магистральдық мұнай құбырында мұнай құбырын қорғау жүйесін енгізу (2020–2021 жылдары);

- Б. Жұмағалиев атындағы БМАС-та күзет-периметрлік сигнал беру және бейнебақылау жүйесін енгізу;
- ИТКҚ объектілерін жарақтандыру жоспарын, сондай-ақ іске асыру көлемдері мен мерзімдерін жаңарту (Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл талаптарына сәйкес және Компания объектілерінің қорғалуын күшейту мақсатында);
- ИТКҚ объектілерін олардың санаттары мен Компанияның бекітілген жоспарлары мен стандарттарына сәйкес жарақтандыру жөніндегі іс-шараларды орындауды жалғастыру.

Ақпараттық қауіпсіздік

Цифрлық технологиялардың серпінді дамуы және оларды Компанияның бизнес-процестерінде қолдану ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне үлкен назар аударуды талап етеді. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару үшін Компанияда Қазақстан Республикасы заңнамасының және ISO/IEC 27001:2013 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ) енгізілді және жұмыс істейді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесін енгізу» жобасы шеңберінде 2019 жылы Компания ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру бойынша талдау жүргізді, оның барысында Компанияның ақпараттық ресурстарына қолжетімділікті басқару рәсімі жаңартылды.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАҚТЫҒЫСТАРҒА ДЕН ҚОЮ

Компанияда ақпараттық қауіпсіздікті бұзу жағдайлары есепке алынады. Қақтығыстардың санының үш деңгейі бар: жоғары, орташа және төмен.

Компания АҚБЖ жетілдіру бойынша ішкі корпоративтік жоспарды іске асыра отырып, ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін дамытуға ұмтылады. Осы саладағы жұмысты корпоративтік және ақпараттық қауіпсіздік департаменті үйлестіреді.


АҚБЖ-ны регламенттейтін негізгі ішкі құжаттар:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару қағидалары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін басқару қағидалары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ ақпаратты ашу жөніндегі нұсқаулық;
- АТ-сервистеріне, ақпаратты өңдеу жүйелеріне, «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік-технологиялық байланыс жүйелеріне қолжетімділікті басқару тәртібі.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ

ӘСЕР ЕТКЕН **О** ОҚЫС ОҚИҒА

Оқыс оқиғалардың сынилық деңгейлерінің жіктелуі



Оқыс оқиғаға ден қою процесі сынилық деңгейіне байланысты ерекшеленеді. Егер оқыс оқиға жоғары немесе орта деңгейдегі санатқа түссе, онда ол тіркеліп, ден қою схемасына сәйкес одан

әрі жіберіледі. Егер оқыс оқиға сынилықтың төмен деңгейіне жататын болса, онда ол тіркеледі, бірақ тексерілмейді.

Сынилығы жоғары және орташа деңгейдегі оқыс оқиғаға ден қою схемасы



Компания барлық қолданыстағы және енгізілетін АТ-жүйелерде ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуына тұрақты бақылауды жүзеге асырады және АҚБЖ жетілдіру бойынша жыл сайынғы жоспарға сәйкес ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін басқару шеңберінде іс-шаралардың кең тізбесін іске асырады, оның ішінде:

- ақпараттық қауіпсіздікке байланысты тәуекелдерді тоқсан сайын бағалауды жүргізу және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;
- АҚБЖ-ның халықаралық талаптарға сәйкестігіне қадағалау аудитін жүргізу;
- ОҚБ корпоративтік регламенттер мен тәсілдерге сәйкестігіне ішкі аудит өткізу;
- әлемдік үздік тәжірибелер мен технологиялар негізінде вирусты қауіп-қатерден қорғауды қамтамасыз ету;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері арасында ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін дамыту.

2019 жылы оқыс оқиғалардың сынилығы жоғары және орташа деңгейдегі жағдайлар – бизнес жүргізудің үздіксіздігіне айтарлықтай әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін жағдайлар тіркелген жоқ.

Желілік қауіпсіздік қатерінен қорғау үшін есепті жылы Qradar ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғаларын басқару жүйесі енгізілді, ол журнал оқиғаларының және желілік ағындар туралы деректердің нақты уақытында үздіксіз жиналуын жүзеге асырады.

2019 жылғы тамызда Компания ISO/IEC 27001:2013 стандартының талаптарына сәйкестігіне Бри-тандық стандарттар институты (BSI Management Systems) жүргізген қадағалау аудитін сәтті өткізді. Аудит шеңберінде ақпаратты қорғау бойынша қолданыстағы корпоративтік процестер тиімді деп танылды. Сондай-ақ Компанияның ҚОЖ АҚБЖ ISO/IEC 27001:2013 халықаралық стандартының талаптарына және корпоративтік құжаттардың ережелеріне сәйкестігіне ішкі аудит жүргізілді.

Компания қызметкерлердің ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша хабардар болуын арттыру және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын регламенттейтін ішкі құжаттардағы өзгерістер туралы хабардар ету үшін нұсқаулықтар жүргізеді. Есепті жылы компанияның 115 қызметкерлеріне және мердігерлік ұйымдардың өкілдеріне, практикадан өтіп жатқан студенттерге және компанияның АТ-жүйелерін пайдалануға рұқсат алатын басқа тұлғаларға кіріспе нұсқаулық өткізілді.

2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Компания барлық қолданыстағы және дамып келе жатқан АТ-жүйелерінде ақпараттық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуына бақылауды жүзеге асыруды, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік және ықтимал тәуекелдер мәселелері бойынша өз қызметкерлерінің хабардар болуын арттыруды жалғастырады.

2020 жылға ТПБАЖ, телекоммуникациялар және АТ бөлігінде ақпараттық қауіпсіздік өнімдеріне бірқатар тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жоспарланған. Бұдан басқа, Компания 2020 жылға арналған АБЖ жетілдіру жөніндегі жұмыс жоспарына сәйкес жаңа технологияларды белсенді енгізуді жалғастыруды көздеп отыр, оның ішінде:

- ISO/IEC 27001:2013 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестікке корпоративтік АҚБЖ қайта сертификаттау аудитін жүргізу;
- АҚБЖ тәуекелдерін бағалау;
- Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде АҚБЖ жыл сайынғы ішкі аудиттерін өткізу;
- 2022 жылға дейін киберқауіпсіздік («Қазақстанның киберқалқаны») тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарында белгіленген іс-шараларды іске асыру;
- ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін басқару саласындағы негізгі құжаттаманы жаңарту;
- Security Operation Centre дамыту жөніндегі 2019–2024 жылдарға арналған Жол картасында көзделген іс-шараларды іске асыру.


КОМПАНИЯНЫҢ ІТ-ЖҮЙЕЛЕРІ

БОЙЫНША **115** КІРІСПЕ НҰСҚАУЛЫҚ ӨТКІЗІЛДІ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Қазақстан – Ресей шекарасының 1 532 км ең ұзын учаскесі бола тұра, Батыс Қазақстан облысының бірегей географиялық орналасуы бар. Облыс орталығы – Орал қаласы екі құрлықтың – Еуропа мен Азияның тоғысында орналасқан және оны шындығында Қазақстанның «батыс қақпасы» деп атайды.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ АЙМАҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Мұнай құбырлардың
ұзындығы

353,7
км



Мұнай жылыту
пештердің саны

13
дана



Жергілікті
қамту үлесі

79 %


КОМПАНИЯНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МОДЕЛІ

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСЫМДЫҚТАР

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

2019 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ



ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ



39 млн теңге – отын-энергетика ресурстарын тұтынудың төмендеу көлемі
4,44 ш.о.т. / млн тонна * км – мұнай тасымалдаудың энергия сыйымдылығы
7 468 ш.о.т. – табиғи газды тұтынудың азаюы
Компанияда **ISO 50001: 2011** сәйкестігіне инспекциялық аудит жүргізілді

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫ АЗАЙТ



3 – өндірістегі жазатайым оқиғалардың саны
6 577 қызметкер өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша оқудан өтті
9 қызметкер оқудан өтіп, IOSH сертификатын алды
1,9 млрд теңге – өнеркәсіп қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға инвестиция көлемі
0,053 – LTIFR

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТЕРІС ӘСЕРДІ АЗАЙТУ



2,3 млрд теңге – табиғат қорғау іс-шараларына жұмсалған шығындар
11% – атмосфераға ластаушы заттардың шығарылуын төмендету
1,78 га бүлінген жерлерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді
53 524 тонна – қалдықтардың жалпы пайда болу көлемі

ПЕРСОНАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ



608 млн теңге – қызметкерлерді оқытуға инвестициялар көлемі
1 459 қызметкер аттестаттаудан өтті
22 қызметкер ротация рәсімінен өтті
400 студент пен оқушы Компанияда кәсіби тәжірибеден өтті

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

GRI 102-12

Орнықты даму қағидаттарын ұстану «ҚазТрансОйл» АҚ ұзақ мерзімді дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Экономикаға, экологияға және қоғамға өз әсерінің маңыздылығын түсіне отырып, Компания орнықты даму мәселелерін басқару саласындағы озық тәжірибелерге ұмтылады.

Орнықты даму қағидаттары корпоративтік мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады және Компанияның басқару жүйесіне біріктірілген. Компанияның орнықты даму саласындағы басымдықтары:

- бизнес қызметінің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаға теріс әсерді азайту;
- табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды пайдалану;
- қызметкерлерді кәсіби дамыту және әлеуметтік қолдау;

- өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

Орнықты дамуды басқару – «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясы бағыттарының бірі болып табылады. Осы саладағы нәтижелілікті арттыру Компания үшін басымдық болып табылады. Осыған байланысты Компания орнықты даму саласында әртүрлі стратегиялық бастамаларды жоспарлады, олардың әрқайсысы үшін нақты іс-шаралар, мерзімдер және оларды іске асыруға жауапты тұлғалар анықталды.

Компанияның орнықты даму саласындағы стратегиялық бастамалары



Орнықты даму мәселелерін басқару Компанияны басқарудың барлық ұйымдастырушылық деңгейлерінде жүзеге асырылады.

Компанияның Директорлар кеңесі мен менеджменті Компания қызметінің экологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерін басқару процесіне белсенді тартылған және Орнықты даму мәселелерін жүйелі түрде қарастырады.

Орнықты даму қағидаттарына сүйене отырып, Компания Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетін (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитет) құрды. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитет өз құзыреті шегінде Компания Басқармасы жанындағы өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, еңбек пен денсаулықты қорғау, ресурстарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және өзге де іс-шаралар саласындағы тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.


Компанияның орталық аппараты деңгейінде орнықты дамудың жекелеген мәселелерін басқаруды бейінді департаменттер жүзеге асырады, ҚОЖ деңгейінде персоналмен жұмыс істеу, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау сияқты орынқты дамудың нақты салаларына жетекшілік ететін қызметтер мен бөлім-

дер жұмыс істейді. Қызметтер мен бөлімдердің жұмысы Компанияның орталық аппаратымен тікелей өзара іс-қимыл шеңберінде үйлестіріледі және келісіледі.

Компанияның қызметтің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін басқаруға деген көзқарасы негізінде орнықты даму саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерге бейілділік жатыр. Атап айтқанда, Компания мынадай құжаттарда:

- ISO 26000: 2010 «Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық» стандартында;
- AA1000 APS (AA1000 Accountability Principles Standard) есептілік қағидаттарының стандартында;
- AA1000SES (AA1000 Stakeholder Engagement Standard) мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі стандартта;
- орнықты даму саласындағы есептілік бойынша Есептіліктің Жаһандық Бастамасының (GRI Standards) стандарттарында;
- Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында көпшілікке қол жеткізуге орналастырылған орнықты даму саласындағы қызметтің жекелеген бағыттары бойынша Компанияның корпоративтік құжаттарында бекітілген қағидаттар мен ережелерге бағдарланады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы «ҚазТрансОйл» АҚ орнықты дамуды басқарудың ұйымдық құрылымы



БҰҰ-НЫҢ БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАУ
GRI 102-12

Компания өз қызметінің шеңберінде БҰҰ-ның орнықты дамумен байланысты бастамаларын ұстанады.

Атап айтқанда, Компания БҰҰ-ның Адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жаһандық шартының қағидаттарын ұстанады. БҰҰ Жаһандық шартының қағидаларын ұстану туралы егжей-тегжейлі ашу Есепке 2-қосымшада берілген.

Компания сондай-ақ БҰҰ-ның басқа да бастамаларын қолдайды. Сонымен, 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы 2030 жылға дейінгі кезеңде орнықты даму саласындағы әлемдік қоғамдастықтың күн тәртібін айқындайтын маңызды экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған орнықты даму саласында 17 мақсат (ОДМ) қабылдады.

«ҚазТрансОйл» АҚ БҰҰ-ның аталған бастамасын бөліседі және бизнесті жауапты жүргізу, корпоративтік басқарудың озық тәжірибесін қолдану, қоршаған ортаға әсер етуді барынша азайту және персоналды тиімді басқару арқылы жеке ОДМ-ға қол жеткізуге өз үлесін қосуға тырысады. Компанияның БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттарына бейімділігі туралы егжей-тегжейлі ақпарат Есепке 2-қосымшада берілген.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ
GRI 102-40 102-42 102-43 102-44

Мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл – «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің ажырамас бөлігі. Компания ашықтық пен сенім қағидаттарының негізінде өздерінің мүдделі тараптарымен қарым-қатынас жасайды, бұл олардың мүдделерін түсінуге және сақтауға және үміттерін ақтауға мүмкіндік береді.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БҰҰ-НЫҢ

12 ОДМ

ҰСТАНАДЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің ауқымын ескере отырып, Компания мүдделі тараптарға елеулі ықпал ету қабілетін сезінеді, бұл олармен өзара іс-қимыл мәселелеріндегі жауапкершіліктің жоғары деңгейін айқындайды. Қазақстанның негізгі магистральдық мұнай құбырларымен мұнай тасымалдау, магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператордың мәртебесі, KASE – дегі акциялар листингі, қызметкерлердің көп штаттық саны, – бұл Компания ұстануға ұмтылатын мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл саласындағы жоғары стандарттарды анықтайтын факторлардың толық тізбесі емес.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі қағидаттары «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік этика кодексінде тұжырымдалған. Бұл қағидаттар адалдықты, әділдікті, ұждандалықты, ашықтық пен жауапкершілікті қамтиды.

Компанияда мүдделі тараптардың топтарын анықтау, бағалау және жүйелеу мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ стейкхолдерлер картасы бекітілді. Стейкхолдерлер картасын қалыптастыру кезінде Компания стейкхолдерлердің компанияға әсерін бағалауды және өзара іс-қимылдың нақты параметрлері негізінде олардың Компанияға деген қызығушылығының дәрежесін бағалауды жүргізеді. Осылайша, «ҚазТрансОйл» АҚ стейкхолдерлер картасы мүдделі тараптардың маңыздылығына

жүргізілген бағалаудың нәтижесі болып табылады. Карта кемінде үш жылда бір рет жаңартылады. 2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ стейкхолдерлер картасын жаңарту жоспарланған.


Компанияда құрылған мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесі мүдделі тараптардың түрлі топтарының мүдделерін уақытылы анықтауға және бағалауға мүмкіндік береді.

Мүдделі тараптардың талаптары мен болжалдарын анықтау мүдделі тараптармен әртүрлі диалогтар өткізу кезінде, оның ішінде:

- сұрақ-жауап алу және әртүрлі сауалнама жүргізу;
- ашық кеңестерде, жұмыс топтарында және дөңгелек үстелдерде мәселелерді талқылау;
- қоғамдық тыңдаулар өткізу;
- ашық есік күндерін, сондай-ақ мүдделі тараптардың талаптары мен күтулерін анықтауға мүмкіндік беретін өзге де іс-шаралар өткізу.

Мүдделі тараптардың талаптары мен болжалдарын анықтау нәтижесінде компания мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін қажетті іс-шаралардың тұтас көрінісін алады.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесі



Мүдделі тараптармен 2019 жылғы өзара іс-қимыл

Персонал

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТЕТІГІ

- Басшылықтың қызметкерлермен кездесуі
- Ұжымдық шарт
- Сауалнамалар, сұрақ-жауап
- Қызметкерлерді оқыту мен дамытудың корпоративтік жүйесі
- Бірлескен жұмыс топтары
- Жедел желі
- Мәдени және спорттық іс-шаралар
- Корпоративтік БАҚ жүйесі
- Компанияның Интернет-ресурстары

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҒЫ ТАЛАПТАРЫ МЕН БОЛЖАЛДАРЫ

- Бәсекеге қабілетті жалақы деңгейі
- Қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайлары
- Кәсіби даму және мансаптық өсу үшін мүмкіндіктер беру
- Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін, сондай-ақ ардагерлер мен зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау
- Жұмыс беруші ретінде Компанияның тұрақтылығы
- Іскерлік этика нормаларын сақтау

2019 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

- «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) жас мамандармен бизнес-таңғы асында кездесуі өтті
- Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі 75%-ды құрады, қызметкерлердің тартылу индексі – 68%
- Кадрлардың тұрақтамау коэффициенті 2,3%-ды құрады
- Компанияның 11 275 қызметкері оқытылды
- Бас директордың орынбасарының Компанияның өндірістік персоналына еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін түсіндіру бойынша ОҚБ қызметкерлерімен кездесуі өткізілді
- Ерікті медициналық сақтандыруға арналған шығыстарды қоса алғанда, Компанияның әлеуметтік төлемдері 2,1 млрд теңгені құрады
- ОҚБ басшылық құрамы мен Компанияның орталық аппараты құрылымдық бөлімшелерінің 22 қызметкері ротациядан өтті
- Корпоративтік теледидар және Компанияның мобильді қосымшасы іске қосылды
- «ҚазТрансОйл» АҚ Жас мамандар форумы өткізілді

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҒЫ

9 НЕГІЗГІ ТОБЫ

Акционерлер және әсер ету ұйымдары

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТЕТІГІ

- Акционерлердің жалпы жиналысы
- Корпоративтік есептілік
- Конференц-қоңыраулар
- Электрондық пошта арқылы хат алысу
- Корпоративтік БАҚ жүйесі

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН БОЛЖАЛДАРЫ

- Акционерлердің құқықтарын қамтамасыз ету
- Пайданың өсуі және дивидендтерді уақтылы төлеу
- Акционерлік құнның өсуі және бизнестің тұрақтылығы
- Ақпараттық ашықтық және айқындылық
- Қолданыстағы заңнаманы сақтау
- Үздік халықаралық тәжірибеге жауап беретін тиімді корпоративтік басқару

2019 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

- 2019 жылғы 28 қаңтарда және 5 наурызда Компания Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді
- 2019 жылғы 28 қаңтарда Компанияның Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды
- 2019 жылғы 28 мамырда Компания Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтті
- 2019 жылғы 5 наурызда «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2019–2021 жылдарға арналған аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым деп «Эрнст энд Янг» ЖШС-ні белгілеу туралы шешім қабылданды
- 2019 жылғы 7 наурызда KASE-де «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2018 жылғы қаржылық есептілігі жөніндегі аудиторлық есеп жарияланды
- 2019 жылғы 3 шілдеде дивидендтерді төлеу басталды
- 2019 жылдың 4-тоқсанында Компанияның ІАҚ корпоративтік басқару жүйесіне бағалау жүргізді
- Акционерлерден келіп түскен барлық сұрауларға жауаптар ұсынылды

Мемлекеттік органдар

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТЕТІГІ

- Компанияның мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларымен жұмыс
- Корпоративтік есептілік
- Үкіметаралық комиссиялар
- Жұмыс және сараптамалық топтар, кеңестер, дөңгелек үстелдер
- Форумдар, конференциялар, көрмелер
- Салық міндеттемелерін орындау

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН БОЛЖАЛДАРЫ

- Қолданыстағы заңнаманы сақтау
- Салықтар мен міндетті төлемдерді төлеу
- Компания қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту
- Қатысу өңірлеріндегі экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық
- Ақпараттық ашықтық және айқындылық

2019 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

- Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, Әзірбайжан Республикасы, Грузия және т. б. арасындағы үкіметаралық комиссиялардың отырыстарына қатысу
- 2019 жылғы 29 сәуірде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен «ҚазТрансОйл» АҚ арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды
- Салық және мемлекет бюджетіне төленетін басқа да міндетті төлемдер 39 390,9 млн теңге
- 2019 жылғы 22 қарашада ТМРК-де Компанияның 2020–2024 жылдарға арналған магистральдық құбыр жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерге тарифтер мен тарифтік сметаны бекітуге арналған өтінімін қарау бойынша жария тыңдаулар өтті

Қызметтерді тұтынушылар және серіктестер

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТЕТІГІ

- МТХҚ отырыстарына қатысу
- Шарттар жасасу
- Тұтынушыларға сауалнама және сұрақ жауап жүргізу
- Өтініштермен жұмыс жүйесі
- Корпоративтік есептілік
- Форумдар, конференциялар, көрмелер
- Келіссөздер, кездесулер
- Корпоративтік БАҚ жүйесі
- Компанияның Интернет-ресурстары

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН БОЛЖАЛДАРЫ

- Ұсынылатын қызметтердің уақтылығы және жоғары сапасы
- Тарифтік саясат бөлігіндегі кез келген өзгерістерді толық және уақтылы ашу
- Бизнестің тұрақтылығы
- Ақпараттық ашықтық және айқындылық
- Іскерлік этика нормаларын сақтау
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

2019 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

- 2019 жылдың сәуір-мамыр айларында «Транснефть» АҚ-мен қазақстандық мұнай компанияларына кондицияланбаған мұнай үшін өтемақы төлеу туралы келісімдерге қол қойылды
- Операторлық қызмет көрсету мәселесі бойынша мұнай құбырларының иелерімен ай сайынғы кеңестер
- Қызметтерді тұтынушылардың қанағаттанушылығына сауалнама жүргізілді: мұнай тасымалдау бойынша – 100%; операторлық қызметтер бойынша – 96,7%
- 2019 жылдың қыркүйек айында Алматы қаласында ХМТҚ-ның XII отырысы өтті
- 2019 жылдың қазан айында «ҚазТрансОйл» АҚ мамандары ҚПО-мен бірлесіп, «Қарашығанақ – Атырау» көлік жүйесіне күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтады
- Бекітілген тарифтік сметаны, инвестициялық бағдарламаны орындау, реттелетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау және тұтынушылар мен мүдделі тұлғалар алдында табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу мәселелері бойынша есептік кездесулер өткізілді

Еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдар

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТЕТІГІ

- ЕБҚҰ басқару органдарына қатысу
- ЕБҚҰ-да басшы лауазымдарға тағайындауды келісу және бекіту
- Стратегияларды, бюджеттерді, ҚТК мен ЕБҚҰ есептілігін қарау және бекіту
- ЕБҚҰ аудитін өткізу
- Форумдар, конференциялар, көрмелер
- Келіссөздер, кездесулер

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН БОЛЖАЛДАРЫ

- Компанияның тұрақтылығы мен қаржылық тұрақтылығы
- Корпоративтік басқару қағидаттарын сақтау
- Ақпараттық ашықтық және айқындылық
- Іскерлік этика нормаларын сақтау

2019 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

- Жұмыс топтарына, кеңестерге, кездесулерге, үкіметаралық комиссияларға қатысу
- ЕБҚҰ Қадағалау кеңестеріне қатысу
- «ҚКҚ» ЖШС, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС, «МұнайТас» ЖШС қаржы-шаруашылық қызметін тексеру жөніндегі тексеру комиссиясына қатысу
- 2019 жылдың тамызында Нұр-Сұлтан қаласында «HSE пайда көзі ретінде» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жыл сайынғы екінші Форум өтті

Жұртшылық және БАҚ

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТЕТІГІ

- Корпоративтік есептілік
- Компанияның қызметі туралы ақпаратты оның корпоративтік интернет-ресурсында және KASE интернет-ресурсында жариялау
- Қоғамдық тыңдаулар, кездесулер, баспасөз конференциялары, компания басшыларымен сұхбат
- Салалық комиссиялар және қоғамдық бірлестіктер

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН БОЛЖАЛДАРЫ

- Жұмыс орындарын құруды қоса алғанда, Компанияның өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі
- Жергілікті халықтың өмір сүру сапасын арттыру
- Компанияның тұрақтылығы мен қаржылық тұрақтылығы
- Ақпараттық ашықтық және ашықтық
- Компания қызметінің өндірістік экологиялық қауіпсіздігі, табиғатты қорғау шаралары
- Коммуникацияның тиімді арналары, жедел кері байланыс
- Іскерлік этика нормаларын сақтау

2019 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

- Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында 97 баспасөз релизін, республикалық және өңірлік БАҚ-та 769 ақпараттық-имидждік материалдар жарияланды
- Kazakhstan Energy Week-2019 шеңберінде 2019 жылдың қыркүйегінде Нұр-Сұлтан қаласында Компания Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған интерактивті голографиялық шоу ұйымдастырды
- Компания басшыларымен республикалық және корпоративтік БАҚ-та сұхбат жарияланды

Қаржы ұйымдары

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТЕТІГІ

- Корпоративтік есептілік
- Екінші деңгейдегі банктермен кездесулер мен келіссөздер және шоттар ашу
- Рейтинг агенттіктерінің өкілдері үшін кездесулер және тұсаукесерлер өткізу

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН БОЛЖАЛДАРЫ

- Ақпараттық ашықтық және ашықтық
- Қызметтің оң операциялық және қаржылық нәтижелері
- Корпоративтік басқару тәжірибесі
- Компанияның тұрақтылығы мен қаржылық тұрақтылығы
- Іскерлік этика нормаларын сақтау

2019 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

- Екінші деңгейдегі банктермен кездесулер мен келіссөздер жүргізу
- Екінші деңгейдегі банктерде шоттар ашу
- Рейтинг агенттіктерінің өкілдері үшін кездесулер мен тұсаукесерлер өткізу
- 2019 жылғы тамызда Moody' s Investors Service «ҚазТрансОйл» АҚ ұзақ мерзімді кредит рейтингін «Ваа3» деңгейінде растады және рейтинг бойынша болжамды «Тұрақтыдан» «Позитивтіге» өзгертті
- 2019 жылғы қарашада Fitch «ҚазТрансОйл» АҚ ұзақ мерзімді рейтингін «BBB» – деңгейінде, болжам – «Тұрақты» деп растады

Жеткізушілер мен мердігерлер

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТЕТІГІ

- Сатып алуды өткізу және шарттар жасасу
- Тұтынушылардың өтініштерімен және шағымдарымен жұмыс жүйесі
- Іскерлік хат алысуды жүзеге асыру
- Жеткізушілер үшін келіссөздер, кездесулер, ашық есік күндері
- Корпоративтік есептілік
- Форумдар, конференциялар, көрмелер
- Корпоративтік БАҚ жүйесі

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН БОЛЖАЛДАРЫ

- Шарттық міндеттемелерді сақтау
- Сатып алудың ашық конкурстық рәсімдері
- Компанияның тұрақтылығы мен қаржылық тұрақтылығы
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Іскерлік этика нормаларын сақтау

2019 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

- 2019 жылғы 18 желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласында Компания жеткізушілерге арналған ашық есік күнін өткізді
- «ҚазТрансОйл» АҚ жеткізушілермен жасаған шарттардың сомасы 65 076 млн теңгені құрады
- Компанияның сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесі 71 %
- Электрондық шарттар жүйесі енгізілді
- Әлеуетті жеткізушілердің барлық сұрауларына жауаптар берілді

Бәсекелестер

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТЕТІГІ

- Келіссөздер, кездесулер, форумдар, конференциялар
- Жұмыс топтарына, көрмелерге, форумдарға қатысу
- Корпоративтік БАҚ жүйесі

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН БОЛЖАЛДАРЫ

- Қызметтің бәсекелестігін қамтамасыз ету
- Ақпараттық ашықтық және айқындылық
- Іскерлік этика нормаларын сақтау

2019 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

- 2019 жылғы қыркүйекте Компания «КҚК-Қ» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің және мердігерлік ұйымдардың қатысуымен ұйымдастырылған «Safety day event» іс-шарасына қатысты
- 2019 жылғы 9 шілдеде Атырау қаласында «КҚК-Қ» АҚ және «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік объектілеріне бірлескен баспасөз туры өтті

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Қазақстанда 33 жыл бұрын ашылған тұңғыш Баянауыл ұлттық табиғи паркі Павлодар өңірінің інжу-маржаны болып табылады. Мұнда Сабындыкөл, Жасыбай, Торайғыр және Біржанкөл төрт тұщы су көлдері орналасқан. Баянауыл – даланың ортасында орналасқан Павлодар облысының керемет көрікті аймағы, оны Қазақстанның табиғи кереметі деп те атайды. Баянауыл таулары батыстан шығысқа қарай 40-50 км, солтүстіктен оңтүстікке қарай 20-25 км созылып жатыр.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ АЙМАҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Резервуарлық
паркі

160
мың м³



Персоналдың
саны

406
адам



Әлеуметтік
тұрақтылық рейтингі

85 %

ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА МҮШЕЛІК
GRI 102-12 102-13

Компания салалық деңгейге ие кәсіби тәжірибе алмасуға және міндеттерді шешуге ықпал ететін түрлі кәсіби және салалық бастамаларға белсенді түрде қатысады.

Компанияның 2019 жылы қауымдастықтарға және өзге бірлестіктерге қатысуы



«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы

Компания магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор ретінде ұсынылған. Компания өкілдері осы қауымдастық жанындағы Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің мүшелері болып табылады.



Халықаралық мұнай тасымалдаушылар қауымдастығы

Халықаралық мұнай тасымалдаушылар қауымдастығы (ХМТҚ) қатысушы компаниялардың мұнай тасымалдау жүйелерін тиімді дамыту жөніндегі күш-жігерді үйлестіру және мұнайды халықаралық тасымалдаудың тұрақтылығын нығайту үшін құрылған. Таяу және алыс шетелдердің 8 ірі халықаралық мұнай тасымалдау ұйымы және бақылаушы ретінде бір компания ХМТҚ мүшелері болып табылады. Қауымдастық мүшелерінің өкілдерінен 4 сараптамалық жұмыс тобы құрылды: энергия тиімділігі, заң мәселелері және мұнай жеткізу бойынша және магистральдық құбыр жүйелер тиімді, сенімді және қауіпті пайдалану бойынша. Тұрақты сараптамалық топтардың жұмысынан басқа, қауымдастық жұмысының негізгі тетіктері Басқарма кеңесінің жартыжылдық отырыстары, конференциялар, көрмелер мен семинарлар, сондай-ақ техникалық сапарлар мен тәжірибе алмасу болып табылады.



Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығы

Қазақстан салық төлеушілері қауымдастығының негізгі міндеті салық төлеушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, салық заңнамасындағы өзгерістер туралы уақтылы хабардар ету болып табылады. Компания өкілдері осы қауымдастықтың жұмыс топтарына қатысады және Компанияның салық заңнамасына жоғарыда көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеуге қатысуын қамтамасыз етеді.



«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы іскерлік, инвестициялық ахуалды, тұрақтылықты жақсарту, ұлттық және шетелдік инвесторлар үшін елде бизнес жүргізу шарттарын дамыту үшін құрылған. Аталған ұйымға қатысу бизнестің құқықтары мен мүдделерін қорғауды, барлық кәсіпкерлердің бизнес жұмысының заңнамалық және өзге де нормативтік ережелерін қалыптастыру процесіне кеңінен қамтылуын және тартылуын қамтамасыз етеді.

Персоналды басқару және әлеуметтік саясат



ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ
GRI 103

Қазақстан Республикасының 11 өңірінде жұмыс істейтін ірі жұмыс беруші бола отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ өз алдына адами ресурстарды нығайту және дамыту, өз қызметкерлерінің кәсібилігі мен тиімділігін арттыру, ұжымдағы және орын алған аймақтардағы әлеуметтік қорғалу мен тұрақтылық үшін жағдай жасау міндетін қойып отыр.

Компания қызметкерлері оның негізгі стратегиялық капиталы болып табылатынын түсіне отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ еңбек жағдайын, сыйақы мен ынталандыру жүйесін үнемі жетілдіріп отырады, сондай-ақ өз қызметкерлерін оқытуды дамытуға және әлеуметтік қолдау деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Персоналды іріктеу, жалақыны анықтау кезінде, сондай-ақ кадрлық және әлеуметтік саясатты іске асыру кезінде Компания жасы, мәдени, діни, нәсілдік немесе басқа белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермейді. Компания кемсітушіліктің кез келген түрін болдырмауға, балалар мен мәжбүрлі еңбекті пайдалануға, сондай-ақ кадрларды тек кәсіби қабілеттер, білім мен дағдылар негізінде іріктеуге және жылжытуға жәрдем көрсетеді.

ПЕРСОНАЛДЫҒЫ ТІЗІМДІК САНЫ

6 773 АДАМ

«Достық капсуласы»

2019 жылғы тамызда «Үздік маман» халықаралық конкурсының шеңберінде ХМТҚ-ға қатысушы компаниялардың бірінші басшыларының мұнай құбыршыларының болашақ буынына мұнай құбыры саласындағы жаңа технологиялар туралы 8 жолдауы бар «Дружба» стеласына футурологиялық капсула салынды. Жолдау 2023 жылы ХМТҚ-ның онжылдығына жарияланатын болады. Т. Қасымов атындағы МАС пен Н. Шманов атындағы МАС-та «Достық» капсуласын іске қосу рәсімі өтті. Капсула бағыты «Дружба» құбырындағы негізгі автокөлік артериялары арқылы өтіп, ХМТҚ-ға қатысушы 8 елді: «ҚазТрансОйл» АҚ, «Транснефть» ЖАҚ, МЕРО, «Гомельтранснефть Дружба» ААҚ, «Укртранснафта» АҚ, «Транспетрол» АҚ, MOL және CNPC біріктіргі. Персоналды басқару және әлеуметтік саясат

Байланыс іс-шараларын іске асыру, бағалаудың ашық жүйесі мен негізгі персоналдың, сондай-ақ басшылардың жұмыс нәтижелері бойынша кері байланыс құралдары арқылы ішкі корпоративтік коммуникацияларды дамытуға және қызметкерлер мен басшылық арасындағы сенімді қарым-қатынасты құруға ерекше назар аударылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ кадр саясатының негізгі басымдықтары:

- еңбек ұжымдарында жоғары кәсіби қызметкерлерді тарту, дамыту және бекіту;
- Компания қызметкерлерін басқарудың озық әдістерін енгізу;
- қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, олардың мүдделері мен құқықтарын толық көлемде сақтау, жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Компанияның кадр резервін басқару;
- Компаниядағы инновациялар мен өзгерістерді қолдау;
- еңбек тиімділігі мен сапасын арттыруға ықпал ететін уәждеменің тиімді жүйесін құру және іске асыру.

Компанияның кадрлық әлеуетін дамыту мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті жариялаған 2019 жыл – Жастар жылына қолдау көрсету аясында Компания ішінде және мұнай-газ секторында жас мамандарды қолдауға бағытталған түрлі іс-шаралар көзделген.

Басқару құрылымы және құралдары

Персоналды және әлеуметтік саясат мәселелерін басқару екі деңгейде жүзеге асырылады. Орталық аппаратта жұмысты адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаменті, ОҚБ деңгейінде – кадр қызметтері үйлестіреді.

Корпоративтік мәдениет пен ішкі коммуникацияларға қатысты мәселелер жұртшылықпен байланыс және ішкі коммуникациялар департаментінің жауапкершілік аймағында болады.

Компания кадрлық және әлеуметтік мәселелерді басқару шеңберінде іс-шаралар мен бастамалардың кең тізбесін іске асырады, оның ішінде:

- ҚНҚ-ның нақты орындалу дәрежесі негізінде қызметкерлерге сыйақы беру және бағалау тиімді жүйесі;
- қызметкерлерді кәсіби оқыту бойынша бағдарламаларды іске асыру;

- қызметкерлер мен олардың отбасылары үшін материалдық және материалдық емес сипаттағы өтемақылардың құрылымын қамтитын әлеуметтік пакет;
- кәсіподақ ұйымдарымен өзара іс-қимыл;
- өзара іс-қимылдың цифрлық арналарын пайдалана отырып құрылған ішкі коммуникацияның прогрессивті жүйесі;
- әртүрлі деңгейдегі қызметкерлер үшін мансапты дамытудың кең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған кадрлық резерв бағдарламасы;
- ОҚБ басшы қызметкерлерін, сондай-ақ орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын ротациялау бағдарламасы;
- Компанияның өндірістік объектілеріндегі кәсіптік практика;
- Компания басшылығының персоналмен тұрақты кездесуі;
- жыл сайын әкімшілік-басқару қызметкерлері арасында тартылу дәрежесіне және өндірістік персонал арасында әлеуметтік тұрақтылық дәрежесіне зерттеу жүргізу.

ПЕРСОНАЛДЫҢ САНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 102-7 102-8 402-1 405-1

Есепті кезеңде персоналдың тізімдік саны 2018 жылмен салыстырғанда 2,2% төмендеді және 6 773 адамды құрады. Персонал санының азаюы Компанияның бизнес-процестерін оңтайландыру жөніндегі іс-шараларды жүргізумен байланысты.


Адам санының немесе қызметкерлер штатының қысқаруына байланысты еңбек шарттарын бұзу кезінде қызметкерлерді хабарландырудың ең қысқа мерзімі Компанияның Ұжымдық шартында көзделген және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес бір айды құрайды. Бұл ретте, 2019 жылы Компания қызметкерлері тарапынан еңбек заңнамасының осы талабының сақталмағаны туралы талап-арыздар берілген жоқ.

Персоналдың тізімдік санының серпіні, адам

Атауы	2017	2018	2019	Өзгеріс, %
Орталық аппарат	237	455	452	▼ -0,7
ОҚБ	-	6 269	6 106	▼ -2,6
Батыс филиалы	3 950	-	-	-
Шығыс филиалы	2 375	-	-	-
FTO филиалы	145	151	161	▲ 6,6
Магистральдық суағызғы басқармасы	397	-	-	-
Самара, Омск, Мәскеу қалаларындағы өкілдіктер	48	48	54	▲ 12,5
Барлығы	7 152	6 923	6 773	▼ -2,2

* 2018 жылы Мәскеу қаласында «ҚазТрансОйл» АҚ өкілдігі ашылды

2019 жылғы персоналдың тізімдік санының серпіні, адам



6 773 адам

- 452 Орталық аппарат
- 6 106 ОҚБ
- 161 FTO филиалы
- 54 Самара, Омск, Мәскеу қалаларындағы өкілдіктер

Компания гендерлік теңдік қағидаттарын ұстанады және Компанияның барлық деңгейінде гендерлік әртүрлілікті қамтамасыз етуге ұмтылады. Компания қызметінің өндірістік ерекшелігіне байланысты қызметкерлер арасындағы ерлер саны дәстүрлі түрде көп бөлігін құрайды. Есепті кезеңде қызметкерлердің жалпы санынан еркек жынысты қызметкерлердің үлесі 82%-ды құрады.

ПЕРСОНАЛДЫҢ ОРТАША ЖАСЫ


43 ЖЫЛ

Жынысы бойынша бөле отырып, персоналдың сандық құрылымы, адам

Атауы	2017		2018		2019	
	ер	әйел	ер	әйел	ер	әйел
Орталық аппарат	132	105	279	176	272	180
ОҚБ	–	–	5 299	970	5 181	925
Батыс филиалы	3 256	694	–	–	–	–
Шығыс филиалы	2 036	339	–	–	–	–
ҒТО филиалы	69	76	70	81	75	86
Магистральдық су-ағызғы басқармасы	310	87	–	–	–	–
Самара, Омск, Мәскеу қалаларындағы өкілдіктер	23	25	22	26	26	28
Барлығы	5 826	1 326	5 670	1 253	5 554	1 219


* 2018 жылы Мәскеу қаласында «ҚазТрансОйл» АҚ өкілдігі ашылды

Әкімшілік-басқару персоналы, адам



Компания персоналының негізгі үлесін 30-дан 50 жасқа дейінгі қызметкерлер құрайды (58,4%). 2019 жылы персоналдың орташа жасы 43,4 жасты құрады.

Өндірістік персонал, адам



Мерзімсіз еңбек шарттары жағдайында Компания қызметкерлерінің үлесі 99%-ға жуықты құрайды. Есепті кезеңде толық жұмыспен қамтылған қызметкерлердің үлесі 100%-ды құрады.

2019 жылы тұрақты және уақытша қызметкерлердің саны, адам


	2019	
	Ерлер	Әйелдер
Персоналдың тізімдік саны, оның ішінде:	5 554	1 219
тұрақты	5 510	1 177
уақытша*	44	42

* Уақытша болмаған қызметкерлердің орнын алмастыру уақытында еңбек шарттары жасалған қызметкерлер көрсетілген

Гендерлік әртүрлілік қағидаттары Компанияның басқару органдарында да байқалады. Мәселен, 2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының

құрамына ерлер (8 қызметкерлер) де, әйелдер (1 қызметкер) де кірді.

2019 жылғы 31 желтоқсанда Компанияның басқару органдарының құрамы, адам



ПЕРСОНАЛДЫ ІРІКТЕУ
GRI 401-1 406-1

Компанияда персоналды іріктеу рәсімі тестілеу элементтерін қолдана отырып, ашықтық, меритократия қағидаттарын сақтай отырып және кемсітушілікке жол бермей, «ҚазТрансОйл» АҚ-дағы бос лауазымдарға және жұмысшы кәсіптеріне конкурстық іріктеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2019 жылы қандай да бір белгілер бойынша жұмыс орындарына үміткерлерді немесе қызметкерлерді кемсітуге байланысты жағдайлар тіркелген жоқ.

Есепті жылы Компанияға 350 жаңа қызметкер қабылданды, оның ішінде 33 – орталық аппарат қызметкерлері, 317 – ОҚБ қызметкерлері. Жаңадан жалданған қызметкерлердің басым бөлігінің жасы 31-ден 50 жасқа дейін (180 адам), 155 жаңа қызметкер 30 жасқа дейін және 15 қызметкер 50 жастан жоғары жас санатына жатады.


КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ОРТАША ЕҢБЕК ӨТІЛІ

13 ЖЫЛ

Жасы бойынша бөле отырып, 2019 жылы жалға алынған қызметкерлер, адам

Атауы	Барлық қабылданғаны (адам)	оның ішінде жасы бойынша (адам)		
		30 жасқа дейін	30-дан 50 жасқа дейін	50 жылдан жоғары
«ҚазТрансОйл» АҚ	350	155	180	15
Орталық аппарат	33	11	21	1
ОҚБ	317	144	159	14

Кадрлардың тұрақтамауы коэффициентінің серпіні*, %



* Кадрлардың тұрақтамауы көрсеткіші өз бастамасы бойынша және теріс себептер бойынша жұмыстан босатылған қызметкерлер санының Компания персоналының бір жыл ішіндегі орташа тізімдік санына қатынасы ретінде айқындалады.

КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ GRI 401-1

Тұрақтамау деңгейінің төмендігі Компанияның лайықты еңбек жағдайларын ұсыну жолымен кадрлық құрамның тұрақтылығын қамтамасыз ету қабілетінің индикаторы болып табылады.

2019 жылы кадрлардың тұрақтамау коэффициенті 2018 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 25,8%-ға төмендеуді көрсете отырып, 2,3%-ды құрады. Көрсеткіштің төмендеуіне Компанияның лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, материалдық және материалдық емес ынталандыру жүйесін ұйымдастыру, кәсіби оқыту мен мансаптық өсу мүмкіндіктерін ұсыну жөніндегі іс-әрекеттері ықпал етті.

Компания қызметкерлерінің арасындағы орташа еңбек өтілі – 13 жыл.

СЫЙАҚЫ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ GRI 202-1

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің сыйақы деңгейі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болып табылады. Компания сондай-ақ еңбекке ақы төлеу жөніндегі нормативтік актілерді әзірлеу кезінде кәсіподақ ұйымдарының пікірін ескереді. Қолданыстағы еңбекақы төлеудің корпоративтік жүйесі:

- Қазақстанның ірі компанияларының деңгейіне сәйкес келетін лайықты сыйақы деңгейі;
- тұрақты және ауыспалы (сыйлықақы) бөліктерден тұратын екі компонентті еңбекақы төлеу жүйесі;
- Қазақстандағы инфляция деңгейін негізге ала отырып, өндірістік бөлімшелер қызметкерлерінің жалақысын индекстеу.

Еңбекақының тұрақты бөлігін анықтау кезінде өңірлерде ауыр табиғи-климаттық жағдайларды ескеретін коэффициенттер, экологиялық қолайсыз жағдайларда тұрғаны үшін коэффициенттер, зиянды еңбек жағдайлары үшін қосымша төлем және басқа да тұрақты төлемдер қолданылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің ең төменгі жалақы деңгейі жыл сайын жұмыс істейтін өңірлердегі ең төменгі еңбекақыдан тұрақты түрде жоғары. 2019 жылы Компанияда ең төменгі жалақы деңгейі 55,45 мың теңгені құрады, бұл жұмыс істейтін өңірлердегі осыған ұқсас көрсеткіштен 30%-ға жоғары. Компанияның кадр саясатына сәйкес ерлер мен әйелдердің ең төменгі жалақысы бір деңгейде.

Компанияның жұмыс істейтін өңірлердегі бастапқы деңгейдегі қызметкерлердің стандартты жалақысының және белгіленген ең төменгі жалақының қатынасы

	2017*	2018**	2019**	Өзгеріс, %
Жұмыс істейтін өңірлердегі ең төменгі еңбекақы, мың теңге	24,46	28,28	42,50	▲ 50,3
Ерлер				
Компаниядағы бастауыш деңгей қызметкерінің еңбекақысы, мың теңге*	57	52,3	55,45	▲ 6
Жұмыс істейтін өңірлердегі еңбекақыға Компаниядағы ең төменгі еңбекақының қатынасы, есе	2,3	1,85	1,3	–
Әйелдер				
Компаниядағы бастауыш деңгей қызметкерінің еңбекақысы, мың теңге	49,3	52,3	55,45	▲ 6
Жұмыс істейтін өңірлердегі еңбекақыға Компаниядағы ең төменгі еңбекақының қатынасы, есе	2,02	1,85	1,3	–

* 2017 жылы қазандық операторының деректері алынды

** 2018–2019 жылдары ерлер бойынша «Қаражанбас» ЖӨДС қосалқы жұмысшы еңбекақысы көрсетілді, әйелдер бойынша «Өзен» БМАС қосалқы жұмысшы жалақысы көрсетілді

Компанияда 2019 жылы Компанияның өндірістік персоналына еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі әзірленді, ол мыналарды көздейді:

- негізгі өндіріс жұмысшылары жалақысының өсуі;
- Компанияның ОҚБ қызметкерлеріне еңбекақы төлеудегі бар сәйкессіздіктерді қысқарту;
- жұмыс кәсіптерін негізгі өндіріске, көлік саласына және қызмет көрсетуші персоналға бөлу;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы қызметкерлеріне бірыңғай еңбекақы төлеу жүйесінің (БЕТЖ) жекелеген элементтерін енгізу.

Компанияның өндірістік персоналына еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу 2020 жылдың бірінші тоқсанында жоспарланып отыр.

ҚНҚ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

2018 жылдан бастап орталық аппараттың барлық қызметкерлеріне және ОҚБ басшыларына жыл қорытындысы бойынша Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді және жеке нәтижелілік көрсеткіштерін ескере отырып бекітілген ҚНҚ-ны орындау бойынша сыйақы төленеді.

Сондай-ақ Компанияда «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылының тиімділігін сипаттайтын «360 градус» кешенді бағалау жүйесі енгізілді. Осы бағалау шеңберінде әрбір бөлімше өзара іс-қимыл жасайтын құрылымдық бөлімшелердің шеңберін, сондай-ақ бағалау жүргізілетін көрсеткіштерді/та-лаптарды анықтады.

2019 ЖЫЛЫ КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАМАУ КОЭФФИЦИЕНТІ

25,8%-ға АЗАЙДЫ

2019 жылдың қорытындысы бойынша енгізілген жүйе орталық аппараттың бағаланатын құрылымдық бөлімшелерінің бизнес-процестерін жақсартуға, сондай-ақ өзара іс-қимылдың тиімділігін одан әрі арттыру үшін әдістер мен жолдарды анықтауға мүмкіндік берді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ АТТЕСТАТТАУ

Қызметкерлерді аттестаттау қызметкерлер біліктілігінің олардың атқаратын лауазымдарына сәйкестігін бағалау, қызметкерлерді оқыту мен дамытуға қажеттілікті айқындау, сондай-ақ қызметкерлердің еңбекақы төлеу деңгейінің олардың біліктілік деңгейіне сәйкестігін айқындау үшін Компания пайдаланатын персоналды басқарудың маңызды құралы болып табылады.

Есепті жылы «ҚазТрансОйл» АҚ инженерлік-техникалық қызметкерлер аттестаттаудан өтті. Аттестаттау қорытындысы бойынша Компанияның 1 459 қызметкері арасында орташа балл мүмкін болатын 100%-дың 97%-ын құрады. Аттестаттау нәтижелері бойынша әрбір қызметкер үшін жеке даму жоспары жасалды, оның негізінде оның жеке және кәсіби дағдыларын жетілдіру бойынша кәсіптік оқуы жоспарланған.

БАСШЫЛАРДЫҒЫ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН БАҒАЛАУ

Орталық аппарат пен ОҚБ құрылымдық бөлімшелері, оның ішінде Компанияның операторлық қызметтер департаменті басшыларының құзыреттерін бағалау талдамалық таныстырылым, топтық жаттығу, құзыреттілік бойынша сұхбат, сондай-ақ «360 градус» бағалау әдісі сияқты ассесмент-орталық құралдарын қолдана отырып, жеке (іскерлік) құзыреттердің үлгілік моделіне сәйкес жүргізіледі. Бағалау мақсаты бағаланатын басшыларды дамыту үшін күшті жақтар мен салаларды анықтау болып табылады. Мұндай бағалау анағұрлым сал-

мақты кадрлық шешімдерді қабылдауға және одан әрі оқытудың неғұрлым дәл мақсаттарын айқындауға мүмкіндік береді.

2019 жылы Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің 59 басшысы құзыреттерін бағалаудан өтті.

Құрылымдық бөлімшелер басшыларының бағаланатын құзыреттері:

- көшбасшылық (команданы қалыптастыру және уәждемелеу, міндеттерді тиімді бөлу және өкілеттілікті беру);
- әсері (нақты коммуникация, қарым-қатынас құру, идеяларды айғақтау және ілгерілету);
- бизнесті дамыту/түсіну (ұйымдастыру ерекшеліктерін түсіну, сыртқы бизнес ортадағы өзгерістерді бақылау және бизнесті дамыту бойынша бастамаларды қалыптастыру);
- нәтижеге жету/бағытталу (нәтижеге жауапкершілік, шешім қабылдау, мақсатқа жетудегі табандылық және бастама);
- процестерді тиімді басқару (ықтимал өзгерістерді ескере отырып жоспарлау, ресурстарды анықтау және жоспарлардың орындалуын бақылау);
- ашық коммуникация (ашық адал коммуникация, өз жұмысында басқа адамдардың пікірлері мен қажеттіліктерін есепке алу).

Орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары құзыреттеріне жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша:

- өзінің күшті жақтары мен дамыту үшін салаларын түсіне алды;
- бағалау қорытындысы бойынша анықталған «даму аймақтарын анықтап, жақсарту алды»;
- басқарушылық құзыреттерді күшейте алды;
- кадр резервін қалыптастыру мақсатында басшылардың іскерлік және мінез-құлқы сипаттамалары бойынша жеке есеп ала алды;
- оқыту мен дамытудың кешенді бағдарламасын қамтитын жеке даму жоспарларын әзірлей алды.

ПЕРСОНАЛДЫ РОТАЦИЯЛАУ

Ротацияны ішкі көздерден персоналды іріктеу әдісі ретінде пайдалану өзінің тиімділігі мен перспективалылығын көрсетті. Компания ОҚБ басшы қызметкерлерін, сондай-ақ орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын ротациялауды тәжірибеленеді.

Сапалы жүргізілген ротацияның қорытындысы қолданыстағы басқару тетіктеріне инновациялар ағыны, Компания кадрларын оңтайлы пайдалану, Компанияның құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, қызметкерлердің басқа бөлімшелердің қажеттіліктерін түсінуі салдарынан перспективалы және ағымдағы өндірістік міндеттерді бірлесіп шешуді жеңілдету және нәтижесі ретінде – тұтастай алғанда, Компанияның ұйымдық-шаруашылық құрылымының жұмыс істеу тиімділігін арттыру болып табылады.

2019 жылы ОҚБ басқарушы құрамының және Компанияның орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің 22 қызметкері ротациядан өтті.

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ


GRI 404-2

Қызметкерлерді оқыту және біліктілік деңгейін арттыру «ҚазТрансОйл» АҚ-ның басым бағыттарының бірі болып табылады. Кәсіби даярлықтың жоғары деңгейі – Компания жұмысының сенімділігі мен тиімділігінің негізгі факторы.

Компания қызметкерлердің дамуын тұтас жоба ретінде қарастырады, ол өндірістік міндеттерді шешу үшін қажетті қызметкерлердің біліктілік деңгейін қамтамасыз етеді, Компания қызметкерлерінің адалдығының өсуіне ықпал етеді, ұжымда қолайлы әлеуметтік ахуал жасайды және корпоративтік мәдениеттің дамуына тікелей ықпал етеді.

Компанияда персоналды оқытудың қолданыстағы жүйесі Компанияның әрбір қызметкеріне біліктілікті арттыру курстарынан тұрақты (әрбір қызметкер үшін жылына кемінде 1, бірақ жылына кемінде 3 оқыту іс-шарасы) ету арқылы кәсіби дамуына тең мүмкіндіктер беруге және қолдау көрсетуге негізделеді. Бұл жүйе қызметкерлердің алдына қойылған міндеттерді іске асыру үшін қажетті білім мен дағдыларды тиімді алуға және дамытуға мүмкіндік береді.

Персоналды оқыту және дамыту бағыттары




ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ПЕРСОНАЛДЫҒЫ

1 459 ҚЫЗМЕТКЕРІ
АТТЕСТАТТАУДАН ӨТТІ

ПЕРСОНАЛДЫ ОҚЫТУҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР КӨЛЕМІ

35%-ға АРТТЫ

Оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларын қаржыландыру, млн теңге



2019 жылы Компанияда персоналды оқыту және дамыту бағдарламалары бойынша 668 іс-шара өткізілді. 2019 жылы оқудың жалпы құны 608 млн теңгені құрады, бұл 2018 жылдың көрсеткішінен 35%-ға жоғары.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да Ақтау қаласында ҰҒО филиалының Оқу орталығы жұмыс істейді, ол бейінді оқыту жүйесінде үйлестіруші қызметін атқарады, өндірістік оқыту және дамыту жөніндегі бағдарламаларды іске асыру үшін база мен жағдайлар жасайды. Мәселен, 2019 жылы Оқу орталығы базасында өндірістік қызметкерлер қатарынан 11 275 қызметкер, оның 8 840-ы – жұмысшы персонал даярлаудан, қайта даярлаудан өтті.

Компанияда кадрларды қайта даярлау қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыруға ғана емес, сондай-ақ басқа жұмысқа ауыстырылған жағдайда одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыру, қызметкерлер санын немесе штатын оңтайландыру үшін олардың аралас мамандық алуына да бағытталған.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-ДАҒЫ СТУДЕНТТЕР МЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ПРАКТИКАСЫ

Қазақстанда 2019 жыл – Жастар жылы деп жариялануына байланысты Компания еліміздің 11 өңірінде орналасқан Компанияның өндірістік объектілерінде студенттер мен оқушылардың ақылы кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу туралы бастама көтерді.

2019 жылғы 29 сәуірде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен «ҚазТрансОйл» АҚ арасында Өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы бесжылдық меморандумға қол қойылды. Сондай-ақ Компанияның өндірістік объектілерінде 21 білім беру ұйымымен, оның ішінде 11 ЖОО мен және 10 колледжбен студенттердің ақылы кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу туралы келісімдер жасалды.

Есепті жылы құбыр көлігімен байланысты мамандықтар бойынша 400-ден астам студенттер мен оқушылар кәсіптік тәжірибеден өтті. Ақылы кәсіптік практикаға, бірінші кезекте, халықтың әлеуметтік осал топтарының студенттері тартылды. Әрбір практикантқа Компанияның жоғары білікті мамандары мен инженерлік-техникалық қызметкерлері арасынан тәлімгер бекітілді. Әр практикантқа студенттер үшін 100 000-нан 120 000 теңгеге дейін және оқушылар үшін 70 000-нан 80 000 теңгеге дейін стипендия белгіленді.

Өндірісте кәсіби практикадан өту студенттер мен оқушыларға нақты жұмыс жағдайында теориялық білімді бекіту және кәсіби дағдылар мен іскерлікті пысықтауға бірегей мүмкіндік берді.

КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ

2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ кадрлық резервін қалыптастыру қағидалары жаңартылды.

Кадр резервін қалыптастырудың негізгі мақсаттары:

- Компанияның ұзақ мерзімді кадрлық қорғалуын, сондай-ақ басқару сабақтастығын қамтамасыз ету;
- Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін олардың әлеуетін барынша пайдалану мақсатында перспективалы қызметкерлерді анықтау және дамыту;
- қызметкерлердің мансаптық өсу және даму мүмкіндігімен уәждемесін қамтамасыз ету;
- даму және мансаптық өсу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету есебінен жоғары білікті қызметкерлерді тартуға және ұстап тұруға ықпал ететін жұмыс беруші ретінде Компанияның имиджін қалыптастыру.

«ҚазТрансОйл» АҚ кадрлық резервін қалыптастыру қағидаларына сәйкес кадр резервін қалыптастыру үшін лауазымдардың төрт санаты (А, В, С және D) белгіленген. Алғашқы үш санат Компанияның әртүрлі басқару деңгейіндегі басшыларын қамтиды. Төртінші санат желілік басшылар болып табылмайтын ОҚБ инженерлік-техникалық қызметкерлерінің лауазымдарын қамтиды. Кадр резервін құру Компанияны қызметкерлерді іздеу уақытын азайта отырып, даярланған уәжделенген қызметкерлермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2019 жылы жұмысшы кәсіптері қызметкерлерінен Компаниядағы инженерлік-техникалық лауазымдарға 88 қызметкер ауыстырылды.

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

GRI 102-41 401-2 401-3 403-6

Қызметкерлер мен қоғам алдындағы өз жауапкершілігін сезіне отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ бизнестің тұрақтылығына, орын алған өңірлердегі әлеуметтік тұрақтылыққа және қызметкерлердің еңбек жағдайына қанағаттануына бағытталған салмақты және теңгерімді әлеуметтік саясатты жүргізеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ пен оның қызметкерлері арасында жасалатын Ұжымдық шарт әлеуметтік саясатты іске асырудың өзгермейтін іргетасы болып табылады.


2019 жылы 2020–2022 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шарттың жобасын талқылау бойынша келіссөздер басталды.

Компания өз қызметкерлеріне персоналдың 100%-ы қамтылған Ұжымдық шартта көзделген қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерінің өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған кепілдендірілген әлеуметтік пакет ұсынады.

Компанияның әлеуметтік пакетіне мыналар кіреді:

- әлеуметтік және оқу демалыстары;
- бала тууына байланысты демалыс;
- жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыстар;
- төленетін қысқа мерзімді демалыстар: қызметкер некеге тұрған кезде, қызметкердің бала тууына байланысты (әкесіне), қызметкердің жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты;
- ата-аналарын қоса алғанда, қызметкер мен оның отбасы мүшелері үшін ерікті медициналық сақтандыруды ресімдеу мүмкіндігі.

Компания 2019 жылы Ұжымдық шартта бекітілген барлық міндеттемелерді орындады. Компанияның өз қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдауға бағытталған шығындары ерікті медициналық сақтандыруға арналған шығыстарды қоса алғанда, шамамен 2,1 млрд теңгені құрады.



«ҚазТрансОйл» АҚ жас мамандарының форумы

Қазақстанда Жастар жылын өткізу аясында «ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметкерлері арасынан Жас мамандар форумын өткізді. Форум Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Құлсары, Маңғыстау, Павлодар, Шымкент мұнай құбыры басқармаларынан, БОҚБ-дан, ШОҚБ-дан, ҒТО филиалынан, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС-нен 100 жас маманды біріктірді.

Компанияның жас мамандар форумы аясында Ақтау қаласында «Болашақ бүгіннен басталады» атты конференция өтті. Конференцияға қатысушылар құбыр көлігін дамыту проблемалары мен перспективаларын талқылады.

400-ден

АСТАМ СТУДЕНТТЕР МЕН ОҚУШЫЛАР
КОМПАНИЯДА КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕДЕН
ӨТТІ

Біздің әлеуметтік саясатымыздың маңызды мәселесі – қоғамның әлеуметтік қорғалмаған мүшелерінің – балалардың, олардың аналарының өмірін лайықты қамтамасыз ету. Сонымен, Компанияда негізгі әлеуметтік жеңілдіктер мен төлемдерден басқа, сондай-ақ мыналар көзделген:

- бала 1,5 жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалыстағы қызметкерлерге ай сайынғы жәрдемақы төлеу;
- ұжымның әйел бөлігіне қосымша қолдау көрсету – Компания жас балалары бар әйелдерге жұмыс уақытының икемді кестесімен қамтамасыз етеді;

- 1,5 жастан 6 жасқа дейінгі баланы (балаларды) күтіп-ұстауға ай сайынғы төлемдер 15 мың теңге сомасында;
- қызметкерлердің 12 жасқа дейінгі балаларына жаңа жылдық сыйлықтар тапсыру;
- демалыс кезінде лагерьдегі балалардың демалыс құнын бір ауысым үшін 40 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде өтеу.

Әлеуметтік қолдаудың жоғары деңгейінің және әлеуметтік пакеттің тұрақты жақсаруының арқасында Компанияда бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыс аяқталғаннан кейін жұмысқа шыққан қызметкерлердің көрсеткіші жоғары (100%).

2019 жылы бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыс аяқталған соң жұмысқа шыққан қызметкерлердің коэффициенті

Атауы	Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыс алған қызметкерлердің саны		Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған қызметкерлер саны		Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа шыққан қызметкерлер үлесі, %
	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	
Орталық аппарат	–	8	–	13	19
ОҚБ	5	50	2	47	73
FTO филиалы	–	4	–	5	8
Самара, Омск, Мәскеу қалаларындағы өкілдіктер	–	–	–	–	–
Жиыны	5	62	2	65	–
Жалпы саны		67		67	100

Компания сала ардагерлеріне қамқорлық көрсетуде. Қолданыстағы «ҚазТрансОйл» АҚ-да жұмыс істемейтін зейнеткерлерді және мүгедектерді әлеуметтік қолдау регламентінің шеңберінде зейнеткерлікке шығу кезінде міндетті материалдық көрсетумен қатар, Компаниядағы 1 671 зейнеткер үшін жұмыс өтіліне байланысты ай сайынғы ақшалай төлемдер және ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мерекелерге материалдық көмек көзделген.

2019 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бастама-сымен Мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне арналған салтанатты іс-шаралар шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ барлық ардагерлері «Қазақстан мұнайына 120 жыл» мерейтойлық медальдарымен марапатталды.

Бұдан басқа, Компания өзінің денсаулық жағдайы бойынша өзінің еңбек қызметін өндірісте жалғастыруға мүмкіндігі жоқ қызметкерлерге, зейнеткерлік алдындағы жастағы қызметкерлерге көңіл бөледі. Осы мақсатта тараптардың келісімі бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерімен жасалған еңбек шарттарын бұзу кезінде өтемақы төлеу қағидалары әзірленді, олар тараптардың келісімі бойынша зейнеткерлік алдындағы жастағы қызметкерлермен және қосалқы бизнес-функцияларды шығару шеңберінде еңбек шарттарын бұзу кезінде төленетін өтемақы мөлшерін анықтау тәртібін белгілейді.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ GRI 403-6


Компанияда салауатты өмір салтын насихаттау жүргізілуде. Компания спортшыларының есебінде қызықты оқиғалар, кездесулер, әрине, лайықты жеңістер аз емес. Бөлімшелер, өңірлер мен компаниялар арасындағы спорттық жарыстар дәстүрге айналды.

Мәселен, 2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай Спартакиада өткізілді, оған 16 команда, Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің және оның ЕББҰ-ның 326 қызметкері спорттың алты түрі: мини-футбол, баскетбол, үстел теннисі, гир спорты, арқан тарту, жеңіл атлетика бойынша қатысты.

Жеңімпаздар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ спартакиада-сына қатысып, онда волейболдан (бірінші орын), шахматтан (бірінші орын) және жүзуден (екінші орын) жүлделі орындарға ие болды.

Салауатты өмір салтын ілгерілету мақсатында Компания қызметкерлерді фитнес-залдарға жылдық абонементтермен қамтамасыз етеді немесе олар болмаған жағдайда спортпен айналысуға арналған үй-жайларды жалға алады.

Нұр-Сұлтан қаласындағы орталық офисте үш спорт аймағынан тұратын жеке фитнес-зал бар. Әрбір аймақ белгілі бір спорт түрімен айналысуға арналған: йога мен пилатес залы, жекпе-жек залы және жаттығу залы.



«Үздік маман» халықаралық конкурсы

2019 жылдың тамыз айында Атырау және Ақтау қалаларында «ҚазТрансОйл» АҚ, «Транснефть» АҚ, «Укртранснафта» АҚ, «Гомельтранснефть Дружба» ААҚ, «Транспетрол» АҚ, MOL және CNPC ірі мұнай тасымалдаушы компаниялардың жетекші мамандарының арасында «Үздік маман» халықаралық конкурсы өтті. Бұл конкурс ХМТҚ аясында өтті.

Конкурсқа мұнай тасымалдаушы компаниялардың 44 жоғары білікті маманы қатысты, олар өздерінің кәсіби шеберліктерін 8 жұмысшы мамандығы бойынша көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ конкурсқа қатысушылары барлық 8 кәсіп бойынша бірінші жүлделі орындарға ие болды, 2 мамандық бойынша бірінші орындар «Транснефть» ЖАҚ қатысушыларымен бөлісілді.

2,1

млрд теңге


ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР

КОНКУРСТЫҚ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ САЯСАТЫ

Компания «ҚазТрансОйл» АҚ және оның ЕБҚҰ қызметкерлерін, «ҚазТрансОйл» АҚ ардагерлерін марапаттау және көтермелеу тәртібі туралы қағидалар-

ды әзірледі, олар қызметкерлердің жоғары еңбек көрсеткіштеріне жетуге қызығушылығын арттыруға, кәсіби қызметке ынталандыруға, қызметкерлер мен ардагерлердің еңбектерін жариялауға бағытталған.

2019 жылы марапатталған «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері



ПЕРСОНАЛДЫҢ ТАРТЫЛУ ДӘРЕЖЕСІН ЗЕРТТЕУ

Компания персоналының қанағаттанушылық және уәждемелеу деңгейін бағалау үшін Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы

тұрақты негізде өндірістік персонал арасында әлеуметтік тұрақтылық рейтингі мен тартылу дәрежесіне және әкімшілік-басқарушылық персонал арасында жұмысқа тарту дәрежесіне зерттеу жүргізеді.

Әлеуметтік тұрақтылық рейтингінің құрылымы



Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін құрайтын индекстер персоналдың жалпы қанағаттануына әсер ететін өндірістік қызметкерлер үшін де, әкімшілік-басқару персоналы үшін де материалдық


және психологиялық ынталандыруларды анықтауға ықпал етеді.

«ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА 120 ЖЫЛ» МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛІМЕН КОМПАНИЯНЫҢ

1 710 АРДАГЕРІ
МАРАПАТТАЛДЫ

75%
ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ РЕЙТИНГІ

Әлеуметтік тұрақтылық рейтингінің серпіні, %




* Осы көрсеткіштердің өзгеруі проценттік тармақтарда (п.т.) көрсетіледі және есепті және өткен жылғы деректер арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 8 п.т. өсіп, 75%-ды құрады, ал Компания қызметкерлерінің тартылу индексі 68%-ды құрады, бұл 2018 жылдың көрсеткішінен 9 п. т. төмен.

Алынған мәліметтер негізінде Компания әлсіз жақтарын анықтап, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2020 жылға арналған әлеуметтік тұрақтылық индексі жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті.

Тарту индексінің серпіні, %



СЫРТҚЫ КОММУНИКАЦИЯЛАР

Мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасай отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ Компанияға мүдделі тараптардың үміттері мен сұрауларына аса сезімтал әрекет етуге, сондай-ақ бедел тәуекелдерінің көп бөлігін жоюға мүмкіндік беретін сыртқы коммуникациялар мәселелеріне үлкен көңіл бөледі. БАҚ-пен белсенді өзара іс-қимыл және дағдарысқа қарсы коммуникацияларды басқарудың регламенттелген рәсімдерінің болуы Компанияның оң имиджін қолдауға оң әсер етеді.

2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да БАҚ үшін айтарлықтай ақпараттық себептер жасалды, соның арқасында ақпараттық жұмыс белсенділік пен өнімділіктің жоғары дәрежесіне ие болды.

2019 жылы компания БАҚ-та мыналарды жариялады:

- Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында 97 баспасөз релизі.
- республикалық және өңірлік БАҚ-та 769 ақпараттық-имидждік материал, оның ішінде 703-і – тегін негізде. Оның ішінде:
 - республикалық және өңірлік теледидарда 36 сюжет;
 - «Хабар 24» телеарнасындағы «Транзитный Казахстан», «Цифровой Казахстан» телебағдарламалары, Atameken Business телеарнасындағы арнайы репортаж;
 - республикалық және өңірлік газеттерде 90 материал;
 - ақпараттық агенттіктердің жаңалықтар ленталарында 643 материал.

ІШКІ КОММУНИКАЦИЯЛАР

Компанияда мүдделі тараптар арасында коммуникациялардың тиімді арналарын құру мәселелеріндегі маңызды құрал сондай-ақ ішкі коммуникациялар болып табылады.

Ішкі коммуникациялар басқарудың стратегиялық құралы ретінде екі бағыт – ақпараттандыру және өзара іс-қимыл бойынша іске асырылады.

Қызметкерлер ұжымын ақпараттандыру үшін бес ішкі коммуникация арнасы құрылды және тиімді пайдаланылады:

- ішкі портал;
- «ҚазТрансОйл» АҚ мобильдік ақпараттық қосымшасы;
- бірыңғай тарату KTOinfo;
- Munaiqubyrshy хабаршысы;
- KTOnews корпоративтік телеарнасы.

Қазіргі уақытта Компания қызметкерлерінің барынша көп саны ақпараттық ағынға тартылған және ішкі коммуникация арналарымен қамту арқасында түпнұсқа дереккөзден алынған ақпаратқа қол жеткізе алады.

2019 жылы ішкі коммуникациялар – «Ашық есік күні және «18.30» бойынша жобаларды іске асыру жалғастырылды.

«Ашық есік күні» жобасы қызметкерлердің Компанияның бизнес-үдерістері мен негізгі қызметі туралы хабардар болуын арттыруға, өзара іс-қимылдың «әлсіз жерлерін» анықтауға және оларды жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеуге, ұжымдағы коммуникацияларды нығайтуға, жанды қарым-қатынасқа түсуге, орта буын басшыларында көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Есепті кезеңде 25 кездесу өткізілді.

«18.30» жобасы қызметкерлердің тәртіптілігін арттыруға, жұмыс уақытын тиімді пайдалануға, еңбек тиімділігі мен өнімділігін арттыруға бағытталған.



Digital Energy Exhibition «ҚазТрансОйл» АҚ Интерактивті голографиялық экспозицияның тұсаукесері

Нұр-Сұлтан қаласында 2019 жылғы 23-29 қыркүйек аралығында өткен Kazakhstan Energy Week-2019 іс-шарасы шеңберінде Компания қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған интерактивті голографиялық шоу ұйымдастырды. 3D-технологиялардың көмегімен қазақстан мұнайының пайда болу тарихы, Қазақстанның мұнай тасымалдау жүйесін дамытудың негізгі сәттері туралы шоу жасалды. Елдің негізгі көрнекті орындары – Ұлы Жібек жолы, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Байқоңыр ғарыш айлағы, Бәйтерек астанасының символы арқылы көрме Қазақстанның тарихи мұрасы туралы айтып берді.



KTOnews корпоративтік телеарнасы

2019 жылғы 17 маусымда пилоттық режимде қазақстандық компаниялар арасында бірегей жоба болып табылатын «ҚазТрансОйл» АҚ – KTOnews корпоративтік телеарнасы іске қосылды. KTOnews-тің телевизиялық желісі барлық ОҚБ-ны, оның ішінде алыс МӨЗ және басқа да өндірістік объектілерді қамтиды. Корпоративтік теледидардың мақсаты – Компания қызметкерлерінің ең көп санына қол жетімді, ақпаратты берудің атаулылық және жедел режимі бар бейнеформатта қабылдау үшін оңтайлы коммуникациялар арнасын құру. KTOnews хабар тарату торына өткен оқиғалар, ұжымдармен кездесулер туралы репортаждар, басшылармен сұхбат, қауіпсіздік техникасы бойынша ақпараттық роликтер мен нұсқаулықтар, әріптестердің шығармашылығы және Компания өмірінің басқа да сәттері енгізілген. Бүгінгі күні KTOnews телеарнасы ОҚБ-дағы және ішкі корпоративтік порталдағы жаңа мониторларға көру үшін қол жетімді.

Компания үшін ішкі өзара іс-қимылдың маңызды құралы «ҚазТрансОйл» АҚ мобильді ақпараттық қосымшасы – Компанияның барлық қызметкерлеріне қолжетімді коммуникациялардың жалғыз құралы болып табылады. Есепті кезеңде аталған қосымшада 169 жаңалық материал мен 30 бейне-ролик орналастырылды.

2019 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ мобильді ақпараттық қосымшасы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының корпоративтік БАҚ арасында Samuryq Samға конкурсын «Үздік электрондық жоба» номинациясында жеңімпаз атанды.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУ

«ҚазТрансОйл» АҚ мемлекеттік тілді дамыту мәселелеріне көп көңіл бөледі.

Мемлекеттік тілді дамыту мақсатында Компанияда 2019 жылғы қыркүйекте «ҚазТрансОйл» АҚ-дағы мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілді, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратында 2019–2025 жылдарға арналған мемлекеттік тілді дамыту және қолдану бағдарламасы (Бағдарлама) бекітілді.

Бағдарламаның мақсаты «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратында іс жүргізуді мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшіруді қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде 2019 жылы мынадай іс-шаралар өткізілді:

- Компания орталық аппаратының қызметкерлерін ҚАЗТЕСТ қазақ тілін білу деңгейін бағалау жүйесі бойынша тестілеу жүргізілді;
- тестілеу қорытындысы бойынша мемлекеттік тілді білу деңгейі бойынша топтар құрылды және 2020 жылғы қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына (ҚР СТ 1928-2015, ҚР СТ 1929-2015, ҚР СТ 1925-2015) сәйкес оқыту курстары ұйымдастырылатын болады;
- электрондық құжаттардың жалпы түрін (интерфейс) мемлекеттік тілге аудару бөлігінде жұмыстар жүргізілді, оның ішінде мемлекеттік тілде Құжаттардың үлгілерін іздеу бойынша электрондық

каталог және хаттардың, қызметтік жазбалардың үлгілік үлгілері жасалды;

- «Кел, қазақша сөйлесейік!» сөйлесу клубы құрылды;
- бос лауазымдарға кадрларды конкурстық іріктеу шеңберінде өткізілетін кәсіби білімді тестілеуге қолдану үшін мемлекеттік тілді білуге арналған тест сұрақтары әзірленді.

Бағдарламада қабылданған мерзімге сәйкес, 2025 жылға қарай Компанияда құжат айналымының мемлекеттік тілге толық көшуі жоспарланған.

2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Орнықты даму қағидаттарына сүйене отырып, 2020 жылы Компания мынадай іс-шараларды іске асыруды қоса алғанда, әлеуметтік мәселелерге, персоналды басқару мәселелеріне және коммуникациялардың ашықтығын арттыруға үлкен көңіл бөлуді жоспарлап отыр:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2020–2024 жылдарға арналған кадр саясатын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратының еңбек-ақы төлеу қағидаларын әзірлеу;
- 2020–2022 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа қол қою;
- студенттер мен білім алушылар үшін төленетін өндірістік тәжірибені ұйымдастыру;
- Компания ішінде және одан тыс жерлерде аса маңызды іс-шараларды іске асыру және ақпараттық сүйемелдеу;
- Компанияда мемлекеттік тілді одан әрі дамыту.

Есепті күннен кейінгі оқиға

2020 жылғы 27 ақпанда «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы) және Компанияның барлық қызметкерлерінің мүддесін білдіретін 5 жергілікті кәсіподақ өкілдері алдағы үш жылға жаңартылған ұжымдық шартқа қол қойды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау



ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕРДІ БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 103 403-1 403-2 403-7 403-8

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор және Қазақстан Республикасының ірі құбыр компаниясы бола отырып, өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығын мойындайды. Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және өндірістік қызметке байланысты тәуекелдерді азайту «ҚазТрансОйл» АҚ Даму Стратегиясының басты бағыттарының бірі болып табылады.

Көрсетілген бағыт шеңберінде Компания өз алдына мынадай міндеттерді қояды:

- өндірістік объектілердің апатсыз жұмыс істеу режимін қамтамасыз ету;
- жазатайым оқиғалардың алдын алу;
- кәсіби ауруға жол бермеу;

- барлық жұмыс орындарының қауіпсіз және эргономикалық ұйымдастырылуын және санитарлық-гигиеналық жағдайын қамтамасыз ету.

Жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен қорғалу жағдайын қолдау мақсатында Компания қолданыстағы заңнамада көзделген өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы барлық іс-шараларды қабылдады.

Төтенше жағдайлар кезінде жағымсыз салдарды болдырмау үшін Компанияда өндірістік объектілердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қоса алғанда, уақтылы ден қою бойынша шаралар жүзеге асырылған.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды басқару жүйесі Компанияның барлық қызметкерлерін қамтиды және OHSAS 18001: 2007 стандартының талаптарына сәйкестігіне сертификатталған. Жүйе «ҚазТрансОйл» АҚ интеграцияланған

менеджмент жүйесінің бір бөлігі болып табылады. 2019 жылы Компанияның ISO 45001:2018 «Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесі. Талаптар және қолдану бойынша ұсыныстар» стандартына көшуі жолында үлкен жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, диагностика жүргізілді, ол жаңа стандартқа сәйкестік деңгейін көрсетті және қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқару жүйесін одан әрі жетілдіру үшін қажетті қадамдарды анықтауға көмектесті.

Басқару құрылымы мен құралдары

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелерін басқару екі деңгейде жүзеге асырылады. Орталық аппаратта жұмысты өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және ТЖ департаменті, ОҚБ деңгейінде – өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау бөлімдері үйлестіреді. Бұл ретте орталық аппарат деңгейінде 2019 жылдан бастап Басқарма жанындағы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі Комитет жұмыс істейді.

Компания өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелерін басқару шеңберінде іс-шаралар мен бастамалардың кең тізбесін іске асырады, ол мыналарды қамтиды:

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау, халықаралық және ұлттық стандарттарды орындау;
- мінез-құлық бақылауларын жүргізу және «Қорғау» картасын қолдану;
- OHSAS 18001:2007 стандартынан ISO 45001:2018-ге көшу бойынша кешенді іс-шаралар өткізу;

- қажетті арнайы киіммен, аяқ киіммен және жеке қорғану құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз ету;
- еңбек қауіпсіздігі тәуекелдерін бағалау, өндірістік жарақаттану жағдайларын алдын алу және ескерту;
- қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясына сәйкес сенімділік және қауіпсіздік саласындағы іс-шаралар кешенін орындау;
- ОҚБ-дағы өндірістік кеңестердің жұмыс істеуі;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша қызметкерлермен ай сайынғы жиналыстар өткізу;
- «Қауіпсіздік техникасы бойынша минут» өткізу;
- қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және қорғау мәселелері бойынша, өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік шараларына оқыту.

Өндірістік қауіптер мен тәуекелдерді бағалау

«ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы тәуекелдерді басқару қағидаларына сәйкес Компанияда қызметкерлер мен басқа да мүдделі тараптар үшін қауіптерді сәйкестендіру бойынша жұмыс жүзеге асырылуда, сондай-ақ байланысты тәуекелдер бағаланады. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қатерлерді анықтау және бағалау компанияның орталық аппараты мен ОҚБ-де жүргізіледі.

Тәуекелдерді бағалау 2 жылда кемінде бір рет жүргізіледі. Бағалау процесіне еңбекті қорғау қызметінің қызметкерлері мүдделі бөлімшелермен бірлесіп қатысады. Анықталған тәуекелдер оқиға немесе жазатайым оқиға туындаған жағдайда, сондай-ақ өндірістік қызметте елеулі өзгерістер болған кезде қайта бағалауға жатады. Тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жоғары тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу жүзеге асырылады.

Компания сондай-ақ рәсімді орындаудың сапасы мен дәлдігін арттыру мақсатында тәуекелдерді бағалау процесіне тартылған персоналды оқытуды тұрақты түрде жүргізеді.

Басқару жүйесін дамыту

Компания 2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесін кешенді жетілдіру бойынша қабылданған 2025 жылға дейінгі жол картасына сәйкес түрлі іс-шараларды іске асыра отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еңбекті қорғау және денсаулықты қорғау жүйесін дамытуды жалғастырды.

Есепті жылы мыналар әзірленді және бекітілді:

- Ұйымның «Магистральдық мұнай құбырлары. От, газ қауіпті жұмыстарды және қауіптілігі жоғары жұмыстарды ұйымдастыру тәртібі» стандарты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-дағы оқиғаларға ішкі тергеу жүргізу регламенті.

Сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жаңартылған «Алтын қағидалар» кодексі бекітілді.

2019 жылы Компанияның өндірістік объектілерінде 6 483 жұмыс қауіпсіздігін мінез-құлықтық бақылау және 5 099 жұру қауіпсіздігін мінез-құлықтық бақылау жүргізілді. Бақылаулар жұмыстардың 94%-ы қауіпсіз орындалатынын көрсетті. Жұмыстарды қауіпсіз емес ұйымдастырудың және орындаудың барлық анықталған фактілері бойынша орын алған сәйкессіздіктерді көрсете отырып, қызметкерлермен әңгіме жүргізілді.

2019 жылы жүргізілген қауіпсіздіктің мінез-құлықтық бақылауларын талдау нәтижелері Компания қызметкерлерінің ЖҚҚ киюіне байланысты талаптарды жиі бұзғанын көрсетеді. Бұл қорытынды бұрын жүргізілген сауалнамалардың нәтижелерін толықтырды, олар қызметкерлер қолданатын ЖҚҚ ыңғайсыз болғанын және қажетті сапалы және тұтынушылық қасиеттерге жауап бермегенін көрсетті.

Жүргізілген зерттеулер негізінде 2019 жылы компания ЖҚҚ сатып алуға қатысты өз саясатын айтарлықтай өзгертті. Атап айтқанда, ЖҚҚ-ға қойылатын жоғары тұтынушылық талаптары бар жаңа техникалық ерекшелік әзірленді. ЖҚҚ жеткізушісін анықтау кезінде пайдалану барысында осы ЖҚҚ қызмет көрсету бойынша оның мүмкіндіктері ескерілді. Аккредиттелген зертхана жеткізетін ЖҚҚ-ны сараптау және сынау бойынша рәсімдер жеке қарастырылды.


Еңбек қауіпсіздігі және қорғау саласында тәуекелдерді бағалау сатылары



«Қорғау» картасы

Есепті кезеңде «Қорғау» картасын қолдану жаңа бастамасы енгізілді. Компанияның кез келген қызметкері немесе келушісі сәйкессіздікті немесе қауіпсіздікке ықтимал қауіп төндіретін оқиғаны тауып, картаны толтырып, қауіпсіздік жағдайын жақсарту бойынша өз ұсыныстарын енгізе алады. Айталық, есепті жылы 1 690 «Қорғау» картасы толтырылды, оның 416-сы орындалды. Карталар компанияның барлық өндірістік және кеңселік бөлмелерінде орналасқан. «ҚазТрансОйл» АҚ-да «Қорғау» картасын қолдану регламентінің талаптарына сәйкес «Қорғау» картасын қолдануға қызметкерлерді ынталандыру мақсатында тоқсан сайынғы негізде «Үздік Қорғау» картасы» сертификаттарын және ақшалай сыйлықақы беру арқылы қызметкерлерді көтермелеу қолданылды.

2019 жылда бақылау үлгісі бойынша «Қорғау» карталарының саны, дана



1 690 дана

- **433** Қауіпсіз емес шарттар
- **102** Қауіпсіз емес мінез-құлық
- **158** Қауіпсіз емес іс-әрекет
- **21** Қауіпті жағдай
- **137** Қауіпті фактор
- **666** Жақсы іс-тәжірибе
- **173** Ұсыныс

Дағдарыс ахуалдарын басқару командасы

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар Компания активтеріне орны толмас зиян келтіруі мүмкін. Туындаған төтенше жағдайлардың алдын алу және жедел әрекет ету үшін Компанияда Дағдарыстық жағдайларды басқару жөніндегі команда (ДЖБК) құрылды, оның міндеті төтенше жағдайлардың салдарын жоюға барлық күштерді жедел жұмылдыру, оның ішінде зардап шеккен аймақтан адамдарды көшіру, аварияны

Өнеркәсіптік қауіпсіздікке және еңбекті қорғауға салынатын инвестициялар көлемі, млн теңге

Атауы	2017	2018	2019	Өзгеріс, %
Еңбекті қорғау	177,1	163,9	188,2	▲ 14,8
Денсаулықты қорғау	509,1	673,9	573,3	▼ -14,9
Өнеркәсіптік қауіпсіздік	32,5	137,7	120,4	▼ -12,6
Өрт қауіпсіздігі	822,0	914,6	999,0	▲ 9,2
Жиыны:	1 540,8	1 890,1	1 880,9	▼ -0,5

жоюға қосымша құралдар мен материалдарды жеткізу, мемлекеттік органдармен және т. б. өзара іс-қимыл болып табылады.

2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы) ДЖБК оқу-жаттығуларын өткізу кестесін бекітті. Аталған кестеге сәйкес 2019 жылы оқу-жаттығулар өткізілді:

- 2019 жылғы 24 сәуірде Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Ақтау» МҰТС резервуарлық паркіндегі өрт» тақырыбында;
- 2019 жылғы 10 қыркүйекте «Атырау мұнай құбыры басқармасы Т. Қасымов атындағы МАС резервуарлық паркінде өрт» тақырыбында;
- 2019 жылғы 13 желтоқсанда «Павлодар мұнай құбыры басқармасы аумағындағы мердігерлік ұйым қызметкерлерінің ереуілі» тақырыбында.

Барлық оқу-жаттығулар сценарийді имитациялаумен және барлық жұмылдырылған қызметкерлердің іс-әрекеттерін талдаумен сәтті өтті. 2020 жылы штаттық оқу-жаттығулардан басқа дағдарыстық және штаттан тыс жағдайларда әрекет ету бойынша бейне оқыту жоспарланған.

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІККЕ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Компания жыл сайын елеулі қаржы ресурстарын өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқару жүйесін дамытуға инвестициялайды. 2019 жылы осы салаға инвестициялардың жалпы көлемі 1 880,9 млн теңгені құрады, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 0,5%-ға кем. Бұл ретте «Еңбекті қорғау» бағыты бойынша инвестиция 14,8%-ға ұлғайды.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТ GRI 403-2 403-9

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралардың үлкен кешеніне қарамастан, 2019 жылы Компанияда еңбек қызметіне байланысты 3 жазатайым оқиға орын алды. Барлық жазатайым оқиғалар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Компанияның ішкі рәсімдеріне сәйкес тексеріліп-тергелді.

Барлық жағдайларда мамандығы бойынша жүргізуші ер адамдар жарақат алды. Өндірістік қызметтің ерекшелігін ескере отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлер арасында жарақаттанудың негізгі түрлерінің бірі аяқ-қол жарақаты болып табылады.

Жүргізілген тексерулердің нәтижесінде аталған жағдайларда жарақат алудың шешуші факторлары қызметкерлердің жеке абайсыздығы, жұмыс жүргізу алдында тәуекелдің жеткіліксіз бағалануы болғаны анықталды.

ОӨЖ-ға оқиғалар шолуы жіберілді, олар ақпаратты ақпараттық тақталарға орналастыру, «Қауіпсіздік техникалар жөнінде аңдатпалар» өткізу, әңгімелесу, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жиналыстар өткізу кезінде осы ақпаратты пайдалану арқылы әрбір қызметкерге жеткізілді. Сондай-ақ тәуекелдер қайта қаралып, осындай жағдайларға жол бермеу бойынша тиісті іс-шаралар әзірленді.

Компания жұмыскерлері арасында өндірістегі жазатайым оқиғалар саны

Көрсеткіштер	2017	2018	2019	Өзгеріс, %
Өндірістегі жазатайым оқиғалардың жалпы саны	3	2	3	▲ 50
Зардап шеккен адамдардың жалпы саны, оның ішінде	3	2	3	▲ 50
жеңіл жарақаттар саны	2	2	0	–
ауыр жарақаттар саны	1	0	3	3 есеге ұлғаю
өндірістік жарақаттану себебі бойынша өлім-жітімінің саны	0	0	0	–
1 000 адамға шаққанда жазатайым оқиғалар жиілігінің коэффициенті	0,39	0,29	0,44	▲ 51,7
Еңбек қабілетінен уақытша айырылған өндірістегі жазатайым оқиғалар жиілігінің коэффициенті	0,05	0,034	0,053	▲ 55,9

МЕРДІГЕР ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАРАҚАТТАНУЫ GRI 403-9

Мердігер ұйымдардың қызметкерлеріне Компания қызметкерлеріне сияқты өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қатаң талаптар қойылады. Атап айтқанда, «ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Алтын қағидалар» кодексі Компанияның өндірістік объектілерінің аумағында болатын мердігер ұйымдардың өкілдеріне де қолданылады.

Компанияда нормативтік құжат – АҚ СТ «Мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар» қабылданды, онда Компанияның мердігер ұйымдарына қойылатын еңбек қауіпсіздігі және қорғау мәселелері жөніндегі талаптар бөлек жазылған.

«ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША ИНВЕСТИЦИЯЛАР

14,8%-ға
АРТТЫ

Мердігер ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау деңгейін арттырудың маңызды құралы шартта міндетті бөлім болып табылады, онда мердігер ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріндегі нақты міндеттемелері жазылады. Ұйғарылған міндеттемелерді бұзу

шаралар қолдануға және айыппұл санкцияларын қолдануға құқық береді.

2019 жылы мердігер ұйымдарда жарақаттану немесе еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын елеулі бұзу жағдайлары тіркелген жоқ.

Компанияның мердігер ұйымдарының жұмыскерлері арасында өндірістегі жазатайым оқиғалар саны

	2017	2018	2019
«Медикер-ПМ» ЖШС			
Еңбекке қабілетін уақытша жоғалта отырып зардап шеккендер саны	0	1	0
«Dos Support» ЖШС			
Еңбекке қабілетін уақытша жоғалта отырып зардап шеккендер саны	0	1	0

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ
GRI 403-3 403-10

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлердің денсаулығын сақтауға және қолдауға ерекше көңіл бөледі. Компанияда жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың, оның ішінде кәсіби аурулар мен жарақаттанудың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Компания қызметкерлеріне мынадай медициналық қызметтер көрсетіледі:


- санитариялық авиация және жедел медициналық көмек нысанындағы шұғыл медициналық көмек;

- күндізгі медициналық пункттегі дәрігерге дейінгі медициналық көмек;
- вахталық жұмыс режимі бар медициналық пункттегі білікті медициналық көмек;
- қызметкерлерді міндетті медициналық тексеру, оның ішінде күн сайынғы ауысым алдындағы және жыл сайынғы мерзімдік тексеру.

Компанияда 2019 жылы міндетті жыл сайынғы медициналық тексеруден өткен қызметкерлердің саны 5 995 адамды құрады, оның нәтижелері бойынша диспансерлік бақылауды қажет ететін 1 021 қызметкер анықталды, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 91 қызметкерге артық. Аталған көрсеткіш бейінді мамандарды тарта отырып,

қызметкерлерді тексерудің кеңейтілген зертханалық-аспаптық әдістері бөлігінде сапалы медициналық қызмет көрсету нәтижесін көрсетеді. Компанияда жыл сайын емдеу-алдын алу шараларының жоспары әзірленеді. Есептік кезеңде санитарлық-эпидемиологиялық және емдеу-алдын алу іс-шараларын өткізуге 573,3 млн теңге жұмсалды.

Санитарлық-эпидемиологиялық және емдеу-алдын алу іс-шараларын жүргізуге арналған шығыстар, млн теңге



Шұғыл медициналық көмекті уақтылы көрсету үшін өндірістік объектілерде күндізгі және тәулік бойы жұмыс істейтін, қажетті дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және медициналық техникамен жабдықталған медициналық пункттер жұмыс істейді.

2019 жылы өрт-тактикалық оқу-жаттығулар мен медициналық оқу дабылдары бойынша 52 сабақ өткізілді.

Өндірістік объектілер үнемі салауатты өмір салты тақырыбына буклеттермен, брошюралармен және постерлермен қамтамасыз етіледі.

ӨНЕРКӘСІПТІК ЖӘНЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ
GRI 403-4

Компаниядағы өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін басқару жүйесі қауіпті өндірістік объектілердегі апаттар мен инциденттердің алдын алу, апаттардың салдарын оқшаулау және жою мақсатында жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралармен кешенді өзара байланысты.

Магистральдық мұнай құбырларын және Компанияның басқа да өндірістік объектілерін пайдалану процесінде 2019 жылы техногендік сипаттағы апаттар немесе өрттер тіркелген жоқ.

Қауіпсіздік деңгейінің жоғары болуына өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған іске асырылған іс-шаралар кешенінің арқасында қол жеткізілді:

- 2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жабдығында техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпті энергия көздерін оқшаулауға қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейтін «ҚазТрансОйл» АҚ-да қауіпті энергия көздерін оқшаулау тәртібі бекітілді;
- Компанияның қауіпті өндірістік объектілеріне кәсіби әскерлендірілген авариялық-құтқару қызметін көрсетуге шарт жасалды;
- көбікті өрт сөндірудің тұрақты қондырғыларының жұмысқа қабілеттілігін және өрт дабылының техникалық жағдайын, сондай-ақ өндірістік объектілердегі өрт-техникалық жабдықтарды тексеру тұрақты түрде жүргізілді;
- ықтимал өрт туындаған жағдайда практикалық және теориялық іс-әрекет дағдыларын алу үшін 8 өрт-тактикалық оқу-жаттығу, 566 өрт-техникалық сабақ, 18 469 өрт қауіпсіздігі шаралары туралы кіріспе нұсқаулық өткізілді, 435 ерікті өртке қарсы құралымдардың мүшесі дайындалды, 253 өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша нұсқаулық өңделді;
- Компанияның өндірістік объектілерін өрттен қорғау бойынша қызмет көрсеткен «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің өрт сөндіру бекеттеріне тексеру жүргізілді. Компания объектілерінде 25 бірлік жолға шығатын техникасы бар 20 өрт сөндіру бекеті құрылды.



Медициналық тексерулердің электрондық жүйесі

2019 жылдың тамыз айында Павлодар мұнай құбыры басқармасының базасында «МТЭЖ медициналық тексерулердің электрондық жүйесі» аппараттық-бағдарламалық кешені сынақтан өтті. Осы жүйені енгізу созылмалы аурудың жіті немесе өршу белгілері, алкогольдік, есірткілік және/немесе уытқұмарлық мас болу белгілері бар қызметкерлерді өндірістік объектіге жіберуді болдырмауға, осылайша өндірісте денсаулығының кенеттен нашарлау қауіпін төмендетуге мүмкіндік береді. Өткізілген сынақтар жүйе жұмысының жоғары тиімділігін, оның ішінде тексеру жүргізу уақытын 210 секундтан 70 секундқа дейін қысқартуды көрсетті.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

18 469 КІРІСПЕ
НҮСҚАУЛЫҚ ӨТКІЗІЛДІ

ШЫМКЕНТ

Шымкент Қарасу тармағы бар Бадам және Қошқар ата өзендерінің арнасы, сондай-ақ қаланы шығыстан батысқа қарай кесіп өтетін жасанды су ағындары: Бадам, Шымкент, Жаңа-шек және Текесу арналары қала аумағынан ағып өтетін су арналарының көлемі үлкен Қазақстанның жалғыз қаласы болып табылады.


«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ АЙМАҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Теміржол эстакадалардың
саны

1

дана



Шығарындылардың
көлемі

2,8

тонна

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОҚЫТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАНДЫРУ

GRI 403-4 403-5

«ҚазТрансОйл» АҚ-да өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік талаптарда көзделген барлық оқыту бағдарламалары бар.

2019 жылы Компанияның қызметкерлері үшін мынадай корпоративтік курстар ұйымдастырылды:

- өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына оқыту бойынша – 6 577 қызметкер;
- өрт-техникалық минимумға оқыту бойынша – 4 444 қызметкер;
- медициналық білімі жоқ адамдарды даярлау бойынша – 1 627 қызметкер;
- «Қорғалған жүргізу» тақырыбына – 977 жүргізуші.

Бұдан басқа, 9 қызметкер «Managing safely» бағдарламасы бойынша оқып, IOSH халықаралық сертификатын алды, 2 қызметкер NEBOSH курсы бойынша оқып, өндірісте еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша халықаралық сертификат алды.

Есепті жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да әрбір қызметкердің электрондық адресіне өрт қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау, қауіпсіз жүріс-тұрыс тақырыптарына және басқа тақырыптар бойынша бюллетеньдер жіберу арқылы қауіпсіздік мәдениетін арттыру бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. Барлығы 69 бюллетень дайындалып, жіберілді.

2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2020 жыл Компанияда Қауіпсіздік жылы деп жарияланды. Осыған байланысты Компания 2020 жылы және орта мерзімді перспективада өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар маңызды іс-шараларды жоспарлап отыр:

- OHSAS 18001:2007 стандартының талаптарына сәйкес келетін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау менеджменті жүйесінен ISO 45001:2018 талаптарына сәйкес келетін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау менеджменті жүйесіне көшу жөніндегі жобаны іске асыру;
- ұжымдық жауапкершілік рәсімдерін дамыту, оның ішінде Басқарма мүшелерінің жеке жауапкершілігін қабылдау және өндірістік объектілер басшыларының жеке келуі;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі III жыл сайынғы форум өткізуді ұйымдастыру;
- персоналды өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында, оның ішінде IOSH халықаралық стандарты бойынша оқыту және біліктілігін арттыру жөнінде одан әрі іс-шаралар өткізу;
- арнайы киім мен ЖҚҚ сапасын сатып алу және мониторингтеу;
- бейне жазу құрылғыларын қолдана отырып, Компания объектілерінде жоғары қауіптілік жұмыстарын жүргізу мониторингі жүйесін енгізу;
- медициналық тексеру процесін кезең-кезеңмен автоматтандыру;
- Компанияның корпоративтік ақпараттық порталында от, газ қауіпті жұмыстар мен қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге рұқсат беру нұсқаларын тіркеу бойынша функционалды әзірлеу;
- Т. Қасымов атындағы МАС-та әдісті пилотты қолдана отырып, тәуекелді HAZOP әдісімен бағалау рәсімін енгізу.

Қоршаған ортаны қорғау



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА МӘСЕЛЕЛЕРДІ БАСҚАРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТӘСІЛ

GRI 103

Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздік «ҚазТрансОйл» АҚ орнықты дамуының маңызды құрамдас элементтері болып табылады. Компанияның тәжірибесі өндірістік міндеттерді шешу мен оның қоршаған ортаға ықтимал теріс әсер ету деңгейі арасындағы теңгерімді сақтауға бағытталған.

Компанияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен, Халықаралық және Ұлттық Стандарттармен және Компанияның қолданыстағы саясаты мен басқа да ішкі басшылық құжаттардың ережелерімен реттеледі.

Басқару құрылымы мен құралдары

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару (ҚОҚ) екі деңгейде жүзеге асырылады. Орталық аппаратта жұмысты өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және ТЖ департаменті, ОҚБ деңгейінде – тиісті бөлімдер үйлестіреді.

ҚОҚ мәселелерін басқару жүйесі компанияның өндірістік қызметінің барлық бағыттарын қамтиды. Компания ҚОҚ мәселелерін басқару шеңберінде іс-шаралар мен бастамалардың кең тізбесін, оның ішінде: мыналарды қоса ала отырып, іске асырады:

- Қазақстан Республикасының ҚОҚ саласындағы заңнамасының талаптарын орындау, халықаралық және ұлттық стандарттарды орындау;
- интеграцияланған менеджмент жүйесінің бір бөлігі ретінде экологиялық менеджмент жүйесінің (ISO 14001:2015) талаптарын орындау;
- экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және бағалау, инвестицияларды экологиялық аспектілерді басқару жөніндегі шараларды іске асыруға бағыттау;



«HSE пайда көзі ретінде» форумы

2019 жылғы тамызда Нұр-Сұлтан қаласында «ҚазТрансОйл» АҚ ұйымдастырған «HSE пайда көзі ретінде» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жыл сайынғы II форумы өтті, оның шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылығы, «Теңішевройл» ЖШС, AGIP, ҚПО, «Arm Wind» ЖШС (Eni тобы) өкілдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жетекші мердігерлік және сервистік ұйымдары қатысты.

Форум қатысушылары өндірістік жарақаттануды төмендету, HSE цифрландыруды және 5S үнемді өндіріс жүйесін енгізу бойынша тәжірибе алмасып, қауіпті факторларды анықтау әдістемесін қауіптілік пен жұмысқа қабілеттілікті талдау әдісімен (HAZOP) талқылады, сондай-ақ жаңартылмалы энергия көздерін пайдаланудың, менталитеттің және қызметкерлердің қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін өзгертудің жаңа тәсілдерін зерттеді.

- мердігер ұйымдарды (зертханаларды) тарта отырып, өндірістік экологиялық бақылау жүргізу шеңберінде өндірістің экологиялық тиімділігін бағалау;
- апаттық ластану жағдайында міндетті экологиялық сақтандыру бойынша жыл сайынғы шарттар жасасу;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау;
- Компания қызметкерлері арасында экологиялық мәдениетті дамыту және ілгерілету.


Басқару жүйесін дамыту

Компания табиғат қорғау қызметін басқару, экологиялық тәуекелдерді басқару әдістері мен тәсілдерін тұрақты негізде жетілдіреді және қоршаған ортаны қорғауға қажетті ресурстарды бөледі.

2019 жылы Компанияның экологиялық жауапкершілігін арттыру шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ-да су ресурстарын басқару қағидалары әзірленді, ол су ресурстарына ұқыпты қараудың негізгі қағидаларын анықтады.

Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау жүйесін және экологиялық мәдениетті дамыту мақсатында Компанияда 2019 жылы өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және ТЖ департаментінің қызметкерлері үшін ISO 14001:2015 стандартының талаптарына оқыту жүргізілді.

Табиғатты қорғау іс-шараларына арналған ағымдағы шығындар, млн теңге



ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ТӨЛЕМДЕРІ

GRI 306-3 307-1


«Қоршаған ортаны қорғау» бабы бойынша шығыстар мыналарды құрайды:

- атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары, ағынды сулар құрамындағы ластаушы заттардың төгінділері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемдер;
- Қазақстанның қоршаған ортасын жақсартуға бағытталған бастамашылық тәртіппен іске асырылатын табиғат қорғау іс-шараларына жұмсалатын шығындар.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыруға 2019 жылы 2 277 млн теңге инвестицияланды, бұл 2018 жылдың осыған ұқсас көрсеткішінен 84,8%-ға артық. Табиғатты қорғау іс-шараларына жұмсалған ағымдағы шығындардың өсуі «Өзен – Атырау – Самара» магистральдық мұнай құбыры бойындағы бүлінген жерлерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды орындауға, сондай-ақ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Бейнеу» МАС және «Жетібай» МАС-та болған оқиғалардың нәтижесінде пайда болған мұнаймен ластанған топырақты әкетуге және кәдеге жаратуға байланысты.

2019 жылы Компания эмиссиясы үшін төлемдер 99,1 млн теңгені құрады, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 3,3%-ға жоғары және айлық есептік көрсеткіш мәнінің өсуіне байланысты.

Экологиялық төлемдер, млн теңге



2019 жылы экологиялық талаптарды және қоршаған орта сапасының нормативтерін бұзу жағдайлары тіркелді, соның салдарынан Компанияға мемлекеттік органдар салған әкімшілік айыппұлдардың жалпы сомасы 1,01 млн теңгені құрады.

Мәселен, 2019 жылғы 1 сәуірде «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігін айналып өту кезінде Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Бейнеу» МАС апаттық-қалпына келтіру пунктінің 274,9 км желілік құбыр өткізгіштерімен мұнай шығумен газданудың мазасыздануы анықталды.

2019 жылы 2 маусымда Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Жетібай» МАС-та мұнай шығуы табылды. Мұнаймен ластанған барлық топырақ тез жиналып, кәдеге жаратуға шығарылды, бұл экологиялық залал келуін және оны өтеу үшін талаптар қоюды болдырмауға мүмкіндік берді.

2019 жылы мұнай тасымалдау кезінде экологиялық залал келтірген авариялық жағдайлар тіркелмеген.

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ӘСЕРІ

GRI 305-1 305-7


Компания тарапынан атмосфералық ауаға әсер ететін негізгі фактор мұнай тасымалдауға арналған жылыту пештерінен шығарындылар, Қазандық қондырғылар мен мұнайды сақтауға арналған резервуарлар болып табылады.

Атмосфералық ауаға жағымсыз әсердің алдын алу және азайту мақсатында Компания мұнайды жылыту пештерінің, су жылыту қазандықтарының оттықтарында жану процесін оңтайландыру және атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының мониторингі бойынша іс-шаралар жүргізеді.

Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі, тонна

Көрсеткіш	2017	2018	2019	Өзгеріс, %
Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі оның ішінде:	31 100	29 951	26 665	▼ -11,0
NOx	816	919	928	▲ 1,0
SOx	105	104	89	▼ -14,4
COx	316	283	285	▲ 0,7
атмосфераға шығарылатын шығарындылардың өзге де санаттары	29 863	28 645	25 363	▼ -11,5

Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемінің серпіні, тонна




2019 жылы атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының жалпы көлемі белгіленген нормативтердің мәндерінен аспады: ластаушы заттар шығарындыларының өткен жылмен салыстырғанда 11%-ға төмендеуі мұнай айдау көлемінің азаюына байланысты.

Компанияда парниктік газдар шығарындыларының көздері қазандық, мұнайды жылыту пештері, парниктік газдар шығарындыларының жылжымалы және тұрақты көздері, дизельдік электр станциялары, дәнекерлеу агрегаттары және басқа да жабдықтар болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің көздерінен парниктік газдар шығарындыларының көлемін есептеу

Көрсеткіш	2017	2018	2019	Өзгеріс, %
Парниктік газдардың жалпы тікелей шығарындылары, мың тонна CO ₂ -экв. қоса алғанда,	186,7	164,7	163,9	▼ -0,5
көмірқышқыл газы (CO ₂), мың тонна	185,7	163,7	163,0	▼ -0,4
метан (CH ₄), мың тонна CO ₂ - экв.	0,1	0,08	0,09	▲ 12,5
азот қышқылы (N ₂ O), мың тонна CO ₂ -экв.	0,96	0,87	0,84	▼ -3,4

Парниктік газдардың жалпы тікелей шығарындыларының серпіні, мың тонна CO₂-экв.



Парниктік газдар шығарындыларының көлемін есептеу және парниктік газдарды түгендеу туралы есепті дайындау «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелері ұсынатын есепті жылда тасымалдана-тын мұнай көлемі, отын шығыны бойынша дерек-тер негізінде жүргізіледі.

СУ РЕСУРСТАРЫ

GRI 303-1 303-2 303-3 303-4 306-1

Су – Компанияның өндірістік қызметі мен тұрмыс-тық қажеттіліктері үшін қажетті маңызды ресурс (шаруашылық-ауыз су қажеттілігі, өрт сөндіру жүйелерін толтыру, жылыту жүйелеріндегі жылу тасымалдаушы).

«ҚазТрансОйл» АҚ жасалған шарттарға, сондай-ақ арнайы су пайдалануға рұқсаттарға сәйкес су алу-ды жүзеге асырады және су объектілеріне елеулі әсер етпейді.

Көздер бойынша алынатын судың жалпы саны, мың м³*

Көрсеткіш	2017	2018 **	2019**	Өзгеріс, %
Су жинау көлемі, оның ішінде:	29 076	15 055	536	▼ -96,4
жер үсті сулары	28 719	14 727	14	▼ -99,9
жерасты сулары (артезиан ұңғымалары)	264	240	221	▼ -7,9
муниципалдық және басқа да сумен жабдықтау жүйелері (бөгде ұйымдардан сатып алу)	93	88	301	3 есе

* 2018 жылғы су тұтыну көлемі магистральдық суағызғы басқармасының 2018 жылғы қаңтар- маусым аралығындағы жұмысын есепке ала отырып берілген

** 2018 жылғы шілдеден бастап бұл қызмет түрін «Магистральдық Суағызғы» ЖШС жүзеге асырады.

Есепті кезеңде су тұтыну көлемі 536 мың м³ құрады, бұл 2018 жылы су тұтыну көлемінен 96,4%-ға аз. 2019 жылы су тұтыну көрсеткішінің төмендеуі осы қызмет түрін «Магистральдық Суағызғы» ЖШС көрсетуіне байланысты.

Суды тұтыну кезінде Компания экологиялық жабдықты пайдалануға және суды қайта пайдалану көлемін барынша арттыруға ұмтылады. Атап айтқанда, автокөлікті жууға арналған жабдықтар-

ды пайдалану кезінде 75%-ға дейін суды қайта пайдалануға мүмкіндік беретін «Мойдодыр» кешені қолданылады. 2019 жылы Компания 1 412,4 м³ суды пайдаланды, оның ішінде шамамен 1 130 м³ тазартылған (қайта пайдаланылған) су.

2019 жылы сарқынды сулардың төгінділерінің көлемі 274,5 мың м³ құрады және су тұтынудың аз көлеміне байланысты 53,6%-ға азайды және Ком-панияның рұқсат етілген лимитінен аспады.

Ағызу объектілері бойынша бөлінген сарқынды су төгінділерінің көлемі, мың м³*

Көрсеткіш	2017	2018*	2019	Өзгеріс, %
Төгінділердің жалпы көлемі, оның ішінде:	918,0	591,5	274,5	▼ -53,6
буландырғыш тоғандарға (жинақтағыштарға), сүзу алаңдарына	223,4	201,3	183,0	▼ -9,1
бөгде ұйымдардың суларында	112,6	94,7	91,1	▼ -3,8
батпақты, өзендерді, көлдерді қоса алғанда, жер үсті суларына	582,0	295,5	0,4	▼ -99,9

* 2018 жылғы төгінділер көлемі магистральдық суағызғы басқармасының 2018 жылғы қаңтар-маусым жұмыстарын есепке ала отырып берілді

Компанияның қоршаған ортаға әсерін бақылау үшін судың зертханалық зерттеулерін жүргізе отырып, жерасты, жерүсті және сарқынды сулар-дың мониторингі, сондай-ақ төгінділерді тазарту дәрежесінің мониторингі жүзеге асырылады.


Түзілетін қалдықтардың жалпы көлеміндегі қалдықтардың негізгі үлесін құрамында мұнай бар топырақтар, мұнай шламдары және қатты-тұрмыс тық қалдықтар құрайды.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

GRI 306-2

Компанияның өндірістік қызметі барысында шикізат, материалдар, бұйымдар мен өнімдер қалдықтарын қоса алғанда, қалдықтар пайда бо-

лады. Түзілетін қалдықтардың жалпы көлеміндегі қалдықтардың негізгі үлесін құрамында мұнай бар топырақтар, мұнай шламдары және қатты-тұрмыс тық қалдықтар құрайды. Қазақстан Республикасының Экологиялық ко-дексіне сәйкес Компания қалдықтарды қауіпсіз пайдалану және кәдеге жарату бөлігінде белгілен-ген экологиялық және санитарлық-эпидемиологи-ялық талаптарды сақтайды. Компанияның ОҚЖ-да қалдықтарды басқару бағдарламалары жұмыс істейді.



Су ресурстарын басқару қағидалары

2019 жылы су ресурстарын қорғау бөлігіндегі негізгі оқиға «ҚазТрансОйл» АҚ-ға су ресурстарын басқару қағидаларын бекіту болды, олар су ресурстарын басқаруға қойылатын тәсілді жүйеге келтіретін 8 «Су» қағидаларын анықтады. «Су» қағидалары елдің су ресурстарына, оның ішінде тұщы суға ұқыпты және ұтымды қарым-қатынастың, ауыз суды өндірістік мақсаттарға пайдаланбауға ұмтылуының, су жинау мен су бұруды барынша аспаптық есепке алуының, су айналым және су үнемдеуші технологияларды енгізу есебінен таза су алуы барынша қысқартуға ұмтылуының, сондай-ақ суды барынша қайта пайдаланудың маңыздылығын айқындады.


Компанияда «ҚазТрансОйл» АҚ-да Қалдықтарды басқару қағидалары әрекет етеді, олардың мақсаты Компанияның өндірістік қызметі барысында пайда болатын қалдықтарды басқару процесінде талаптарды белгілеу және жауапкершілікті бөлу

болып табылады. Осы қағидалар қалдықтарды жинаудан, сұрыптаудан бастап және одан әрі жоюға, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге беруге дейін қалдықтармен жұмыс істеудің барлық циклін реттейді.

Қалдықтардың пайда болуының жалпы көлемі, тонна

Көрсеткіш	2017	2018	2019	Өзгеріс, %
Қалдықтардың пайда болу көлемі, оның ішінде:	11 037	42 219	53 524	▲ 26,8
құрамында мұнай бар топырақ	5 790	36 870	42 477	▲ 15,2
мұнай шламы	1 029	1 443	5 890	4 есе
қатты тұрмыстық қалдықтар	2 486	2 240	2 875	▲ 28,3
өзге қалдықтар	1 732	1 666	2 282	▲ 37,0

Қалдықтардың пайда болуының жалпы көлемінің серпіні, тонна



2019 жылы қалдықтардың пайда болуының жиынтық көлемі өткен жылғы деңгейден 26,8%-ға асып түсті, бұл тарихи ластанған жерлерді қайта құнарландыру және 984-985 км-ге және «Өзен – Атырау – Самара», «Орал» ЛПДС магистральдық мұнай құбырының 1 016,3 км-ге мазутталған топырақты кәдеге жаратуға, сондай-ақ резервуарларды та-

зартқаннан кейін мұнай шламының пайда болуына байланысты.

ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Компания өзінің өндірістік қызмет орындарында жер ресурстарын алғашқы түрде сақтауға жауапты болады және басқа тәуелсіз аккредиттелген ұйымдарды тарта отырып, жерді қайта құнарландыру, топырақтың ластануына мониторинг жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

Компания ХХ ғасырдың 50-60 жылдары ластанған жерлерді қалпына келтіру бойынша өзіне міндеттеме алды. Бүлінген жерлерді қалпына келтірудің келісілген жобасына сәйкес тарихи ластанған жерлерді қалпына келтіру бойынша кезең-кезеңмен жұмыс жүргізілуде.

Жұмыстар 2017 жылы басталды. 2019 жылы «Объектілердегі бүлінген жерлерді қалпына келтіру (магистральдық мұнай құбырлары)» жобасына сәйкес «Өзен – Атырау – Самара» магистральдық мұнай құбыры бойындағы тарихи ластанған жерлерді қалпына келтіру жұмыстары жалғастырылды. Есепті жылы 1,78 га бүлінген жер қалпына келтірілді.

2019 ЖЫЛЫ

1,78 га

БҮЛІНГЕН ЖЕРЛЕР ҚАЛПЫНА
КЕЛТІРІЛДІ



БИОАЛУАНТҮРЛІЛІККЕ ӨСЕРІ

«ҚазТрансОйл» АҚ-да бүгінгі таңда орташа қуаты 6-10 кВ ӘЭЖ едәуір ұзындығы бар, олар магистральдық құбырлардың көп бөлігін алып жүреді, олардың катодтық қорғанысын қамтамасыз етеді. Белгілі бір жағдайларда ӘЭЖ-дегі деректер және оларда пайдаланылатын траверстер мен оқшаулағыштар ірі және орта, оның ішінде Қазақстан Республикасының қызыл кітабына енгізілген құстардың өлу көзі болып табылады. Өлу негізінен құстың ӘЭЖ ток өткізуші элементтерімен түйіскен кезде электр тогының зақымдануы себебінен болады.

6-10 кВ ӘЭЖ өлім-жітімге ұшырайтын құстардың негізгі түрлері дала қыраны, үкі, сондай-ақ аз дәрежеде бүркіт, ителгі және басқалар болып табылады.

2019 жылы «Өмірзақ – СПН – 112 км» (30 км) және «Жетібай – СПН – 112 км» 65-112 км (57 км) учаскесіндегі ӘЭЖ қайта жабдықтаумен және өздігінен жүретін оқшауланған сымдарды қолданумен 6 кВ ӘЭЖ күрделі жөндеу жүргізілді, бұл осындай үлгідегі ӘЭЖ отырғызу кезінде құстардың өлу ықтималдығын айтарлықтай азайтады.

Компания өзінің өндірістік объектілерінде биоәртүрлілікті сақтау мәселелеріне одан әрі де назар аударуды жоспарлап отыр.

2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Компания экологиялық аспектілерді анықтау, бағалау және басқару жөніндегі өзінің тұрақты қызметін жалғастырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкестіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылатын болады. 2020 жылға мынадай іс-шаралар жоспарланған:

- топырақтың тарихи ластануын жою, атап айтқанда Атырау мұнай құбыры басқармасы объектілерінде бүлінген жерлерді қалпына келтіру жұмыстарын жалғастыру;
- Құлсары және Маңғыстау мұнай құбыры басқармаларының объектілерінде бүлінген жерлерді (тарихи ластану) қалпына келтіру жобаларын әзірлеу;
- құстарға қауіпті ӘЭЖ 6-10 кВ оқшаулағыштар мен траверс құрылымдарын қауіпсіз (аспалы) етіп ауыстыру, сондай-ақ оларды құс қорғау құрылғыларымен жарақтандыру.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ



Қызылорда облысы ең алдымен Байқоңыр ғарыш айлағымен байланысты. Дәл осы жерден Юрий Гагарин адамзат тарихында ғарышқа алғаш ұшты. Ғарыш айлағы – ұшыру саны бойынша рекордшы, «Байқоңырдан» 50 жылдан астам уақыт ішінде 1,5 мыңнан астам ғарыш аппараттары ұшырылды.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ АЙМАҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



МАС-дың
саны

1
дана



Жөнелтушілердің
саны

11
дана



Энергия тұтынудың
төмендеуі

4,5 %

Энергия тұтыну және энергия үнемдеу



ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ БАСҚАРУ ТӘСІЛІ GRI 103

Пайдаланылатын энергия ресурстарын оңтайландыру «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады, оның шеңберінде Компания өндірістік процестердің энергия тиімділігін арттыруға ерекше назар аударады. Осы бағыт бойынша міндеттерді іске асырудың стратегиялық маңыздылығы 2017 жылы әзірленген «ҚазТрансОйл» АҚ энергетикалық саясатында бекітілді:

- Компанияның қолданылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы талаптарды сөзсіз орындауы;
- энергоменеджмент жүйесінің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру;
- энергия үнемдеуді ынталандыру жүйесін дамыту;
- энергетикалық тиімділікті арттыру үшін, оның ішінде жаңартылатын немесе баламалы энергия көздерін пайдалану үшін басымдықтар мен мүмкіндіктерді анықтау;

- энергия үнемдеу қызметі есебінен қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету;
- энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Компания қызметкерлерінің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы білім деңгейін арттыру.

Жыл сайын «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Бас директоры (Басқарма төрағасы) ОҚБК және тұтастай алғанда Компания үшін энергия тиімділігінің мынадай нысаналы көрсеткіштерін бекітеді:

- энергияның барлық түрлерінің үлес шығынын төмендету (мұнай жүк айналымына);
- электр энергиясының үлестік шығынын төмендету (мұнай жүк айналымына);
- газды үлестік тұтынудың төмендеуі (мұнайды жылытуға);
- энергия ресурстарын жалпы тұтынуды төмендету.

Басқару құрылымы мен құралдары

Энергетикалық мақсаттарға жету үшін Компанияда ISO 50001:2011 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес сертифицирталған энергия менеджменті жүйесі жұмыс істейді. Оның іс-әрекеті мен шекаралары барлық деңгейлерде: орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінен бастап ОҮП-мұнай құбыры басқармалары мен МАС-ға дейін белгіленген.

Энергия тиімділігі мәселелерімен айналысатын жауапты бөлімше «ҚазТрансОйл» АҚ Технологиялық режимдер және энергия менеджменті департаменті болып табылады, ол нысаналы көрсеткіштерді әзірлейді және қойылған міндеттерге қол жеткізуді уақытылы және тиімді бақылауды қамтамасыз ете отырып, олардың орындалуына ай сайынғы мониторинг жүргізеді.

Басқару жүйесін дамыту

2019 жылы корпоративтік жүйені дамыту саласындағы маңызды оқиға Компанияда энергия аудитін өткізу болды, оның қорытындысы бойынша энерготиімділікті арттыру бойынша негізгі бағыттар мен ұсыныстар айқындалды, атап айтқанда:

- «Павлодар» БМАС, «Екібастұз» МАС және «Степное» МАС НМ 3600-230 сорғы агрегаттарын НМ 1250-260-ға ауыстыру қажеттілігі анықталды, бұл сорғы агрегаттарының пайдалы әсер ету коэффициентін 11%-ға, нақты 66%-дан 77%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл ретте болжамды үнемдеу ақшалай түрде жылына 69 млн теңгені құрауы мүмкін.
- энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша 2020–2025 жылдарға арналған жаңа іс-шаралар жоспары бекітілді.

Сондай-ақ 2019 жылы Компания инспекциялық аудиттен табысты өтті, оның қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ Энергия менеджменті жүйесінің ISO 50001:2011 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растау алды.

Есепті кезеңде орталық аппарат және ОҚБ қызметкерлерін «Гидравлика және магистральдық мұнай құбырларын пайдалану режимдері. Мұнайдың физикалық-химиялық және геологиялық қасиеттері» тақырыбында сырттай оқыту жүргізілді.

ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН ТҰТЫНУ GRI 302-1 302-3 302-4

2015 жылдан бастап Компания «ҚазТрансОйл» АҚ Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырады, ол Компанияның бизнес-процестеріне сәйкес келу үшін жыл сайын өзекті етіледі.

2019 жылдың қорытындысы бойынша Компания энергия тиімділігі саласындағы барлық қойылған мақсаттарды орындады, бұл мұнай құбырының барлық учаскелері жұмысының технологиялық режимдерін оңтайлы жоспарлау, сондай-ақ 2019 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау есебінен мүмкін болды. 2019 жылға арналған отын-энергетика ресурстарын тұтынуды төмендету көлемі физикалық мәнде 458 м.т. және ақшалай мәнде – 39 млн теңгені құрады.

Атап айтқанда, есепті кезеңде энергия тұтынуды оңтайландыруға бағытталған мынадай негізгі іс-шаралар іске асырылды:

- күш трансформаторларын неғұрлым энергиялық тиімді трансформаторларға ауыстыру;
- объектілерді жарықтандыру жүйелерінде қозғалыс датчиктерін орнату (жалпы пайдалану орындарында қосу/ажырату автоматикасы);
- Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының әкімшілік-тұрмыстық ғимараттарында болат конвекторларды анағұрлым тиімді алюминий конвекторларға ауыстыру;
- Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы орталық қоймасының алаңшilik жылу желілерін жөндеу;
- магистральдық сорғы агрегаттарының пайдалы әсер ету коэффициентін арттыру және «Ақтау» БМАС, «Атасу» БМАС, Б. Жұмағалиев атындағы БМАС-да, «Жуантөбе» МАС мұнай құбырларының жұмыс істеу режимдерін оңтайландыру.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның энергия тұтыну құрылымына энергия ресурстарының әр түрлері кіреді, олардың ішіндегі ең маңыздысы мұнай тасымалдау үшін пайдаланылатын энергияның барлық түрлерін тұтынудың жалпы көлемінің 92%-ын жиынтық құрайтын табиғи газ және электр энергиясы болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның өндірістік процестері жеткілікті энергия сыйымды болып табылады, осыған байланысты Компания үшін энергия ресурстарын

тұтынуды қысқарту жөніндегі шешімдерді іздестіру және іске асыру өзекті міндет болып табылады.

2019 жылы 2018 жылдың нәтижелерімен салыстырғанда табиғи газды тұтынуды 5,9%-ға және электр энергиясын 2,2%-ға төмендету есебінен мұнайды айдау кезінде энергия тұтыну деңгейін 6,3%-ға төмендету мүмкін болды.

Энергия ресурстарын тұтынудың төмендеуі 2018 жылмен салыстырғанда мұнайлы жүк айналымының 1,2%-ға төмендеуі шеңберінде мұнай құбырлары жұмысының оңтайлы режимдерін қолдануға байланысты болды.


Мұнай айдау үшін бастапқы жаңартылмайтын энергия көздерін пайдалану құрылымы

Энергия көзі	2017		2018**		2019**		Өзгеріс, %
	ш.о.т.*	үлес, %	ш.о.т.	үлес, %	ш.о.т.	үлес, %	
Табиғи газ	130 110	65,4	125 735	70,5	118 267	70,7	▼ -5,9
Электр энергиясы	38 788	19,5	36 301	20,3	35 496	21,2	▼ -2,2
Дизель отыны	7 531	3,8	7 231	4,1	6 606	3,9	▼ -8,6
Шикі мұнай	4 874	2,4	5 262	2,9	4 292	2,6	▼ -18,4
Жылу энергиясы	3 381	1,7	3 041	1,7	1 819	1,2	▼ -40,1
Моторлы бензин	1 283	0,6	834	0,5	666	0,4	▼ -20,1
Автомобиль газы	26	0	0	0	0	0	-

* ш.о.т. – шартты отынның тоннасы

** Компанияның 2018 және 2019 жылдардағы жалпы энергия тұтынуы «Магистральдық Суағызғы» ЖШС су беру бойынша функцияны шығаруға және беруге байланысты суды беруге жұмсалған энергияны есепке алмай ұсынылған

2019 жылы мұнай айдау үшін бастапқы жаңартылмайтын энергия көздерін пайдалану құрылымы, ш.о.т.



- 118 267 Табиғи газ
- 35 496 Электр энергиясы
- 6 606 Дизель отыны
- 4 292 Шикі мұнай
- 1 819 Жылу энергиясы
- 666 Моторлы бензин

Операциялық шығындарды төмендету мақсатында Компания сондай-ақ мұнай айдау энергия сыйымдылығы көрсеткішінің серпінін қадағалайды.

2019 жылы Компания бойынша мұнайлы жүк айналымы 2018 жылдың көлемімен салыстырғанда 1,2%-ға азайды, ал жалпы энергия тұтыну 6,3%-ға төмендеді, бұл өткен жылмен салыстырғанда энергия сыйымдылығын 5,3%-ға төмендету нәтижесі болды.


Энергия сыйымдылығының төмендеуі мұнайды жылыту пештері үшін газды тұтынудың азаюына байланысты, бұл мұнай құбырлары жұмысының температуралық режимдерін оңтайландыру жөніндегі жұмыстың нәтижесі болып табылады.

Энергия сыйымдылығы көрсеткішінің серпіні

Көрсеткіш	2017	2018	2019	Өзгеріс, %
Энергетикалық ресурстарды жиынтық тұтыну көлемі, ш.о.т.	198 987	178 404	167 146	▼ -6,3
Мұнайды айдауға арналған энергетикалық ресурстарды жиынтық тұтыну көлемі, ш.о.т.	185 993	178 404	167 146	▼ -6,3
Суды айдауға арналған энергетикалық ресурстарды жиынтық тұтыну көлемі	12 995	0	0	-
Мұнайдың жүк айналымы («ҚазТрансОйл» АҚ бойынша жеке), ш.о.т./ млн тонна*км	39 823	38 040	37 657	▼ -1,0
Су айдау көлемі, мың м³	26 225	0	0	-
Мұнай тасымалдаудың энергия сыйымдылығы, ш.о.т./ млн тонна*км	4,67	4,69	4,44	▼ -5,3

* «ҚазТрансОйл» АҚ энергия сыйымдылығын есептеу әдістемесіне сәйкес мұнайдың жүк айналымы базалық көрсеткіш болып саналады. Есептеу кезінде Компания қолданатын энергия ресурстарының барлық түрлері ескерілді

Энергетикалық ресурстарды жиынтық тұтыну көлемінің серпіні, ш.о.т.



Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың экологиялық құндылығы мен тиімділігін түсіне отырып, Компания болашақта күн батареяларына негізделген электр станциясының құрылысын жоспарлап отыр. Пилоттық объект ретінде «Шымкент» БМАС айқындалған.

2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Компания энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жұмысты:

- Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2020–2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту;
- 2015–2019 жылдарға энергетикалық талдау жүргізу және 2020 жылға арналған энергетикалық мақсаттардың орындалуын қамтамасыз ету;
- Компанияның негізгі сорғы жабдықтарының пайдалы әсер ету коэффициентін арттыру;
- Компанияның энергетикалық менеджмент жүйесінің ISO 50001:2018 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне көшуін қамтамасыз ету жолымен жалғастыруды жоспарлап отыр.

ЖАЛПЫ ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ

6,3%-ға
ТӨМЕНДЕДІ

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

САТЫП АЛУ ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТӘСІЛ

GRI 102-9 103

«ҚазТрансОйл» АҚ ашықтық, бәсекелестік және негізділік қағидаттарында сатып алу жүйесін құрады.

Сонымен қатар, Компания еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріндегі ең аз қажетті талаптарды ұстанатын өнім берушілерге артықшылық береді. Мұндай талаптар әлеуетті өнім берушілердің біліктілік алдындағы іріктеуден өтуін регламенттейтін құжаттарда нақты жазылған.

«ҚазТрансОйл» АҚ сатып алу жүйесінің қағидаттары:

- сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы;
- сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
- сапалы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;
- әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;
- сатып алу процесіне делдалдардың қатысуын азайту.

Басқару құрылымы мен құралдары

Келісімшарттар және жергілікті қамтуды дамыту департаменті Компанияның барлық бөлімшелерінің сатып алу процестеріне бақылауды жүзеге асырады. 2018 жылы жүргізілген қайта ұйымдастыру сатып алу қызметінің функциясын орталықтандыруға мүмкіндік берді.

Сатып алу рәсімдері «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС электрондық алаңында өткізіледі және мынадай кезеңдерді қамтиды:

- сатып алу жоспарларын әзірлеу және бекіту
- тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерді таңдау
- сатып алу шарттарын жасасу және пайдалану

САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ


2019 жылы Компания сатып алуды автоматтандыру және электрондық шарттар жүйесін енгізу жөніндегі жоспарларды іске асырды, бұл сатып алу процесінің әрбір кезеңінде уақытша шығындарды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берді.

2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жеткізушілермен жасасқан келісімшарт сомасы 65 076 млн теңгені құрады, оның ішінде:

- орталық аппарат 64 995 млн теңге сомаға;
- ҰҒО филиалы 81 млн теңге сомаға.

Бәсекелесті сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижесінде 2019 жылдың қорытындысы бойынша жалпы үнемдеу 2 603 млн теңгені құрады. 2019 жылы өткізілген сатып алу бойынша егжей-тегжейлі ақпарат Есепке 3-қосымшада келтірілген.

2019 жылғы санаттары бойынша бөлінген жеткізушілер саны



960 жеткізушілер

- 853 Адал жеткізушілер
- 8 Сенімсіз жеткізушілер тізіміне енгізілген жеткізушілер
- 99 Айыппұлдар салынған жеткізушілер

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУ ТУРАЛЫ

GRI 204-1

Ұлттық экономика мен жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыра отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ қазақстандық өндірушілер мен ұйымдардан және холдингішілік кооперацияны дамыту мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ұйымдарынан сатып алынатын тауарлардың үлесін арттыруға ұмтылады.

Сатып алу қорытындысы бойынша отандық тауар өндірушілермен және мүгедектер ұйымдарымен жалпы сомасы 500 млн теңгеге 2019–2023 жылдарға арналған ұзақ мерзімді шарттар жасалды. 2019 жылы қосымша 3 008 млн теңге сомаға отандық тауар өндірушілермен 1 жыл мерзімге шарттар жасалды, олар 100%-ға іске асырылды.


2019 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ сатып алуларында жергілікті қамту үлесі 71%-ды құрады, оның ішінде тауарлар бойынша – 52%, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша – 75%. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесінің мониторингі «Самұрық-Қазына» АҚ уәкілетті органының – <http://www.kmks.kz> интернет-ресурсында «Сатып алудағы қазақстандық қамту мониторингінің картасы» порталында жүзеге асырылады.

2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Келесі есепті кезеңде Компания «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2020 жылға арналған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жоспарын іске асыруды қоса алғанда, корпоративтік қағидаттар мен стандарттарға сәйкес сатып алу қызметінің практикасын жалғастыруды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесінің мониторингі жөніндегі қызмет жалғасатын болады. 2020 жылға тауарларды сатып алуда – 52%, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуда – 75% жергілікті қамту үлесін қамтамасыз ету жоспарлануда.

2019 жылғы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі туралы ақпарат*, млн теңге



80 915 млн теңге

- 65 303 Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер
- 15 612 Тауарлар

* «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС деректері

71% «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ
САТЫП АЛУДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ
ҚАМТУ ҮЛЕСІ



Жеткізушілерге арналған ашық есік күні

2018 жылғы 18 желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласында «ҚазТрансОйл» АҚ жеткізушілер үшін ашық есік күнін өткізді, онда Компания өкілдері мен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді әлеуетті жеткізушілер сатып алу саласындағы проблемалық мәселелер мен мүмкіндіктерді талқылады.

Кездесуге әлеуетті жеткізушілер өздерінің тауарларын, жұмыстарын және көрсетілетін қызметтерін таныстырды, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының компанияларына қызмет көрсетуге өз мүдделіліктерін білдірді. Әлеуетті өнім берушілер Компанияда сатып алу мәселелеріне жетекшілік ететін басшыларға тікелей сұрақтар қоюға, жедел және толық жауап алуға мүмкіндік алды.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ


«Жетісу» жері – Алматы облысының аумағы – бұл ғасырлық тарихы бар тамаша және ғажайып өлке. «Жетісу» сөзі осы жерде ағып жатқан және Балқаш көліне құятын жеті өзенді білдіреді. Облыстың әкімшілік орталығы – Талдықорған Орта Азия өркениетінің бесігі ортасында – Қаратал өзенінде, теңіз деңгейінен 600 метрден жоғары жерде орналасқан.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ АЙМАҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Жергілікті қамту
үлесі

84,7 %



Шығарындылардың
көлемі

2,3
тонна



ҒТО филиалы
персоналының саны

161
адам

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқаруды Компания құнының өсуінің, оның бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығының негізгі факторы ретінде қарастырады. Осыған байланысты корпоративтік басқару жүйесін үнемі жетілдіру және акционерлердің мүдделері мен құқықтарын сақтау Компания үшін басымдық болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына, KASE талаптарына, Компания жарғысына және корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Компанияның корпоративтік басқару жүйесін құрады.

Корпоративтік басқару кодексінде тиісті корпоративтік басқарудың мынадай негізгі қағидаттары айқындалған:

- акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ қарым-қатынас;
- кәсіби Директорлар кеңесі және атқарушы орган;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау;
- орнықты даму;
- қызметтің ашықтығы.

Бұл қағидаттар корпоративтік басқарудың озық тәжірибелеріне сәйкес келеді және Компанияның ұзақ мерзімді құнын, инвестициялық тартымдылығын және тұтастай алғанда орнықты дамуын арттыру үшін маңызды.

2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметі дауыс беретін акцияларының елу проценттен астамы «Самұрық-Қазына» АҚ-на тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардағы корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесіне сәйкес Компанияның корпоративтік басқару жүйесіне бағалау жүргізді.


Корпоративтік басқаруды жүргізілген бағалау Компанияның корпоративтік басқаруының мықты жақтарын ғана емес, сондай-ақ жақсартуды талап ететін мынадай бағыттарды да анықтады:

- Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау;
- орнықты даму;
- айқындылық.

Ішкі аудит қызметінің ұсынылған ұсынымдарына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2020–2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді, ол бойын-

ша үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған одан әрі жұмыс жүргізу көзделген.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі GRI 102-18



Компания қызметінің негізгі мәселелері бойынша шешім қабылдайтын және жалпы басшылықты жүзеге асыратын Компанияның органдары:

- Акционерлердің жалпы жиналысы (жоғары орган);
- Директорлар кеңесі (басқару органы);
- Басқарма (атқарушы орган) болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ 2019 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп Есепке 5-қосымшада келтірілген.

Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы өз қызметін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Компанияның Жарғысына және «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес жүзеге асыратын Компанияның жоғары басқару органы болып табылады.

Компанияны басқаруға қатысу құқығын іске асыру кезінде Компания барлық акционерлерге тең және әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етуге ұмтылады. Акционерлердің өз құқықтарын іске асырудың негізгі тәсілі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына және акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналыстарына қатысу болып табылады.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу рәсімі акционерлердің құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған және қолданыстағы заңнаманың барлық талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік әлемдік практикаларына жауап береді.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 102-5

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компаниялардың 384 635 599 қарапайым акциясы орналастырылды және төленді, оның ішінде:

- 346 172 040 қарапайым акция немесе шығарылған және орналастырылған акциялардың барлық санының 90%-ы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға тиесілі;
- 38 463 559 қарапайым акция немесе 10% минус бір акция KASE жазылу әдісімен орналастырылды, оның ішінде 7 500 қарапайым акцияны акционердің талабы бойынша Компания сатып алды;
- Компанияның 1 (бір) қарапайым акциясы орналастырылмаған.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ 2019 ЖЫЛЫ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналыстары

2019 жылғы 28 қаңтарда Компания акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өтті, онда мынадай мәселелер қарастырылды:

- «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның тәуелсіз директорларына өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын анықтау туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау туралы.

2019 жылғы 5 наурызда Компания Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы сырттан дауыс беру арқылы өтті, онда:


- «ҚазТрансОйл» АҚ 2019–2021 жылдары аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау және оның қызметтерін бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы мәселе қаралды.

Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы

2019 жылғы 28 мамырда Компания акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысы өткізілді, онда мынадай:

- «ҚазТрансОйл» АҚ 2018 жылғы жылдық қаржылық есептілігі мен шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2018 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, өткен жылдардың бөлінбеген табысы, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ бір қарапайым акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2018 жылы атқарылған жұмыстар туралы Директорлар кеңесінің жылдық есебін бекіту туралы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің «ҚазТрансОйл» АҚ мен оның лауазымды адамдарының 2018 жылғы іс-әрекеттеріне өтініштер және оларды қарау қорытындылары туралы мәселелер қаралды.

«ҚазТрансОйл» АҚ акциялары нарықтық құнының 2019 жылы өзгеруі, теңге



Күні	31.01	28.02	29.03	30.04	31.05	28.06	31.07	29.08	30.09	31.10	29.11	31.12
Жабылу бағасы, теңге	1 405,5	1 400	1 395	1 254,3	1 175	1 071,16	1 049,99	1 012,77	994	1 036,11	1 010,93	1 035,9

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

2012 жылғы шілдеде бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ дивидендтік саясаты Компаниялар және оның акционерлері мүдделерінің теңгерімін сақтау, акционерлер мен барлық мүдделі тараптар үшін анағұрлым көп айқындылықты қамтамасыз ету, дивидендтер мөлшерін анықтау тәртібін және оларды төлеу тәртібін сақтау мақсатында әзірленді.

Дивидендтік саясат Компанияның таза табысының 40%-ынан кем емес дивидендтер төлеуге соманы белгілейді. Дивидендтердің іс жүзіндегі мөлшері, егер бұл Компанияның міндеттемелеріне қайшы келмесе, Компанияның таза табысының 100%-ына жетуі немесе артуы мүмкін.

Дивидендтерді есептеу мақсатында шоғырландырылған немесе жеке таза табыстың ең үлкен мөлшері қолданылады. Компания Басқармасы тиісті қаржы жылындағы Компания қызметінің нақты нәтижелеріне, дамудың жалпы салалық серпініне және күрделі (инвестициялық) шығындар бағдарламасына сүйене отырып, 40% нормативінен төмен дивидендтерді төлеу деңгейін ұсыну құқығын өзіне қалдырады.

Дивидендтер төлеу серпіні

Дивидендтер төленетін кезең	Дивидендтерді төлеуді бастау күні	Бір акцияға дивиденд мөлшері, теңге	Төлем сомасы, теңге
01.01.2016-31.12.2016	27.06.2017	155	59 617 355 345
01.01.2017-31.12.2017	26.06.2018	160	61 540 495 840
01.01.2018-31.12.2018	03.07.2019	104	40 001 322 296

2019 жылы дивидендтік төлемдердің жалпы сомасы 2018 жылдың қорытындысы бойынша 40 001 322 296 теңгені немесе Компанияның бір қарапайым акциясына 104 теңгені құрады. Дивидендтерді төлеуге Компанияның 2018 жылдың қорытындысы бойынша алынған таза кірісінің 100% құрайтын 38 484 983 000 теңге мөлшеріндегі сома және өткен жылдардың бөлінбеген пайдасының 1 516 339 296 теңге мөлшеріндегі бөлігі жіберілді.

АҚПАРАТТЫ АШУ

Компанияның ақпаратты ашуы осы ақпаратты алу мақсаттарына қарамастан, оның барлық мүдделі тараптарға қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Ақпаратты ашу «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингтік ережелеріне, Компанияның Жарғысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да талаптарына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.


2019 жылдың қорытындысы бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ «ҚазТрансОйл» АҚ «Ашықтыққа ұмтылу үшін» дипломымен марапаттады. Компания листингтік талаптарға қосымша ақпаратты ашу жағдайларының саны бойынша көшбасшылардың бірі болды.

Ақпараттық ашықтық және өзара құрмет қағидаттарына негізделген акционерлермен тиімді өзара іс-қимыл жасау компанияның басымдықтарының бірі болып табылады. Компания мен оның акционерлері, әлеуетті инвесторлар, талдаушылар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және инвестициялық қоғамдастық өкілдері арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында жалпы алғанда Компанияда инвесторлармен байланыс жөніндегі қызмет жұмыс істейді.

2019 жылы инвесторлармен байланыс қызметі өндірістік және қаржылық қызметтің нәтижелеріне, Компанияның басқару органдарының шешімдеріне, корпоративтік оқиғаларға, акционерлердің компанияны басқаруға қатысу және дивидендтер алуға құқықтарын іске асыруға байланысты мәселелер бойынша түсініктемелер берді.

Компания ақпараттық ашықтықты қолдау бойынша жұмысты жалғастыруды жоспарлап отыр.

Директорлар кеңесі



Директорлар кеңесі Компанияның стратегиялық басқаруын және өз құзыреті шеңберінде Компания басқармасының қызметін бақылауды қамтамасыз ететін Компанияның басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді және қолданыстағы шешімдер қабылдау жүйесіне сәйкес Компанияның қызметін тиімді басқару және тиісті бақылау үшін жауапты болады.

Директорлар кеңесі өз қызметінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерін, акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін, Компанияның Жарғысын, корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережені басшылыққа алады.

Директорлар кеңесі өз құзыретіне сәйкес Компания дамуының стратегиясы мен басым, оның ішінде мынадай салаларда бағыттарын анықтайды:

- корпоративтік басқару;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау;
- орнықты даму;
- ірі инвестициялық және басқа да негізгі Стратегиялық жобаларды іске асыру.

Директорлар кеңесі сондай-ақ Компания дамуының басым бағыттарының іске асырылуын тұрақты бақылауды жүзеге асырады, Компанияның даму жоспары қызметінің түйінді көрсеткіштерін белгілейді және олардың орындалуын қадағалайды.

40

 МЛРД ТЕҢГЕ

2018 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ
БОЙЫНША 2019 ЖЫЛЫ ДИВИДЕНДТІК
ТӨЛЕМДЕР СОМАСЫ

2019 ЖЫЛҒЫ **28** ҚАҢТАРДА
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАҢА
ҚҰРАМЫ САЙЛАНДЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

2019 жылғы 28 қаңтарда Компания акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында Компанияның Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамының өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты алты адамнан тұратын Директорлар кеңесінің жаңа құрамы анықталды және директорлар кеңесінің мүшелері, оның ішінде Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы сайланды.

Акционерлік капитал құрылымына сәйкес (қарапайым акциялардың жалпы санының 90%-ы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тиесілі) Компанияның Директорлар кеңесінің екі мүшесі ірі акционер – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдері болып табылады. Компанияның Директорлар кеңесінің үш мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады, бұл корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесіне сәйкес миноритарлық акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ компанияның Бас директоры (Басқарма төрағасы) Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі Данияр Берлібаев Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

Компанияның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері жоғары кәсіби беделге және салада айтарлықтай жұмыс тәжірибесіне ие. Директорлар кеңесінің барлық мүшелері стратегиялық жоспарлау, қаржылық есептілік пен аудит, бизнес-жоспарлау және жобаларды басқару саласында қажетті білім мен құзыреттерге ие.

**Данияр БЕРЛІБАЕВ**

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1968 жылы 21 желтоқсанда туылған.

БІЛІМІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – заңгер.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2016–2017 жж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау, өңдеу және маркетинг жөніндегі атқарушы вице-президенті.

2017–2019 ж. ақпан – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі.

2019 ж. 7 ақпанынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары.

2016 жылғы 29 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.

KMG International N. V және «АстанаГаз ҚМГ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

Саны 9 655 дана Компания акцияларына немесе орналастырылған акциялардың жалпы санының 0,00251 %-ына иелік етеді.

ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

**Димаш ДОСАНОВ**

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы)

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1981 жылы 2 қарашада туылған.

БІЛІМІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – халықаралық қатынастар бойынша маман, Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономика университетін «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – экономист. АҚШ, Вашингтон қаласы, Джорджтаун Университеті, Іскерлік әкімшілік магистрі (MBA) дәрежесі бар.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2016 ж. қаңтар-тамыз аралығында – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары.

2016 ж. 6 тамыздан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы).

2016 жылғы 20 қазаннан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

«КҚК-Р» АҚ және «КҚК-К» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Компания мен ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

**Нұртас ШМАНОВ**

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1956 жылы 24 желтоқсанда туылған.

БІЛІМІ

Уфа мұнай институтын «Мұнай-газ құбырларын, газ қоймаларын және мұнай базаларын жобалау және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі-инженер-механик, ҚазМБА жанындағы Нарық институтын «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – экономист. Іскерлік әкімшілік магистр (MBA), мұнай-газ саласының басшыларына арналған арнайы курс бітірген, Массачусетс университеті, Бостон қаласы, АҚШ.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2016–2018 жж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау жөніндегі аға вице-президенті.

2018–2019 ж. желтоқсан – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау жөніндегі басқарушы директоры.

2016 ж. 29 қаңтардан бастап 2020 ж. 13 наурызға дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 9 655 дана көлемінде акцияларын немесе орналастырылған акциялардың жалпы санының 0,00251 %-ына ие.

ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАР

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамына үш тәуелсіз директор кіреді, бұл корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне сәйкес миноритарлық акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың қатысуы Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің тәжірибесінің, дағдыларының және біліктілігінің ең үздік теңгеріміне ұмтылуға байланысты. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің жұмысына корпоративтік басқару, тәуекел-менеджмент саласындағы құнды тәжірибені, сондай-ақ халықаралық тәжірибені, стратегиялық пайымын және мұнай тасымалдау саласының ерекшелігін терең түсінуді алып келеді.

Директорлар кеңесінің жұмысына қатысудан басқа тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің Комитеттерін басқарады, отырыстардың күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға белсенді қатысады,

сондай-ақ барлық акционерлердің мүдделерін ескере отырып, объективті шешімдер әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Есепті кезеңнің ішінде Компанияның тәуелсіз директорлары Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның Жарғысында және Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеде анықталған тәуелсіздік өлшемшарттарына толық сәйкес келді.

Тәуелсіз директорларды сайлау тәртібі туралы қосымша ақпарат Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қол жетімді.



Алмасбек МҰХАШОВ

Тәуелсіз директор

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1980 жылы 5 маусымда туылған.

БІЛІМІ

Рим америкалық университетін бітірген, Бизнес әкімшілендіру бойынша бакалавр дәрежесі бар.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

Мұнай-газ саласында халықаралық жұмыс тәжірибесі бар. Әр жылдары Eni S.p.A., Agip Caspian Sea B.V., Eni Exploration and Production, Agip Kazakhstan North Caspian Offshore Operating Company жұмыс істеген.

2019 жылғы 28 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры.

Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.

Компания және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.



Винишиус АГОСТИНИ

Тәуелсіз директор

Азаматтығы: Бразилия Федеративтік Республикасы. 1981 жылы 8 наурызда туылған.

БІЛІМІ

Universidade Federal de Minas Gerais (Бразилия) бітірген, дәрежесі – бизнес әкімшілендіру бакалавры, McDonough Georgetown University бизнес мектебін (АҚШ), ESADE бизнес мектебін (Испания) бітірген. Іскерлік әкімшілік магистрі (MBA) дәрежесі бар.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

Киберқауіпсіздік, болат өндірісі, тау-кен ісі, логистика, телекоммуникация және басқару консалтинг сияқты салаларда стратегиялық дамудың үлкен тәжірибесіне ие. Қазіргі уақытта Esceda компаниясындағы Стратегия және маркетинг бөлімінің басшысы қызметін атқарады (Латын Америкасындағы және АҚШ-тағы бұлтты есептеулерді және веб-қауіпсіздікті жеткізуші), аймақтың жеті елінде операцияларды іске қосуды үйлестіреді.

Usiminas (Бразилия) компаниясындағы жұмыс кезінде компанияның ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарын басқармамен және негізгі акционерлермен (Nippon Steel, Ternium / Tenaris groups) үйлестірді.

2019 жылғы 28 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры.

Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.

Компания және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.



Адриан ФРЕЙСИНЕ

Тәуелсіз директор

Азаматтығы: Швейцария Конфедерациясы.

1979 жылы 13 желтоқсанда туылған.

БІЛІМІ

Wheaton College (АҚШ, Массачусетс штаты) бакалавр және Джорджтаун университетінің (АҚШ, Колумбия округі) және ESADE Бизнес мектебінің (Испания) іскерлік әкімшілік магистрі (MBA) дәрежесі бар.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

Тікелей инвестициялар мен экономиканың түрлі секторларында консультациялар беру саласында елеулі халықаралық тәжірибесі бар. Өсу мүмкіндіктерін анықтауға, сондай-ақ қосылған құнды алуға бағытталған стратегияларды айқындауға маманданған. Rothschild&Co компаниясындағы өзінің мансабының басынан бастап Baring Vostok Capital Partners және халықаралық қаржы корпорациясында басшылық қызметтерді атқарды, Дүниежүзілік банк тобының мүшесі болды, онда Африкада, Азияда, Латын Америкасында, Ресейде және ТМД елдерінде инвестициялармен айналысты және оларды басқарды.

2019 жылғы 28 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры.

Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.

Компания және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА ІРІКТЕУ ЖӘНЕ САЙЛАУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ

Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде тәуелсіз директорларды және Директорлар кеңесінің төрағасын іріктеу және сайлау өлшемшарттары «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Компанияның Жарғысында, корпоративтік басқару кодексінде және Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген.

Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыретін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік

беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, анық және айқын рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлаған кезде олардың Компанияның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Компанияның Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде Компания мен акционерлердің мүддесінде тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды, ұзақ мерзімді құнның өсуін және Компанияның орнықты дамуын қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2019 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу

Директор	Отырыстарға қатысу		Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің құрамында болу кезеңі
	Барған отырыстар саны	Барған отырыстар проценті	
Данияр Берлібаев	10-нан 10	100%	01.01.2019 – 31.12.2019
Винишиус Агостини	10-нан 10	100%	28.01.2019 – 31.12.2019
Димаш Досанов	10-нан 10	100%	01.01.2019 – 31.12.2019
Алмасбек Мұхашов	10-нан 10	100%	28.01.2019 – 31.12.2019
Адриан Фрейсине	10-нан 10	100%	28.01.2019 – 31.12.2019
Нұртас Шманов	10-нан 10	100%	01.01.2019 – 31.12.2019

2019 жылы Директорлар кеңесінің 10 күндігі отырысы өткізілді, онда 124 мәселе қаралды және шешімдер, оның ішінде Компания қызметінің мынадай негізгі бағыттары бойынша қабылданды:

Стратегиялық дамыту:

- 2018 жылғы Бизнес-жоспарды іске асыру туралы есепті қарау;
- негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құны бойынша 2020–2024 жылдарға арналған бизнес-жоспарларды бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру туралы 2018 жылғы есепті қарау.

Қаржы-шаруашылық қызмет:

- «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы;
- Компанияның 2018 жылғы жылдық қаржылық есебін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
- Директорлар кеңесінің Компания акционерлерінің жалпы жиналысына Компанияның 2018 жылғы таза табысын, өткен жылдардың бөлінбеген пайдасын бөлу тәртібі және Компанияның бір қарапайым акциясына есептегенде 2018 жылғы дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- жасалуына Компания мүдделі мәмілелерді жасасу.

Корпоративтік басқару:

- «ҚазТрансОйл» АҚ 2018 жылғы жылдық есебін бекіту;
- 2019 жылғы Компанияның басшы қызметкерлерінің, корпоративтік хатшысы қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;
- Компанияның 2018 жылғы корпоративтік басқару кодексін қағидалары мен ережелерін сақтауы туралы есепті бекіту;
- 2018 жылғы атқарылған жұмыс туралы «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің жылдық есебін қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету және пайдалану бойынша ішкі бақылау қағидаларын бекіту.

Ішкі аудит:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020–2022 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020 жылға арналған бюджетін бекіту;
- Ішкі аудит қызметінің есептерін тыңдау.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау:

- «ҚазТрансОйл» АҚ және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының 2020 жылға арналған өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау нәтижелерін бекіту.


Орнықты даму саласында:

- «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратының құрылымын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту.

Директорлар кеңесі сондай-ақ Компанияның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдары-

ның қатысушыларының/акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған бірқатар мәселелерді қарады.

Компанияның Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған мәселелердің саны, дана



2019 жылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері туралы қосымша ақпарат Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Арнайы құзыреттерді талап ететін аса маңызды мәселелерге қатысты ұсыныстарды қарау және дайындау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесінің жанынан үш комитет құрылды: Стратегиялық жоспарлау комитеті, Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет, Ішкі аудит комитеті. Комитет мүшелері компанияның директорлар Кеңесінің шешімімен тағайындалады.

Комитеттердің функциялары, құқықтары мен міндеттері, құрылу тәртібі және жұмысын ұйымдастыру тиісті ішкі құжаттармен: «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ережемен, «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі ережесімен және «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы ережемен белгіленген. Осы құжаттармен Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде танысуға болады.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

КОМИТЕТТІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Стратегиялық жоспарлау комитетінің негізгі міндеті Компанияның даму стратегиясы мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстарды алдын ала қарау және дайындау, оның ішінде қызметтің басым бағыттарын айқындау болып табылады.

Комитеттің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде алты айда бір рет өткізіледі.

КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ

Комитет Директорлар кеңесінің мүшелерінен және Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Стратегиялық жоспарлау комитетінің сандық құрамын Компанияның Директорлар кеңесі айқындайды, бұл ретте Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болуы тиіс.

Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамы (Компанияның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен сайланды):

- Винишиус Агостини – тәуелсіз директор, төраға;
- Алмасбек Мұхашов – тәуелсіз директор;
- Адриан Фрейсине – тәуелсіз директор;
- Нұртас Шманов – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.

КОМИТЕТ 2019 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

2019 жыл ішінде Стратегиялық жоспарлау комитетінің 5 күндігі отырысы өткізілді, онда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсыныстар қаралды және әзірленді:

- 2019 жылға арналған бюджет бөлігінде «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2019–2023 жылдарға арналған түзетілген бизнес-жоспарларын негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құны бойынша қарау;
- Директорлар кеңесінің Акционерлердің жалпы жиналысына Компанияның 2018 жылғы таза табысын, өткен жылдардың бөлінбеген пайдасын бөлу тәртібі және «ҚазТрансОйл» АҚ бір қарапайым акциясына есептегенде 2018 жылғы дивидендтің мөлшері туралы ұсынысы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру туралы 2018 жылғы есепті қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ цифрлық технологияларды дамыту бағдарламасының жобасын қарау;
- негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құны бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ 2020–2024 жылдарға арналған бизнес-жоспарларын қарау.

Кадр және сыйақылар жөніндегі комитет

КОМИТЕТТІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің негізгі мақсаты Директорлар кеңесінің мүшелерін, Бас директорды (басқарма төрағасын) және басқарма мүшелерін, корпоративтік хатшыны іріктеуге, тағайындауға (сайлауға), бағалауға және сыйлықақы беруге байланысты оның өкілеттіктерін іске асыру кезінде Директорлар кеңесіне көмек көрсету болып табылады.

Комитеттің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізіледі.

КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ

Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Комитет мүшелерінің көпшілігі, оның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Компанияның Директорлар кеңесінің және Бас директоры (Басқарма Төрағасы) Комитет мүшелері болмауы тиіс.

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы (Компанияның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен сайланды):

- Алмасбек Мұхашов – тәуелсіз директор, төраға;
- Винишиус Агостини – тәуелсіз директор;
- Адриан Фрейсине – тәуелсіз директор.

КОМИТЕТ 2019 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

2019 жыл ішінде Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің 6 күндігі отырысы өткізілді, онда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсыныстар қаралды және әзірленді:

- Компанияның кейбір басшы қызметкерлері қызметінің 2019 жылға арналған түзетілген уәждемелік түйінді көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;
- 2019 жылдың алты айының қорытындысы бойынша Компанияның басшы қызметкерлері қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті қарау;
- 2019 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша Компанияның басшы қызметкерлері қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті қарау;
- 2019 жылдың алты айының қорытындысы бойынша Компанияның корпоративтік хатшысы қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті қарау;
- Компанияның басқарушы қызметкерлері мен Корпоративтік хатшысына 2018 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы;
- тағайындалуын Компанияның Директорлар кеңесі жүзеге асыратын лауазымға кандидаттарды келісу.

Ішкі аудит комитеті

КОМИТЕТТІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Ішкі аудит комитетінің қызметі Компанияның Директорлар кеңесіне сыртқы және ішкі аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, активтерді бағалау, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәселелері, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша басқа да мәселелер бойынша көмек көрсетуге бағытталған.

Ішкі аудит комитетінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ

Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Комитет құрамына кіретін Директорлар кеңесінің мүшелері, оның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Ішкі аудит комитетінің құрамы (Компания Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен сайланды):

- Адриан Фрейсине – тәуелсіз директор, төраға;
- Винишиус Агостини – тәуелсіз директор;
- Алмасбек Мұхашов – тәуелсіз директор.

Қажет болған жағдайда Комитет төрағасының шақыруы бойынша Комитет отырыстарына аудит нәтижелерін бірлесіп қарау мақсатында жетекші серіктес және/немесе Компанияның сыртқы аудиторы – «Эрнст энд Янг» ЖШС басқа да өкілдері қатыса алады.

КОМИТЕТ 2019 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Есепті кезеңде Ішкі аудит комитеті 7 күндігі отырыс және сырттай дауыс беру арқылы 2 отырыс өткізді, онда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсыныстар әзірленді:

- Компанияның 2018 жылғы жылдық қаржылық есебін және шоғырландырылған қаржылық есебін алдын ала мақұлдау;
- Компанияның инсайдерлік ақпаратына иелік ету және пайдалану бойынша Ішкі бақылау ережелерін және 2018 жылы жүргізілген Компанияның инсайдерлерін оқыту нәтижелері бойынша есепті сақтау мәселесі жөніндегі ақпаратты қарау;
- Компанияның Ішкі аудит қызметінің 2020 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын алдын ала мақұлдау;
- Компанияның Ішкі аудит қызметінің 2020 жылға арналған бюджетін алдын ала мақұлдау;
- Компанияның Ішкі аудит қызметінің 2020–2022 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарын алдын ала мақұлдау;
- Компанияның ішкі аудит қызметі туралы ережені алдын ала мақұлдау;
- Компанияның Ішкі аудит қызметінің сыртқы бағалау нәтижелері бойынша Есепті алдын ала мақұлдау.

Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің құрамына, міндеттері мен құзыретіне қойылатын талаптар және Комитеттер отырыстарын өткізу тәртібі туралы қосымша ақпарат Компанияның

корпоративтік интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

124

МӘСЕЛЕ

БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Тәуелсіз директорлардың сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу тәртібі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдарының тәуелсіз директорларының сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларында белгіленген.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдері, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы Бас директор (Басқарма төрағасы) осы органдағы жұмысы үшін сыйақы алмайды.

Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттерін орындағаны үшін тәуелсіз директорлар:

- жылына 80 000 АҚШ доллары мөлшерінде тіркелген сыйақы;
- Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің күндізгі отырыстарына қатысқаны үшін 1 000 АҚШ доллары мөлшерінде қосымша сыйақы.


Тәуелсіз директорларға сондай-ақ Тәуелсіз директордың тұрақты тұратын жерінен тыс өткізілетін Компанияның Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуліктік) өтеледі.

Компанияның тәуелсіз директорларына олардың 2019 жылғы жұмысының нәтижелері бойынша есептелген сыйақының жалпы мөлшері салықтарды қоса алғанда 117 231 мың теңгені құрады.

2019 жылы компанияның тәуелсіз директорларына есептелген сыйақы, мың теңге

Тәуелсіз директор	Жылдық сыйақы	Комитеттердің іштей отырысына қатысқаны үшін	Салықтарды шегергенде жиыны	Жиыны, салықтарды қоса алғанда
Винишиус Агостини	28 307	6 525	34 832	38 714
Алмасбек Мұхашов	28 307	6 525	34 832	39 803
Адриан Фрейсине	28 307	6 525	34 832	38 714
Жиыны:	84 921	19 575	104 496	117 231

Компанияның тәуелсіз директорларына сыйақы мөлшерінің серпіні, мың теңге



Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу шарттары бойынша қосымша ақпарат Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

Басқарма

«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

Басқарма қызметінің негізгі мақсаттары Компания алдында тұрған міндеттерді тиімді орындауды қамтамасыз ету және Даму стратегиясын іске асыру болып табылады. Осы мақсаттарды орындау кезінде Басқарма мынадай негізгі қағидаларды басшылыққа алады: әділдік, адалдық, парасаттылық, сақтаушылық, тұрақтылық, сондай-ақ Компания акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін барынша сақтау және акционерлердің жалпы жиналысы мен Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдеріне есеп беру.

Басқарма қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Компанияның Жарғысымен, корпоративтік басқару кодексімен, Басқарма туралы ережемен және Компанияның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

Басқарманы Директорлар кеңесі қалыптастырады және Компанияның мақсаттарына қол жеткізу

2019 жылы Басқарма құрамы

Аты, тегі	Лауазымы
Димаш Досанов	Бас директор (Басқарма төрағасы)
Сәбит Арынов	Бас директордың орынбасары
Болат Отаров	Бас директордың орынбасары
Әліби Құлтумиев (08.07.2019 жылға дейін)	Бас директордың орынбасары
Ален Таңатаров (09.07.2019 жылдан бастап)	Бас директордың орынбасары
Жайық Махин	Бас директордың орынбасары
Шыңғыс Сейсекенов	Бас директордың орынбасары
Орал Ыдырысов	Бас директордың орынбасары
Шара Әділова	Бас директордың орынбасары
Жайдарман Исақов	Басқарушы директор

бойынша атқарған жұмысы үшін Директорлар кеңесінің алдында есеп береді. Басқарманы оның жұмысын ұйымдастыратын және үйлестіретін Бас директор (Басқарма Төрағасы) басқарады.

Басқарма акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаржылық және адами ресурстарды бөлуге жауапты болады.

Компания Басқармасы қызметінің өкілеттіктері мен нәтижелері туралы қосымша ақпарат Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

2019 жылы Басқарма құрамына тоғыз мүше кірді. Басқарма мүшелерін қайта сайлау (Басқарма мүшелерін 3 жылға сайлау) 2018 жылғы 23 мамырда өтті.



Димаш ДОСАНОВ

**«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры
(Басқарма төрағасы)**

Азаматтығы: Қазақстан
Республикасы.

1981 жылы 2 қарашада туған.

БІЛІМІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – халықаралық қатынастар жөніндегі маман, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – экономист. Іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі (Executive MBA) дәрежесі бар, Джорджтаун университеті, Вашингтон қаласы, АҚШ.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2016 ж. қаңтар мен тамыз аралығында – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары.

2016 ж. 6 тамыздан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы).

2016 ж. 6 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма төрағасы.

2016 ж. 20 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«КҚК-Р» АҚ және «КҚК-Қ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.



Сәбит АРЫНОВ

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан
Республикасы.

1977 жылы 29 маусымда туған.

БІЛІМІ

Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы, техникасы» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – тау-кен инженері.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2009–2017 жж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Пайдалану департаментінің директоры.

2017 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының директоры.

2018 ж. 3 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.

2018 ж. 3 қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«Магистральдық Суағызғы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.

Компанияның 7 567 дана санындағы немесе орналастырылған акцияларының жалпы санының 0,00197% -на ие.

ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.



Болат ОТАРОВ

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан
Республикасы.

1966 жылы 23 ақпанда туған.

БІЛІМІ

В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Машина жасау технологиясы, металл кесетін станоктар және құрал-саймандар» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – инженер-механик.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2007–2017 жж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының тасымалдау жөніндегі орынбасары.

2018 ж. 3 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.

2008 ж. 20 ақпаннан бастап 2020 ж. 1 ақпанға дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.

Компанияның 135 дана санындағы немесе орналастырылған акцияларының жалпы санының 0,00004 % -на ие.

ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.



Ален ТАҒАТАРОВ

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан
Республикасы.

1981 жылы 23 тамызда Алматы қаласында туған.

БІЛІМІ

Талсы университетін (АҚШ) «Мұнайшы инженер» мамандығы бойынша аяқтаған. Іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA) дәрежесі бар, Саффолк Университеті (АҚШ). 2016 жылы «Басқарушы буын өкілдеріне арналған бағдарламасы» бойынша Гарвард бизнес мектебінде оқыды.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2016–2019 жж. – «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС Бас директоры.

2019 ж. 9 шілдеден бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.

2019 ж. 9 шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС Байқаушы кеңесінің төрағасы.

Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.



Жайық МАХИН

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.
1982 жылы 30 маусымда туған.

БІЛІМІ

Ресей Федерациясының сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын (Университет) «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген, дәрежесі – экономика бакалавры, 2005 жылы – «Әлемдік экономика» бағыты бойынша шет тілдерін білетін экономика магистрінің дәрежесі бар. 2014 жылы Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясын «МВА: менеджмент – халықаралық бизнес» бағдарламасы бойынша бітірген, іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі (МВА) дәрежесі бар.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2016–2017 жж. – «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС Бас директорының экономика жөніндегі орынбасары.

2017 ж. желтоқсан – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.

2018 жылғы 3 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.

2017 жылғы 20 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«Батумский мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің төрағасы, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.

Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.



Шара ӘДІЛОВА

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.
1978 жылы 30 қарашада туған.

БІЛІМІ

Массачусетс университетін «Бухгалтерлік есеп және қаржы» мамандығы бойынша бітірді. Массачусетс университетінің іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі (МВА) дәрежесі бар. 2009 жылы халықаралық басқару мектебін бітірді, экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі (PhD) берілген.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2016–2017 жж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының корпоративтік даму және активтер жөніндегі орынбасары.

2018 ж. 3 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.

2016 ж. 24 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі, «Petrotrans Limited» Директорлар жиналысының мүшесі, «МұнайТас» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.

Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.



Шыңғыс СЕЙСЕКЕНОВ

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.
1981 жылы 11 сәуірде туған.

БІЛІМІ

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін «Халықаралық экономикалық қатынастар, халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар. 2005 жылы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің аспирантурасын «Қаржы, ақша айналымы және кредит» мамандығы бойынша бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі бар. 2019 жылы Нью-Йорк университетінің Леонард Н. Штерн атындағы бизнес мектебін, Лондон экономика және саяси ғылымдар мектебін және Париждің НЕС жоғары коммерциялық мектебін бітірді. Іскерлік әкімшілік магистрі (МВА) дәрежесі бар.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2016–2017 жж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының бизнесті қолдау жөніндегі орынбасары.

2018 ж. 3 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.

2016 ж. 24 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«Батумский мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі, «Petrotrans Limited» Директорлар жиналысының мүшесі, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.

Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.



Орал ҮДЫРЫСОВ

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.
1959 жылы 12 ақпанда туған.

БІЛІМІ

Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген, біліктілігі – еңбек жөніндегі экономист.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2016–2017 жж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Адами ресурстарды басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры.

2017 ж. маусымнан бастап – «ҚазТрансОйл» Бас директорының трансформациялау жөніндегі орынбасары.

2018 ж. 3 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.

2017 ж. 1 маусымнан бастап қазіргі уақытқа – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«Батумский мұнай терминалы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.

Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

«ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ-ның 4 дана санындағы немесе орналастырылған акцияларының жалпы санының 0,00000538% -на ие.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.



Жайдарман ИСАҚОВ

«ҚазТрансОйл» АҚ Басқарушы директоры
 Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.
 1965 жылы 29 қазанда туған.

БІЛІМІ

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Құқықта-ну» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – заңгер. 2003 жылы Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы Халық шаруашылығы академиясынан оқудан өткен, мамандану тақырыбы «Мұнай-газ саласының заңгері».

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2014–2017 жж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры.

2018 ж. 3 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарушы директоры.

2003 ж. 12 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«Батумский мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі.


Компанияның және ЕББҰ акцияларына ие емес.
 Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына ие емес.
 Компанияның акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2018 жылы Компания Басқармасы 25 бетпе-бет отырыс өткізді. Сырттай түрдегі отырыстар өткізілмеді.

Компания Басқармасы барлығы 227 қарастырылған мәселе бойынша шешімдер қабылдады, 219 тапсырма берілді, бұл ретте 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі жағдай бойынша орындалмаған тапсырмалар жоқ. Басқарманың жұмыс нәтижелері бойынша 86 мәселе Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды, ал соның 8-і Компания акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына шығарылды.

Компания Басқармасының отырыстарында қаралған мәселелер саны, дана



2019 жылы Компания Басқармасының отырыстарына қатысушылар саны

Басқарма мүшесі	Отырысқа қатысулар		Есептік кезеңде Басқарма құрамында болу кезеңі
	Қатысқан отырыстар саны	Қатысқан отырыстар проценті	
Димаш Досанов	25-тен 25	92%	01.01.2019 – 31.12.2019
Сәбит Арынов	25-тен 18	72%	03.01.2019 – 31.12.2019
Болат Отаров	25-тен 14	56%	01.01.2019 – 31.12.2019
Әліби Құлтумиев	12-ден 11	85%	01.01.2019 – 08.07.2019
Ален Таңатаров	13-тен 11	92%	09.07.2019 – 31.12.2019
Жайық Махин	25-тен 23	92%	01.01.2019 – 31.12.2019
Шыңғыс Сейсекенов	25-тен 19	76%	01.01.2019 – 31.12.2019
Орал Ыдырысов	25-тен 22	88%	01.01.2019 – 31.12.2019
Шара Әділова	25-тен 24	96%	01.01.2019 – 31.12.2019
Жайдарман Исақов	25-тен 23	92%	01.01.2019 – 31.12.2019

Өткізілген отырыстар шеңберінде өзге де мәселелер қаралған және келесі негізгі бағыттар бойынша шешімдер қабылданды:

Стратегиялық даму:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру туралы 2018 жылғы Есебін мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2018 жылғы Бизнес-жоспарының іске асырылуы туралы Есепті мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ «бар күйінде» 1-2-3 деңгейдегі бизнес-процестер карталарын және «ҚазТрансОйл» АҚ Бизнес-процестер архитектурасын «бар күйінде» бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Цифрландыруды дамыту бағдарламасын бекіту.

Корпоративтік басқару:

- «ҚазТрансОйл» АҚ 2018 жылғы Жылдық есебін мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2019 жылға арналған қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ басшы қызметкерлерінің 2019 жылға арналған қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін мақұлдау;

- «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері басшыларының, FTO Филиалы, өкілдіктері мен өзге де ОҚБ басшыларының, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ операторлық қызметтер басшысының 2018 жылғы іс жүзіндегі мәндерімен және жиынтық нәтижелігімен қызметінің функционалдық негізгі көрсеткіштерін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ басқарушы қызметкерлерінің 2019 жылға арналған қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштері мен олардың нысаналы мәндерін бекіту.

Қаржылық-шаруашылық қызмет:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2017 жылдың ішіндегі жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін мақұлдау;
- еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2019 жылдың ішіндегі бюджет бөлігінде негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құндары бойынша 2019–2023 жылдарға арналған түзетілген Бизнес-жоспарларын мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасасуға мүдделігі бар мәмілелерді «Самұрық-Қазына» АҚ тобына енетін ұйымдармен жасасу.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдер жөніндегі комитетінің 2018 жылдың ішіндегі Есебін қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2019 жылдың ішіндегі Тәуекелдер жөніндегі комитеті жұмысының жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының маңызды тәуекелдерін басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы және маңызды тәуекелдер серпіні туралы оқсан сайынғы Есепті мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді алдын ала қарау.

ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Компанияның тәуекелдерді басқару мәселелерін алдын ала қарау мақсатында Басқарма жанындағы жеке консультативтік-кеңес беру органы – Тәуекелдер жөніндегі комитет құрылды. Комитеттің функционалы Компания және оның ЕББҰ тәуекелдерін басқарумен байланысты мәселелерді жан-жақты пысықтауды және тәуекел-менеджмент саласында салмақты шешімдерді Басқарманың қабылдауына мүмкіндік туғызатын ұсыныстар дайындауды енгізеді.

Тәуекелдер жөніндегі комитет өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Компания Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексін, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Тәуекелдер жөніндегі комитеті туралы ережені және Компанияның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері:

- Компанияның тәуекелдерін басқару саласындағы шешімдер қабылдау кезінде Компания Басқармасына жәрдем көрсету;
- Компанияның тәуекелдерді басқарудың тиімді корпоративтік жүйесін ұйымдастыру мен қолдау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды дайындау;
- Компания тәуекелдерін анықтауды, өлшеуді, қадағалауды және бақылауды танытатын процестерді дамыту;
- Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді бақылау бойынша

ұсыныстар мен ұсынымдарды дайындау болып табылады.

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің төрағасы бас директор (Басқарма төрағасы) болып табылады.

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстары Компания Басқармасы бекіткен Тәуекелдер жөніндегі комитеті жұмысының жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Компанияның Басқарма төрағасының 2019 жылғы 21 қаңтардағы шешімімен (№ 2 отырыс хаттамасы) бекітілген Тәуекелдер жөніндегі комитеттің жоспарына сәйкес есепті кезеңде Тәуекелдер жөніндегі комитет 5 жоспарлы, сондай-ақ 2 жоспардан тыс отырыстар өткізді, оларда:

- Компанияның және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша 2018 жылдың 4 тоқсаны және 2019 жылдың 1-3 тоқсандары үшін тоқсан сайынғы есептер келісілді;
- Компанияның орталық аппаратының 2019 жылға арналған Бизнес-процестер жіктеуішінің және Компанияның орталық аппаратының 2019 жылға арналған тәуекелдер матрицалары мен бақылаулары мен блок-схемаларын әзірлеу және/немесе өзектендіру бойынша жұмыстардың Күнтізбелік жоспар-кестесінің жобалары келісілді;
- жеке бизнес-процестер бойынша Компанияның орталық аппаратының Тәуекел матрицаларының және бақылауының жобалары келісілді;
- Компанияның және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының 2020 жылға арналған өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау нәтижелері келісілді;
- Компанияның және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының сыни (елеулі) тәуекел-факторлары бойынша, сондай-ақ Компанияның өндірістік процестерінің тиімділігін арттыру бойынша алдын алу шараларының қабылданған және жоспарланған шаралары туралы ақпарат тыңдалды. Олар бойынша жұмыс жалғасуда, орындалу жағдайы тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерде тіркеліп отырады.

Есепті кезеңде тәуекелдер жөніндегі комитет қараған барлық жоспарлы мәселелер Компанияның тиісті органдарына немесе лауазымды тұлғаларына одан әрі қарауға және/немесе бекітуге белгіленген тәртіппен шығарылды.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

Компания еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетін (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитет) құрды, ол өз құзыреті шегінде Компанияның Басқармасы жанындағы өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, еңбек пен денсаулықты қорғау, ресурстарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және өзге де іс-шаралар саласында тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2019 жылы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитет отырыстар өткізген жоқ. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитеттің белсенді жұмысының басталуы 2020 жылы жоспарланып отыр.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ

Компанияда қолданыстағы Басқарма мүшелеріне сыйақы беру тәсілі біліктілігі жоғары мамандарды тартуға және ұстап тұруға және олардың Компания алдында тұрған міндеттерді тиімді орындаулары үшін материалдық қызығушылықтарын қамтамасыз етуге бағытталады.

Компания Басқармасы мүшелеріне еңбек-ақы төлеу және сыйлықақы беру тәртібі «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Басқармасы туралы ережемен, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның басқарушы және басшы қызметкерлерінің, корпоративтік хатшының қызметінің тиімділігін бағалау қағидаларымен, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ-ның басқарушы және басшы қызметкерлеріне, ішкі аудит қызметінің басшысына және корпоративтік хатшыға сыйақы беру төлемдері қағидаларымен белгіленген.

Басқарма төрағасына және оның мүшелеріне еңбекке ақы төлеу жүйесі өткен жылдың жұмыс қорытындысы бойынша еңбекақы төлемдерін және сыйақының тұрақты бөлігін енгізеді.

2019 жылдың ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Басқарма мүшелеріне жалпы сомасы 770 573 мың теңгеге сыйақы есептелген.

Компанияның шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі бекітілгеннен кейін «ҚазТрансОйл» АҚ-ның басқарушы қызметкерлеріне өткен жылдың жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның бюджетінде осы мақсаттарға қарастырылған ақшалай қаражат шегінде төленеді.

Өткен жылдың жұмыс қорытындысы бойынша сыйақыны төлеу үшін негізгі шарттар:

- есептік жылы ішіндегі шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы;
- жылдың жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы төлеу үшін уәждемелік ҚНҚ орындау;
- қызметкерлердің орындаушылық және еңбек тәртібін сақтау болып табылады.

Басшы қызметкерлердің қызметін бағалау кезінде уәждемелік ҚНҚ қолданылады, бұған «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ және «ҚазТрансОйл» АҚ стратегиялық мақсаттарын реттеу арқылы әзірленетін корпоративтік және функционалды ҚНҚ енгізеді.

Жылдың жұмыс қорытындысы бойынша басшы қызметкерге сыйақы беру мөлшері есептік мерзім ішінде нақты атқарылған жұмыс уақыты ішінде басшы қызметкердің лауазымдық еңбекақысының үш есе жылдық сомасынан асып кетпеуі тиіс.

Басшы қызметкерлердің ҚНҚ нақты орындалуы деректерді тексеру және келісудің белгіленген рәсімдерін ескере отырып Директорлар кеңесімен бекітіледі.

КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫНЫҢ

25 КҮНДІЗГІ ОТЫРЫСЫ
2019 ЖЫЛ ІШІНДЕ ӨТКІЗІЛДІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Метеорологиялық кратер Жаманшин – Ақтөбе облысындағы тағы бір ерекше орын. Мұнда бір миллион жыл бұрын құлаған метеорит Ырғыз ауданының табиғи қорығы болып табылатын диаметрі 13 км үлкен кратер қалдырды. Кратер туристер арасында үлкен танымалдыққа ие, ол тіпті Ақтөбе облысының көрікті жеріне айналып үлгерді.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ АЙМАҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Резервуарлардың
саны

11

дана



Жөнелтушілердің
саны

8

дана



Әлеуметтік
тұрақтылық рейтингі

72 %

Тәуекелдерді басқару процесі

Компанияда тәуекелдерді басқару процестерін ұйымдастыру ақпараттың үздіксіз ағыны мен ақпарат алмасуды, сондай-ақ барлық басқару деңгейінде, тіпті ОҚБ дейін тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді.


«Жоғарыдан төмен қарай» вертикаль бойынша берілетін ақпарат стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, тәуекел-бедел деңгейін арттыруға, тәуекелдер деңгейіне дейін тәуекелдерді басқару тәсілдеріне мүмкіндік туғызады. «Төменнен жоғарыға қарай» берілетін ақпарат ағыны Компанияның басшылығына Компанияның анықталған

тәуекелдерінің жағдайы туралы, оларды іске асыру кезіндегі әсер етулер мен ықтималдылықты бағалаудағы өзгерістер туралы уақытылы және дәйекті мәліметтерді ұсынады.

Стратегияны әзірлеу кезінде Компания басшылығымен қойылған мақсаттарға қол жеткізуге әсер етуге қабілетті тәуекелдерді бағалау мен баламалы нұсқаларды мұқият пысықтауды жүзеге асырады.

Мақсат қоюға аталған тәуекел-бағдарланған тәсіл Компания дамуына барынша оңтайлы бағыттарды таңдауға және сонымен тоғысатын тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалауға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді басқару процесінің негізгі кезеңдері



ТБКЖ Компания тәуекелдерін анықтауды, сондай-ақ Компанияның барлық тәуекелдерін бағалауды және басымдық танытуды қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді бағалау шеңберінде сапалы және сандық әдістер пайдаланылады. Компания қызметін жартылай немесе толықтай тоқтатып қоюға әкелетін тәуекелдер үшін үздіксіз қызметті қамтамасыз ету жоспарлары әзірленеді.

2018 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бастамашылық жасаған ТБКЖ жөніндегі жаңа әдіснаманың енгізілуіне байланысты 2020 жылға жоспарланған тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тәуекелдерінің жаңартылған бірыңғай жіктегіші бойынша жүргізіледі. Осылайша, компанияның барлық тәуекелдері екі ірі санатқа бөлінді – өндірістік және өндірістік емес тәуекелдер, олардың көздері тиісті тәуекел-факторлар (себептер) болып табылады. 2020 жылы күтілетін тәуекелдерді сәйкестендіру қорытындыларын 2019 жылғы желтоқсанда Компанияның Директорлар кеңесі бекітті.

Компанияда жұмыс істеп тұрған тәуекелдер жөніндегі есептілік жүйесі ТБКЖ жұмыс істеуін қолдайды және салмақты басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді. Компанияның тәуекелдер серпіні туралы тоқсан сайынғы есептілік Тәуекелдер жөніндегі комитетке, Директорлар кеңесіне және Басқармасына ұсынылады.

Компанияда іске асырылған тәуекелдер туралы деректерді есепке алу және бұдан әрі қарайғы талдау мақсатында корпоративтік порталда іске асырылған тәуекелді оқиғалар бойынша деректерді бірыңғай электрондық базасы құрылған. Электрондық базаны енгізу тәуекелдер мен тәуекел-факторларды сандық бағалауды жүргізу үшін қажетті статистиканы жинақтауға, сондай-ақ тәуекелдер туралы аналитикалық есептілікті дайындауға мүмкіндік береді.


Есептік мерзім ішінде өндірістік және өндірістік емес тәуекелдердің және оларға тән тәуекел-факторлардың жағдайын, оларды басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуын тұрақты мониторингтеу, сондай-ақ іске асырылған тәуекелді оқиғалар бойынша деректердің электрондық базадағы іске асырылған тәуекелдерін есепке алу және Компания басшылығы үшін тоқсан сайынғы есептілікті дайындау жүзеге асырылады.

Компанияның 2019 жылғы тәуекелдері

Компанияда тәуекелдер тізбесі құрастырылған, бұл Компанияның қаржылық жағдайына және стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге барынша маңызды әсерін тигізеді. Компания осындай тәуекелдерге тұрақты баға береді. 2019 жылы тәуекелдерді бағалау нәтижелері «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдер картасында берілген және олардың Компания қызметіне әсер ету дәрежесін айқын көрсетеді. Үлкен сандық мән бағаланатын өлшемшартының үлкен мәніне сәйкес келеді. Тәуекелдерді бағалау Директорлар кеңесі бекіткен «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

100% ТӘУЕКЕЛДЕРДІ
БАСҚАРУ БОЙЫНША ЖҰМЫС 2019
ЖЫЛЫ ТОЛЫҚ КӨЛЕМДЕ ОРЫНДАЛДЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдер картасы



Тәуекелдер картасын ашып жазу. Тәуекелдер мен тәуекел-факторлар

№	ТӘУЕКЕЛ/ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОР	жоғары	орта	төмен
Технологиялық режимнің сақталмауы				
4	ТПБАЖ техникалық және бағдарламалық құралдарының іркілісі және істен шығуы: техникалық құралдар, бағдарламалық жасақтама (БЖ)		●	
120	Сыртқы электрмен жабдықтауды берудегі іркілістер		●	
254	Персоналдың бұрыс/дұрыс емес әрекеттері	●		
Жабдықты уақытылы емес/сапасыз жөндеу				
46	Технологиялық жабдықты жөндеу үшін ТМҚ жеткізуге шарттарды уақытылы жасамау		●	
49	Сенімсіз өнім берушіні/жосықсыз қатысушыны/жалған кәсіпкерді таңдау		●	
57	Жұмыстар өндірісін қанағаттанарлықсыз ұйымдастыру	●		
Технологиялық жабдықты уақытылы емес/сапасыз ауыстыру				
92	Жабдықты уақытылы жеткізбеу		●	
144	Жаңа жабдықта оны пайдалану кезінде анықталған зауыттық ақаудың болуы		●	
Кірістердің азаюы				
300 (БМТ)	Қызметтерге/өнімге сұраныстың төмендеуі (БМТ)	●		
305	Дебиторлық берешектің уақытында қайтарылмауы		●	
162	Бекітілген жоспарлардың сапасының төмен болуы (инвестициялық бағдарламаны дұрыс жоспарламау)	●		
301	Мұнай жеткізудің азаюы немесе тоқтатылуы		●	
291	Стратегиялық әріптестермен қарым-қатынастар жағдайының өзгеруі		●	

№	ТӘУЕКЕЛ/ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОР	жоғары	орта	төмен
300 (ОҚД)	Қызметке/өнімге сұраныстың азаюы (ОҚД)	●		
304	Контрагент банктердің өз міндеттемелерін орындамауы		●	
172	Тарифтік сметаның уақытылы түзетілмеуі	●		
155	Өндірістік өнімнің дұрыс емес есептелуі		●	
210	Негізгі қызмет бойынша сапасыз қызмет көрсетілуі		●	
188	Мәмілелердің тиісті түрде заң жүзінде ресімделмеуі			●
204	БАҚ-та компания қызметі туралы оның беделіне теріс әсер ететін көріну жалған немесе бұрмаланған мәліметтердің пайда болуын болдырмау тетіктерінің болмауы		●	

Шығыстардың өсуі

312	Тарифтік реттеу саласындағы уәкілетті органның шешімдер қабылдауы		●	
311	Мемлекеттік органдардың қажетті келісімдері мен рұқсаттарын алу ұзақтығы		●	
261	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың сақталмауы		●	
310	Үшінші тұлғалар тарапынан қасақана заңға қарсы әрекеттер		●	
213	Күрделі салымдарды жоспарлау кезінде экономикалық тиімділіктің дұрыс есептелмеуі			●
257	Компанияның қолданылатын құқық талаптарын сақтамауы		●	
228	Қаржылық есептіліктің дұрыс жасалмауы			●
224	Қаржылық есептілікті уақытылы ұсынылмауы			●
239	Компанияда қаржылық / қаржылық емес ковенанттардың сақталмауы			●
262	Салық заңнамасы талаптарының сақталмауы			●
244	Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарының уақытылы бекітілмеуі		●	
245	Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың бекітілген жылдық жоспарына қажетті өзгерістер мен толықтырулардың уақытылы енгізілмеуі		●	
246	Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың уақытылы өткізілмеуі			
247	Сенімсіз өнім берушіні/жосықсыз қатысушыны/жалған кәсіпкерді таңдау			
254	Персоналдың бұрыс / дұрыс емес әрекеті	●		
260	Еңбек заңнамасы талаптарының сақталмауы		●	
256	Жұмыскерлердің ереуілдері, митингілері, наразылықтары		●	
249	Персоналдың біліктілігінің жеткіліксіз болуы		●	
263	Ақпаратты қорғау саласындағы ішкі құжаттардың талаптарының сақталмауы		●	
275	Ақпараттық жүйеге рұқсатсыз қол жеткізу		●	
276	Қолданыстағы БЖ істен шығуы (жоғалуы)		●	
277	Қолданыстағы серверлік жабдықтың істен шығуы		●	
357	Табиғи әсерлер, апаттар		●	
308	Сот талап-арыздары		●	
324	Сырттан корпоративтік желіге рұқсатсыз кіру		●	
268 (жаңа)	Сыбайлас жемқорлық сипатындағы заңға қарсы әрекеттер			●
360	«Жеткізулердің нәзік тізбегі»		●	

Тәуекелді оқиғаларды іске асыру ықтималдығын азайту мақсатында ОҚБ және ЕББҮ басшылары 2019 жыл ішінде алдын алу сипатындағы қажетті іс-шараларды орындады. Компания сондай-ақ ықтимал қаржылық шығындарды азайту мақсатында іске асырылған тәуекелдерге түзету іс-қимылдарының тиісті іс-шараларын қабылдады. Компанияның тәуекелдерін басқару бойынша жоспарланған барлық жұмыстар 2019 жылы толық көлемде орындалды. «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдері және оларды басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі іс-шаралар туралы егжей-тегжейлі ақпарат есепке б-қосымшада берілген.

Оқуты және тәуекел-мәдениетті дамыту

Компания қызметкерлердің тәуекелдер туралы жоғары деңгейде хабардар болуға және тәуекелдерді басқару процесіне тартылуына негізделген тәуекелді-бағдарланған мәдениетті дамытуға жеке назар аударады. Жұмысқа қабылдау кезінде барлық қызметкерлер «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясатта баяндалған, ТБКЖ ұйымдастыру және жұмыс істеу қағидаттары, міндеттері мен негізгі мақсаттары бойынша нұсқамадан өтеді.

Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, олардың серпінін мониторингілеу және тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептілікті дайындау процесінде жүйелі түрде түсіндіру жұмысы және онлайн режимінде консультациялар жүргізіледі, Компанияның корпоративтік порталында ТБКЖ бойынша оқыту тұсаукесерлері мен әдіснама орналастырылған. ТБКЖ бойынша саясаттың, ІБЖ регламентінің, мақсаттар мен міндеттердің, тәуекелдерді басқару қағидаттарының және тәуекелдер бойынша терминологияның негізгі талаптары Компания қызметкерлерін аттестациялау кезінде, сондай-ақ белгілі бір лауазымдарға жұмысқа қабылдау кезінде тестілеудің жалпы сұрақтарының тізбесіне енгізілген.

Тәуекелдерді басқару және ИМЖ департаментінің үш қызметкері ұйымды тәуекелге бағдарланған басқару бойынша оқудан өтті, ISO 31000: 2009 бойынша сертификат алды, сондай-ақ Қазақстандағы тәуекел-менеджмент жөніндегі алғашқы форумға қатысты. 2020 жылы ТБКЖ және ІБҚ саласында қызметкерлердің хабардарлығын арттыру бойынша онлайн курс өткізу, сондай-ақ қосымша нұсқамаларға қажеттілікті анықтау немесе тәуекелдер бойынша оқудан өту үшін ТБКЖ және ӘАҚЖ саласында Компания қызметкерлерін жыл сайынғы автоматтандырылған корпоративтік тестілеуді практикаға енгізу мүмкіндігін қарастыру жоспарлануда.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау

ТБКЖ тиімділігін қолдау және тұрақты жетілдіру Компания басымдықтарының бірі болып табылады. ТБКЖ тиімділігін тәуелсіз бағалау, ішкі және/сыртқы аудиттер нәтижелерімен расталады, сондай-ақ Компания органдарымен, басшылығымен, рейтинглік агенттіктермен және өзге де мүдделі тараптармен мойындалуы мүмкін. ТБКЖ тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктерді жою және тәуекелдерді басқару практикасын дамыту бойынша жоспар әзірленген.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Ішкі бақылау жүйесі Компанияның барлық бизнес-процестерін қамтиды және Компания қызметіне тән процестік деңгейдегі тәуекелдерді уақытылы анықтау мен талдауға сондай-ақ келесі үш маңызды саладағы аталған тәуекелдерді басқару бойынша бақылау рәсімдерін анықтау мен талдауға бағытталған:

- операциялық қызметі;
- қаржылық есептілікті дайындау;
- заңнамалық және нормативтік талаптардың сақталуы.

ІБЖ жұмыс істеуі «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі бақылау жүйесінің саясатымен және «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі бақылау жүйесінің регламентімен реттеледі. Жұмысқа қабылдаған кезде барлық қызметкерлер «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі бақылау жүйесінің саясатын іске асыру шеңберінде ІБЖ жұмыс істеуінің қағидаттарымен таныстыру бойынша стандартты рәсімдерден өтеді.

Компания ІБЖ жетілдіру, сондай-ақ қызметті жүргізудің тәуекел-бағдарланған жүйесін дамыту бойынша тұрақты жұмыстар жүргізеді. Аталған жұмыстар шеңберінде 2019 жылы келесі маңызды іс-шаралар іске асырылған:

- Компанияның орталық аппаратының және ОҚБ бизнес-процестерінің жіктегішіне өзекті сипат берілген;
- Компанияның орталық аппаратының жеке бизнес-процестері бойынша бақылау және тәуекелдердің блок-схемалары мен матрицаларына өзекті сипат берілген;
- Компанияның ОҚБ жеке бизнес-процестері бойынша бақылау және тәуекелдердің матрицалары әзірленген және бекітілген.

Интеграцияланған менеджмент жүйесі

Компанияда сапа, денсаулық пен қауіпсіздік, экология және энергиялық тиімділікті арттыру мәселелері бойынша бизнестің тұрақтылығын және тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында интеграцияланған менеджмент жүйесі (ИМЖ) енгізілген және жұмыс істейді.

ИМЖ Компанияны басқару жүйесінің ажырама бөлігі болып табылады және келесі халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келеді:

- ISO 9001:2015 – сапа менеджментінің жүйесі;
- ISO 14001:2015 – экологиялық менеджмент жүйесі;
- OHSAS 18001:2007 – денсаулықты қорғау және қауіпсіздік менеджменті жүйесі;
- ISO 50001:2011 – энергиялық менеджмент жүйелері.

2019 жылы Компанияда инспекциялық аудит табысты өткізілді, соның нәтижелері бойынша SGS (Societe Generale de Surveillance) сертификаттау жөніндегі халықаралық орган Компанияның ИСМ көрсетілген халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігін растады.

Компания ИБЖ жақсарту мәселесі бойынша айрықша көңіл бөледі. Мәселен, жыл сайынғы негізде ішкі аудит жүргізіледі, соның негізінде анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша іс-шаралар және ИБЖ жақсарту жөнінде ұсынымдар әзірленуде. Бұл ретте, барлық анықталған сәйкессіздіктер мен ИБЖ жақсарту бойынша ұсыныстар Компанияның корпоративті порталындағы деректер базасында бекітіледі.

Сонымен қатар, халықаралық стандарттар ережелеріне сәйкес Компанияда жыл сайын басшылық тарапынан ИБЖ талдау жыл сайын жүзеге асырылады, соның нәтижесі бойынша ИБЖ жетілдіру бойынша шешімдерді қалыптастырады.

Компанияның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау менеджменті жүйесін (ЕҚ және ҚМД) жақсарту, сондай-ақ Компанияның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру бойынша 2019 жылға арналған іс-шаралар жоспарын орындау, өндірістік жарақаттануды төмендету, Компанияның имиджін арттыру мақсатында ISO 45001:2018 талаптарына ЕҚ және ҚМД бейімдеу бойынша жоба іске асырылуда. Осы жоба шеңберінде ISO 45001:2018 талаптарына сәйкестігін бағалау үшін (диагностикалық аудит) ЕҚ және ҚМД диагностикалық аудиті өткізілді, оның

нәтижелері бойынша ЕҚ және ҚМД жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірленді. Сондай-ақ жоба аясында компанияның 238 қызметкері оқытылды.

Компания қызметінің бірі интеграциялау және ИМЖ-ны жетілдіру бөлігіндегі басым бағыттарының бірі қызметкерлердің хабардар болуын және олардың ИМЖ саласындағы құзыреттілігін арттыру мақсатында оқыту іс-шараларын өткізу болып табылады. Осы жұмыс шеңберінде 2019 жылы ИМЖ әкімшілері Компания қызметкерлерін келесі тақырыптар бойынша оқытуды ұйымдастырды:

- «ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018 және ISO 50001:2011 бойынша интеграцияланған басқару жүйесінің менеджері/ ішкі аудиторы» – 22 қызметкер;
- «Жаңа ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 22000:2018, ISO 45001:2018, ISO 50001:2011 стандарттарымен басқару жүйесіндегі ойлауды өзгерту» – 49 қызметкер.

2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2020 жылға арналған ИБЖ жақсарту және орташа мерзімді перспектива бойынша, сондай-ақ халықаралық стандарттардың талаптарына толық сәйкестікте ИБЖ қолдау бойынша жұмыстардың негізгі келесі кезеңдерден тұратын ISO 45001:2018 талаптарына сәйкес келетін қауіпсіздік менеджменті және еңбекті қорғау жүйесіне ауысуды жалғастыру болып табылады:

- ISO 45001: 2018 талаптарына сәйкес қажетті құжаттаманы әзірлеу/өзектендіру;
- ISO 45001:2018 талаптарына сәйкес келетін ЕҚ және ҚМД енгізу;
- ЕҚ және ҚМД ISO 45001: 2018 талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында ішкі аудит жүргізу.

2019 ЖЫЛЫ

300-ден

АСТАМ ҚЫЗМЕТКЕР ИСМ САЛАСЫНДА ОҚУДАН ӨТТІ

Ішкі аудит қызметі

Компанияның ішкі аудит қызметі 2013 жылғы 8 тамызда Директорлар кеңесінің шешімімен құрылған, Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін Компанияның органы болып табылады.

Ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруде жүйелік тәсілдерді енгізу арқылы Компанияның тиімді басқаруын қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты Директорлар кеңесіне ұсыну болып табылады.

Ішкі аудит қызметі өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Компанияның Жарғысын, сондай-ақ келесі ішкі құжаттардың ережелерін басшылыққа алады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-та ішкі аудит қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқама.

Ішкі аудит қызметінің негізіне Ішкі аудиторлар институтымен әзірленген Этика кодексінің және Халықаралық ішкі аудит кәсіптік стандарттарының (ХИАКС) базалық қағидаттары алынады.

2019 жылы Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес 7 аудиторлық тексеру өткізілді. Атап айтқанда, FTO Филиалында, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС, «МұнайТас» ЖШС, сондай-ақ Компанияның Ақтөбе және Қарағанды мұнай құбыры басқармаларында өндірістік, операциялық және қаржылық процестеріне кешенді аудит жүргізілді.

Бұдан басқа, есепті кезеңде Компанияның корпоративтік басқаруына бағалау жүргізілді, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметімен бірлесіп күрделі құрылыс және күрделі жөндеу процесіне аудит жүргізілді.

Сондай-ақ 2019 жылы Ішкі аудит қызметінің қызметіне ХИАКС-ның, мүдделі тараптардың үміттері мен үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкестігіне бағалау жүргізілді. Аталған бағалау «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС ХИАКС 1312 «Сыртқы бағалар» талаптарына сәйкес өткізілді.

2019 жылы Ішкі аудит қызметі жүргізген тексерулердің нәтижелері бойынша 73 сәйкессіздік анықталып, 96 ұсыныс берілді. Компанияның корпоративтік басқаруын бағалау нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметі 24 ұсыныс берді.

2019 жылы берілген Ішкі аудит қызметінің барлық ұсыныстары бойынша аудит объектілері анықталған сәйкессіздіктер бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарларын әзірлеп, бекітті.

2020 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2020 жылы Ішкі аудит қызметінің шеңберінде жоспарланған:

- Компания қызметінің негізгі бағыттары бойынша бизнес-процестерді, саясатты, рәсімдерді, тиімділікті бағалауды өткізу;
- Компанияның Ішкі аудит қызметі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Компанияның Ішкі аудиторлары берілген ұсыныстарды орындау мониторингін жүзеге асыру болып табылады.

Сыртқы аудитор

Компания қаржылық есептіліктің дәйектілігін растау мақсатында тәуелсіз аудиторлық ұйымдарды тартады.

Компанияның сыртқы аудитормен өзара әрекеттесуі Компанияның Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 17 мамырдағы шешімімен бекітілген аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласында «ҚазТрансОйл» АҚ саясатымен реттеледі. Аталған Саясаттың мақсаты аудиторлық ұйымдардың қызметтерін (аудиторлық ұйымдары қызмет көрсететін аудиторлық қызметтерді қоса алғанда) тарту бойынша тиімді қызметті ұйымдастыру, оларды таңдау бойынша бірыңғайландырылған рәсімдерді енгізу, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ аудиторларының аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсету және мүдделер қақтығыстарына жол бермеу кезінде тәуелсіздік мәртебесін сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

Аудиторлық ұйымды таңдау кезінде пайдаланылатын негізгі критерийлері:

- қызметтер сапасы;
- қызметтер көрсету оперативтілігі мен уақыттылығы;
- қызметтер құны болып табылады.

Бұл ретте аудиторлық ұйым қызметтерінің сапасы келесі факторлармен:

- аудиторлық ұйым мамандарының біліктілік деңгейімен;
- қазақстандық және халықаралық нарықта аудиторлық ұйым мамандарының жұмыс тәжірибесімен;

- мұнай-газ саласында аудиторлық ұйым мамандарының білімімен;
- Қазақстанда техникалық қолдау мамандандырылған тобының (экономиканың мұнай-газ секторында ХҚЕС сәйкестікте есепке алу мәселелері жөніндегі сарапшылар) болуы және осындай топтың құрылуы туралы міндеттемелерді аудиторлық ұйымға ұсынумен анықталады.

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2019 жылғы 5 наурыздағы кезекті жалпы жиналысында «ҚазТрансОйл» АҚ 2019–2021 жылдары аудитін жүзеге асыратын «Эрнст энд Янг» ЖШС аудиторлық ұйым болып табылатындығын, «ҚазТрансОйл» АҚ қаржылық есептілігінің аудиті үшін оның қызметтерінің мөлшері ҚҚС-ты есепке алғанда 253 018 594 теңге сомасында белгілеу туралы шешім қабылданды.

Аудиторлық ұйым қаржылық есептілік аудитінің қызметтері үшін төлейтін 2019, 2020 және 2021 жылдары ішіндегі ҚҚС-ты есепке алғанда жыл сайынғы сыйақы мөлшері тиісінше 81 599 217 теңге, 84 328 801 теңге, 87 090 576 теңге құрайды.

«Эрнст энд Янг» ЖШС есептік мерзімі ішінде қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес консультациялық қызметтер көрсетпейді.

Компанияның сыртқы аудиторы туралы, сондай-ақ 2019 жылы көрсетілген қызметтер туралы егжей-тегжейлі ақпарат Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде ұсынылған.

2019 ЖЫЛЫ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

7 АУДИТОРЛЫҚ ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗДІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

GRI 103 205-1 205-2 205-3

Компания өзінің күнделікті қызметінде ашық, адал және этикалық іскерлік мінез-құлық қағидаттарын басшылыққа алады, сондай-ақ кез-келген көріністеріндегі сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықты анықтау мен қарсы тұру жөніндегі жүйелі жұмысты жүргізеді.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру шеңберінде және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Компания сыбайлас жемқорлықты ескерту, сыбайлас жемқорлық мәдениетін қалыптастыру, мүдделер қақтығыстарының алдын алу және рұқсат ету жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.

Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты іске асыру корпоративтік қауіпсіздік департаментімен жүзеге асырылады.

Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін негізгі ішкі құжаттар болып табылады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік этика кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа мониторингтеу жүргізу және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау регламенті;
- «ҚазТрансОйл» АҚ бұзушылықтардың пайда болу тәуекелдерін басқару жөніндегі саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің қақтығыстарын реттеу жөніндегі саясаты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында Компанияда пайдаланылатын негізгі

құрал-саймандар және механизмдер болып табылады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтеу;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және басқару;
- сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабардар ету және кері байланыс үшін арналардың жұмыс істеуі;
- Компанияның контрагенттермен жасасқан шарттарының барлық нысандары бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімін енгізу (2019 жылдан бастап қолданылады);
- қызметкерлерді және контрагенттерді ақпараттандыру;
- Компанияның корпоративтік этика кодексінің негізгі ережелерін білу мәніне қызметкерлерге тұрақты тестілеу жүргізу.

Компанияда ішкі коммуникация жүйесі дамыған, соның көмегімен Компания басшылығына кез келген қызметкерден және өзге де мүдделі тараптардан сыбайлас жемқорлыққа байланысты күдікті фактілер туралы, сондай-ақ өзге де теріс пайдалану және бұзушылықтар туралы оперативті ақпарат келіп түседі. Компанияға келіп түсетін өтініштерді қабылдау үшін келесі арналар жұмыс істейді:

- Компания корпоративтік интернет-ресурсындағы Бас директорының (Басқарма төрағасы) блогы;
- сенім телефоны +7 (7172) 555-210;
- электрондық пошта.

Сенім телефоны және электрондық пошта арқылы ақпаратты өңдеуді омбудсмен жүзеге асырады. Бас директорының (Басқарма төрағасының) блогына келіп түсетін өтініштерді ол жеке өзі қарайды. Өтініштерге жауапты жұртшылықпен байланыс және ішкі коммуникациялар департаменті дайындап, Компанияның Бас директорымен (Басқарма төрағасымен) келіседі.

Сондай-ақ, 2019 жылы арнайы бөлінген «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» желісі құрылды: 5213@kaztransoil.kz сыбайлас жемқорлық көріністері фактілерін қамтитын хабарламаларды қабылдауға арналған. Келіп түскен хабарламалар өңделеді және одан кейін «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаралады. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» желісі тәулік бойы жұмыс істейді. Өтініштер жұмыс

күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін қаралады және корпоративтік қауіпсіздік департаментінің директорына тікелей түседі.

Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында 2019 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат қағидаттары және оны іске асыру рәсімдері туралы қызметкерлерді ақпараттандыру жөніндегі жұмыстар жүргізілді.

Мәселен, Компанияның ОҚБ қызметкерлері «Квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру» тақырыптарына таныстыру дәрістеріне (бейне-конференцбайланыс арқылы) қатысты. Ал

орталық аппарат қызметкерлері үшін Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің және «Нұр Отан» партиясының «Бірлік» филиалының өкілдерімен тақырыптық кездесу өткізілді.

2019 жылы Компания ішінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық фактілері анықталған жоқ.

Компанияның 2020 жылға арналған жоспарлары сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты басқарудың тиімділігін арттыруды, сондай-ақ қызметкерлердің заңға қарсы әрекеттерге төзбеушілік көзқарасын қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыруды қамтиды.

Корпоративтік этика, Корпоративтік дауларды және мүдделер қақтығыстарын реттеу

GRI 102-16

Компания бизнесті адал, әділ, ашық, шынайы және жауапты жүргізу қағидаттарын басшылыққа алады. «ҚазТрансОйл» АҚ маңызды корпоративтік құндылықтары қызметкерлердің әдептілігі, сенімділігі, кәсібилігі және тиімділігі, өзара көмек көрсетуі, сондай-ақ тұтастай алғанда мүдделі тараптарды және қоғамды, бір-бірін құрметтеуі болып табылады.

Компанияда іскерлік тәртіптің құндылықтары, қағидаттары және нормалары «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік этика кодексінде бекітілген.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСТАРЫН БАСҚАРУ

Мүдделер қақтығыстарын реттеу жөніндегі шараларды уақытылы анықтау мен қабылдау Компанияның және оның қызметкерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады.

Компаниядағы қолданыстағы мүдделер қақтығыстарының алдын алу және бұзушылықтардың пайда болу тәуекелдерін басқару жөніндегі рәсімдер келесі ішкі құжаттармен:

- «ҚазТрансОйл» АҚ бұзушылықтардың пайда болу тәуекелдерін басқару жөніндегі саясатымен;
- «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің қақтығыстарын реттеу жөніндегі саясатымен регламенттелген.

Көрсетілген құжаттар барлық қатысушыларды бұзушылықтардың пайда болу тәуекелдерін басқару процесімен таныстыру және қолдану үшін міндетті болып табылады, сондай-ақ Компания лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің мүдделер қақтығыстарының пайда болуын алдын алу жөніндегі міндеттерді және оларды реттеу рәсімін белгілейді. Мүдделер қақтығыстарының пайда болуын шұғыл декларациясы Компанияның ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртіппен лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің барлығынан да күтіледі. Демек, Компанияның лауазымды тұлғалары мүдделер қақтығыстарының

2019 ЖЫЛЫ

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ»

АРНАЙЫ БӨЛІНГЕН ЖЕЛІСІ ҚҰРЫЛДЫ

болуы немесе пайда болуы туралы, яғни осындай қақтығыстарды реттеу жөніндегі шешімдерді Директорлар кеңесі қабылдау үшін Директорлар кеңесінің төрағасына дереу хабарлауға міндетті. Компанияның қалған қызметкерлері өзінің тарапынан мүдделер қақтығыстарының болуы немесе пайда болуы туралы өзінің тікелей басшысына дереу хабарлауға міндетті.

ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ

Корпоративтік этика қағидаттарын алға жылжыту және корпоративтік дауларды және этикалық бұзушылықтарды мүлтіксіз реттеуді қамтамасыз ету мақсатында 2016 жылдан бастап «ҚазТрансОйл» АҚ-да омбудсмен институты жұмыс істеп келеді.

Омбудсмен қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Компания Жарғысымен, «ҚазТрансОйл» АҚ омбудсмен туралы ережемен, корпоративтік басқару кодексімен және өзге де ішкі құжаттармен реттеледі.

Омбудсмен өзінің құзыреттілігі шеңберінде келесі маңызды міндеттерді:

- Компания қызметкерлерінің лауазымды тұлғаларының корпоративтік этика кодексінің талаптарын және Бұзушылықтардың пайда болу тәуекелдерін басқару жөніндегі саясаты талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;
- Компания лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне мүдделер қақтығыстарының алдын алу және реттеуге жәрдем көрсету;
- мүдделі тараптарға Компаниямен өзара әрекеттесу барысында пайда болған этикалық мәселелер бойынша, сондай-ақ корпоративтік этика кодексі және Бұзушылықтардың пайда болу тәуекелдерін басқару жөніндегі саясатты бұзушылық фактілері бойынша жәрдем көрсетуді орындайды.

Омбудсмен өз қызметі шеңберінде шыншылдық, тәуелсіздік, бейтараптық және риясыздық, адалдық, құпиялылық, әділдік, парасаттылық және объективтілік қағидаттарын ұстанады.

Омбудсмен Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және аталған органға есеп береді, ал бұл оның жұмысының тәуелсіздігін, бейтараптығын және құпиялылығын қамтамасыз етеді. Омбудсмен Александр Михайлович Черепановтың өкілеттіктер мерзімінің аяқталуына байланысты «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 18 қазандағы шешімімен Компанияның жаңа омбудсмені болып Серік Ишанбекұлы Ақбергенов екі жылға тағайындалды.

Компанияда омбудсменмен тікелей байланыс механизмдері кіріктірілген және жұмыс істейді, бұл байланыс түрін Компанияның қызметкерлері де және мүдделері тараптар да пайдалана алады:

- сенім телефоны : +7 (7172) 555-041;
- сенім поштасы: doverie@kaztransoil.kz;
- қағаз тасымалдағыштағы өтініштер: 010000, Нұр-Сұлтан қ., «Есіл» ауданы, Тұран даңғылы, 20, 12 тұрғын емес үй-жай мекенжайы бойынша конвертте (пакетте) «ҚазТрансОйл» АҚ омбудсменіне» деген белгісімен, оған ашылмай беріледі.

2019 жылы омбудсменнің құзыреттілігі шеңберінде белсенді жұмыс, мысалы, келіп түскен өтініштерді өңдеу, өтінім берушілерді жеке қабылдау, корпоративтік этика кодексінің және Компанияда бұзушылықтардың пайда болу тәуекелдерін басқару жөніндегі саясаты ережелерін түсіндіру, сондай-ақ қызметкерлерге және басқа өтініш берген тұлғаларға консультация беру жұмыстары жүргізілді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсменімен бірлесіп 2019 жылғы 22 қарашада Атырау қаласында Атырау мұнай құбыры басқармасы және Операторлық қызметтердің батыс басқармасы аппараттарының ұжымдарымен кездесу өткізілді. Кездесу барысында омбудсменнің функционалдық міндеттері бойынша түсініктемелер берілді және «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ іскерлік этика кодексі мен Компанияның корпоративтік этика кодексі ережелерін сақтау мәселелері талқыланды.

Қызметкерлерді ақпараттандыру мақсатында қазан айында «Munaiqubyrshy» корпоративтік ақпараттық хабаршысында омбудсмен жүргізіп жатқан жұмыс туралы материал жарияланды.

Жалпы 2019 жылы қайталанғандарды қоса алғанда әртүрлі коммуникация арналары бойынша Компания омбудсменіне 65 өтініш келіп түсті.

Коммуникация арналары арқылы омбудсменге келіп түскен өтініштер саны, дана

Коммуникация арнасы	2017		2018		2019	
	Барлық өтініштер	соның ішінде омбудсмен құзыреттілігінен тыс	Барлық өтініштер	соның ішінде омбудсмен құзыреттілігінен тыс	Барлық өтініштер	соның ішінде омбудсмен құзыреттілігінен тыс
Сенім телефоны	45	40	17	3	11	–
Сенім поштасы	6	–	33	25	37	29
Жазбаша өтініш	–	–	1	–	3	–
Жеке қабылдау	1	–	9	–	6	–
Қалалық телефон	–	–	4	4	6	2
Электрондық пошта	–	–	6	1	2	–
Жиынтығы:	52	40	70	33	65	31

Есепті кезеңде өңірлік бөліністе өтініштер Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Павлодар және Маңғыстау облыстарынан, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларынан келіп түсті.

Орталық аппарат, ОҚБ және FTO Филиалының қызметкерлерінен 21 өтініш келіп түсті (2018 жылы – 29), оның ішінде әлеуметтік-еңбек даулары бойынша – 13 өтініш. Жеке қабылдау б жағдайда өткізілді.

2019 жылы омбудсменмен коммуникация арналары арқылы өтініштердің негізгі тақырыптары тағылған тәртіптік жазамен келіспейтіні, әдепсіз мінез-құлқымен, аутсорсингке ауысумен келіспейтіні, сенбілікке қатысудан бас тартқаны үшін мүмкін болатын жазаның заңдылығы туралы ақпараттандырумен және т. б. байланысты болды.

Коммуникацияның арналары арқылы омбудсменге келіп түскен барлық өтініштер оперативті түрде тіркеледі және омбудсменмен мұқият талданады. Егер мәселенің сипатты ерекшелігі талап етілетін болса, жеке өтініштерді қарауға Компанияның ОҚБ тартылады. Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша өтініш берушілерге түсіндірулері бар кері байланыс ұсынылады.

2019 жылдың ішінде қызметтік жағдайларын қасақана пайдалануды растау фактілері мен қандай да бір күрделі дау-дамайлы оқиғалар, сондай-ақ Компанияда корпоративтік этика кодексі және бұзушылықтардың пайда болу тәуекелдерін басқару жөніндегі саясатын дөрекі бұзушылықтар туралы анықталған жоқ.

КОМПАЕНС-БАҚЫЛАУ

Компанияда компаенс-бақылау қызметі жұмыс істейді, оның негізгі міндеті Компанияда Қазақстан Республикасы заңнамасының, реттегіш актілердің талаптарын сақтау, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ және листингтік компанияға қойылатын талаптарды бұзушылықтарының әлеуетті қатерлерінің алдын алу мақсатында Компания және инсайдерлік ақпарат туралы ақпаратты ашу бөлігінде ішкі құжаттарды сақтау болып табылады.

2019 жылы KASE-де Компания қызметіндегі корпоративтік оқиғалар мен өзгерістер туралы ақпараты бар 80 жарияланым орналастырылды. Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Компания қызметіндегі корпоративтік оқиғалар мен өзгерістер туралы ақпараты бар 11 жарияланым орналастырылды.

2019 жылы Компанияның инсайдерлері болып табылатын 225 қызметкер, оның ішінде 178 қызметкер «Инсайдерлік ақпарат: қоғамның және оның қызметкерлерінің – инсайдерлердің құқықтық реттеу және жауапкершілігі мәселелері» тақырыбында оқудан өтті.

Оқыту барысында инсайдерлік ақпаратты ашу ерекшеліктері, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануға байланысты ықтимал тәуекелдер, осы саладағы бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік түрлері қарастырылды, сондай-ақ күнделікті жұмыс барысында туындайтын нақты практикалық жағдайлар талқыланды.

2019 ЖЫЛЫ ОМБУДСМЕНГЕ

65


ӨТІНІШ ТҮСТІ

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ



Қарағанды тарихы 185 жыл бұрын, бақташы Апат Байжанов өзінің қойларымен жүріп, кездейсоқ тас көмірінің алғашқы кесегіне тап болған кезде басталды. Осылайша, білімқұмар бақташы көтерген тас қазақ даласында нағыз төңкеріс жасады. Қазақстанның көмір өнеркәсібі пайда болды. Қазір Қарағандыда Қарағанды кен орнын ашуға арналған ескерткіш орнатылған.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ АЙМАҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Мұнай құбырлардың
ұзындығы

1 493
км



Персоналдың
саны

609
адам



Шығарындылардың
көлемі

7 104
тонна

ҚАРЖЫЛЫҚ- ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

Аталған бөлім Компания менеджменті тарапынан талқылау мен талдау нәтижесін білдіреді және «ҚазТрансОйл» АҚ ағымдағы қаржылық ережелері туралы ақпараттың ашылуына, өндірістік қызметтің нәтижелерінің және сыртқы ортаның Компанияның қаржылық көрсеткіштеріне әсер етуіне бағытталған.

Осы шолу ХҚЕС сәйкес дайындалған «ҚазТрансОйл» АҚ аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне негізделген және оны жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен және ілеспелі ескертулермен, сондай-ақ Есептің басқа бөлімдерінде берілген өзге өзге ақпараттармен бірге оқу ұсынылады.

Жиынтықты кіріс туралы шоғырландырылған есеп Компанияның және оның еншілес ұйымдарының – БМТ, «Petrotrans Limited», «Магистральдық Суағызғы» ЖШС (бұдан әрі бірге – Топ) кірістері мен шығыстарын енгізеді. «ҚҚҚ» ЖШС және «МұнайТас» ЖШС бірлескен-бақылау ұйымдарының қаржылық нәтижелері «Бірлескен-бақылау ұйымдарының пайдасындағы/(шығынындағы) үлесі» бабы бойынша қатысу үлесінің әдісі бойынша көрсетіледі.

НЕГІЗГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

2018 жылғы нәтижелермен салыстырғанда Топтың 2019 жылы қол жеткізген қаржылық нәтижесінің өзгеруі келесі негізгі факторларға:

- транзит және экспорт мақсатында ішкі нарыққа мұнай тасымалдау тарифтерінің ұлғайтылуына;
- сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтің кеңейтілуіне;
- негізгі құралдардың құнсыздануынан болатын шығындарға, сондай-ақ операциялық шығыстардың өсуіне байланысты шоғырландырылған шығыстардың көбеюіне;
- бірлесіп бақыланатын ұйымдардың пайдасындағы үлестің өсуіне байланысты.

2019 жылғы шоғырландырылған түсім көрсеткіші 239 626 млн теңгені құрады. Топтың шоғырландырылған таза пайдасы 2019 жылдың қорытындысы бойынша 45 121 млн теңгені құрады.

Топтың қаржылық көрсеткіштері, млн теңге

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	Өзгеріс, %
Түсім	222 450	225 400	239 626	▲ 6,3
Сатудың өзіндік құны	-146 599	-152 394	-159 872	▲ 4,9
Жалпы пайда	75 851	73 006	79 754	▲ 9,2
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-16 021	-16 871	-17 878	▲ 6,0
Өзге операциялық кіріс	2 447	1 113	1 558	▲ 40,0
Өзге операциялық шығыс	-963	-3 151	-3 707	▲ 17,6
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы	-38	-2 649	-13 185	▲ 397,7
Операциялық пайда	61 277	51 448	46 542	▼ -9,5
Бағамдық айырмадан түскен кіріс (залал), нетто	-652	2 594	104	▼ -96,0
Қаржылық кіріс	4 938	2 820	2 675	▼ -5,1
Қаржылық шығындар	-3 082	-2 590	-3 884	▲ 50,0
Облигацияларға инвестициялардың құнсыздануы	-3 640	-	-	-
Бірлесіп бақыланатын ұйымдардың пайдасындағы / (шығынындағы)/ үлесі	7 101	-2 076	13 638	▼ -756,9
Салық салынғанға дейінгі пайда	65 942	52 196	59 075	▲ 13,2
Табыс салығы бойынша шығыстар	-15 824	-13 711	-13 954	▲ 1,8
Кезеңдегі шоғырландырылған пайда	50 118	38 485	45 121	▲ 17,2

Кіріс құрылымы (бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы үлесті есепке алмағанда), %

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2017	2018	2019
Түсім	96,8	97,2	98,2
Қаржылық кіріс	2,1	1,2	1,1
Өзге кіріс*	1,1	1,6	0,7

* Өзге операциялық табыс және бағамдық айырмадан түскен кіріс, нетто

2019 жылы жалпы кірістегі түсім үлесі 98,2% құрады, ал 2018 жылы түсім үлесі 97,2% құрады.

Түсім құрылымы, млн теңге

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2017	2018	2019	Өзгеріс, %
Түсім	222 450	225 400	239 626	▲ 6,3
Шикі мұнайды тасымалдау *	184 818	189 600	199 874	▲ 5,4
Құбырды пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	10 599	13 233	16 077	▲ 21,5
Мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу және темір жол арқылы тасымалдау	8 201	3 002	4 438	▲ 47,8
Суды беру	7 046	7 536	7 577	▲ 0,5
Мұнай және теңіз портының көлік экспедициясының қызметтері	5 376	6 145	5 637	▼ -8,3
Жеткізілмеген мұнай көлемі үшін төлем	5 198	4 853	5 249	▲ 8,2
Өзге түсім	1 212	1 031	774	▼ -24,9

* «Шикі мұнайды тасымалдау» бөлімі «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбыры жүйесі бойынша жүзеге асырылатын мұнайды айдау, ағызу, құю және ауыстырып тиеу қызметтерін қамтиды.

2019 жылғы түсім 239 626 млн теңгені құрады, бұл 2018 жылғы көрсеткіш деңгейінен 6,3% немесе 14 226 млн теңгеге жоғары.

Шикі мұнайды тасымалдау

2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ шикі мұнайын тасымалдаудан түсімі 2018 жылғы фактімен салыстырғанда, 10 274 млн теңгеге ұлғайды, бұл, негізінен төмендегілерге байланысты:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның мұнайды магистральдық құбыр арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына айдау бойынша қызметіне тарифті көтеруге: 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі нарыққа тариф 1000 км-ге 1 тонна үшін 4 721,72 теңгені (ҚҚС-ны есептемегенде) құрады, бұл ретте 2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап ішкі нарыққа уақытша өтемдік тариф 1000 км-ге 1 тонна үшін 4 716,62 теңгені (ҚҚС-ны есептемегенде) құрады (2018 жылы 1000 км-ге 1 тонна үшін 4 292,40 теңге (ҚҚС-ны есептемегенде) тариф қолданылды);
- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау мақсатында мұнайды магистральдық құбыр арқылы айдау бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ қызметіне тарифті көтеруге: 2018 жылғы 1 сәуірден бастап экспорт тарифі 1000 км-ге 1 тонна үшін 6 398,92 теңгені құрады (ҚҚС-ны есептемегенде) (2018 жылдың 1 сәуіріне дейін 1000 км 1 тонна үшін 5 817,2 теңге (ҚҚС есепке алмағанда) құрады;

- Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Туймазы-Омск-Новосибирск-2 магистральдық құбырының қазақстандық учаскесі бойынша транзит мақсатында Ресей мұнайын тасымалдау тарифін көтеруге: 2018 жылғы 1 сәуірден бастап тариф 1000 км 1 тонна үшін 4 292,4 теңгені құрады (ҚҚС-сыз) (2018 жылғы 1 сәуірге дейін 1 км-ге 1 тонна үшін 1 727,1 теңге тарифі қолданылды (ҚҚС-ны есептемегенде);
- «Атасу» БМАС мұнайды ауыстырып тиеуді қоса алғанда, Ресей Федерациясы және Қазақстан Республикасы шекарасы (Прииртышск) – Атасу (Қазақстан Республикасы) учаскесінде мұнай тасымалдау жөніндегі қызметке тарифтің көтерілуімен: 2019 жылға тариф 1 тонна үшін 4,23 АҚШ долларын (ҚҚС-ны есептемегенде) құрады (2019 жылғы 1 қаңтарға дейін 1 тонна үшін 3,11 АҚШ доллары (ҚҚС-ны есептемегенде) тарифі қолданылды).

Бөгде ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет

Магистральдық мұнай құбырларды пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша түсім 21,5% немесе 2 844 млн теңгеге ұлғайды.

Түсім көрсетілген қызметтерді ұсынуға байланысты өтелетін шығыстардың өсуі салдарынан артты. Құбырларды пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді ұсынуға байланысты барлық шығыстарды магистральдық мұнай құбырларының меншік иелері өтейді.

Сонымен қатар, 2018 жылғы 1 шілдеден бастап компания «КҚК-К» АҚ магистральдық мұнай құбыры объектілеріне техникалық қызмет көрсете бастады.

Мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу және теміржол арқылы тасымалдау

2019 жылы компанияның еншілес шетелдік кәсіпорындары (БМТ және «Petrotrans Limited») бойынша мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеуден және тасымалдаудан түскен кіріс өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 47,8% немесе 1 436 млн теңгеге азайды.

Бұл ұлғаю газды ауыстырып тиеу көлемінің өсуіне байланысты.

Суды беру

Су беруден түскен түсім 0,5% немесе 41 млн теңгеге артты, бұл су беру көлемінің өсуімен байланысты (2019 жылы көлемі 28 900 мың м³, 2018 жылы 28 730 мың м³).

Мұнай және теңіз портының көлік экспедициясы қызметтері

Түсім 8,3% немесе 508 млн теңгеге азайды, бұл 2018 жылдың іс жүзіндегісімен салыстырғанда құрғақ жүктерді ауыстырып тиеу көлемінің азаюына байланысты.

Жеткізілмеген мұнай көлемі үшін төлем

Есепті кезең ішінде жете жеткізілмеген мұнай көлемі үшін төлем 4 853 млн теңгеден 4 853 млн теңгеге дейін, яғни 396 млн теңгеге (8,2%) ұлғайды. Жете жеткізілмеген мұнай көлемі үшін түсім «айда немесе төле» талабымның негізінде мұнай тасымалдауға жасалған шарттар негізінде қабылданады. 2019 жылы жүк жөнелтушілер мәлімдеген 2 234 мың тонна мұнайдың 2 133 мың тоннасы жеткізілмеді.

Өзге түсім

Өзге түсім 2019 жылы 24,9% немесе 257 млн теңгеге төмендеді, бұл, негізінен, «Батуми теңіз порты» ЖШҚ демердж бойынша кірістердің азаюына байланысты.

Қаржылық кірістер

2019 жылы қаржы кірістері 2 675 млн теңгені құрады және, негізінен, 2019 жыл ішінде компанияның операциялық қызметінен түскен бос ақша қаражатын орналастырудан болған сыйақыға негізделген. Есепті кезеңде банктік салымдар мен ағымдағы шоттар бойынша проценттік кіріс сомасы 2 357 млн теңгені құрады, 2018 жылы осындай кіріс 2 672 млн теңгені құраған. Азаю сыйақы мөлшерлемесінің төмендеуімен байланысты.

Шығыстар

2019 жылғы жалпы шығыстар 198 526 млн теңгені құрады (бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы үлесті есепке алмағанда), бұл 2018 жылғы жалпы шығыстардан 11,7% жоғары (177 655 млн теңге).

Шығыстар құрылымы, %

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2017	2018	2019
Өткізудің өзіндік құны	85,7	85,8	80,5
Жалпы және әкімшілік шығыстар	9,4	9,5	9,0
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы	-	1,5	6,6
Облигацияларға инвестициялардың құнсыздануы	2,1	-	-
Қаржылық шығыстар	1,8	1,5	2,0
Өзге шығыстар*	1	1,8	1,9

* Бағамдық айырмадан болған өзге операциялық шығыс пен залал, нетто

2019 жылы іске асырудың өзіндік құны 159 872 млн теңгені құрайды, бұл 2018 жылдың көрсеткішінен 4,9% немесе 7 478 млн теңгеге артық. Мұндай өсу келесі факторларға байланысты:

- 2018 жылдың соңында пайдалануға енгізілген аяқталмаған құрылыс объектілерінің тозуы мен амортизациясы бойынша шығыстардың ұлғаюына, негізгі құралдарды қайта бағалау, сондай-ақ есепті кезеңде пайдалану құқығы нысанындағы активтерді тануға;
- өндірістік персоналдың еңбекақысының индексациясына байланысты персоналға жұмсалатын шығындардың өсуіне;
- Грузияда газ тасымалдау көлемінің ұлғаюына байланысты темір жол қызметтері бойынша шығыстардың ұлғаюына;

- қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған ағымдағы шығындардың өсуіне, бұл магистральды мұнай құбыры бойындағы бүлінген жерлерді (тарихи ластануларды) қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізумен байланысты.

Бұл ретте, 2019 жылы операциялық жалдау бойынша көлік шығыстары мен шығыстардың төмендеуі байқалады, бұл 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ХҚЕС 16 «Жалдау» жаңа стандартының енгізілуіне байланысты, оған сәйкес осы шығындар пайдалану құқығы нысанында активтерді танумен жалдау ретінде қарастырылады. Сондай-ақ есепті кезеңде авиациямен қарауылдауға арналған шығыстар төмендеді, бұл 2019 жылғы 2-тоқсаннан бастап ұшудың уақытша тоқтатылуына байланысты.

Өткізудің өзіндік құнының құрылымы, %

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2017	2018	2019
Персонал шығындары	35,0	33,7	34,2
Тозу және амортизация	32,5	33,3	32,8
Отын және материалдар	5,5	5,4	5,5
Электроэнергия	5,0	4,8	4,3
Табыс салығынан басқа салықтар	5,0	5,5	5,4
Негізгі құралдарды күтіп ұстауға, жөндеуге және қызмет көрсетуге арналған шығыстар	3,9	4,5	5,2
Күзет бойынша қызметтер	2,9	3,3	3,3
Газ шығындары	2,5	1,9	1,7
Авиапатрульдеу қызметтері	0,8	0,7	0,1

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2017	2018	2019
Темір жол қызметтері	1,9	0,2	1,0
Басқа	5,0	6,7	6,5

Жалпы және әкімшілік шығыстар 2019 жылы 17 878 млн теңгені құрады, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 6% артық (16 871 млн теңге).

Жалпы және әкімшілік шығыстардың құрылымы, %

Шоғырландырылған көрсеткіштер	2017	2018	2019
Персонал шығындары	54,3	53,4	53,7
Тозу және амортизация	7,9	9,8	7,8
Өтемдік тариф бойынша резервті есептеу	-	6,2	1,8
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті есептеу	10,1	4,6	1,2
Офиске қызмет көрсету	3,1	3,4	2,9
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	1,8	2,5	1,6
Консультациялық қызметтер	3,2	2,1	2,0
Өтеуге ҚҚС-ты есептен шығару бойынша шығыстар	0,6	2,1	0,6
Іссапар шығыстары	1,8	1,9	1,9
Табыс салығынан басқа салықтар	2,2	1,7	2,2
Аутстаффинг қызметтері	3,1	1,3	1,4
Ақпараттық қамтамасыз ету	0,7	0,8	0,7
Байланыс қызметі	0,6	0,8	0,9
Материалдар және отын	0,8	0,6	0,3
Жарнама бойынша шығындар	0,4	0,5	0,6
Банк қызметтері	0,7	0,5	0,4
Сақтандыру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету	0,8	0,4	0,3
Қайырымдылық шығындары	0,3	0,2	12,5
Басқа	7,6	7,2	7,2

2019 жылы 2018 жылғы фактімен салыстырғанда шоғырландырылған жалпы және әкімшілік шығыстардың ұлғаюы негізінен Түркістан қаласында нысан құрылысына демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетумен байланысты. Бұл ретте ұлғаю жекелеген баптар шығыстарының азаюымен ішінара өтелді.

Қаржылық шығындар 3 884 млн теңгені құрады. Қаржылық шығындар негізінен активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта құнарландыру жөніндегі міндеттемелер дисконтының амортизациясы және қызметкерлерге ұзақ мерзімді сый-ақылар бойынша таза проценттік шығыстар болып табылады.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы

2018 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 2019 жылдың қорытындылары бойынша құнсызданудан болған залалдың едәуір ұлғаюы 2019 жылы жүргізілген негізгі құралдардың құнын қайта бағалау кезіндегі құнсызданумен байланысты.

«ҚазТрансОйл» АҚ бірлесіп бақыланатын ұйымдардың таза пайдасындағы/(шығысындағы) үлесі, млн теңге

Көрсеткіштер	2017	2018	2019	Өзгеріс, %
«МұнайТас» ЖШС таза пайдасындағы үлес	1 712	1 650	943	▼ -42,8
«ҚҚҚ» ЖШС таза (шығысындағы)/пайдасындағы үлес	5 389	-3 726	12 696	▲ 440,7
Барлығы	7 101	-2 076	13 638	▲ 756,9

5. Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі.
6. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит.
7. Ашықтық болып табылады.

Компания корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, Компанияның ішкі құжаттары мен тәжірибесінің корпоративтік басқару принциптеріне сәйкес келу қажеттілігіне көп көңіл бөледі.

№	Корпоративтік басқару кодексінің нормасы / корпоративтік басқару қағидаты	Сақталады/ Сақталмайды	Нормаларды сақтау үшін орындалған іс-шаралар / корпоративтік басқару қағидаттары
1	«Самұрық-Қазына» АҚ пен ұйымдардың өзара іс-қимылы. «Самұрық-Қазына» АҚ-тың Ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі	Сақталады	«ҚазТрансОйл» АҚ-дағы корпоративтік басқару жүйесі оның қызметін тиісінше басқаруды және бақылауды қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді құнның өсуіне және орнықты дамуға бағытталған. Компания және оның лауазымды тұлғалары ұзақ мерзімді құнның өсуі және орнықты даму үшін және Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен қабылданатын шешімдер мен әрекеттер/әрекетсіздік үшін жауапты болады.

¹ Кодекстің бірінші принципі ерекше сипатқа ие және «Самұрық-Қазына» АҚ басқару ерекшеліктеріне, «Самұрық-Қазына» АҚ мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы өзара іс-қимылға жатады.

№	Корпоративтік басқару кодексінің нормасы / корпоративтік басқару қағидаты	Сақталады/ Сақталмайды	Нормаларды сақтау үшін орындалған іс-шаралар / корпоративтік басқару қағидаттары
2	Орнықты даму	Ішінара сақталады	<p>Орнықты даму мақсаты қоршаған ортаны сақтау және қорғау, қолайлы еңбек жағдайларын жасау, жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Компания қызметін жүзеге асыратын жергілікті қоғамдастықтардың дамуына үлес қосу арқылы бизнесті дамыту болып табылатын Компания қызметінің басымдығы болып табылады.</p> <p>Компания орнықты даму саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес өндірісте қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасау және қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу, қоршаған ортаның қолайлы жағдайларын жасау және қамтамасыз ету, адамның биоәртүрлілігі мен тіршілік әрекеті жөніндегі құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдық-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық, оңалту, емдеу-профилактикалық іс-шаралар кешенін әзірлеуді және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.</p> <p>Компанияның 2019 жылға арналған Ішкі аудит қызметінің Жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес Дауыс беретін акцияларының елу проценттен астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тиесілі заңды тұлғалардағы корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесі негізінде Компанияның корпоративтік басқаруына бағалау жүргізілді.</p> <p>Корпоративтік басқаруды жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша жақсарту үшін аса маңызды салалар анықталды және Компаниядағы корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру бойынша, оның ішінде орнықты даму бойынша ұсынымдар берілді.</p> <p>Бұдан басқа, Компания 2020–2021 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын дайындады, оны іске асыру Компанияның Директорлар кеңесі мен менеджментін орнықты даму мәселелерін басқару процесіне белсенді тартуға, орнықты даму саласындағы, оның ішінде персоналды басқару, табиғатты қорғау қызметі, менеджменттің интеграцияланған жүйесінің жұмыс істеуі бөлігінде Компания жұмысының негізгі нәтижелерін тұрақты негізде қарауға және талдауға мүмкіндік береді.</p>
2.1	Қоршаған ортаны қорғау	Сақталады	<p>Компания өз қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану принциптерін енгізу жөніндегі шараларға үлкен көңіл бөледі.</p> <p>Компания Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің, алдыңғы қатарлы халықаралық стандарттар мен ішкі корпоративтік құжаттардың ережелерін қатаң ұстанады, экологиялық аспектілерді сәйкестендіруді және бағалауды жүргізеді, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз іс-қимылдарының айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз етеді.</p> <p>Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жүйесі Компанияның өндірістік қызметінің барлық бағыттарын қамтиды және ISO 14001: 2015 стандартының талаптарына сәйкестігіне сертификатталған.</p>

№	Корпоративтік басқару кодексінің нормасы / корпоративтік басқару қағидаты	Сақталады/ Сақталмайды	Нормаларды сақтау үшін орындалған іс-шаралар / корпоративтік басқару қағидаттары
2.2	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	Сақталады	<p>Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздік Компанияның орнықты дамуының маңызды құрамдас элементтері болып табылады.</p> <p>Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында компания өндірістік объектілердің авариясыз жұмыс режимін қамтамасыз етуге ұмтылады, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды және қолдайды, қызметкерлердің денсаулығына қамқорлық жасайды және Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, Компанияның ішкі құжаттарының ережелерінің талаптарын нақты ұстанады</p>
2.3	Кадрлық және әлеуметтік саясат	Сақталады	<p>«ҚазТрансОйл» АҚ кадрлық саясатын жетілдіру компанияның ұзақ мерзімді орнықты дамуы үшін маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады.</p> <p>Компанияның кадрлық саясатының басымдықтары жалақының лайықты деңгейін қамтамасыз ету және қызметкерлерді әлеуметтік қолдау жүйесін құру, кәсіби даму және мансаптық өсу үшін мүмкіндіктер беру, персоналды ынталандырудың тиімді жүйесін құру және іске асыру, сондай-ақ персоналдың қанағаттануын арттыру болып табылады.</p> <p>Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына және компания қызметкерлерінің ұжымымен жасалған ұжымдық шартқа сәйкес кадрлық және әлеуметтік саясатты қалыптастырады.</p>
2.4	Сатып алу жүйесі және жергілікті қамту	Сақталады	<p>Компания бизнесінің орнықты дамуы үшін оның ауқымын ескере отырып, сатып алудың тиімді жүйесі және Компанияны сапалы тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен уақтылы қамтамасыз ету маңызды мәнге ие.</p> <p>Жеткізушілерді таңдау кезінде Компания «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларын басшылыққа алады.</p>
3	Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарау	Сақталады	<p>Акционерлермен барынша ашық және тиімді өзара іс-қимыл Компания қызметінің негізгі принциптерінің бірі болып табылады. Акционерлердің негізгі құқықтарын іске асыру заңнамалық актілерге және «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысына (Жарғы) сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>Компанияның Директорлар кеңесі барлық акционерлерге әділ қарауға кепілдік береді, оларға Компанияны басқаруға қатысуға, Компанияның қызметі туралы ақпарат алуға және дивидендтерді алуға өзінің құқығын іске асыруға мүмкіндік береді. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі мен рәсімдері барлық акционерлерге тең қарауды қамтамасыз етеді.</p>

№	Корпоративтік басқару кодексінің нормасы / корпоративтік басқару қағидаты	Сақталады/ Сақталмайды	Нормаларды сақтау үшін орындалған іс-шаралар / корпоративтік басқару қағидаттары
4	Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі	Сақталады	<p>Директорлар кеңесі Компанияның стратегиялық басқаруын қамтамасыз ететін, өз құзыреті шегінде Компания Басқармасының қызметін бақылауды жүзеге асыратын және Компанияның қызметін тиімді басқару және тиісті бақылау үшін Акционерлердің жалпы жиналысы алдында жауапты болатын Компанияның басқару органы болып табылады.</p> <p>Аса маңызды мәселелерді алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін компанияда Директорлар кеңесінің комитеттері жұмыс істейді.</p> <p>Компания Директорлар кеңесі мен оның комитеттері жұмысының тиімділігіне кешенді бағалау, үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес директорлар қызметіне жеке бағалау жүргізеді.</p> <p>Компанияның ағымдағы қызметін басқаруды алқалы атқарушы орган болып табылатын Басқарма жүзеге асырады.</p>
5	Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит	Сақталады	<p>Қоғамның корпоративтік басқару жүйесінің маңызды элементтері тәуекелдерді басқару жүйесі болып табылады, ол тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) және ішкі бақылау жүйесін (ІБЖ) қамтиды.</p> <p>ТБКЖ Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін әлеуетті тәуекел оқиғаларын уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторинг жүргізуге және азайтуға бағытталған.</p> <p>ІБЖ процесс деңгейінің тәуекелдерін уақтылы анықтауға және талдауға, сондай-ақ ІБЖ негізгі салаларында осы тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау рәсімдерін айқындауға және талдауға бағытталған.</p> <p>Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалау, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау және қызметті жетілдіру мәселелері бойынша кеңес беру мақсатында Компанияда, сондай-ақ, Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді</p>
6	Ашықтық	Сақталады	<p>Компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, реттеуші органдардың талаптарын, листинг қағидалары және Компанияның ішкі құжаттарын басшылыққа ала отырып, мүдделі тараптарға өз қызметінің барлық аспектілері бойынша ақпараттың уақтылы және толық ашылуын қамтамасыз етеді</p>

«ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару кодексінің 2019 жылғы принциптері мен ережелерін сақтау туралы егжей-тегжейлі есеп Компанияның корпоративтік интернет-ресурсының «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

6-қосымша. 2019 жылдағы «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерінің тізбесі

Тәуекелдің атауы	Тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар	2019 жылы тәуекелді іске асыру
Өндірістік тәуекелдер			
Технологиялық режимді сақтамауы	<ul style="list-style-type: none"> Сыртқы электр жабдықтауды берудегі іркілістер; ТПБАЖ техникалық және бағдарламалық құралдары кешенінің іркілістері мен істен шығуы; Персоналдың дұрыс емес/қате әрекеттері 	<ul style="list-style-type: none"> Магистральдық мұнай құбырлары жұмысының әзірленген оңтайлы технологиялық режимдерінің орындалуын іске асыру және бақылануын қамтамасыз ету; Нормативтік құжаттардың, оның ішінде резервтік жабдықтың талаптарына сәйкес техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеуді уақтылы және сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету; Жауапты бөлімшелерді белгілей отырып, аварияға қарсы қорғау жүйесінің іркілістерін ескерту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу; Жабдықты технологиялық пайдалану және қызмет көрсету бойынша жоспарланған нұсқамаларды жүргізу; Жұмыстарды жүргізу журналдарына жазбалар жасау; Аварияға қарсы жаттығуларды өткізу; Басшы тарапынан жұмыстарды бақылау; Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі бақылау/өндірістік бақылау. Персоналдың оқудан және қайта даярлаудан уақтылы өтуін бақылау; «Қорғау» картасын қолдану регламентін енгізу 	Иә

Тәуекелдің атауы	Тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар	2019 жылы тәуекелді іске асыру
Жабдықты (оның ішінде технологиялық) кешіктіріп/ сапасыз жөндеу	<ul style="list-style-type: none"> Технологиялық жабдықты жөндеуге арналған ТМҚ жеткізуге шарттарды уақтылы жасамау; Сенімсіз өнім берушіні/жосықсыз қатысушыны/ жалған кәсіпкерді таңдау Жұмыстар өндірісін қанағаттанарлықсыз ұйымдастыру 	<ul style="list-style-type: none"> Қосалқы бөлшектер мен материалдарды уақтылы жеткізбеген жағдайда жеткізушілерге айыппұл санкцияларын ұсыну; Бірінші кезектегі ретпен технологиялық жабдықты жөндеу үшін тауарлық-материалдық қорларды жеткізуге тендерлер өткізу және шарттар жасасу; ТЖҚ сатып алу қағидаларының талаптарына сәйкес тендерлік құжаттаманы (техникалық тапсырма/техникалық ерекшелік, шарттың жобасы) сараптау; ЭСАЖ 2.0 (электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі) арқылы өнім берушілерді анықтау; ТЖҚ сатып алу әкімшісінің тарапынан тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша шарттардың орындалуын бақылау және мониторингілеу; Холдингтің алдын ала біліктілік іріктеуінен өткен жеткізушілермен шарттар жасасу; От, газ қауіпті жұмыстар және қауіптілігі жоғары жұмыстар кезінде наряд-рұқсаттарды, нұсқамаларды қалыптастыру; Жұмыстарды жүргізу журналдарына жазбалар жасау; Аварияға қарсы жаттығуларды өткізу; Басшы тарапынан жұмыстарды бақылау; Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі бақылау/өндірістік бақылау. Персоналдың оқудан және қайта даярлаудан уақтылы өтуін бақылау; «Қорғау» картасын қолдану регламентін енгізу 	Жоқ Жоқ Иә
Технологиялық жабдықты кешіктіріп/ сапасыз ауыстыру	<ul style="list-style-type: none"> Жабдықты уақтылы жеткізбеу; Оны пайдалану кезінде анықталған жаңа жабдықтағы зауыт ақауының болуы 	<ul style="list-style-type: none"> Бірінші кезекте технологиялық жабдықты жеткізуге тендерлер өткізу және шарттар жасасу; Дайындаушы зауыттармен тікелей жабдықты жеткізу беру шарттарын жасау; Холдингтің алдын ала біліктілік іріктеуінен өткен жеткізушілермен шарттар жасасу; Жабдықты уақтылы жеткізбеген жағдайда жеткізушілерге айыппұл санкцияларын ұсыну; Жеткізушінің жауапкершілігі мәнінде жаңа жабдықты жеткізуге, кепілдік міндеттемелерін енгізуге арналған шарттардың сараптамасы 	Жоқ

Тәуекелдің атауы	Тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар	2019 жылы тәуекелді іске асыру
Өндірістік емес тәуекелдер			
Кірістердің азаюы	Қызметке/өнімге сұранысты азайту (БМТ/ДОУ)	<ul style="list-style-type: none"> Нарық жағдаяты өзгерістеріне мониторинг жасау; Жүктердің жаңа көлемдерін/қосымша жүк ағындарын тарту; Икемді, тиімді тарифтік саясатты қолдану; Грузияның мемлекеттік органдарымен және шаруашылық жүргізетін субъектілерімен жұмыс; Маркетингтік қызмет, әлеуетті серіктестермен келіссөздер 	Иә (БМТ бойынша)
Кірістердің азаюы	Дебиторлық берешекті уақтылы қайтармау (БМТ)	<ul style="list-style-type: none"> Жасалатын шарттардың құқықтық сараптама-сын жасау; Контрагенттерден БМТ шарттарын жасасу кезінде салық берешегінің жоқ екендігі туралы анықтаманы ұсынуын талап ету; БМТ бизнес-жоспарының көрсеткіштерін орындау мониторингін тұрақты негізде жүргізу және оны уақтылы түзетуді қамтамасыз ету 	Жоқ
Кірістердің азаюы	Бекітілген жоспарлардың төмен сапасы	<ul style="list-style-type: none"> Инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын жоспарлау сапасын арттыру; Қазақстан Республикасының табиғи монополияларды реттеу жөніндегі уәкілетті органында инвестициялық бағдарламаны уақтылы түзету; Инвестициялық бағдарламаны және күрделі жұмсалымды жоспарлау сапасын арттыру жөніндегі іс-шаралар бөлігінде Компанияның реттелетін қызметтеріне уақытша өтемақы төленетін тарифтерді енгізу тәуекелін мейлінше азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру 	Иә
Кірістердің азаюы	Мұнайды жеткізуді азайту немесе тоқтату	<ul style="list-style-type: none"> Жүк жөнелтушілермен ұзақ мерзімді шарттар жасасу; Жаңа жүк жөнелтушілерді тарту; 	Жоқ
Кірістердің азаюы	Стратегиялық серіктестермен қарым-қатынастардың шарттарын өзгерту	<ul style="list-style-type: none"> Стратегиялық серіктестермен мұнай тасымалдау бойынша қызметтерді көрсетуге ұзақ мерзімді шарттар жасасу 	Жоқ
Кірістердің азаюы	Контрагент-банктердің өз міндеттемелерін орындамауы	<ul style="list-style-type: none"> «Самұрық-Қазына» АҚ талаптарын орындау; Рейтингі жоғары контрагент банктерге қаражатты инвестициялау; Орналастырылатын уақытша бос ақша қаражатын әртараптандыру; «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа тоқсан сайынғы есептілікті жасау және жіберу жолымен қаржылық тәуекелдерді мониторингілеу 	Жоқ

Тәуекелдің атауы	Тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар	2019 жылы тәуекелді іске асыру
Кірістердің азаюы	Тарифтік сметаны уақтылы түзетпеу	<ul style="list-style-type: none"> Тарифтік сметаларды орындау бойынша ақпаратты және негіздеуші құжаттарды ұсыну уақтылылығын бақылау және мониторингілеу, талдау; Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі уәкілетті органға түзетілген тарифтік сметалардың (өтінімдердің) уақтылы жіберілуін қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының табиғи монополияларды реттеу жөніндегі уәкілетті органында тарифтік сметаларды (өтінімдерді) келісу және қорғау. Тарифтік сметаларды орындау бойынша ақпаратты және негіздеуші құжаттарды ұсыну уақтылылығын бақылау және мониторингілеу, талдау; Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі уәкілетті органға түзетілген тарифтік сметалардың (өтінімдердің) уақтылы жіберілуін қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының табиғи монополияларды реттеу жөніндегі уәкілетті органында тарифтік сметаларды (өтінімдерді) келісу және қорғау 	Иә
Кірістердің азаюы	Өндірістік өнімді дұрыс есепке алмау	<ul style="list-style-type: none"> Мұнай көлемін өлшеу құралдарына метрологиялық қызмет көрсету; Магистральдық мұнай құбырлары жұмысының негізгі технологиялық параметрлерін, мұнай балансын жедел бақылау, тіркеу, талдау; Мұнайдың орындаушылық балансын жүргізу 	Жоқ
Кірістердің азаюы	Негізгі қызмет бойынша сапасыз қызметтер көрсету	<ul style="list-style-type: none"> Мұнайды тасымалдау бойынша қызметтерді және мұнайды қабылдау, тасымалдау және тапсыру тәртібі туралы техникалық келісімдерді ұсынуға жасалған шарттардың талаптарына сәйкестігіне қабылданатын, айдалатын және тапсырылатын мұнайдың сапасын бақылау; Магистральдық мұнай құбырлары жұмысының негізгі технологиялық параметрлерін, мұнай балансын жедел бақылау, тіркеу, талдау; Қызметтерді тұтынушылардың қанағаттанушылығын жыл сайын бағалау және тұтынушылардың қанағаттанушылығының жалпы қорытынды коэффициентін есептеу; Қажет болған жағдайда олардың нәтижелілігін кейін талдай отырып, түзету және/немесе ескерту іс-қимылдарын әзірлеу; Сертификаттау жөніндегі халықаралық органның ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007 және ISO 50001:2011, сондай-ақ ISO 27001:2013 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне тәуелсіз аудиттен өту 	Жоқ

Тәуекелдің атауы	Тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар	2019 жылы тәуекелді іске асыру
Кірістердің азаюы	Бұрмаланған гнемесе тиімсіз түрде компаниялардың қызметі туралы ақпаратты ұсынатын теріс жарияланымдарға ден қою тетіктерінің болмауы	<ul style="list-style-type: none"> Ішкі тексерулер негізінде ақпаратты шұғыл дайындау, Компанияның мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен келіскеннен кейін оны дереу орналастыру және оны БАҚ-та теріс жарияланымдар пайда болғанға дейін ақпараттық агенттіктерде Компания басшылығымен бекіту; Компанияның қызметіне байланысты әртүрлі оқиғалар туралы БАҚ-қа хабардар ету мақсатында Компания басшылығының брифингтерін, баспасөз-конференцияларын, сөз сөйлеуін ұйымдастыру 	Жоқ
Шығыстардың өсуі	Тарифтік реттеу саласында уәкілетті органның шешімдерді қабылдауы	<ul style="list-style-type: none"> Тарифтік сметаларды орындау бойынша ақпаратты және негіздеуші құжаттарды ұсыну уақтылылығын бақылау және мониторингілеу, талдау; Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі уәкілетті органға түзетілген тарифтік сметалардың (өтінімдердің) уақтылы жіберілуін қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының табиғи монополияларды реттеу жөніндегі уәкілетті органында тарифтік сметаларды (өтінімдерді) келісу және қорғау 	Иә
Шығыстардың өсуі	Қажетті келісулер мен рұқсаттарды алу ұзақтығы	<ul style="list-style-type: none"> Бөлек есепке алу бойынша Компанияның ішкі құжаттарына өзгерістердің уақтылы енгізілуін қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының табиғи монополияларды реттеу жөніндегі уәкілетті органымен бөлек есепке алу бойынша Компанияның ішкі құжаттарының уақтылы келісілуін қамтамасыз ету 	Иә
Шығыстардың өсуі	Қоршаған ортаны қорғау саласында заңнаманы сақтамау	<ul style="list-style-type: none"> Эмиссиялар нормативтерінің жобаларын уақтылы әзірлеуді және мәлімделген көлемде алуды қамтамасыз ету; Қоршаған ортаға эмиссияға лимиттердің сақталуын бақылау; Жабдықтарды пайдалану қағидаларының сақталуын бақылау; Объектілерде жабдықтау жұмыстарының технологиялық режимдерін әзірлеу; Міндетті экологиялық сақтандыру; Өндірістік экологиялық бақылау 	Жоқ
Шығыстардың өсуі	Үшінші тұлғалар тарапынан қасақана заңға қарсы жасалған әрекеттер (магистральдық мұнай құбырлары жүйесіндегі оймалар, ТМҚ ұрлануы)	<ul style="list-style-type: none"> Күзет ұйымымен Компанияның объектілерін күзету жөніндегі қызметтерді көрсетуге шарттар жасасу; Магистральдық мұнай құбырларын қорғаудың техникалық жүйелері мен құралдарын енгізу және пайдалану; Компания активтерінің физикалық қорғалуының тиімді жүйесінің болуын қамтамасыз ету 	Иә

Тәуекелдің атауы	Тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар	2019 жылы тәуекелді іске асыру
Шығыстардың өсуі	Күрделі салымдарды жоспарлау кезінде экономикалық тиімділікті дұрыс есептемеу	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның құрылымдық бөлімшелерімен бірге кіріс деректерін пысықтау; Инвестициялық жобаларды Компанияның Инвестициялық комитетінің қарауына шығару 	Жоқ
Шығыстардың өсуі	Компанияның қолданылатын құқық талаптарын сақтамауы	<ul style="list-style-type: none"> «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, үлестес тұлғалар туралы, сондай-ақ Компанияның инсайдерлері туралы ақпаратты ашу бөлігінде Компанияның Листингтік қағидаларының және ішкі құжаттарының сақталуын бақылау 	Жоқ
Шығыстардың өсуі	Қаржылық есептілік уақтылы/дұрыс ұсыну бау Компанияның қаржылық/қаржылық емес ковенанттарын сақтамау	<ul style="list-style-type: none"> Қаржылық кезеңді жабу күнтізбесін жасау; Қаржылық кезеңді жабу күнтізбесінде бекітілген мерзімдерге сәйкес есепке алу жүйесіндегі қаржылық кезеңнің жабылу процесін бақылау; Қаржылық есептілікті уақтылы ұсынуды жауапты қызметкерлердің ҚНҚ-не енгізу 	Жоқ
Шығыстардың өсуі	Салық заңнамасының талаптарын сақтамау	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның салық қызметтерімен салық есептілігін жасаудың дұрыстығын және оны Қазақстан Республикасының салық органдарына ұсынудың уақтылылығын бақылау; Компанияның қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының салық заңнамасы саласында әдіснамалық қолдау көрсету; Салықтар бойынша дербес шоттардың деректерімен салықтар бойынша бухгалтерлік есеп деректерін салыстырып тексеруді жүргізу; Қосымша салық есептілігі (бұрын ұсынылған салық есептілігін талдау, дайындау және қайта есептеу және Қазақстан Республикасының салық органдарына ұсыну үшін оған өзгерістер енгізу); Компанияның салықтық тәуекелдерін жыл сайын салықтық шолу/тексеру/талдау; Қазақстан Республикасының салық заңнамасы және бухгалтерлік есеп туралы заңнамасы саласында салық мамандарының біліктілігін жыл сайын арттыру; Қазақстан Республикасы салық заңнамасының өзгерістері мен толықтырулары бойынша ақпараттық ресурсқа жазылу 	Жоқ

Тәуекелдің атауы	Тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар	2019 жылы тәуекелді іске асыру
Шығыстардың өсуі	<ul style="list-style-type: none"> Тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарын уақтылы бекітпеу/тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алудың бекітілген жылдық жоспарына қажетті өзгерістер мен толықтыруларды уақтылы енгізеу Тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды уақтылы өткізеу Сенімсіз өнім берушіні /жосықсыз қатысушыны/ жалған кәсіпкерді таңдау 	<ul style="list-style-type: none"> Тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды уақтылы жоспарлау, жыл сайынғы Тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жоспарын (МСЖ) қалыптастыру және бекіту; МСЖ сәйкес белгіленген мерзімде сатып алудың уақтылы жүзеге асырылуын бақылау; МСЖ уақтылы түзету жүргізу; сатып алу қағидаларының талаптарына сәйкес тендерлік құжаттаманы (техникалық тапсырма/техникалық ерекшелік, шарттың жобасы) сараптау; ЭСАЖ 2.0 (электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі) арқылы өнім берушілерді анықтау; ТЖҚ сатып алу әкімшісінің тарапынан тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша шарттардың орындалуын бақылау және мониторингілеу; Холдингтің алдын ала біліктілік іріктеуінен өткен жеткізушілермен шарттар жасасу 	Жоқ
Кірістердің азаюы	Мәмілелердің тиісінше заңды ресімделмеуі	<ul style="list-style-type: none"> Шарттарды заңды (құқықтық) сараптау; Шарттарды жасауға, өзгертуге, орындауға және тоқтатуға байланысты мәселелер бойынша Компанияның контрагенттерімен келіссөздерге қатысу 	Жоқ
Шығыстардың өсуі	Персоналдың дұрыс емес/қате әрекеттері	<ul style="list-style-type: none"> Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында Компания қызметкерлерінің хабардар болуын арттыру; Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқамалар өткізу және ішкі бақылау; Жұмыстардың басшысы тарапынан өндірістік бақылау. 	Иә (өндірістік тәуекелдерді қараңыз)
Шығыстардың өсуі	Еңбек заңнамасының талаптарын сақтамау	<ul style="list-style-type: none"> Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылау; Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша селекторлық кеңестер өткізу; Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында Компания қызметкерлерінің хабардар болуын арттыру; Қызметкерлерді еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардан сақтандыру; Ауырған жағдайда жыл сайынғы медициналық тексеріп қарауды және сақтандыруды қамтамасыз ету 	Жоқ
Шығыстардың өсуі	Қызметкерлердің ереуілдері, митингтері, наразылықтары	<ul style="list-style-type: none"> Персоналмен түсіндіру жұмысы; Корпоративтік рухын арттыру (тимбилдингтер, спартакиадалар, конкурстар және т.с.с.); Персоналды ынталандыруды арттыру; Компания мен қызметкерлер арасында ұжымдық шартты жасасу және сүйемелдеу 	Жоқ

Тәуекелдің атауы	Тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар	2019 жылы тәуекелді іске асыру
Шығыстардың өсуі	Персоналдың жеткіліксіз біліктілігі	<ul style="list-style-type: none"> Кәсіби құзыреттілік пен қызметкерлердің құзыреттерінің жұмыс орындарының талаптарына сәйкестігіне талдау жасау; Бос лауазымға орналасуға конкурстық іріктеу жүргізу; Компания қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеу қағидаларының талаптарының, басшылар, мамандар лауазымдарының біліктілік анықтамалығының талаптарының орындауды сақтауын бақылау; Персоналдың атқарып отырған лауазымға сәйкестігіне аттестаттау 	Жоқ
Шығыстардың өсуі	Ақпаратты қорғау саласында ішкі құжаттардың талаптарын сақтамау	<ul style="list-style-type: none"> Қызметкерлердің бәрінің қызметтік немесе коммерциялық құпияны жарияламауы туралы міндеттемелерге қол қоюы; Коммерциялық, қызметтік құпияны құрайтын ақпарат тізбесін айқындау; Ақпаратқа қол жеткізудің үшінші тұлғаларға берілуін бақылау 	Жоқ
Шығыстардың өсуі	Жұмыс істеп тұрған бағдарламалық жасақтаманың (БЖ) істен шығуы (жоғалуы)	<ul style="list-style-type: none"> БЖ техникалық қолдауды қамтамасыз ету; Зиянды БЖ-дан бағдарламалық және аппараттық қорғау; БЖ резервтік көшірмелерін жасау 	Жоқ
Шығыстардың өсуі	Жұмыс істеп тұрған серверлік жабдықтың істен шығуы	<ul style="list-style-type: none"> Жабдықты қосқан кезде қоректену көздерінің қуатына талдау жасау; Сыни жүйелер үшін үздіксіз қоректендіру көздерінің бар болуы; Электрмен жабдықтаудың резервтік көздерінің бар болуын қамтамасыз ету 	Жоқ
Шығыстардың өсуі	Табиғи әсерлер, апаттар	<ul style="list-style-type: none"> Құрылыстар, құбырлар мен жабдықтардың техникалық жай-күйін тексеруді ұйымдастыру; Аварияларды жою жоспарын әзірлеу, теориялық сабақтар мен практикалық жаттығулар өткізу; Магистральдық мұнай құбырлары тас жолдарын авиациялық патрульдеуді ұйымдастыру; Су объектілері арқылы мұнай құбырларының өткелдерінде бақылау бекеттерін ұйымдастыру; Күзгі-қысқы, көктемгі су тасқыны кезеңдерінде магистральдық мұнай құбырларының сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу; Аварияларды жою жоспарларын әзірлеу, аварияларды жою бойынша теориялық сабақтар мен практикалық жаттығулар өткізу; Тұрған жерлерінде метеоқызметтермен және табиғатты қорғау қызметтерімен өзара іс-қимыл 	Жоқ

Тәуекелдің атауы	Тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар	2019 жылы тәуекелді іске асыру
Шығыстардың өсуі	Сот талаптары	<ul style="list-style-type: none"> Компания қызметкерлеріне электрондық анықтамалық-құқықтық жүйеге, оның ішінде заңнама және Компанияның ішкі құжаттамасы бойынша деректер базасын қамтитын жүйеге қол жеткізуін қамтамасыз ету; Компанияның құрылымдық бөлімшелеріне құқықтық қолдау көрсету 	Жоқ
Шығыстардың өсуі	Сырттан корпоративтік желіге рұқсат етілмеген қол жеткізу	<ul style="list-style-type: none"> Байланыс жүйелерін қорғау құралдарын енгізу; Зиянды БЖ-дан қорғау құралдарын қолдану және вирусқа қарсы базаларды уақтылы жаңарту, олардың жаңартылуын бақылау; Телекоммуникациялық арналар арқылы алынатын және берілетін кез келген ақпаратты, сондай-ақ сыртқы алмалы тасығыштардағы ақпаратты вирусқа қарсы тексеру; Оларды орнатар алдында БЖ жаңартуларын тестілеу және вирусқа қарсы тексеру; Компанияда лицензиялық емес БЖ пайдаланылуын бақылау; Шабуылдарға тұрақты сәйкестендіру құралдарын қолдану 	Жоқ
Шығыстардың өсуі	Сыбайлас жемқорлық сипатындағы заңға қарсы әрекеттер	<ul style="list-style-type: none"> Сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік туғызатын себептер мен шарттарды анықтау, ішкі аудит қызметімен жүргізілген, сондай-ақ омбудсменнің атына «жедел байланыс желісі» байланыс арналары арқылы ішкі тексеру нәтижелері бойынша тексеру нәтижелерін талдау. Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу; Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және уақтылы орындау; Жаңадан қабылданған қызметкерлерді нұсқама жүргізу барысында Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен таныстыру; Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заңнамасының және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау бойынша, сондай-ақ алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және ескерту мәселелері бойынша профилактикалық ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерлерімен кездесулерді ұйымдастыру және өткізу 	Жоқ
Шығыстардың өсуі	«Жеткізудің осал тізбегі»	<ul style="list-style-type: none"> Жұмыстарды жүргізу кестесін бақылау және мониторингілеу; Инвестициялық жобаны іске асыру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу; Контрагенттерге қатысты айыппұл санкциялары; Контрагенттермен қосымша келісімдерді жасасу 	Жоқ

7-қосымша. Шоғырландырылған қаржы есептілігі

GRI 103 201-1

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін, тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі	226
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	232
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	234
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	236
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	238
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	240



«Эрнст энд Янг» ЖШС
 Әл-Фараби д-лы, 77/7
 «Есентай Тауэр» ғимараты
 Алматы қ., 050060
 Қазақстан Республикасы
 Тел.: +7 727 258 59 60
 Факс: +7 727 258 59 61
 www.ey.com/kz

ТОО «Эрнст энд Янг»
 пр. Аль-Фараби, д. 77/7
 здание «Есентай Тауэр»
 г. Алматы, 050060
 Республика Казахстан
 Тел.: +7 727 258 59 60
 Факс: +7 727 258 59 61
 www.ey.com/kz

Ernst & Young LLP
 Al-Farabi ave., 77/7
 Esentai Tower
 Almaty, 050060
 Republic of Kazakhstan
 Tel.: +7 727 258 59 60
 Fax: +7 727 258 59 61
 www.ey.com/kz

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның акционерлеріне
 «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «ҚазТрансОйл» АҚ мен оның еншілес ұйымының (бұдан әрі «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселеге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі	Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды
Негізгі құралдардың әділ құны	
<p>2019 жылғы 31 шілдедегі жағдай бойынша Топ өзінің негізгі құралдарының әділ құнын бағалады. Топтың Қазақстан мен Грузияда орналасқан негізгі құралдары бар. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан мен Грузиядағы негізгі құралдар Топ активтерінің елеулі бөлігін құрайды.</p> <p>Негізгі құралдардың әділ құнын бағалау кезінде пайдаланылған жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне орай, біз бұл мәселе аудитіміз үшін барынша маңызды болып табылады деп есептейміз. Топ өз бағалауы процесінде тәуелсіз сыртқы бағалаушыларды пайдаланады.</p> <p>Топтың Қазақстандағы активтерінің әділ құны мамандандырылған активтер үшін кірістілік тәсілін және мамандандырылмаған активтер үшін нарықтық тәсілді пайдалана отырып бағаланды.</p> <p>Әділ құнды есептеу кезінде пайдаланылатын елеулі жорамалдарға тасымалдаудың келешек көлемдері, тарифтер, дисконттау мөлшерлемесі мен өсімнің ұзақ мерзімді қарқыны кірді.</p> <p>Бағалау мақсатында Грузияда орналасқан активтер екі топқа бөлінді: «Батумский морской порт» (БМП) и «Батумский нефтяной терминал» (БНТ).</p> <p>БНТ барлық активтері мен БМП мамандандырылмаған активтерінің әділ құны нарықтық тәсілді пайдалана отырып айқындалды. БМП мамандандырылған</p>	<p>Біз Топтың бағалау процесін қарастырдық, сыртқы бағалаушылардың тәуелсіздігі мен тәжірибесін бағаладық.</p> <p>Кірісті тәсілмен қайта бағаланған активтер үшін біз тәуелсіз сыртқы бағалаушылар пайдаланған бастапқы деректерді Топтың бизнес-жоспарларымен салыстырдық. Біз қолданылатын жорамалдарды бағаладық және оларды тарихи деректермен салыстырдық. Біз Топ қолданған бағалау әдісін талдау үшін бағалау жөніндегі ішкі мамандарымызды тарттық.</p> <p>Біз есептеулерде пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесін және өсімнің ұзақ мерзімді қарқындарын қолжетімді сыртқы ақпаратпен салыстырдық.</p> <p>Индексацияны пайдалана отырып қайта бағаланған активтер үшін біз индекстердің есептеулерін бағаладық және әділ құнды есептеу кезінде пайдаланылған индекстерді қолжетімді сыртқы ақпаратпен салыстырдық.</p> <p>Тікелей шығындар арқылы қайта бағаланған активтер үшін біз негізгі бастапқы деректерді (активтердің техникалық сипаттамаларын (ұзындығын, енін, көлемін және т.с.с.), материалдардың құнын, құрылыс жұмыстарының құнын, еңбек шығындарының коэффициенттерін) Топтың ішкі техникалық құжаттамасымен салыстырдық.</p> <p>Нарықтық тәсілмен қайта бағаланған активтер үшін біз бастапқы деректерді дәл</p>

<p>активтерінің әділ құны кірісті тәсілді пайдалана отырып айқындалды.</p> <p>«БМП» активтерінің әділ құнын есептеу кезінде пайдаланылған елеулі жорамалдарға, ауытқудың болжамды көлемдері, тарифтер, 2020 жылдан бастап карбидтің қосымша көлемдерін ауытқуды бастау мерзімі, күрделі және операциялық шығындар, дисконттау мөлшерлемесі және өсімнің ұзақ мерзімді қарқыны кірді.</p> <p>Негізгі құралдар туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 6-ескертпесінде ашылып көрсетілді; есеп саясатының, негізгі пайымдаулар мен бағалау мәндерінің сипаттамасы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4 және 5-ескертпелерінде ашылып көрсетілді.</p>	<p>сондай позициялар бойынша қолдағы нарықтық деректермен салыстырдық.</p> <p>Біз әділ құн есептеулерінің математикалық дәлдігін тексердік.</p> <p>Біз қаржылық есептілікте негізгі құралдарды қайта бағалау жөніндегі ашып көрсетулерді сараладық.</p>
--	---

Топтың 2019 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2019 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген басқа ақпаратпен танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады. Егер жүргізілген жұмыстың негізінде біз мұндай басқа ақпарат елеулі бұрмалануды қамтиды деген тұжырымға келетін болсақ, біз бұл факт жөнінде хабарлауға міндеттіміз. Мұндай фактілер туралы мәліметтеріміз жоқ.

Басшылықтың және Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитетінің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;

- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және аудиттің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитетінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитетіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және бұл тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда – тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитетінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық қорытынды шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты басшы - Гүльмира Турмагамбетова.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Гүльмира Турмагамбетова
Аудитор / «Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Аудитордың 1998 жылғы 21 ақпандағы №
0000374 біліктілік күәлігі



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы
МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан
Республикасында аудиторлық қызметпен
айналысуға арналған мемлекеттік лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2020 жылғы 16 наурыз


ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Ескертпе	2019 жылғы 31 желтоқсанға	2018 жылғы 31 желтоқсанға
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	6	734.421.997	671.773.612
Пайдалану құқығы түріндегі активтер	7	3.902.044	–
Материалдық емес активтер	8	7.728.097	6.891.299
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялар	9	55.015.339	30.001.323
Негізгі құралдар үшін жеткізушілерге берілген алғытөлемдер	10	898.475	110.135
Өтелуге жататын ҚҚС	14	1.958.523	–
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	12	1.128.626	82.987
Банк салымдары	16	2.139.767	2.778.076
Облигацияларға инвестициялар	19	919.511	828.437
Өзге де ұзақ мерзімді активтер		11.866	12.585
		808.124.245	712.478.454
Ағымдағы активтер			
Қорлар	11	6.278.501	5.130.498
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	12	5.858.238	5.627.598
Жеткізушілерге берілген алғытөлемдер	13	1.258.565	744.873
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1.823.885	961.849
Өтелуге жататын ҚҚС және өзге де салықтар бойынша алдын ала төлем	14	7.121.095	9.504.898
Өзге де ағымдағы активтер	15	6.859.636	7.883.154
Банк салымдары	16	45.960.400	25.424.203
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	17	28.649.091	33.278.843
		103.809.411	88.555.916
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	18	879.814	2.406.231
		104.689.225	90.962.147
Активтер жиыны		912.813.470	803.440.601

Мың теңгемен	Ескертпе	2019 жылғы 31 желтоқсанға	2018 жылғы 31 желтоқсанға
Меншікті капитал және міндеттемелер			
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	20	61.937.567	61.937.567
Акциялардан қайта сатып алынған меншікті акциялар	20	(9.549)	(9.549)
Активтерді қайта бағалау бойынша резерв	20	299.585.499	243.588.977
Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв	20	37.737.309	39.572.764
Капиталдың өзге де резервтері	20	(1.893.432)	(72.146)
Үлестірілмеген пайда		305.621.572	280.398.586
Меншікті капитал жиыны		702.978.966	625.416.199
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	21	15.756.306	12.940.911
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	36	80.564.703	67.394.342
Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге резерв	27	27.780.887	21.109.397
Болашақ кезеңдер кірістері	22	8.141.994	8.423.897
Тозу мен амортизация	(48.371.061)	(1.511.187)	(3.090.401)	(917.739)	(53.890.388)	(46.235.224)	(1.873.222)	(3.219.403)	(1.081.701)	(52.409.550)
Пайыздар бойынша кірістер	2.080.787	21.441	155.140	99.546	2.356.914	2.468.573	4.831	136.962	61.417	2.671.783
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар пайдасындағы / (залалындағы) үлесі	13.638.401	–	–	–	13.638.401	(2.075.937)	–	–	–	(2.075.937)
Табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемділік	(15.274.641)	–	1.394.707	(74.277)	(13.954.211)	(13.680.920)	–	129.974	(160.475)	(13.711.421)
Сегмент пайдасы/(залалы)	62.974.277	(13.671.522)	(4.114.315)	(67.002)	45.121.438	45.662.399	(6.234.183)	(2.648.387)	1.705.154	38.484.983
Өзге ақпаратты ашу										
Активтер жиыны	822.992.325	34.273.177	37.714.300	17.833.668	912.813.470	706.250.834	51.206.176	28.932.026	17.051.565	803.440.601
Міндеттемелер жиыны	191.124.015	5.450.760	1.219.239	12.040.490	209.834.504	159.223.487	6.973.998	749.277	11.077.640	178.024.402
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялар (9-ескертіле)	55.015.339	–	–	–	55.015.339	30.001.323	–	–	–	30.001.323
Күрделі шығындар	40.848.867	392.059	687.081	528.743	42.456.750	50.380.291	75.563	182.410	395.416	51.033.680

38. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕР

Егер тараптың бір жағы екінші жақты бақылай алса немесе қаржылық не операциялық шешім қабылдаған кезде екінші жаққа едәуір әсер етсе, «Байланысты тараптар туралы ақпараттар ашуға» ҚЕХС (IAS) 24 сәйкес тараптар байланысты деп саналады. Әр байланысты тараппен болуы мүмкін қатынасты бағалаған кезде тек заңдығына ғана емес, қарым-қатынастың мәніне де назар аударылады.

Байланысты тараптармен жасалған мәмілелер тараптар арасында келісілген, байланысты және кейбір реттелетін қызметтерді есепке алмағанда үшінші тарапқа қолданылатын тарифтермен берілетін, нарық мөлшерлемесі бойынша жүзеге асырылмаған жағдайларда жүзеге асырылған.

Келесі кестелерде 2019 және 2018 жылдары байланысты тараптармен жасалған мәмілелердің жалпы сомасы мен 2019 және 2018 жылдардағы 31 желтоқсанына тиісті сальдо көрсетілген.

Негізгі құралдар және құрылыс қызметі үшін байланысты тараптарға берілген ұзақ мерзімді алғытөлемдер келесі түрде көрсетілген:

Мың теңгемен	Ескертпе	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Байланысты тараптарға негізгі құралдар және құрылыс қызметі үшін берілген ұзақ мерзімді алғытөлемдер			
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарына берілген алғытөлемдер		–	16.118
Байланысты тараптарға негізгі құралдар және құрылыс қызметі үшін берілген ұзақ мерзімді алғытөлемдер жиыны	10	–	16.118

Байланысты тараптардан сауда және өзге де дебиторлық берешек келесі түрде көрсетілген:

Мың теңгемен	Ескертпе	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Байланысты тараптардың сауда және өзге де дебиторлық берешегі			
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың сауда дебиторлық берешегі		931.715	994.993
«Самұрық-Қазына» Тобының бақылауындағы кәсіпорындардың сауда дебиторлық берешегі		875.953	817.719
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындардың сауда дебиторлық берешегі		639.045	607.582
Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешектің жиыны	12	2.446.713	2.420.294
ҚМГ мен «Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындардың өзге де дебиторлық берешегі		509	19.761
Байланысты тараптардың өзге де дебиторлық берешектің жиыны	12	509	19.761
Минус: күтілетін несиелік шығындар резерві		(4.586)	(7.295)
Жиыны		2.442.636	2.432.760

Байланысты тараптарға берілген алғытөлемдер келесі түрде көрсетілген:

Мың теңгемен	Ескертпе	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Байланысты тараптарға берілген алғытөлемдер			
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарына берілген алғытөлемдер		548.107	210.957
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындарға берілген алғытөлемдер		1.105	14.842
Байланысты тараптарға берілген алғытөлемдер жиыны	13	549.212	225.799

Байланысты тараптар алдында сауда және өзге де кредиторлық берешек келесі түрде көрсетілген:

Мың теңгемен	Ескертпе	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Байланысты тараптар алдында тауарлар мен қызметтер үшін кредиторлық берешек			
«Самұрық-Қазына» Тобының бақылауындағы кәсіпорындар алдында кредиторлық берешек		2.919.074	1.334.743
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындар алдында кредиторлық берешек		815.957	720.259
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар алдында кредиторлық берешек		8.684	7.158
Байланысты тараптар алдында тауарлар мен қызметтер үшін сауда кредиторлық берешектің жиыны	23	3.743.715	2.062.160
«Самұрық-Қазына» Тобының бақылауындағы кәсіпорындар алдында өзге де кредиторлық берешек		2.344	2.493
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар алдында өзге де кредиторлық берешек		1.837	–
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындар алдында өзге де кредиторлық берешек		–	697
Байланысты тараптар алдында тауарлар мен қызметтер үшін өзге де кредиторлық берешектің жиыны	23	4.181	3.190
Байланысты тараптар алдында тауарлар мен қызметтер үшін сауда және өзге де кредиторлық берешектің жиыны		3.747.896	2.065.350

Байланысты тараптардан алынған алғытөлемдер келесі түрде көрсетілген:

Мың теңгемен	Ескертпе	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Байланысты тараптардан алынған алғытөлемдер			
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындардан алынған алғытөлемдер		10.979.288	12.869.915
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындардан алынған алғытөлемдер		241.608	328.173
Байланысты тараптардан алынған алғытөлемдер жиыны	25	11.220.896	13.198.088

38. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)

Байланысты тараптар алдында өзге де ағымдағы міндеттемелер келесі түрде көрсетілген:

Мың теңгемен	Ескертпе	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
		2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Байланысты тараптар алдында мұнай көлік экспедициясы қызметтері үшін берешек			
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындар алдында мұнай көлік экспедициясы қызметтері үшін берешек		8.193.956	8.437.279
Байланысты тараптар алдында мұнай көлік экспедициясы қызметтері бойынша берешек жиыны	28	8.193.956	8.437.279
Негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақылар бойынша берешек			
Негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақылар бойынша берешек		52.873	55.559
Негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақылар бойынша берешек жиыны		52.873	55.559
Байланысты тараптар алдында өзге де міндеттемелердің жиыны		8.246.829	8.492.838

Топтың байланысты тараптармен 31 желтоқсанда аяқталатын жыл бойы жасалған мәмілелері келесі түрде көрсетілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2019 жылғы	2018 жылғы
Байланыс тараптарға сату		
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарға көрсетілген негізгі қызметінен түскен түсім	127.191.643	120.997.267
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға көрсетілген негізгі қызметінен түскен түсім	9.473.092	9.284.834
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындарға көрсетілген негізгі қызметінен түскен түсім	7.824.032	5.739.205
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарға көрсетілген өзге де қызметінен болған кіріс	534.291	39.576
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындарға көрсетілген өзге де қызметінен болған кіріс	31.880	57.756
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға көрсетілген өзге де қызметінен болған кіріс	950	1.238
ҚМГ-ға сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді сатудан болған кіріс	–	372.976
Жиыны	145.055.888	136.492.852

ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындардың негізгі қызметінен болған түсім мұнай және су тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтермен байланысты.

Байланысты тараптардан сатып алынған қызметтер мен активтер келесі түрде көрсетілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2019 жылғы	2018 жылғы
Байланысты тараптардан сатып алу		
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындарынан негізгі құралдарды сатып алу	16.608.319	17.627.906
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарынан қызметтерді сатып алу	5.892.343	5.744.501
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындарынан қызметтерді сатып алу	2.675.196	2.934.371
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындарынан қызметтерді сатып алу	572.619	1.429.260
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарынан негізгі құралдармен материалдық емес активтерді сатып алу	204.201	199.669
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарынан қызметтерді сатып алу	84.103	34.645
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындарынан қорларды сатып алу	–	165
Жиыны	26.036.781	27.970.517

2019 жылы Компания, негізінен магистралды мұнай құбырын ауыстыруға арналған жобалар бойынша құрылыс аралығындағы байланысты тараптан 16.608.319 мың теңгеге негізгі құралдарды сатып алды.

Дивидендтер төлеміне қатысты байланысты тараптарға ақша ағыны келесі түрде көрсетілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2019 жылғы	2018 жылғы
Байланысты тараптарға ақша ағыны		
ҚМГ дивидендтерін төлеу (20-ескертпе)	36.001.892	55.387.527
Жиыны	36.001.892	55.387.527

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін негізгі басқарушы қызметкерлерге есептелген сыйақының жалпы сомасы 887.705 мың теңге құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 834.325 мың теңге). Басты қызметкерлерге төлемдер негізінен келісімшарттар және Компанияның ішкі ережелерімен белгіленген еңбекақы және сыйақылар бойынша шығыстардан тұрады.

39. ЫҚТИМАЛ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**Қызмет жүргізу шарттары**

Нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес болатын, Қазақстан экономикалық реформалар және өзінің құқықтық, салық және әкімшілік инфрақұрылысын дамытуды жалғастыруда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы осы реформалардың жүзеге асырылуынан және экономикалық, қаржылық және ақша-кредит саясаты саласындағы Үкімет қабылдаған шаралардың тиімділігіне тәуелді.

39. ЫҚТИМАЛ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Қызмет жүргізу шарттары (жалғасы)

2015 жылы шикі мұнай бағасының айтарлықтай төмендеуі және қазақстандық теңгенің құнсыздануы Қазақстан экономикасына айтарлықтай теріс әсер етуі жалғастырылды. Басқа да факторлармен бірге осы факторлардың жиынтығы капиталдың қол жетімділігінің төмендеуіне, капитал құнының артуына, инфляцияның өсуіне және экономикалық өсуіне қатысты белгісіздікке әкелді. Топ басшылығы қазіргі жағдайда Топтың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдайтынын айтты.

Салық салу

Қазақстандық салық салу заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілері әрдайым өзгерістер мен әр түрлі түсіндірмелердің мән-мағынасы болады. Жергілікті, облыстық және ұлттық салық органдарының әр түрлі пікірлері болатын жағдайлары сирек емес, соның ішінде кірістердің, шығыстардың және қаржылық есептіліктің басқа да баптары ҚЕХС-ке сәйкес есепке алу туралы пікірлері бар. Қазақстанда қолданыстағы заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылыққа қолданылатын айыппұл мен өсімпұл жүйесі өте қатаң.

Санкциялар, әдетте, қосымша есептелген салықтар сомасының 80% мөлшеріндегі айыппұлды және әрбір өткізіп алған күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен белгіленген ресми қайта қаржыландыру ставкасының 1,25 еселенген мөлшерінде есептелген өсімақыны құрайды.

Нәтижесінде, айыппұл мен өсімпұл сомалары кез келген есептелген салықтың туындысы болуы мүмкін. Салық салу кезеңдері тексерудің алдындағы жылдың күнтізбелік бес жыл мөлшерінде салық органдары тексеру үшін қол жетімді болады. Белгілі жағдайларда тексерулер бұдан ұзақ мерзімді қамтуы мүмкін.

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздік нәтижесінде салық, айыппұлдық ықпалшара мен өсімпұл сомасы, егер ондайлар болса, қазіргі уақытқа дейін шығысқа жатқызылатын және 2019 жылдың 31 желтоқсанына есептелген соманы асып кетуі мүмкін. Басшылық 2019 жылдың 31 желтоқсанына қолданыстағы заңнамаға түсінік беру тиісті деп есептейді және салық бойынша тек осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілгендерді алмағанда Топтың ұстанымы расталады деген ықтимал бар.

Трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау кең масштабта таралған және халықаралық бизнеске тура немесе жанама қатысты көптеген операцияларына қолданылады, бұл ретте операция қатысушылары байланысты тараптар болатындығына немесе болмайтындығына назар аудармайды. Трансфертті баға белгілеу бойынша заңнама операцияларға қолданылатын салықтар, «ұзартылған қол» принципі бойынша белгіленген нарық бағаларының негізінде есептелгенін талап етеді.

Трансферттік баға белгілеу туралы заң толық емес және заңның кейбір ережелеріне байланысты прецедентті жағдайлары бар. Оның үстіне, заңда толық нұсқауы жоқ. Нәтижесінде, операцияның әралуан түріне қолданылатын трансфертті баға белгілеу бойынша бақылауды іске асыру реттелмеген.

Қазақстанның трансфертті баға белгілеу туралы заңнамасына байланысты белгісіздіктің болуы салық органдарының Топ ұстанымынан бөлек ұстанымды қабылдауына әкелу қауіптілігі бар, ол өз кезегінде 2019 жылғы 31 желтоқсанға қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар тудыруы мүмкін.

Басшылық 2019 жылғы 31 желтоқсанға қолданыстағы заңнамаға түсінік беру дұрыс деп санайды және салық бойынша Топ ұстанымы құпталады деген ықтимал бар.

Грузиядағы кәсіпорындардың салық міндеттемелері

Грузияның салық кодексіне сәйкес (бұдан әрі – «ГСК»), салық органдары салық салу мақсатында егер мәміле байланысты тараптар арасында жасалса нарық бағаларын пайдалану туралы дәлелденген жазбаша шешім қабылдауға құқылы. Бірақ ГСК-да тауарлар мен қызметтердің нарық бағасын анықтау жөнінде белгілі нұсқау болғанмен, анықтау механизмі жеткіліксіз әзірленген және Грузияда трансфертті баға белгілеу бойынша жеке заңнама жоқ. Осындай түсініксіздіктің болуы байланысты тараптар арасындағы мәмілелерге салық салуды қарастырған кезде салық органдары ұстанымының анықсыздығын тудырады.

БМТ Компанияның шетелдік еншілес ұйымымен (PTL) жасалған мәмілелердің елеулі көлемі бар. Бұл мәмілелер байланысты тараптар арасындағы мәмілелерге жатады және олар Грузияның салық органдары тарапынан даулы болуы мүмкін. Басшылық Топ ұйымдары арасында жасалған мәмілелердегі баға белгілеу нарықтық жағдайларда жүзеге асырылады деген негіздемеге маңызды дәлелдер бар деп есептейді, бірақ нарық бағасын анықтау жөнінде заңнамалық базаның болмағандығынан, салық органдарының ұстанымы Топ ұстанымынан өзгеше болуы мүмкін.

БТК салық тексеру

Грузияның Салық қызметі (бұдан әрі – «ГСК») 2015 жылы БТК-ны 2010–2014 жылдар кезеңіне салық тексерулер нәтижесінде 2.541 мың АҚШ доллары көлемінде қосымша салықтар мен айыппұлдар есептеді (972.161 мың теңгеге баламалы). ГСК шешімімен келіспеген БТК апелляциялық шағым берді.

Нәтижесінде, 2017 жылы Грузия Кіріс Қызметі аудит департаментінің шешімімен есептелген салықтар 1.667 мың АҚШ долларына дейін қысқартылды (637.777 мың теңгеге баламалы), оның ішінде айыппұл 570 мың АҚШ долларын құрайды (218.076 мың теңгеге баламалы). БТК Грузия Кіріс Қызметінің жанындағы дауылдарды қарау жөніндегі кеңеске (бұдан әрі – «Кеңес») апелляциялық шағым берді.

2019 жылғы 30 қыркүйекте Кеңес БТК шағымын айыппұлдар бөлігінде ішінара қанағаттандырды. 2019 жылғы 21 қазанда БТК Кутаисси қалалық сотына шағым берді.

БМТ басшылығы, жергілікті салық заңнамасының талдауына және ұқсас салық тексерістер бойынша ағымдағы тәжірибеге негізделе отыра, 2016 жылдың соңына 801 мың АҚШ доллары сомасында салықтарды төлеу бойынша міндеттемелерді мойындады (306.455 мың теңгеге баламалы). БТК мойындамаған қалған 2010–2014 жылдардағы тексеру кезеңіндегі салық, өсімақы, айыппұлдар бойынша міндеттемелері, ГСК 2020 жылғы 12 ақпандағы шешімін ескергенде, 2.063 мың АҚШ долларын құрайды (789.283 мың теңгеге баламалы). БТК сот талқылауларын жалғастыруда және қаржы ресурстарының 801 мың АҚШ доллары мөлшерінде жоғарыда аталған резервтен жоғары жылыстауы ықтималдығы екіталай деп бағалайды.

БМТ салық тексеру

2018 жылы ГСК 2015 жылдан бастап 2018 жылдың бірінші жартыжылдығына дейін БМТ-да салық тексеруді жүзеге асырды, оның нәтижелері бойынша 1.732 мың АҚШ доллары сомасына (662.645 мың теңгеге баламалы), соның ішінде 651 мың АҚШ доллары мөлшерінде айыппұл (249.066 мың теңгеге баламалы) қосымша есептелді. ГСК шешіміне келіспей, БМТ Грузия Қаржы министрлігіне шағым жіберді.

2019 жылғы 30 қыркүйекте Кеңес БМТ-ға шағымды ішінара қанағаттандыру туралы шешім жіберді. Кеңес шешіміне сәйкес Грузия Қаржы министрлігі даулы мәселелер бойынша сомаларды қайта есептеуі керек. БМТ 2019 жылғы қазанда салық даулары жөніндегі қалған сомалар бойынша Кеңес шешіміне шағымды Тбилиси қалалық сотына жіберді.

2019 жылғы 9 желтоқсанда ГСК қосымша салықтар мен айыппұлдарды 123 мың АҚШ долларына дейін (47.058 мың теңгеге баламалы) азайту туралы шешім қабылдады, ол азайту 2019 жылғы желтоқсанда шоғырланған қаржылық есептілікте танылған.

39. ЫҚТИМАЛ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттемелер

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнама даму үдерісі үстінде, сондықтан үнемі өзгерістерге шалдығады. Заңнаманың өзгеруі нәтижесінде пайда болған ықтимал міндеттемелер шынайы бағалана алмайды. Ағымдағы заңнамаға сәйкес, басшылық Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілгендерді қоспағанда, қаржылық жағдайына және оның қызметінің нәтижесіне едәуір теріс әсер ететін мүмкін әлде ықтимал міндеттемелер болмайды деп есептейді (5, 27-ескертпелер).

Сақтандыру мәселелері

Қазақстан Республикасында сақтандыру саласы даму сатысында, сондықтан әлемнің басқа өңірлерінде таралған сақтандырудың көптеген нысандары бізде әлі қол жетімді емес.

Топ, үшінші тұлға алдында Компанияның немесе оның қызметіне жататын объектілерде болған апаттан мүлікке немесе қоршаған ортаға залал келтірілгені үшін жауапкершілік артатын мүлікті сақтандырады.

Негізгі құралдарды сатып алу бойынша міндеттемелер

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың негізгі құралдар мен құрылыс қызметтерін 22.828.704 мың теңгеге (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 38.927.686 мың теңге) сатып алуға шарттық міндеттемелері болған.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлесіп бақылайтын кәсіпорындардың негізгі құралдар мен құрылыс қызметтерін сатып алу жөніндегі шарттық міндеттемелерінде Компанияның үлесі 8.193.937 мың теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 3.707.759 мың теңге) құрады.

Инвестициялық бағдарлама бойынша міндеттемелер

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, табиғи монополия субъектісі ретінде Компанияның 2015–2019 жылдарға бекітілген шекті тарифтер аясында 2015–2019 жылдарға өндірістік объектілердің күрделі құрылысына / қайта құруына / күрделі жөндеуіне / диагностикасына бағытталған инвестициялық бағдарламаны орындауға (Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің және ТМРБЖТҚҚК бірлескен бұйрығымен бекітілген) міндеттемесі бар, жалпы сомасы 191 миллиард теңге.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның инвестициялық бағдарламаны орындау бойынша міндеттемелері 26,6 миллиард теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша – 51,8 миллиард теңге).

Өндірістік қажеттілікке байланысты, өндірістің ағымдағы деңгейін қолдау мақсатында, Компания 2018 жылдың екінші жарты жылдығында Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне және ТМРБЖТҚҚК-ке 2018–2019 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаны түзету туралы ұсыныс жіберді. Компания өтінішіне жауап ретінде ТМРБЖТҚҚК орын алған ескертулерге байланысты инвестициялық бағдарламаны түзетуден бас тартты, бұл тиісінше ішкі нарыққа мұнай айдау бойынша қызметтерге қатысты инвестициялық бағдарламаны бөлек іс-шараларын орындамағаны үшін уақытша өтемдік тарифті қолдану тәуекеліне және тұтынушыларға су беру жөніндегі қызметке қатысты негізсіз алынған кірісті қайтаруға әкеп соғады.

Уақытша өтемдік тариф Компанияның мұнайды ішкі нарыққа айдау жөніндегі қызметтеріне 2020 жылғы 1 шілдеден бастап он екі ай ішінде қолданылуы мүмкін. Су беру қызметіне қатысты Компания негізсіз алынған табысты қайтарудың тиісті тәуекелін 2018 жылдың 2 шілдесінен бастап «Магистралдық Суағызғысы» ЖШС еншілес ұйымына берілуіне байланысты алыстатылған ретінде қарастырады.

Өз кезегінде, Компания ТМРБЖТҚҚК ескертулерімен келіспей, жоғарыда аталған инвестициялық бағдарламаны түзетуден бас тартуына сотқа шағымданады.

«Дружба» мұнай құбырындағы мұнайдың ластануы

Ағымдағы жылдың сәуір-мамыр айларында айқындалған «Транснефть» ЖАҚ-қа тиесілі «Дружба» мұнай құбырындағы мұнайдың ластануы жағдайына байланысты Компания ешқандай аталған мұнай құбырындағы қазақстандық мұнайдың ластануы жағдайларына байланысты шығыстарды көтермейді, себебі Компания мен «Транснефть» ЖАҚ арасындағы Ресей Федерациясы аумағы арқылы транзит режимінде қазақстандық мұнайды тасымалдау қызметтерін көрсету туралы 2019 жылға арналған шарт бойынша соңғысы қазақстандық мұнай өндіруші компанияларға құжатпен расталған шығыстарды өтеуі тиіс.

2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша «Транснефть» ЖАҚ «Дружба» мұнай құбырындағы қазақстандық мұнайдың ластануы жағдайына байланысты құжатпен расталған шығыстарды барлық қазақстандық мұнай өндіруші компанияларға өтеді.

Сот талқылаулары

БМТ бизнес-контрагенттерімен сот талқылау

2016 жылғы 19 желтоқсанда Грузияның атқарушы сот органдарынан іс қозғауға дейін қамтамасыз ету туралы соттың ұйғарымын орындау бойынша ұсыныс алынды, онда БМТ-ға нарықтағы басым жағдайын пайдаланбау, сондай-ақ қызмет көрсету шартын жасасу туралы талаптар қойылған. Көрсетілген анықтамаға сәйкес сот БМТ меншігіндегі жылжымайтын мүлікке – жер учаскесіне (Батуми қ.), сондай-ақ ондағы ғимараттар мен құрылыстарға тыйым салды. Бұл тыйым салу тәркіленген мүлікті иеліктен шығаруды шектейді, бірақ БМТ-ның операциялық-шаруашылық қызметін қозғамайды. 2016 жылғы 23 желтоқсанда БМТ жоғарыда айтылған ұйғарымға қатысты Тбилиси қалалық сотына шағым түсірді.

2017 жылғы 15 ақпанда БМТ-ға талап арыз түсті, онда талап қоюшы соттан талап қоюшының арызында айтылған шарттар бойынша БМТ-ға қызмет көрсету туралы шарт жасасуды міндеттеуді, сондай-ақ талап қоюшының пайдасына 2.038 мың АҚШ доллары (779.718 мың теңгеге баламалы) мөлшерінде залалды және 2016 жылғы 1 желтоқсаннан бастап соттың шешімі орындалғанға дейін ай сайын 280 мың АҚШ доллары (107.125 мың теңгеге баламалы) мөлшеріндегі соманы өтеуді талап етеді. 2017 жылғы 24 ақпанында БМТ осы іске қатысты талап арыз бойынша талап қоюшыға және сотқа БМТ позициясымен талап арызға пікірді жолдады.

2017 жылғы 11 қыркүйекте Тбилиси апелляциялық соты, 2016 жылы 19 желтоқсанда алынған сот ұйғарымының шағымы бойынша БМТ талап – арызын қанағаттандырудан бас тартты, бірақ БМТ сот талқылауын жалғастыруда.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тыйым салынған мүліктің жалпы құны 4,9 млн АҚШ долларын құрады (1.875 млн теңгеге баламалы).

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қосымша міндеттемелерді мойындамады, себебі БМТ-ның басшылығы арызданушының БМТ-ға деген наразылығын негізсіз деп санайды.

2019 жылғы 12 ақпанда Тбилиси қалалық соты талапкердің пайдасына шешім шығарды, БМТ сот шешімін келесі сатыда шағымдады. Тбилиси апелляциялық соты 2020 жылдың 27 ақпанында шешімнің жедел бөлігін жариялады. Сот БМТ апелляциялық шағымын ішінара қанағаттандырды, Тбилиси қалалық сотының 2019 жылғы 12 ақпандағы шешімін жойып, істі бірінші сатыдағы сотқа жаңадан қарау үшін жіберді. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қосымша міндеттемелерді мойындамады, өйткені БМТ басшылығының пікірінше, талап қоюшының БМТ-ға талаптары негізсіз.

39. БЫҚТИМАЛ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

БМТ-мен ГТЖ сот талқылауы

2005 жылы «Грузин темір жолы» АҚ (бұдан әрі – «ГТЖ») 2003 жылғы аралығындағы кезеңде вагон-цистерналарды пайдаланғаны және вагон-цистерналардың БМТ түйықтарында тұрып қалуына байланысты жүкті сақтағаны үшін 14 миллион лари (1.883 миллион теңгеге баламалы) мөлшеріндегі соманы өндіріп алу туралы БМТ-ға қарсы Тбилиси қалалық сотына талап арыз берді. Талап арыз және ГТЖ апелляциясын бірінші және апелляциялық сатыдағы соттар қанағаттандырмады. Алайда, 2014 жылы Грузия Жоғарғы соты ГТЖ-ның кассациялық шағымын қанағаттандырды және іс төменгі соттарға қайта қарау үшін қайтарылды. 2019 жылғы 16 сәуірде Тбилиси қалалық соты 8,4 миллион лари (1.130 миллион теңгеге баламалы) мөлшеріндегі ГТЖ талаптарын ішінара қанағаттандырды. Сот шешімі заңды күшіне енген жоқ, Топ резервті мойындамады. БМТ сот шешімімен келіспеді және 2019 жылғы 28 мамырда апелляциялық шағым түсірді. Тбилиси апелляциялық соты 2020 жылдың 5 ақпанында шешімді жариялады және БМТ-нің ГТЖ-ға апелляциялық шағымдарын қанағаттандырмады, Тбилиси қалалық сотының 2019 жылғы 16 сәуірдегі шешімін өзгеріссіз қалдырды. Апелляциялық соттың шешімі заңды күшіне енген жоқ. БМТ апелляциялық соттың шешімімен келіспеді және белгіленген тәртіппен кассациялық тәртіпте шағымдануды жоспарлайды.

БТК басқару келісімді тоқтату

БМТ мен Грузия Үкіметінің арасындағы БТК-ны сенімгерлікпен басқару туралы Келісімге сәйкес, егер БТК қатарынан 2 жыл бойы ауыстырып тиеудің жылына 4 миллион тонна ең аз көлемі бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Грузия Үкіметінің Келісімді тоқтатуға құқығы бар. Сонымен қоса, жыл сайын ауыстырып тиеу көлемі 6 миллион тоннадан кем құрайтын жағдайда, БМТ келесі айыппұлдарды төлеуге міндетті:

- 1 миллион тонна көлеміне дейін орындалмағанда – 1 тоннаға 0,1 АҚШ доллары (он АҚШ центі);
- 1 миллион тоннадан 2 миллион тонна көлеміне дейін орындалмағанда – 1 тоннаға 0,2 АҚШ доллары (жиырма АҚШ центі);
- 2 миллион тоннадан астам көлемінде орындалмағанда – 1 тоннаға 1 АҚШ доллар.

Топ басшылығының пікірінше, 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, БТК мен Грузия Үкіметінің арасындағы Келісім тоқтау қаупіне ұшыраған жоқ, себебі БТК арқылы ауыстырып тиеудің нақты көлемі 2019 жылдың ішінде 5,9 миллион тоннаны (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 5,6 млн тоннаны) құрады. Келісімге сәйкес, 2019 жылға нақты мөлшердің негізінде, Топ 10 мың АҚШ доллар (3.829 мың теңгеге баламалы) мөлшерінде күтілетін айыппұлдар бойынша резервті есептеді.

40. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелері құрамына сауда және өзге де кредиторлық берешектер кіреді. Көрсетілген қаржы құралдары ең бастысы Топтың шаруашылық қызметіне қаржыландыруды тарту үшін қолданылады. Топтың тікелей шаруашылық қызметінің нәтижесінде пайда болатын сауда дебиторлық берешегі, ақша мен ақша баламалары бар.

Топ несиелік тәуекелден, валюталық тәуекелден және өтімділік тәуекелден тұратын нарық тәуекеліне бейім. Топ басшылары шолу жасайды және осы тәуекелдерді басқару үшін қабылданатын келесі шараларды бекітеді.

Несиелік тәуекел

Топ мәмілелерді тек белгілі және несиені өтеуге қабілетті тараптармен жасайды. Топ саясатына сәйкес, коммерциялық несиелік шартына қарай сауда операцияларын жасауды қалайтын барлық клиент, несиелік тексеру рәсімінен өтуге жатады. Сондай-ақ, Топқа берешекті қайтармау тәуекелін төмендетуде сенімділікті қамтамасыз ету үшін осындай сатып алушының дебиторлық берешегі үздіксіз мониторингке алынады. Тәуекелдің ең жоғары мөлшері дебиторлық берешектің теңгерімдік құны болады. Топта несиелік тәуекелдің маңызды шоғырлануы жоқ.

Топ ақша қаражаттарын, салымдарды қазақстандық және шетелдік банктерде орналастырады (16 және 17-ескертпелер). Топ басшылығы төтенше несиелік тәуекелдерді алып тастау мақсатында осы банктердің кредиттік рейтингін мерзімді түрде қарайды. ҚЕХС (IFRS) 9-ға сәйкес Топ кредиттік мекемелердегі қаражаттарға несиелік шығындар резервін таныйды.

Келесі кестеде «Moody's», «Fitch Ratings» және «Standard & Poor's» агенттіктерінің несиелік рейтингін қолдана отыра есепті күнге банк салымдары мен ақша қаражаттары бойынша сомалар көрсетілген:

Банктер	Орналасқан жері	Рейтинг			
		2019 жылғы 31 желтоқсанға	2018 жылғы 31 желтоқсанға	2019 жылғы 31 желтоқсанға	2018 жылғы 31 желтоқсанға
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	Қазақстан	BB+/Жағымды	Ba1/Тұрақты	70.920.702	60.758.933
«ForteBank» АҚ	Қазақстан	B+/Тұрақты	B/Тұрақты	2.994.955	384
Halyk Bank of Georgia	Грузия	BB/Жағымды	BB-	1.726.629	380.742
TBC Bank	Грузия	Ba2	Ba3/Ba2	495.837	38.036
Emirates NBD Bank PJSC	БАӘ	A+/Тұрақты	–	299.950	–
Hellenic Bank	Кипр	B+/Саа1	Саа1	248.301	249.730
Bank of Georgia	Грузия	Ba3/Ba2	Ba3/Ba2	55.093	42.646
«Сбербанк России» АҚ	Ресей	Baa3	Ba2	7.511	9.338
«Сбербанк России» АҚ ЕБ	Қазақстан	BBB-/Тұрақты	BB+/Жағымды	–	167
Жиыны				76.748.978	61.479.976

Өтімділік тәуекел

Ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын қолдана отыра, Топ ақша қаражаттарының тапшылық тәуекелдігіне бақылау жасайды. Осы құралдың көмегі арқылы қаржылық инвестициямен және қаржы активтерімен байланысты төлем мерзімі (мысалы, дебиторлық берешек, басқа да қаржы активтері), сондай-ақ операциялық қызметтен болатын болжамды ақша ағындары талданады.

Келесі кестеде 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзіміне қарай шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы ақпарат берілген.

Мың теңгем	Сұраныс бойынша	1 жылдан кем	1 жылдан 2 жылға дейін	2 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Жиыны
2019 жылғы 31 желтоқсанға						
Сауда және өзге де кредиторлық берешектер	–	15.183.124	–	–	–	15.183.124
Өзге де міндеттемелер	5.000.000	–	–	–	–	5.000.000
Жиыны	5.000.000	15.183.124	–	–	–	20.183.124
2018 жылғы 31 желтоқсанға						
Сауда және өзге де кредиторлық берешектер	–	12.884.530	67.552	820	4.612	12.957.514
Жиыны	–	12.884.530	67.552	820	4.612	12.957.514

40. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)**Валюталық тәуекелдік**

Валюталық тәуекелдікке ұшырайтын, шетел валютасымен көрсетілген активтер мен міндеттемелердің жалпы сомасы төменгі кестеде берілген.

Мың теңгемен	АҚШ доллары	Ресей рублі	Еуро	Өзге валюталар	Жиыны
2019 жылғы 31 желтоқсанға					
Активтер	51.086.579	34.485	22.573	2.100.802	53.244.439
Міндеттемелер	787.685	77.358	45.475	747.198	1.657.716
2018 жылғы 31 желтоқсанға					
Активтер	28.582.197	37.829	8.452	517.518	29.145.996
Міндеттемелер	931.277	65.608	35.359	647.378	1.679.622

Топтың операцияларымен байланысты валюталық тәуекелдерді төмендетуге ықпал ететін ресми құралдары жоқ. Топта шетел валютасында жасалатын мәмілелермен байланысты тәуекелдер бар. Ондай тәуекелдер АҚШ долларында болатын кіріске байланысты пайда болады.

Келесі кестеде Топтың салық салғанға дейінгі пайдаға (активтер мен міндеттемелердің әділ құнындағы болуы мүмкін өзгерістерге байланысты) өзге көрсеткіштердің тұрақтылығы жағдайында АҚШ доллары, ресей рублі мен еуро айырбас бағамының болуы мүмкін өзгерістеріне сезімталдығы көрсетілген. Топтың меншік капиталына әсері аз.

Мың теңгемен	Валюта айырбас бағамының өсуі/төмендеуі	Салық салғанға дейінгі пайдаға әсер
2019 жыл		
АҚШ доллары	+12,00%	6.035.867
	-9,00%	(4.526.900)
Ресей рублі	+12,00%	(5.145)
	-12,00%	5.145
Еуро	+12,00%	(2.748)
	-9,00%	2.061
2018 жыл		
АҚШ доллары	+14,00%	3.871.129
	-10,00%	(2.765.092)
Ресей рублі	+14,00%	(3.889)
	-9,00%	2.500
Еуро	+14,00%	(3.767)
	-10,00%	2.691

Капиталды басқару

Капиталды басқаруға байланысты Топтың негізгі мақсаты тұрақты несие төлеу қабілетін қамтамасыз ету және Топ қызметін жүргізу үшін капиталдың барабар деңгейі мен акционердің пайдасын барынша көбейту. Топ капиталдың құрылымын басқарады және экономикалық жағдайдың өзгеруіне сәйкес оны өзгертеді. Топ капитал құрылымын сақтау немесе өзгерту мақсатында дивидендтерді төлеу мөлшерін реттей алады, акционерге капиталды қайтара алады немесе жаңа акцияларды шығара алады.

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдарда объектілерде, саясатта және капиталды басқару үдерістерінде өзгерістер болған емес.

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың айтарлықтай берешек сомасы болған жоқ. Топ есепті күнге берешектен асатын елеулі ақша қаражатына ие.

Қаржы құралдарының әділ құны

Ақша қаражаттардың, банктердегі салымдардың, сауда және өзге де дебиторлық берешектің, сауда және өзге де кредиторлық берешектердің және басқа да қаржылық міндеттемелердің теңгерімдік құны қаржы құралдары дерегінің қысқа мерзімді болғанына орай олардың әділ құнына шамамен тең.

41. ЕСЕП БЕРУ КҮНІНЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа тариф бекітілгенше қолданылатын 1.000 км 1 тонна үшін 4.109,50 теңге мөлшерінде ішкі нарыққа мұнай айдаудың уақытша тарифі енгізілді.

2020 жылғы 29 қаңтарда Компания 2020 жылғы 1 наурыздан бастап енгізілетін 1.000 км 1 тонна үшін 7.358,76 теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасынан тыс жерге экспорттау мақсатында мұнай айдау тарифін бекітті.

Жаңа коронавирустың өршуі бүкіл әлемге таралуы жалғасуда. Топ коронавируске байланысты жағдайдың дамуын ерекше назарға алады, алайда қазіргі таңда оның қаржылық әсерін бағалау мүмкін емес.

2020 жылғы 16 наурыздағы жағдай бойынша АҚШ долларының бағамы ҚҚБ сессиясының қорытындылары бойынша 1 долларға 434,90 теңге құрады.

8-қосымша. Қысқартулар тізімі

«КҚК-Қ» АҚ	«Каспий Құбыр арнасы Консорциумы-Қ» акционерлік қоғамы
«Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
«МұнайТас» СБҚК АҚ	«МұнайТас» Солтүстік-батыс құбыр компаниясы» акционерлік қоғамы
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
ТПАБЖ	Технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару жүйесі
ТПАБЖ және МҚ	Технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару жүйесі және метрологиялық қамтамасыз ету
БМТ	«Батуми мұнай терминалы» жауапкершілігі шектеулі қоғамы
ӨТҚ және ЖЖ Б	Өндірістік-техникалық қызмет көрсету және жабдықты жинақтау базасы
ӘЭЖ	Әуе электр беру желілері
ССС	Су сорғы станциясы
СТҚ	Су тазалау құрылысы
ШОҚБ	«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Шығыс операторлық қызметтер басқармасы
БДБ	Бас диспетчерлік басқарма
БМАС	Бас мұнай айдау станциясы
ОҚБ	Операторлық қызметтер департаменті
ЕББҮ	Еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдар
БЕТЖ	Бірыңғай еңбекақы төлеу жүйесі
«ҚазТрансОйл» МТҮК» ЖАҚ	«ҚазТрансОйл» Мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания» жабық акционерлік қоғамы
БОҚБ	«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Батыс операторлық қызметтер басқармасы
ИМЖ	Интеграцияланған менеджмент жүйесі
АТ	Ақпараттық технологиялар
ИТКЖ	Инженерлік-техникалық күзет жүйелері
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитет	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеті
Компания	«ҚазТрансОйл» АҚ
ҚНК	Қызметтің негізгі көрсеткіштері
ҚПО	«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.»

ТМРК	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті
ТБКЖ	Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
КҚК	Каспий Құбыр арнасы Консорциумы
ДЖБЖ	Дағдырысты жағдайларды басқару командасы
ЖӨДС	Желілік өндірістік диспетчерлік станциясы
ХМТҚ	Халықаралық мұнай тасымалдау қауымдастығы
ІАХКС	Ішкі аудиторлар институтының Ішкі аудит халықаралық кәсіби стандарттары
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарты
ҚҚС	Қосылған құн салығы
ҒЗТКЖ	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
МҚП	Мұнай құю пункты
МӨЗ	Мұнай өңдеу зауыты
МАС	Мұнай айдау станциясы
ҚБТ	Қызмет көрсетілмейтін байланыс тораптары
БҮҮ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ҚОҚ	Қоршаған ортаны қорғау
ОҚБ	Оқшауланған құрылымдық бөлімше
Есеп	«ҚазТрансОйл» АҚ 2019 жылғы интеграцияланған жылдық есебі 2019 год
ПКОП	«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС
ПМХЗ	«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС
ПЖ	Бағдарламалық жасақтама
ЖСҚ	Жобалық-сметалық құжаттама
ҚТП	Қабылдау-тапсыру пункті
ІБЖ	Ішкі бақылау жүйесі
МСӨЖ	Мұнай саны мен сапасының көрсеткіштерін өлшеу жүйесі
Қ және ЕҚ МЖ	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджмент жүйесі
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
GRI Стандарттары	Орнықты даму саласындағы есептілік бойынша GRI (Global Reporting Initiative)
АҚБЖ	Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі
ӘЭЖ	Электрондық әкімшілендіру жүйесі
ЭҚЖ	Электрондық құжат айналымы жүйесі
ТМҚ	Тауарлық-материалдық құндылықтар

«ҚҚҚ» ЖШС	«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
«МұнайТас» ЖШС	«МұнайТас» Солтүстік-батыс құбыр компаниясы» акционерлік қоғамы
ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
ҒТО Филиалы	«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Ғылыми-техникалық орталығы» Филиалы
ОДО	Орнықты даму саласындағы орталық
ЭМТЖ	Электрондық медициналық тексеру жүйесі
«ТОН-2»	«Туймазы – Омск – Новосибирск-2» магистральдық мұнай құбыры
ARIS	Architecture of Integrated Information Systems – Бизнес-процестерді модельдеуге арналған әдістеме және тираждалатын бағдарламалық өнім
COBIT	Control Objectives for Information and Related Technologies – Ақпараттық технологияларды басқару әдіснамасы
COSO ERM:2017	Тредвея Комиссиясының демеуші-ұйымдар комитетінің тәуекелдерді басқару тұжырымдамасы (COSO) – Ұйымның тәуекелдерін басқару. Қызмет стратегиясымен және тиімділігімен ықпалдасу»
EBITDA	Салықтарды, проценттерді төлегенге және амортизацияға (earnings before interest, taxes, depreciation and amortization) дейінгі пайда
ERP -жүйесі	Enterprise Resource Planning – ERP стратегиясын іске асыратын бағдарламалық пакет
EVA	Экономикалық қосылған құн
HAZOP	Hazard and Operability Study – Қауіптілік пен жұмысқа қабілеттілікті талдау
HSE	Health, Safety & Environment – Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жүйесі
IOSH	Institution of Occupational Safety and Health – Техника қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау институты
ITIL	IT Infrastructure Library – Ақпараттық технологиялар инфрақұрылымының кітапханасы
KASE	Қазақстан қор биржасы
LTIFR	Lost Time Injury Frequency Rate – Еңбек уақытын жоғалтумен өндірістегі жазатайым оқиғалар жиілігінің коэффициенті
LTIR	Lost Time Injury Rate – Еңбек уақытын жоғалтумен жазатайым оқиғалар жиілігінің коэффициенті
MBA	Іскерлік әкімшілендіру магистрі дәрежесі
NEBOSH	National Examination Board in Occupational Safety and Health – Ұлыбританияның еңбекті қорғау жөніндегі ұлттық емтихан кеңесі
OHSAS 18001:2007	OHSAS 18001:2007 «Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі. Талаптар» халықаралық стандарт
ROA	Активтер рентабельділігі (return on assets); (таза пайда / активтерді орташа жылдық сомасы)

ROE	Меншікті капитал рентабельділігі (return on equity); (таза пайда / меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы)
SAP	Systems, Applications and Products in Data Processing – Кәсіпорынның бизнес-процестерін автоматтандыруға арналған арнайы бағдарламалық жасақтама
SCADA	Supervisory Control And Data Acquisition – Мониторинг немесе басқару объектісі туралы ақпаратты жинау, өңдеу, бейнелеу және мұрағаттау жүйелерін әзірлеу немесе нақты уақытта жұмысты қамтамасыз етуге арналған бағдарламалық пакет
SGS	Societe Generale de Surveillance халқаралық сертификаттау органы
SQUID	Кәшірлеуші прокси-сервер функциясын іске асыратын бағдарламалық пакет
5S	Жұмыс орнын (жұмыс кеңістігін) ұйымдастыру жүйесі және ұтымды ету ұқыпты өндіріс құралдарының бірі

Байланыс ақпараты

GRI 102-3

КОМПАНИЯНЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ

010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Тұран д-лы,
20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай
Телефон: +7 (7172) 555-145
Факс: +7 (7172) 555-148

Инвесторлармен байланыс қызметі

Телефон: +7 (7172) 555-049

Омбудсмен

Телефон: +7 (7172) 555-041
E-mail: doverie@kaztransoil.kz

Жұртшылықпен байланыс және ішкі коммуникациялар департаменті

Телефон: +7 (7172) 555-135

Корпоративтік басқару департаменті

Телефон: +7 (7172) 555-346

АУДИТОРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«Эрнст энд Янг» ЖШС

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Телефон: +7 (727) 258-04-00, 258-59-60

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ТІРКЕУШІНІҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ

050051, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., «Самал-1» ы/а, 28
Телефон: +7 (727) 312-33-04

Есептің оқырманына арналған сауалнама

([pdf жүктеу](#))

САУАЛНАМА ЖҮРГІЗІЛЕТІН МҮДДЕЛІ ТАРАП ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ:

Аты-жөні _____

Лауазымы / қызметтің түрі _____

Ұйым _____

Кері байланыс үшін деректері (пошта, телефон) _____

СІЗ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-ПЕН (КОМПАНИЯ) ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТЕСІЗ? ТАҢДАҢЫЗ.

- Акционер Қаржы ұйымының өкілі Жұртшылықтың және БАҚ өкілі
- Мемлекеттік органдар өкілі ЕББҰ өкілі Компания қызметкері
- Клиенттер мен серіктестер Компания үшін тауарларды, жұмыстарды немесе Өзгесі (көрсетуіңізді сұраймыз) _____

ЕСЕПТЕ СІЗДІ ҚЫЗЫҚТЫРАТЫН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БАР МА?

- Иә, барлығына Ішінара Жоқ

ЕСЕПТІ КЕЛЕСІ КРИТЕРИЙЛЕР БОЙЫНША БАҒАЛАУЫҢИЗҒА СҰРАЙМЫЗ:

	Өте жақсы	Жақсы	Орташа	Нашар
Ақпараттың өзектілігі мен маңыздылығы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Толықтығы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Құрылымы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Дизайн	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Ақпаратты баяндау стилі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Ұсынылған ақпаратқа сенімділік деңгейі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ КЕЛЕСІ ЕСЕБІНДЕ ҚАНДАЙ АҚПАРАТТЫ КӨРГІҢІЗ КЕЛЕДІ?

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БОЛАШАҚ ЕСЕПТЕРІ ҮШІН ҚАНДАЙ ҰСЫНЫМДАР/ҰСЫНЫСТАР БЕРЕП ЕДІҢІЗ?

Толтырылған сауалнаманы мына мекен-жайға жіберуіңізді сұраймыз: keldibekova@kaztransoil.kz

немесе 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан, Тұран даңғылы, 20 бойынша

